

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

**Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы**

С.Е. Еркенов, А.О. Шакенов

СОТ ЭКСПЕРТОЛОГИЯСЫ

Оқу-құралы

**ҚАРАҒАНДЫ
2014**

УДК 347.9 (075.8)

ББК 67.5я73

Е 68

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылады.

Пікір берушілер:

Заң ғылымдарының докторы, профессор А.Д. Шаймұқанов;

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Р.М. Жамиева

Е 68 С.Е. Еркенов, А.О. Шакенов

Сот экспертологиясы. Оқу құралы. Қарағанды, Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014-176 б.

ISBN 978-601-7684-78-6

Сот экспертологиясының негізгі ұғымдарын, сот сараптамасына дайындық, оны тағайындаудың процестік және ұйымдастырушылық мәселелерін, сот сараптамаларының түрлері мен объектілерін, сарапшы қорытындысына тергеуші мен соттың баға беру және сараптама жүргізу барысындағы процестік-ұйымдастырушылық қарым-қатынастарына бағытталған шараларын, сондай-ақ сот сараптамасы саласындағы халықаралық әрекеттесу сұрақтарын келешек мамандарға толық және жан-жақты оқытып үйретуді аталмыш оқу құралы мақсат еткен.

УДК 347.9 (075.8)

ББК 67.5я73

ISBN 978-601-7684-78-6

© *Карагандинская академия МВД РК
им.Б.Бейсенова, 2014,*

© *С.Е. Еркенов, А.О. Шакенов*

КІРІСПЕ

Қылмысты әшкерелеу мақсатында жасалатын шаралар, оның ішінде алдын ала тергеуде арнайы білімді келешек мамандар, яғни құқық қорғау органдары қызметкерлері іс жүзінде ұтымды қолдана білу үшін, оларға жоғары оқу орындарындағы оқытушы құрам беретін білімнің сапасы да жоғары болу екендігі бәрімізге мәлім. Бұл туралы Президентіміз Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «жоғары оқу орындары әзірлеген мамандар басқа мемлекеттер мамандарымен бәсекелесуге қабілетті болатындай жағдай жасалыну керек» деп бүгінгі таңдағы елеулі бір бағыты ретінде атап өтті.

Қылмыстық істерді тергеу барысында, сот өндірісінде қылмыстық және азаматтық істерді қарастыру кезінде арнайы таным нысаны ретіндегі сараптаманы пайдаланудың түп-тамыры ежелден келе жатыр. Заң әдебиеттеріндегі «сарапшы» және «сараптама» деген түсініктер латынның «*expertus*», яғни «тәжірибелі» деген мағынада көрсетілген. Бұрыннан бері сарапшы деп шиеленіскен мәселелер мен даулы жағдайларды шешу үшін нақтылы саласында біліктілігімен көзге түскен тұлғаларды атаған. Сарапшы туралы дамыған аталмыш көзқарастар нәтижесінде сот және басқа да салаларда сараптама ұғымы қалыптасты, яғни арнайы білім талап ететін нақтылы ғылым, техника және өнер салаларында зерттеу жүргізе отырып, қажетті мәселелерді шешу.

Жүргізу шарттары мен шешілетін міндеттер сипатына сәйкес сот сараптамасы басқа салаларда қолданылатын сараптамалардан ерекшелігі бар. Сот сараптамасы нақтылы қылмыстық және азаматтық іс бойынша жүргізіліп, қылмысты тергеу үшін қажетті жағдайларды анықтауға бағытталған, сондай-ақ істің сотпен шынайы шешілуіне көп көмек көрсетеді.

Сот сараптамасы арқылы анықталатын жағдайлар шеңбері әртүрлі болып табылады. Оның себебі сот-сараптамалық зерттеу объектілері ретінде қылмыстық және азаматтық іс жүргізу заңдарымен рәсімделген істі дұрыс шешуде мағынасы бар жағдайлар туралы түпнұсқалы мәліметтер жүреді.

Тергеу және сот тәжірибесінде «сот сараптамасы» термині алдымен оқиға болған жерді қарау, тінту, жауап алу тәрізді тергеуші мен сот жүргізетін өз алдына бөлек тергеу әрееті болып табылады. «Сот сараптамасы» термині көбіне білікті тұлға өткізетін зерттеу ұғымында қолданылады. Жүргізілген зерттеу нәтижелері мен сараптама тағайындау туралы қаулы-

дағы сұрақтарға қайтарылған жауап орын алған процессуалдық құжат болып табылатын сарапшы қорытындысы да кейде осындай терминмен аталады.

Сот сараптамасының ұғымы осы терминнің жоғарыда аталған барлық мағынасында біркелкі қарастырылады. Осылайша, **сот сараптамасы** дегеніміз ғылыми, техникалық және басқа да арнайы білімдер негізінде білікті тұлғаның заңға сәйкес нақтылы жағдайларды анықтау мақсатында жүргізілген зерттеуі қорытынды түрінде құрастырылған, сондай-ақ қылмыстық не азаматтық істер бойынша дәлелдемелік құрал ретінде жүретін процессуалдық әрекетті айтамыз¹.

¹ Нұрғалиев Б. М., Арыстанбеков М. А., Шакенов А. О. Криминалистика (дәрістер курсы): Оқулық құрал. — Қарағанды, 2006. — 181 б.

1-ТАҚЫРЫП

СОТ ЭКСПЕРТОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

§1. Сот сараптамасының процессуалдық және ұйымдастырушылық мәселелері

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес сарапшы арнайы білім-білігіне сүйене отырып іс материалдарын зерттеу нәтижесінде қажетті мағұлматтардың алыну мүмкіндігі пайда болғандықтан, сот сараптамасы тағайындалып жатады. Сонымен бірге сот сараптамасы істің тергелуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында сарапшының қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу және әкімшілік заң қағидаларына сай жүргізілетін зерттеуі нысанында байқалады. Сараптама жүргізілмей қылмыстық іс қозғау мүмкін болмаған жағдайларда, қылмыстық іс қозғалғанға дейін сараптама тағайындалып, жүргізілетінін білген жөн.

Сот сараптамасын тағайындауға заңды түрде құзыреті барларға прокурор, тергеуші, сот немесе анықтама жүргізуші тұлғалар жатады, сондай-ақ қорғаушы не айып тағушы жақтардың өтініштері бойынша іске асырылады.

Сот сараптамасын тағайындау негіздері:

- сот сараптамасын міндетті түрде жүргізу жайлы қылмыстық іс жүргізу заңының талабы;
- тергеуші мен анықтама органы қызметкерінің шешімімен;
- процеске қатысушылар ынтасымен;
- қылмыстық істегі тергеу бөлімінің бастығы берген жазбаша нұсқау негізінде;
- соттың берген нұсқауларына сай;
- заңдылықты қадағалайтын прокурор нұсқауларымен.

Бірқатар санаттағы қылмыстық істерді тергеу барысында сот сараптамасын жүргізу өте қажет болады. Оның себебі тергеуші мен сотты қызықтыратын кейбір жағдайлар сот сараптамасын жүргізу арқылы анықталады.

Сот сараптамасын тағайындау туралы шешімді қабылдау барысында ескеретін бір жағдай, істегі ревизия және тексеріс актілерінің, сондай-ақ тергеулік әрекет шеңберінде маманмен жүргізілген алдын-ала зерттеу қоры-

тындаларының болуы, осы мәселелер бойынша сот сараптамасын тағайындап-жүргізу мүмкіндігін жоймайды.

Қылмыстарды ізін суытпай ашудың маңызды элементтеріне дер кезінде сараптама тағайындау жатады. Аталмыш қағиданы бұзу қылмысты әшкерелеуді қиындатып ған қоймай, сонымен қатар көптеген дәлелдемелерді жоғалтуға әкеп соқтырады. Іс бойынша қажет болып тұрған жағдайда сараптама жүргізбеудің нәтижесі — қосымша тергеу әрекеттерін жүргізу үшін іс кері қайтарылады. Қайта тергеуге жіберудің негізі ретінде істе сарапшы қорытындысының болмауы немесе жүргізілген зерттеудің толымсыздығы жүреді.

Қазақстан Республикасының Қысмыстық іс жүргізу Заңы сот сараптамасының мынадай түрлерін қарастырады.

Жеке тұлғалық (единоличная) және комиссиялық сараптама.

Жеке тұлғалық сараптама жеке сарапшымен іске асырылады.

Комиссиялық сараптама — бір мамандықтағы сот сарапшыларының комиссиясы жүргізетін сот сараптамасы. Мысалы, жеке тұлғаның есі дұрыс дұрыс еместігін анықтау мақсатында сот-психиатриялық сараптамасын жүргізу үшін кем дегене үш сарапшыдан тұратын комиссия құрылады.

Қосымша және қайталама сараптама.

Қосымша сараптама — алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті дережеде анық болмаған не сот сарапшысы өзінің алдына қойылған мәселелерді толық шешпеген не алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажет болған жағдайларда жүргізілетін сот сараптамасы.

Қайталама сараптама — алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті негізделмеген не оның дұрыстығы күмән тудыратын не сараптама жүргізудің іс жүргізу қағидалары елеулі түрде бұзылғанда жүргізілген сот сараптамасы.

Қосымша және қайталама сараптама тағайындау үшін тергеуші және сот келіспеушілікті тудырған негіздерді анықтап көрсету керек.

Кешенді сараптама — егер іс үшін маңызы бар жағдаяттарды анықтау үшін білімнің түрлі салаларының негізінде зерттеу қажет болған жағдайларда, әр түрлі мамандықтағы сот сарапшылары өз құзыретінде жүргізетін сараптама.

Кешенді сараптама қорытындысында әрбір сарапшы жүргізген зерттеу нәтижелері және қандай шешімге келгендігі көрсетіледі. Әрбір сарапшы жүргізген зерттеудің нәтижесінде ортақ бір қорытынды жасалынады.

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот сараптамасын сот сараптамасы қызметкерлерімен қатар жоғары білімі және сот сот сараптамасының белгілі бір түрі саласында арнаулы ғылыми білігі бар тұлға жүргізе

алады. Сот-сараптамалық қызметпен жеке тұлғалар айналысу үшін заңды түрде олардың қызметі лицензиялану керек.

Сот сараптамалары көбіне мемлекеттік сараптамалық мекемелерде жүргізіледі. Онда:

- тиісті жабдықтармен қамтамасыз етілген (қазіргі заман талабына сай);
- сараптама кадрларының дайындығы ұйымдастырылған, зерттеулер сапасы бақыланады;
- кешенді және комиссиялық сараптамалар жүргізу мүмкіндігі бар;
- ғылыми әдістемелерді жетілдеру және жаңа түрлерін дамыту.

Сот сараптамасы органдарында сараптамалар өткізу тергеу және сот жұмысын едәуір жеңілдетіп, сарапшыларды таңдау және олардың мүдделігін тексеруге жол ашады.

Қазіргі кезде республика аумағында төменднгідей сот-сараптамалық органдарды ажыратуға болады.

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы мен оның аумақтық бөлімшелері.

Аталмыш органдарда қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот сараптамалары жүргізіледі. Ең басты сараптама органы болып Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы Орталығы саналады. Онда ғылыми жұмыстар мен жаңа әдістемелер жасалынады, сондай-ақ қолданыстағы барлық сараптамалар түрлері жүргізіледі, оның ішінде криминалистикалық (жазу тану, құжаттардың техникалық сараптамасы, фототехникалық, трасологиялық, фоноскопиялық, баллистикалық); биологиялық, материалдар, өнімдер және заттардың криминалистикалық зерттеуі, экономикалық, инженерлік-техникалық және т. б.

Сот сараптамасы Орталығының жергілікті жерлердегі органдарына сот сараптамасының аумақтық ғылыми-өндірістік лабораториялары жатады.

2. Денсаулық сақтау министрлігінің Сот медицинасы орталығы мен оның аумақтық бөлімшелері.

- сот-медициналық сараптамалар және мәйіттерді зерттеуден өткізу (күштеп өлтіру, себебі, өлім мерзімі);
- куәләндіру әрекеттері;
- биологиялық тегі бар дәлелдемелердің сот-медициналық сараптамасы;
- физикалық-техникалық сараптамалар (адам денесіндегі зақымдарға байланысты реконструкция, баллистикалық, трасологиялық және т. б.).

Сот-психиатриялық сараптамалар көбіне стационар түрінде сот-психиатриялық бөлімшелер мен палаталарда өткізіледі.

Тергеуші немесе сот нақтылы іс бойынша сараптама тағайындамас бұрын, осы сарапшы құзыретіне сәйкес сот сараптамасын дұрыс жіктей білу керек.

Сот сараптамасын жіктеу саласында көптеген ғалым-криминалистер өз көзқарастарын ортаға салған. Солардың ішінде А. Р. Шляхов, Ю. Г. Корухов, Е. Р. Россинская, С. Ф. Бычкова, А. Ф. Аубакиров, К. Н. Шакиров және т. б.

Осы ой-пікірлерді түйіндей келе, әртүрлі негіздердерге сәйкес бөлінетін сот сараптамасының мынадай жіктемесін ұсынуға болады:

- криминалистикалық;
- сот-медициналық және психофизиологиялық;
- сот-инженерлік-техникалық;
- сот-инженерлік-транспорттық;
- сот-экономикалық;
- сот-биологиялық (медициналық емес);
- сот-экологиялық;
- сот-ауылшаруашылық;
- сот-мәдениет танушылық.

Жоғарыда көрсетілгендер мөлшері бойынша — негізгі және қосымша; қолданылатын білім құрамы бойынша — біртектес, кешенді; жүргізу орны бойынша — сот сараптамасы органында және бұл органнан тыс жерде; сарапшылар саны бойынша — жеке тұлғалық, комиссиялық, және реті бойынша — бастапқы, қайталама нысандарында жүргізіліп жатады².

Сот сараптамаларын тағайындап-жүргізуге байланысты мәселелерді шешу үшін тергеуші мен сотқа тек білім салаларындағы сараптама түрлерін біліп қана қоймай, сонымен қатар сараптамалық зерттеу сатыларын да білген дұрыс. Бұл сарапшы жүргізетін зерттеудің дәлелдемелік маңыздылығының нақтылы дәрежесі болып саналады. Мұндай белгі бойынша сараптамалық зерттеулерді төмендегідей бөлуге болады:

- идентификациялық;
- диагностикалық;
- классификациялық;
- ситуациялық.

Сараптамалық зерттеуде сот сараптамасының объектілері ерекше орын алады.

1. Заттық дәлелдемелер (тергеу әрекеттерін жүргізу барысында табылып, алынған және тиісті түрде процессуалдық құжаттарда бекітілген).

² *Исаев Ә. А., Шакенов А. О.* Криминалистика және сот сараптамасы сұлба нысанында: Оқу құралы. — Алматы, 2005. — 212 б.

2. Қылмыстық немесе азаматтық істерде маңызы болатын мағұлматтар орын алған құжаттар (түсініктемелер, ревизия актілері, компьютерлік ақпарат шоғырланған материалдар, бейне, фото жазбалар және т. б.).

3. Адам денесі және оның психикалық қалпы.

4. Жануарлар.

5. Адам мен жануарлардың өліктері.

6. Сараптамалық зерттеуге қажетті үлгілер.

7. Қылмыстық іс материалдарында болатын сараптама затына қатысты мәліметтер (оқиға болған жерді қарау, куәләндіру, тергеу экспериментінің хаттамалары).

Аталмыш объектілердің шыңайылығы мен толықтығын сот сараптамасын тағайындап отырған орган немесе тұлға қамтамасыз етеді. Сараптамаға жіберілген объектілер буып-түйілген және тиісті жазулармен расталған болу керек. Сараптамалық зерттеу объектілерімен жұмыс жасау, оларды сақтау және заттық дәлелдемелерді жою заңға сәйкес орындалуға тиіс.

§2. Сот сараптамасына дайындық және оны тағайындау

Сараптама жүргізу үш сатыдан тұратын процессуалдық әрекет: тағайындау, жүргізу, қылмыстық процесс жүргізуші органмен (тұлғамен) сараптама нәтижелеріне баға беру.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес сараптама қылмыстық іс қозғау барысында, іс бойынша сот дейінгі өндірісте, соттың бірінші сатысында істі қарау кезінде, сондай-ақ қылмыстық сот өндірісінің апелляциялық және касациялық сатыларында тағайындалуы мүмкін.

Қылмыстық істі қозғау туралы шешімді сараптама жүргізбейінше қабылдау мүмкін болмайтын жағдайда ол қылмыстық іс қозғалғанға дейін тағайындалуы мүмкін.

Сараптама тағайындау негіздеріне қатысты фактілік және процессуалдық түрлерін бөлектеуге болады. Біріншісі іс бойынша пайда болған мәселелерді шешуде арнайы ғылыми білімді қолдану қажеттілігінен туындайды, ал екіншісіне, яғни сараптама тағайындау үшін заңи негіздерге мәселелерді шешуде арнайы ғылыми білімді қолдану қажеттілігін растайтын істегі материалдар жатады.

Қолданыстағы заңға сәйкес сараптаманы анықтау органы, тергеуші, прокурор және сот тағайындалуы мүмкін. Анықтау органы мен тергеуші сараптаманы қылмыстық іс қозғау барысында және алдын ала тергеу үстінде тағайындайды, сот — соттық қарау сатысында, прокурор — қылмыстық

іс қозғау туралы сұрақты шешу кезінде тағайындайды. Аталмыш лауазымдар, сараптаманы міндетті түрде тағайындау жағдайларын атамағанда, өздері қажет деп санаған кезде сараптамаларды тағайындайды.

Сараптама тағайындау — заңмен анықталған негіздер мен шарттарды сақтау арқылы іске асырылатын процессуалдық әрекет болып саналады. Мұндай әрекетті іске асыру үшін нысаны мен мазмұны заңмен рәсімделген тиісті қаулы шығарылады.

Сараптама тағайындау туралы қаулы кіріспе, суреттеме және нәтижелік бөлімдерінен тұрады.

Кіріспе бөлімінде қаулыны құрастыру орны мен уақыты, оны шығарған лауазым жайлы мәліметтер, сондай-ақ қандай іс бойынша шығарылғандығы туралы деректер орын алады.

Суреттеме бөлігінде істің фабуласы, сараптама тағайындау негізі, басқа да мәліметтер көрсетіледі: сараптамаға жіберілетін объектілер жайлы (қай жерден, қашан және қандай жағдайда олар табылып-алынды); сарапшы қарамағына жіберілетін басқа да материалдар жайлы; сарапшының қорытындысы негізделуі мүмкін істегі мәліметтер туралы.

Суреттеме бөлігіндегі қылмыстық істің фабуласы тергеулік болжамды нақты көрсететіндей болу керек. Мысалы, материалдық ортадағы тұлғалардың, заттардың және қылмыс іздерінің байланысын, сондай-ақ осылар бойынша сараптама тағайындаудың басты мақсаты байқалу керек.

Қаулының нәтижелік бөлігінде тағайындалып жатқан сараптаманың түрі, сарапшыға қойылған сұрақтар, сот сараптамасы органының атауы немесе сараптама жүргізу жүктелген тұлғаның аты-жөні, сондай-ақ сарапшы қарамағына берілген материалдар тізімі орын алады.

Қаулы шығару кезінде арнайы әдебиеттермен жұмыс жасаған жөн, бірақ нақты қылмыстық іс бойынша қажетсіз сұрақтарды жайғана көшіріп алу жарамайды.

Қаулыда міндетті түрде зерттеу үшін ұсынылатын қылмыстық іс материалдары көрсетілу керек. Заң бойынша қылмыстық істі толығымен ұсыну көзделмеген. Сарапшы қарамағына ұсынатын заттар мен құжаттарды жеке-лендіру мақсатында олар тізімдейді.

Сонымен қатар қаулыда сараптамаға қатысты айыпталушы, адвокат өтініштері бар ма және олар бойынша қандай шешім қабылданды, сараптама жүргізу барысында айыпталушы немесе тергеушінің қатысуы мүмкін бе, міне осындай мәселелер көрсетілу керек.

Алайда, сараптама тағайындау тек қаулы шығару әрекетіне ғана қарап қалмайды. Қылмыстық процесс сатысына қарай сараптама тағайындау өзінше ерекшеленеді және ол арнайы талдаудан өткізуді қажет етеді.

Сараптаманы міндетті түрде тағайындау жағдайлары заңда көрсетілген,

мәселен, іс бойынша:

1) өлімнің себептерін (өлім себебін анықтау сот-медициналық сараптама құзыретіне жатады), денсаулыққа келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін анықтағанда;

2) іс үшін маңызды болып, бірақ жасы туралы құжаттар болмағанда немесе күмән туғызғанда сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің жасын ажыратқанда;

3) ақыл-есінің дұрыстығы немесе қылмыстық іс жүргізуде өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау қабілеті жөнінде күмән туғанда сезіктінің, айыпталушының психикалық немесе тәнінің жай-күйін айқындағанда;

4) іс үшін маңызы бар жағдайларды дұрыс қабылдау және олар бойынша айғақтар беру қабілетіне күмән туған жағдайда жәбірленушінің, куәнің психикалық немесе тәнінің жай-күйін анықтау қажет болғанда;

5) істің өзге мән-жайы басқа дәлелдермен дәл аныталмайтын болса, сараптаманы тағайындау мен жүргізу міндетті болады.

Сот-тергеулік тәжірибеде мынадай сараптамаларды міндетті түрде жүргізу қалыптасқан:

а) сот-медициналық — мерез ауруын жұқтыру істері бойынша жәбірленуші мен айыпталушы денсаулықтарын анықтау бойынша;

б) ветеринарлық — малдың қырылу себептерін анықтау үшін;

в) техникалық — шығарылған өнімнің сапасыздығын анықтау үшін.

Жоғарыда келтірілген жағдайлардан басқа сараптама тергеушінің, анықтама органының, прокурордың немесе соттың қарауына қарай қажеттілік арқылы тағайындалады. Алайда, іске маңызды мәселелерді шешу басқа жолмен мүмкін болмаса, онда сараптама тағайындалады.

Тұлғаларға сот сараптамасын жүктеу Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және сот сараптамасына қатысты заңнамаларымен рәсімделеді. Мәселен, сот сараптамасын жүргізуге іске мүдделі емес, арнаулы ғылыми білімі бар адам сарапшы ретінде шақырылуы мүмкін. Сараптама жүргізу тапсырылуы мүмкін адамға қойылатын өзге де талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

Сараптама жүргізу сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне немесе заң талаптарына сәйкес басқа да адамдарға жүктелуі мүмкін. Оларға:

- сот сараптамасы органдарының қызметкерлері;
- лицензия арқылы сот-сараптамалық қызмет атқаратын тұлғалар;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіп бойынша сараптама жүргізуге бір реттік рұқсаты бар басқа да тұлғалары жатады.

Сот сарапшысының жоғары білімі және сот сараптамасының нақты са-

ласында арнайы ғылыми білім-біліктілігі болу керек.

Сот сараптамасын жүргізуге құқығы бар тұлғалар Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының Мемлекеттік реестріне енгізіліп, тергеу, сот және прокуратура органдарына таратылады.

Аталмыш реестрді Қазақстан Республикасы әділет Министрлігінің тиісті органы құрастырып, жүргізеді.

Мұндай реестрдің мақсаты — Қазақстан Республикасында нақты сот сараптамаларының түрлерін жүргізуге құқығы бар тұлғалар туралы процеске қатысушыларды хабардар ету.

Заң бойынша сот сараптамасын жүргізу жүктелмейтін тұлғалар:

- белгіленген заңды тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілетсіз немесе қабілеттілігі шектеулі болып танылғандар;
- бұрын сотталғандар;
- сот-сараптамалық қызметті атқаруға байланысты жұмыстан жағымсыз себептермен босатылған;
- кандидатураға қарсылық білдіруге негіздер болғанда.

Сарапшы жүргізетін зерттеу міндеттеріне қатысты бірбағытты ұстай алатындай, оның әдістемесін анықтай алатындай, сондай-ақ іске асыру үшін қажетті құрал-жабдықтарды таңдай алатындай мәліметтерді сараптамалық зерттеу үшін түпнұсқалы ақпараттарға жатқызуға болады. Сараптамалық процесі құруда түпнұсқалы ақпараттар негіз болып табылады.

Түпнұсқалы ақпараттар екі түрде кездесуі мүмкін — процессуалдық және процессуалдық емес.

Процессуалдық түпнұсқалы ақпараттар:

- сараптама тағайындау туралы тергеуші немесе сот қаулысы;
- тергеу және соттық әрекеттер хаттамалары;
- заттық дәлелдемелер, зерттелетін объектілер;
- ҚР ҚДЖК белгілеген тәртіп бойынша сараптамалық зерттеу үшін алынған үлгілер;
- алдында жасалған сараптамалардың қорытындылары;
- фото-, дауыс-, бейнеқұжаттар;
- жазбаша құжаттар.

Процессуалдық емес түпнұсқалы ақпараттар:

- ресми анықтамалық басылымдар;
- эталондар, стандарттар, типтік үлгілер;
- жинақ заттары;
- тіркеулік массивтар;
- ғылыми, ресми, оқу-әдістемелік, арнайы әдебиет.

Сарапшыға жіберетін түпнұсқалы ақпараттарға қойылатын жалпы талаптар:

1) шектілік — яғни, оларды алудың өзі мұндай түпнұсқалардың заңды екендігіне кепіл береді;

2) қатыстылық — ұсынылған түпнұсқалардың мазмұны бойынша байланысты болуы (яғни, оларды нақты мәселелерді шешу мақсатында қолдануға болама);

3) шыңайылық — яғни, істің деректік жағдайларына сәйкес келу, шығу тегінің күмәнсіз болуы;

4) келістілік — яғни, сараптамалық зерттеуді жеткілікті түрде толымдылық, әрі дұрыстылық жағынан қамтамасыз ететін ақпараттардың жиынтығы.

Жоғарыда келтірілген жалпы талаптар сарапшыға жіберілген түпнұсқалы ақпараттардың толымдылығы мен дұрыстылығының елеулі кепілі болып табылады, ал ол өз жағынан сот сарапшысы берген қорытындының жанжақтылығы мен шыңайылығына күмән туғызбайды.

Сот сараптамасын тағайындау кезеңі екі элементтен тұрады:

1) процессуалдық сипаты бар;

2) тактикалық сипаты бар.

Бірінші элемент сот сараптамаларын тағайындау туралы қаулыларды шығарумен аяқталады, ал екіншісі — барлық түпнұсқалы ақпаратты сарапшыға немесе сот-сараптамалық органға тапсырумен аяқталады.

Түпнұсқалы ақпаратты тапсыру барысында тергеуші және сот жіберілетін объектілердің шыңайылығын қамтамасыз ету керек, яғни заң шеңберінде төмендегідей мәселелерді болдырмау:

– іс материалдарындағы бір объектіні екі түрлі қарастыру;

– заттық дәлелдемелерді, жазбаша және басқа да құжаттарды жинау, алу кезінде процессуалдық қателіктер жіберу;

– зерттеудегі объектілердің белгілері мен қасиеттерін жартылай немесе толық жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін заттық дәлелдемелермен жұмыс жасау ережелерін сақтамау;

– объектілерді қасақана немесе абайсызда құрту.

Іс жүзінде материалдарды сарапшыға немесе сот сараптамалық органға тапсыру зерттеу объектілерінің сипатына қарай, тергеуші немесе соттың өзімен, поштамен, сондай-ақ қолма-қол жеткізу арқылы іске асырылуы мүмкін.

Түпнұсқалы ақпараттарды тергеушіден сарапшыға тапсыруға жіберілетін уақыт мейлінше аз жіберіліп, бұл жерде керітартпалық орын алмау керек.

Тәжірибеге жүгінсек күрделі, әрі зерттеу мөлшері үлкен сараптамалар жүргізу барысында тергеуші немесе сот материалдарды сарапшыға өздері тапсыру керек.

Қылмыстық іс жүргізушілік және азаматтық іс жүргізушілік заңнамада сот сарапшысының процеске қатысушы ретіндегі процессуалдық тәуелсіздігін анықтайтын бірқатар нормалары орын алған. Сот сарапшысы міндетін өзіне алған маман процеске қатысушы ретіндегі нақтылы құқықтар мен міндеттерді қабылдап, тәуелсіз тұлға болып шыға келеді.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау және сот органдарында сарапшы қорытынды беру кезінде тәуелсіздік принципі сақталады деп тұжырымдауға болады. Қылмыстық процесс жүргізуші тұлғалар мен органдардың сот сараптамасын өткізудегі белсенділігі олардың процессуалдық хал-ахуалынан туындап отыр.

Соттық сараптама — дәлелдеудің процессуалдық құралы болып келетін тергеулік және соттық іс-әрекет.

Тергеуші, сот сараптаманы тағайындайды, сот сараптамасы органы немесе сарапшыны (сарапшыларды) таңдайды, оларға қарсылық білдіру туралы сұрақты шешеді, сарапшыларға сауалдар дайындайды, жұмыс көлемін анықтайды және зерттеуге арналған қажетті материалдарды ұсынады.

Сараптама жүргізу барысында тергеуші мен сот құқықтары:

- қорытынды берілуге тиіс сұрақтар шеңберін кеңейте немесе азайта алады;
- зерттеу толымды болу мақсатында материалдар ұсынады;
- сараптама тағайындауды жүргізуді тоқтата алады;
- қандай да бір себептерге байланысты (мысалы, істің қысқартылуына байланысты) сараптама тағайындау әрекетін қай сатысы болмасын тоқтатады;
- сараптама жүргізу мерзімдері жайлы сарапшылар немесе сараптамалық органы басшысының алдына мәселе қоя алады;
- көп объектілі сараптама жүргізу барысында оны іске асыруды бірнеше мамандарға беру немесе сарапшылар комиссиясын құра алады;
- кезектен тыс сараптама жүргізуге өтініш білдіреді;
- сараптамалық зерттеу жүргізуге қатысу;
- елеулі жағдайларды көрсету туралы сарапшыны сұрау;
- зерттеудің нақтылы әдіс-құралдарын қолдану туралы сарапшыға ұсыныс жасау;
- қайталама сараптама тағайындау кезінде қаулыда алдындағы сараптаманы жүргізу әдістемесінің кемшіліктерін көрсетуге құқылы.

Сараптама жүргізу кезіндегі сарапшының құқықтары:

- сараптама затына жататын қылмыстық іс материалдарымен танысу;
- қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдар беру туралы өтініш білдіру;
- қылмыстық процесс жүргізуші орган рұқсатымен тергеу әрекеттері-

не қатысып, қатысушыларға сараптама затына жататын сауалдар қою;

- өз ынтасымен сараптама жүргізу барысында анықталған іс үшін маңызы бар жағдайларды қорытындыда көрсету;
- қорытынды мен көрсетулерді ана тілінде немесе меңгерген тілде беру;
- сараптама жүргізу кезінде құқықтарына нұқсан келтірген қылмыстық процесс жүргізуші органға шағым жасау;
- арнайы білім шегінен шығатын сұрақтар бойынша, сондай-ақ ұсынылған материалдар жеткіліксіз болған кезде қорытынды жасаудан бас тарту;
- сараптама жүргізу барысындағы шығындардың орнын толтыру және сот сараптамасын жүргізу сарапшы лауазымына байланысты міндеттер шеңберіне кірмеген жағдайларда, өзінің істеген жұмысы үшін төлемақы алу.

Сараптама жүргізу тергеуші немесе соттың тиісті қаулысының негізінде тоқтатылады.

Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы прокурормен, ал сот қаулысы — жоғарғы сотпен өзгертілуі мүмкін.

Ұйымдастырушылық-әдістемелік жағынан сот сараптамасы органдары заңнамамен қылмыстық қудалау функциясы жүктелген мемлекеттік органдарға бағынбайды.

Аталмыш органдардан сот сараптама органдарының тәуелсіз болуы, ұйымдастырушылық дербестілігі — қорытынды беру кезінде сот сарапшыларының шынайы болуының кепілі.

Сараптамалардың көптеген түрлері бойынша қорытынды беру үшін салыстырмалы зерттеу жүргізу қажет, сондықтан да сарапшыға зерттелетін объектілермен қатар қажетті үлгілер де жіберіледі. Олардың қатарына шығу тегінде күмән жоқ және олар заттық дәлелдемелер болып табылмайтын объектілерді жатқызуға болады.

Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес рәсімделіп, өз алдына бөлек процессуалдық әрекет болып табылады. Мұндай әрекет күдікті, айыпкер, жәбірленуші, куәдан тәжірибелік (эксперименталдық) жолмен идентификациялау немесе белгілі бір тобын анықтау мақсатында олардың ағзаларының тіршілік өнімі болып табылатын объектілерін алумен көзге түседі.

Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер ретінде алынатындар:

- қан, шаш, тырнақ кесінділері, дененің сыртқы беткейінен алынған микроскопиялық қырындылар, сілекей, тер және адам ағзасының басқа да бөлінділері;

- тері өрнектері мен тіс көшірмелері;
 - қолжазба, өнім, адам дағдысын кескіндейтін басқа да материалдар;
 - дауыс фонограммалары;
 - материалдар, заттар, шикізат, дайын өнім сынамалары;
 - гильза, оқ, механизм және құрал-сайман іздері. Үлгілердің алынғандығы жөнінде тергеуші қаулы шығарып, онда көрсететін мәселелер:
- 1) үлгілерді алатын тұлға;
 - 2) үлгілер алынатын тұлға немесе мекеме;
 - 3) нақты қандай үлгілер және қандай мөлшерде алыну керек;
 - 4) одан үлгілерді (мысалы, қан, шаш, саусақ көшірмелері және т. б.)

алу үшін қашан және кімге тұлға келу керек;

- 5) үлгілер алынған соң кімге және қашан ұсынылу керек.

Аталмыш үлгілерді алуға құқылы тұлғалардың шеңбері заңмен шектеулі.

Үлгілерді алуға құқылы тұлғаларға тергеуші жатады, ал қажет болған жағдайда — дәрігер немесе басқа да маман (тек үлгілер алынуға тиіс тұлға басқа жыныста болып, оны шешіндірумен байланысты болмағанда) тергеушінің нұсқауымен.

Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу сараптамалық зерттеу бөлігі болған жағдайда (сарапшы қорытындысының бір бөлігі), ол сарапшымен жүргізілуі мүмкін, ол туралы қорытынды да көрсетіледі.

Үлгілер алынуы тиіс тұлғалар: күдіктілер, айыпкерлер, жәбірленушілер, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлік шараларын қолдану ісі жүргізіліп жатқан тұлғалар.

Күдікті, айыпкерге қатысты үлгілер мәжбүрлі түрде алынуы мүмкін.

Жәбірленуші мен куәдан сараптамалық зерттеу үшін үлгілер тек олардың келісімі бойынша ғана алынуы мүмкін. Алайда өз қимылдарын жоққа шығаратындай көрсетулерді тексеру мақсатында күдікті немесе айыпкер осындай әрекет жүргізуді талап еткенде, сондай-ақ мерез немесе жұқпалы ауруларды тексеру үшін үлгілер қажет болып, мұндай тексерістің іске маңызы болған жағдайларда заң аталмыш үлгілерді жәбірленуші мен куәдан мәжбүрлеу түрінде алуға рұқсат береді. Барлық жағдайларда мәжбүрлік түрде үлгілер алу прокурордың рұқсатымен немесе соттың шешімімен жүргізілу керек.

Үлгілерді алу барысында жеке тұлға құқығын сақтауға бағытталған барлық жалпы процессуалдық талаптар орындалу керек, сонымен қатар азаматтардың ар-ожданына нұқсан келтіретін, денсаулығына зардап әкелетін іс-қимылдарға жол берілмейді. Үлгілерді алуда қолданылатын ғылыми-техникалық әдіс-құралдар адамдар үшін қауіпсіз болу керек.

Жанға батар күрделі медициналық процедуралар мен әдістер тек үлгілер

алынып жатқан тұлғаның жазбаша рұқсатымен жасалынады. Егерде жасы кәмететке толмаған немесе психикалық аурумен ауыратын тұлға болса, онда олардың заңды өкілдерінің рұқсатымен іске асырылады.

Үлгілерді алуды аяқтасымен тергеуші хаттама толтырып, онда өзінің іс-қимылдарын және ол үшін пайдаланған ғылыми-зерттеулік әдістер мен процедуралар мен үлгілерді суреттеп жазады.

Егерде үлгілер тергеушінің нұсқауымен дәрігер немесе маманмен алынған болса, онда олар ресми құжат толтырып, оның астында барлық процеске қатысушылар өз қолдарымен растап, қылмыстық іске тіркеу мақсатында тергеушіге тапсырады. Хаттамаға алынған үлгілер буып-түйілген және мөрленген түрінде тіркеледі.

Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алуға дайындықты үш аспектіде қарастыруға болады.

Ұйымдастырушылық аспект:

- алынатын үлгілердің түрін анықтау;
- үлгілер алынатын тұлғалар шеңберін анықтау;
- аталмыш тұлғаларды шақыру және олардың келуін қамтамасыз ету;
- үлгілерді алуда мамандар мен басқа да тұлғалардың қатысуын қамтамасыз ету;
- үлгілер алынатын жерді дайындау.

Процессуалдық аспект:

- сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алуға қаулы шығару;
- үлгілер алынатын және басқа да мүдделі тұлғаларды осы қаулымен таныстыру;
- куәгерлерді шақыру;
- үлгілер алу барысында жеке тұлға құқықтарын сақтау.

Тактикалық аспект:

- үлгілерді алу уақытын анықтау;
- жұмыс орнын анықтау (тергеуші бөлмесі, маман немесе сарапшы зертханасы);
- үлгілерді алу жағдайлары мен тәртібін анықтау;
- ғылыми-техникалық құралдар дайындау, қажетті материалдар мен әдістеме таңдау;
- үлгілерді алу тәсілін, оларды буып-түйю, сақтау және тергеушіге тапсыру шарттарын анықтау.

Сараптамалық зерттеуге үлгілерді әзірлеу туралы мәселелері, салыстырмалы материалдардың қандай болмасын түрлеріне қойылатын талаптар өзінің сандық және сапалық жағынан сот-сараптамалық және құқық қорғау органдарының криминалистикалық бөлімшелеріндегі нұсқаулар мен ережелерде көрсетілген.

Мысалы, қан, шаш, тер және басқа да адам ағзасының бөлінділерін алу тәртібі денсаулық сақтау министрлігінің сот медициналық Орталығының жұмысын реттейтін Нұсқауларда көрсетілген.

Қолжазба, қойылған қол үлгілерін (мысалы, алу уақытына, құжаттың түріне, жазылған материалдардың мазмұнына қарай) қалай алу керек екендігі туралы, сондай-ақ басқа да криминалистикалық сараптамалар түрлері бойынша үлгілер алу — Қазақстан Республикасы ПМ-і оперативтік-криминалистикалық басқармасының ережелерінде және Әділет министрлігінің сот сараптамасы орталығының нұсқауларында көрсетілген.

Кейбір жағдайларда сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу тінту, алу, эксгумация, куәландыру жолымен немесе қандай да бір объектілерді қарау барысында алынады.

Әрбір нақтылы жағдайда сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алуға тергеуші немесе сот маманды қатыстыра алады. Осындай объектілерді алудың нақтылы шарттарына байланысты маман зерттеуге ұсынылатын үлгілердің саны туралы өзінің нұсқауларын бере алады. Мысалы, маман үлгілерді алу тәсіліне, оны жүргізу жолына және алынған үлгілердің буып-түйілуіне қатысты кеңес түрінде көмек көрсете алады.

Қажет болса үлгілерді алу процесі фотоға түсіру немесе бейне таспаға жазу арқылы бекітіледі, алынған фото және бейне құжаттар хаттамаға тіркеледі, ол туралы тиісті жазу жасалынады.

§3. Сарапшы қорытындысына тергеуші және соттың баға беруі

Сарапшының қорытындысы қылмыстық және азаматтық іс жүргізу заңнамаларында көрсетілген басқа да дәлелдемелермен қатар тергеуші мен соттың бағалануына жатады.

Сарапшының қорытындысы басқа дәлелдемелер алдында артықшылықпен көзге түспейді, ол туралы Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 25-бабының екінші бөлігінде “ешқандай дәлелдеменің күні бұрын белгіленген күші болмайды” деп көрсетілген.

Сарапшының қорытындысы тергеуші мен сот үшін міндетті емес, алайда бұл тұлғалардың келіспеушілігі негізделген болу керек.

Тәжірибеде сарапшының қорытындысы өзінің спецификасына қарай (яғни, арнайы ғылыми білімдерді қолдануына қарай) ерекше дәлелдеме болып танылып жатады. Бірақ заңға қайшы келетін қате көзқарас, оның себебі сарапшының қорытындысы дұрыс емес және толық немесе жартылай негізделмеген болуы ықтимал.

Біріншіден, сарапшыға (қасақана немесе салақтық ниетпен) дұрыс емес тұпнұсқалық мәліметтер, мүлдем басқа объектілер немесе үлгілер ұсынылуы мүмкін.

Екіншіден, сарапшы зерттеу әдістемесін толық меңгермегендіктен қателіктер жіберуі мүмкін.

Үшіншіден, сарапшыға салыстырмалы материалдар (мөлшері мен саны бойынша) жеткіліксіз түрде ұсынылғандықтан, қателіктер жіберулуі ықтимал.

Осы көзқарасты қолдай отырып, зерттеулер жүргізу барысында сарапшы анықтаған мәліметтер, яғни сарапшы қорытындысы процессуалдық жағынан және ғылыми тұрғыдан міндетті түрде бағаланады, яғни білікті тұлға берген тұжырымдардың негізділігі мен дұрыстылығы тексерілу керек.

Сарапшының қорытындысына баға беруді әрбір дәлелдемеге баға беру ретінде түсінген жөн, яғни салыстырмалылығын, шектілігін, оларды дәлелдеуде пайдалану жолдары мен нысандарын анықтау.

Судья, прокурор, тергеуші, анытаушы заңға сәйкес, сондай-ақ дәлелдемелерді жанжақты, толық және шынайы қарастыруға негізделген өзінің ішкі сеніміне сүйене отырып сарапшы қорытындысына баға береді.

Сарапшы қорытындысына баға беру бірінен соң бірі жүретін бірнеше сатыларға бөлінуі мүмкін.

Сараптама тағайындау кезінде қылмыстық іс жүргізу заңнамасының сақталуын тексеру. Аталмыш сатыда анықталатын мәселелер:

- сараптама заңға сәйкес қарсылық білдірілген маманмен жүргізілген жоқ па?
- сараптама тағайындап-жүргізу кезінде процеске қатысушылар құқықтары бұзылған жоқ па?
- сарапшы алдына қойылған міндеттерді шешуде құзыреті бар ма және ол өз құзыреті шеңберінен шығып кеткен жоқ па.

Сараптамалық органнан тыс жерде сараптама жүргізу сұрағы туындаған да, сарапшыны тергеуші немесе сот таңдайды немесе сараптаманы жүргізу процеске қатысушылар ұсынған тұлғаларға жүктеліп, олардың құзыреті туралы мәселе тағайындау барысында шешіледі.

Егерде сарапшы ретінде таңдап алынған маманда «сарапшы-криминалист» мамандығы бойынша жоғары білімі немесе қандай да бір сараптама түрінен сараптама жүргізуге ведомствалық кәсіптік куәлігі болса, жағдай бірқатар жеңілдейді. Сараптама сараптамалық органда жүргізілетін болса, маманды таңдау аталмыш органның басшысына жүктеледі, сондықтан да тергеуші мен судья қорытындыға баға беру кезінде сарапшы құзыры мен білігіне көздерін жеткізген жөн:

- сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу барысында процессуалдық

тәртіп бұзылған жоқ па;

- сарапшы қорытындысының процессуалдық нысаны сақталған ба және аталмыш процессуалдық құжатты толтыру барысында барлық талаптар орындалған ба.

Сарапшы қорытындысына баға беру барысында тергеуші немесе судья аталмыш құжат толық емес, негізделмеген және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының бұзылды деген тұжырымға келуі мүмкін, сондықтан да заңға сәйкес қайталама сараптама тағайындалуы ықтимал.

Зерттелетін заттық дәлелдемелердің жеткіліктілігін және дұрыстылығын тексеру. Бұл сатыда тексеріліп-анықталатын жағдайлар:

- сараптамалық зерттеу үшін алынған заттық дәлелдемелер мен үлгілердің түпнұсқалығы, дұрыстылығы;
- сарапшы дұрыс қорытынды беру үшін үлгілер жарамды ма және жеткілікті ме.

Зерттеуге ұсынылған үлгілердің дұрыстылығында тергеуші мен судьяның күмәні болмау керек, сондай-ақ зерттеу әдістемесіне қатысты сарапшыда да үлгілердің жарамдылығы мен жеткіліктілігінде ешбір күмән тұмау қажет.

Сараптамалық әдістеменің ғылыми негізделгендігіне және оны қолданудың заңға сай екендігіне баға беру. Сарапшы қорытындысына баға берудің аталмыш сатысының аздаған қиындығы бар. Оның себебі тергеуші мен судьяның нақтылы зерттеу жүріп жатқан салада арнайы ғылыми білімдері болмай қалуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда тергеуші мен судьяға арнайы және әдістемелік әдебиеттерді пайдалануға болады. Алайда нақтылы зерттеу саласындағы әдебиеттердің болмай қалу салдарынан сараптамалық әдістеме негізділігі мен заңға сәйкестігіне баға беру қиынға соғады. Осыған орай, әдетте, нақтылы мәселелердегі күмәнділікті жою мақсатында комиссиялық сараптама тағайындалады.

Пайда болған күмәннің кейбіреуін қайталама сараптама тағайындамай-ақ сарапшыдан жауап алу барысында шешуге болады. Маман ретінде жауап алу нысаны арқылы басқа да сарапшылар көмегін пайдалануға болады. Олар тергеуші мен судьяға қандай да бір әдістеменің ғылыми негізділігі мен ерекшелігін түсіндіріп бере алады. ҚР ҚІЖК-нің 84-бабының бірінші бөлігіне сәйкес маман тергеуші мен судьяға өз көмегін процессуалдық нысанда емес, кеңес түрінде беретіндігін естен шығармау керек.

Қолданылған сараптамалық әдістеменің ғылыми негізділігі туралы маманның процессуалдық емес кеңесін әрбір процеске қатысушы жақтардың өкілдері де пайдалана алады, әрине олардың сараптама қорытындысында күмән пайда болса, заңға сәйкес келешекте қайталама комиссиялық сарап-

тама тағайындау мүмкіндігі бар.

Сарапшы қорытындысының толымды болуын тексеру. Аталмыш сатыда тергеуші мен судья ең алдымен сарапшы қорытындысының төмендегідей жақтарын анықтайды:

- сараптамаға ұсынылған барлық объектілер мен үлгілердің зерттеуден өткізудің толымдылығы туралы;
- қаулыдағы барлық сауалдарға сарапшы берген жауаптардың толымдылығы туралы, яғни тапсырмаларды орындау немесе қандай да бір сұраққа үзілді-кесілді жауап қайтарудан бас тарту, ондай бас тартудың негізділігі туралы;
- зерттеу жолы мен нәтижелерін суреттеудің толымдылығы туралы, барлық әдістемелер мен аспаптар базасын қолдану туралы;
- осындай қорытындыға келе отырып, сарапшының қолында бар зерттеу материалдарының жеткіліктілігі және толымдылығы туралы.

Сараптамалық зерттеу жүргізу жолы мен нәтижелерінің дәлелділігі. Мұндай жағдайда тергеуші мен судья сараптамалық зерттеудің барлық сатыларына жүйелі түрде баға береді. Анықталатын жағдайлар: жасалынған қорытындыға қатысты сарапшы анықтаған белгілер жеткілікті ме; олар сарапшымен дұрыс бағаланған ба; қорытындының зерттеулік бөлімі мен тұжырымдамалық бөлімінің арасында кереғарлықтар бар ма; сараптама затына жататын істің шын мәніндегі жағдайлары дұрыс көрсетілген бе.

Тәжірибеде сарапшы қорытындыларының мынадай атүсті-ойлаушылық қателіктері кездеседі:

- 1) қорытындылар жүргізілген зерттеудің біткен нәтижесі емес;
- 2) бір объекті бойынша сарапшының қарама-қайшылық қорытындылары берілген;
- 3) сарапшы қорытындысы сараптамалық зерттеу жүргізу сатысында қарама-қайшылықпен көзге түсті;
- 4) сарапшы тұжырымдары жеткілікті түрде делелденбеген.

Басқа да ойшылдық қателіктер кездесуі мүмкін.

Сараптамалық зерттеу нәтижелерінің тергеудегі іске қатыстылығы, яғни басқа дәлелдемелер жүйесінде қорытындының дәлелдемелік мәнін анықтау, оларды анықтау арқылы сот өндірісі қойған мақсатқа жетуге болады. Сараптамалық зерттеу нәтижелерінің қатыстылығын тексеру барысында сарапшы анықтаған деректің дәлелдеу затына жататындығын және сарапшы жасаған тұжырым аталмыш деректі дәлелдей алама, міне осыларды айқындау қажет.

Сарапшы қорытындысының істе бар дәлелдемелермен сәйкестілігі. Сарапшы қорытындысын басқа да дәлелдемелермен біріктіре отырып бағалау барысында тергеуші мен сот оларды істің басқа материалдарымен са-

лыстырады. Сарапшы қорытындысының істе бар дәлелдемелерге қарама-қайшы болуы, оның дұрыстығына күмән туғызады және қайталама сараптама тағайындауға елеулі мүмкіндік туғызады.

Сарапшы қорытындысына сотпен баға берудің ерекшеліктері. Алдын-ала тергеуде тергеуші баға бергеніне қарамастан, сарапшы қорытындысына баға беру сотпен толық мөлшерде іске асырылады.

Егерде алдын-ала тергеу үстінде сараптама жүргізген сарапшы сот мәжілісінде қатысып отырса, оның қорытындысы міндетті түрде көпшілік назарына ұсынылып, сотта зерттелуі керек.

Егерде алдын-ала тергеу үстінде қорытынды берген сарапшы сот қатыспаса, оның қорытындысы міндетті түрде жарияланады.

Сарапшы қорытындысына баға беру нәтижесі бойынша сот пайда болған күмәндарға түсінік беріп, дәлдеу мақсатында сарапшыны сотқа шақыру туралы шешім қабылдауы мүмкін. Сонымен бірге заңға сәйкес сот мәжілісінде қайталама сараптама жүргізуді немесе қосымша не қайталама сараптамаларды тағайындауды ұсынуы ықтимал.

Егерде алдын-ала тергеуде және сот мәжілісінде бірғана сарапшы сараптама жүргізсе, онда сот қорытындылар арасында кереғарлықтардың бар-жоқтығын анықтауға міндетті, пайда болған қарама-қайшылықтар себепін анықтап, оларды жоюға шаралар қабылдайды.

Сот процесінде жасалынған сарапшы қорытындысына сот қарауына қатысушылардың барлығымен бағалануы мүмкін. Мұндай жағдайда сот олардың баға беруімен келісуі немесе қатысушылар ой-пікірлерін жоққа шығаруы ықтимал. Кассациялық және бақылаушы тәртіппен жоғарғы сот істі қарастыру барысында сарапшы қорытындысы толық мөлшерде бағаланады.

Сарапшы қорытындысына баға берудің тұжырымдамалық кезеңі болып, қылмыстық жауапқа тартылып жатқан тұлғаның кінәлі немесе кінәлі емес-тігін деледеудегі сарапшы қорытындысының алатын рөлін анықтау, сондай-ақ іске қатысы бар деректердің дәлелденгендігі немесе дәлелденбегендігі жайлы сұрақты шешу жатады.

§4. Сот сараптамасы саласындағы халықаралық қарым-қатынас

Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалары сот-сараптамалық қызмет саласында халықаралық қарым-қатынас жасау мүмкіндігін көрсеткен. Басқа мемлекет маманымен сот сараптамасын жүргізу саласындағы әрекеттесудің сұрақтары мен негізгі нысандары, сондай-ақ біріге отырып

ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми және әдістемелік ақпараттар алмасу мақсатында халықаралық байланыстар орнату мәселелері рәсімделген.

Шетел мемлекетінің тиісті органының талабы бойынша сот сараптама-сын жүргізу тәртібі анықталған. Мұндай сараптама жүргізу кезінде, егерде халықаралық келісіммен басқа мәселелер көрсетілмеген болса, Қазақстан Республикасы заңнамасының басымдылығы маңызды екендігін ескерген жөн. Сонымен қатар шетел мемлекетінің мамандарын сот сараптамаларына қатыстыру тәртібі де жоғарыда көрсетілген заңда орын алған.

Мұндай қарым-қатынастың дәлелдері: кейбір сараптама объектілерін зерттеуден өткізу саласындағы криминалистикалық бөлімшелердің өзара әрекеттесуіне қатысты ТМД елдері ішкі істер Министрліктерінің арасындағы 1994 жылғы Ереван келісімі; Қазақстан Республикасының қылмыспен күрестегі екі жақты көмек көрсету туралы бірқатар мемлекеттермен жасаған келіс-сөздері (мысалы, ұйымдасқан қылмыспен наркобизнеспен күрес және т. б.).

Аталмыш құжаттарды тергеуші және соттар білген жөн және тергеудегі істің анық-қанығына жету мақсатында бұл құжаттарды толық мөлшерде пайдалана білу керек.

2-ТАҚЫРЫП

СОТ САРАПТАМАЛАРЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫ ТЕРГЕП-АШУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

§1. Арнайы білімді алдын ала тергеуде қолдану және криминалистикалық сараптамалар мүмкіндіктері

Сот сараптамасын жүргізу сот-сараптамалық қызметтің субъектілері (сарапшы, тергеуші, сот) және өз жеке басы мүддесін қорғаушы адамдар (айыпталушы, сотталушы, жәбірленуші, азаматтық арызданушы және т. б.) арасындағы күрделі құқықтық қатынасымен көзге түседі. Сондықтан да сот сараптамасын тағайындап-жүргізу әрекеттеріне бағытталған жүйені әрқашан жетілдіріп, жандандырып отырған дұрыс.

Сот сараптамалардың басқа салаларда жүргізілетін сараптамалардан ерекшелігі — олардың жүргізу шарттары мен шешілетін міндеттер сипатына сәйкес болады. Сот сараптамасы нақтылы қылмыстық және азаматтық іс бойынша жүргізіліп, қылмысты тергеу үшін қажетті жағдайларды анықтауға бағытталған, сондай-ақ істің сотпен шыңайы шешілуіне көп көмек көрсетіні сөзсіз болғандықтан, олардың қазіргі кездегі мүмкіндіктерін қарастыру басты мақсаттардың бірі болып саналады.

Сот сараптамасы арқылы анықталатын жағдайлар шеңбері әртүрлі болып табылады. Оның себебі сот-сараптамалық зерттеу объектілері ретінде қылмыстық және азаматтық іс жүргізу заңдарымен рәсімделген істі дұрыс шешуде мағынасы бар жағдайлар туралы түпнұсқалы мәліметтер жүреді.

Сараптама жүргізу үшін шын мәніндегі деректер қажет және оларды талдаудан өткізу үшін арнайы білім болған дұрыс. Осыдан бүгінгі таңда сараптамалық қызметтің құқылық қатынасында келешек жас мамандар өздерін білім және біліктілігімен таңыта білу мақсатында сот экспертиология саласындағы озық тәжірибе, сондай-ақ ғылыми-техникалық прогресс жетістіктері күнбе-күн жетілдіріліп, мүмкіндіктері ұтымды пайдаланылу керек.

Егерде арнайы білімді тергеулік нысанда қолдану нәтижесі айқын болмай, оны түсіндіріп-бағалау үшін тиісті мамандарды қатыстыру, яғни сараптама тағайындау қажет екендігі бәрімізге мәлім. Сондықтан да

қолданыстағы сот сараптамаларының ғылыми-техникалық прогреске сай өркендеуін және эмпирикалық материалдардың жинақталуына қарай ғылыми негізделген жаңа сараптамалар топтарының пайда болуын құқық қорғау органдары қызметкерлері ешқашан өз назарларынан тыс қалдырмағандары жөн.

Іс бойынша шындыққа жету мақсатында тергеу мен соттар сараптамалар мүмкіндігін кеңінен пайдаланады. Профессор Р. С. Белкиннің айтуынша, мұндай тұжырымға екі жағдай себеп болып отыр: алдымен, әрине оқиға туралы объективтік мағұлмат алу құралы ретінде жүретін сараптаманың жаратылысы, жәнede сот сараптамасы өзіне ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін тарта отырып, күнбе-күн жетілдіріліп отырады.³

Жоғарыдағы екі жолмен іске асырылады. Біріншіден, жаңа әдістер қолдану нәтижесінде дәстүрлі зерттеу мүмкіндіктері кеңейіп, бұрынғыға қарағанда көбірек ақпарат алынады. Екіншіден, бұрын қолжетпей жүрген жаңа объектілерді зерттеу мүмкіндіктері пайда болады. Мұндай бағыт көбіне сараптаманың жаңа түрлерінің пайда болуына әкеп соғады. Осылайша, кезінде сот-фоноскопиялық, жарылыс-техникалық, сот-лингвистикалық, инженерлік-компьютерлік және т.б. сараптамалар пайда болды.

Сараптамалық зерттеулер жүргізу үшін ғылым, техника, мәдениет, қол өнерліктің әртүрлі салаларынан білім қажет екендігі бәрімізге мәлім.

Қай сараптама жүргізілуі керек, қандай арнайы білім негізінде, сарапшы құзырының шеңбері — осының бәрін анықтау үшін сот сараптамаларын дұрыс жіктей білу керек. Қолайлы жіктеме үшбірлікті негіз арқылы іске асырылуы мүмкін: сараптама заты, оның объектісі және зерттеу әдістері. Сараптама затын ғылым мен техника саласындағы арнайы білім негізінде қылмыстық істі тергеу барысында анықталып-зерттелетін нақты мәліметтер (істің мән-жайы) құрайды.

Сараптама объектілері ретінде оқиға жайлы ақпаратты материалдық тасымалдаушыларды келтіруге болады. Оларға заттық дәлелдемелер, құжаттар, мәйіттер, оның бөлшектерін және т. б. жатады. Объектілерді зерттеу құралдары мен жолдары — әдістері және әдістемелері болып табылады. Олар, дәлелдеу процесінде пайдалану мақсатында объектілерден криминалистикалық тұрғыдан маңызды ақпаратты алуды қамтамасыз ету керек.

Ұсынылған негізге сәйкес қазіргі замаңғы сот сараптамаларын 10 класқа бөлуге болады:

- криминалистикалық;
- медициналық және психофизиологиялық;

³ Криминалистика. Учебник для вузов / Под ред. Заслуженного деятеля науки РФ, профессора Р. С. Белкина. — М., 1999. — 414 б.

- инженерлік-техникалық;
- инженерлік-транспорттық;
- инженерлік-технологиялық;
- экономикалық;
- биологиялық;
- экологиялық;
- ауылшаруашылық;
- мәдениеттанушылық.

Әрбір класс топқа бөлінеді, ал олар болса көптеген түрлерге бөлінеді.

Криминалистикалық сараптамалар. Аталмыш класс көпмүшелі және сараптамалардың үш тобын қамтыған: дәстүрлі криминалистикалық (трасологиялық, баллистикалық, қолтаңба ажыратушылық, құжаттардың техникалық зерттеуі, портреттік). Кейінгі жылдары қалыптасқан сараптамалардың жаңа топтары: авторды ажыратушылық, бейнефоноскопиялық, жарылыс техникалық, фототехникалық, нөмірлі және фирмалық таңбаларды өзгеріске ұшыратуға қатысты сараптама. Сонымен қатар, өз алдына бөлек сараптамалар тобын материалдар, заттар және өнімдерді зерттеудің әр қилы түрлері құрайды. Олардың қатарына талшықты объектілер, шыны және керамикадан істелген өнімдер, металл және қорытпалар, мұнай өнімдері, лак, бояу, резеңке және пластмасса, есірткі және жүйкеге әсер ететін заттар, құрамында спирт бар сұйықтықтар, тағамдық өнімдер, жаратылысы белгісіз объектілерді жатқызуға болады.

Криминалистикалық сараптамалар тиісті тарауларда қарастырылғандықтан, мұнда басқа кластардың мүмкіндіктерін қарастыруды жөн көрдік.

§2. Қылмысты тергеп-ашудағы басқа да сараптамалар мүмкіндіктері

Сот инженерлік-техникалық сараптама. Қазіргі кезде осы класта сараптамалардың үш тобы қалыптасқан: өрт-техникалық, қауіпсіздік техникасы бойынша сараптама, құрылыстық-техникалық. Бұл жерде андасанда емес, керісінше, жүйелі түрде жүргізілетін сараптамалар көрсетіліп отыр. Олардың өз заты, зерттеу объектілері, сараптамалық міндеттер шеңбері, сондай-ақ осы объектілері мен міндеттеріне қарай өзіндік зерттеу әдістемелері анықталған.

Алайда, сараптамалардың барлық кластарында олардың жаңа топтары мен түрлерін құруға әрқашан орын табылып отырады. Осылайша, жоғарыда көрсетілген класта қазіргі кезде жаңа инженерлік-техникалық сараптама-ның сахнаға шығуы байқалып отыр. Оны шартты түрде «инженерлік-ком-

пьютерлік» (компьютерлік-техникалық немесе компьютерлік) атауға болады. Мұндай сараптаманың зерттеу заты ретінде компьютерлік жүйеге заңсыз ену («жүйені сындыру») әдіс-тәсілдері, біреудің жүйелерін заңсыз пайдалану, сақтық кодтарды бұзу және т.б. жүреді.

Өрттік-техникалық сараптама қазіргі кезде төмендегідей міндеттерді шешеді:

- өрт ошағы және оттың таралу жолын, өрттің пайда болу уақыты, оның ұзақтығын анықтау;
- жылу аспаптары, өрт аумағында болған электроқұрылғылар мен механизмдердің техникалық жағдайын және осы объектілердің өрттің пайда болуымен себептік байланысын анықтау;
- қысқа тұйықталудың болғандығын және пайда болу мезетін анықтау;
- әртүрлі қыздыру, жандыру көздерінен жанғыш материалдардың от алу мүмкіндігін анықтау;
- нақты жағдайларда жылу, химиялық, микробиологиялық заттардың, материалдардың, қоспалардың өзінен-өзі жану мүмкіндігін айқындау;
- материалдар мен заттардың жанғыштығын анықтау және олардың өрттік қауіптілігіне баға беру;
- өрттің техникалық себебі.

Өртке байланысты қылмыстарды тергеу барысында оның себебін анықтау ең басты міндет болып табылады (өрт қою, отты аңғырт пайдалану, ток жүйесіндегі қысқа тұйықталу және т. б.). Алайда, сарапшылар тек өрт қоюдың техникалық себебіне және нақты жағдайлармен байланысына қатысты деректерді ғана анықтауға құқылы. Өйткені, ол үшін техникалық заңдылықтарды білу қажет, математикалық есептер қолданылады, химиялық және физикалық талдаулар жүргізіледі.

Термиялық зақым көріністері бар өрт орнындағы заттық жағдай, от шарпыған механизмдер мен құрылғылар, материалдар және заттар өрт-техникалық сараптамасының ерекшелігі болып табылады. Сондықтан да осы объектілер жайлы шынайы ақпарат алу — сарапшы үшін басты міндет.

Өрт объектісін сарапшы немесе сарапшылар өздері қарап, осы қарау нәтижесін қорытындының зерттеу бөлігінде көрсетіп беру ең тиімді нұсқа болып табылады.

Мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда, тергеуші өз жауаптылығына жете назар аударғаны жөн. Оның себебі сараптамалық зерттеу нәтижесі толығымен оқиға болған жерді қарау хаттамасында, сызбасында, фотосуреттерде, куәлардан алған жауаптарда орын алған тергеуші жинақтаған ақпараттың шынайылығы мен дұрыстығы байланысты болады.

Өндіріс, ауыл шаруашылық және құрылыстың әртүрлі салаларындағы

еңбек қауіпсіздігінің техникасы бойынша жүргізілетін сот сараптама-сы.

Мұндай топтағы сараптамалар міндеті — өндірістік қызметте жазымның пайда болуына итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау. Олар шартты түрде екі топқа бөлінеді: техникалық және ұйымдастырушылық-құқықтық. Екі топқа әдетте, бір-бірімен байланысты болады. Біріншісіне мынадай себептер мен жағдайларды жатқызуға болады:

- сақтандыру қондырғыларының жеткіліксіздігі немесе жарамсыздығы, машиналардың қозғалмалы бөліктерінің және жұмыстық аумақтардың қауіптілігі;
- тағайындалған технологиялық регламентті бұзу арқылы машина және қондырғыларды пайдалану;
- жобаны құрасытырып, құрылыс жүргізу кезіндегі техникалық кемшіліктер және қателіктермен себептелген құрылыс, қондырғы және механизмдердің ақауы.

Екінші топқа жататындар:

- жұмыс орнын қате ұйымдастыру;
- жұмыскерлер үстінен техникалық бақылаудың жетіспеушілігі;
- жұмыскерлердің оқуындағы және нұсқау беруіндегі жетіспеушіліктер;
- біліксіз жұмыс күші мен кәметке толмағандарды жұмысқа қатыстыру;
- жұмыскер және қызметкерлермен ішкі еңбек тәртібін бұзу;
- қорғаныс белгілерінің жоқтығы немесе оларға назар аудармау;
- төмен өндірістік тәртіппен түсіндірілетін, жұмыскер және басқа да зардап шеккендердің салақтығы және ыңтасыздығы.

Келтірілген тізімнен байқайтынымыз, әрбір топқа жататын себептер мен шарттар бір-бірімен байланысты.

Көрсетілген жағдайларды анықтау барысында бірінші реттік құжаттар ерекше орын алады. Солардың ішінде: кәсіподақтың техникалық еңбек инспекторы құрастырған акт, маман және әкімшілік өкілінің қатысуымен жүргізілген оқиға болған жерді қарау, жәбірленуші, куә және айғақтардың көрсетулері, осы учаскедегі еңбекті қорғауға байланысты құжаттар (нұсқау беру кітапшасы, қауіпсіздік техникасы бойынша ереже және т. б.).

Сот құрылыстық инженерлік-техникалық сараптама жобалық-сметалық құрастыру тәртібін реттейтін нормативтік актілердің, құрылыстық-монтаждық және жөндеу жұмыстарына берілетін құжаттардың бұзылуын анықтау, сондай-ақ құрылыс көлемін көтермелеу деректерін табу тәрізді міндеттерді атқарады.

Осы анықтамаға байланысты шартты түрде міндеттер төмендегідей

анықталады:

- қолданыстағы құрылыстық нормалар мен ережелерге сәйкес жобалық-сметалық құжаттарды құрастырудың негізділігін анықтау;
- құрылыстық-монтаждық жұмыстар үстінен авторлық және техникалық бақылау орнатудың қолданыстағы құрылыстық нормалар мен ережелерге сәйкестігін анықтау;
- жұмыстардың сапасын анықтау;
- шын мәнінде орындалған жұмыстардың наряд және актілерде көрсетілген жұмыс көлеміне сәйкестігін айқындау;
- жұмысқа баға беруде, құрылыс материалдарын шығынға жазуда қолданылған талаптардың дұрыстығын анықтау;
- дұрыс сапалы материалдардың пайдалануын және мемлекеттік стандарттарды сақтағандығын анықтау;
- сыйлық төлемдерінің дұрыс берілуін айқындау;
- есеп берудің дұрыстығын анықтау;
- қондырғы, машиналар, механизмдер, станок, сақтандыру құрылғыларының техникалық жағдайын анықтау;
- жұмыскердің немесе лауазым іс-әрекеттерінің нақты қызметті реттейтін ережелерге сәйкестігін анықтау.

Әрине, ұсынылған міндеттер тізімі шамамен, оның себебі нақты құрылыстық-техникалық сараптама шешетін үзілді-кесілді тізімді беру мүмкін емес. Олар әрбір оқиға бойынша істің мән-жайымен анықталып жатады.

Сарапшы алдында қойылатын міндеттер сипатына қарай зерттеу объектілері ретінде мыналар жіберіледі: жобалық-сметалық құжаттар, жұмыстарды жүргізуге бағытталған мердігерлік (подрядный) келісім-шарттар, орындалу жайлы құжаттар (жұмыс кітапшалары, бақылау кітапшалары және т. б.), нарядтар, өлшем жүргізу актілері, зерттеу материалдары.

Сот инженерлік-транспорттық сараптамалар. Аталмыш класқа енетін сараптамалар: автотехникалық, теміржол-техникалық, авиациялық-техникалық, су транспорттық-техникалық.

1960 жылдан бері жүргізіліп-қалыптасқан сараптамалардың біріне сот-автотехникалық сараптама жатқызуға болады. Қазіргі кезде ол ҚР ӘМ сот сараптамасы Орталығының барлық сараптамалық зертханаларында жүргізіледі. Бұрынғы ПМ сараптамалық-криминалистикалық бөлімдерінің жинақтаған тәжірибесінің нәтижесінде қорытындылардың шынайылығын қамтамасыз ететіндей зор теориялық және әдістемелік материал бүгінгі күн талабына сай жасақталған.

Сот-автотехникалық сараптама міндеттері әралуан болғандықтан, оларды жол апаттарына байланысты топтастырылған түрде қарастырған жөн шығар. Мұндай түрлерге жататындар:

- транспорт құралының техникалық жағдайын сараптамалық зерттеуден өткізу;
- жол-көлік оқиғасының механизмін анықтау;
- транспорттық-трасологиялық сараптама;
- инженерлік-психологиялық сараптама;
- экспертиза дорожно-транспортная (определение состояния дороги).

Транспорт құралының техникалық жағдайына байланысты сараптамалардың анықтайтын мәселелері:

- транспорт құралының ақауының болуы және олардың пайда болуы мерзімі (ЖКО-на дейін, ЖКО үстінде, ЖКО-дан кейін);
- ақаулардың ЖКО орын алуына және дамуына әсері;
- транспорт құралы жағдайының жол қауіпсіздігі ережелері мен талаптарына сәйкестігі;
- ақаулар және ЖКО арасындағы себептік-нәтижелік байланыстар;
- химиялық-металлографиялық зерттеу негізіндегі бөлшектердің жағдайы.

Жол көлік оқиғасының механизмін анықтауға байланысты сараптамалардың екінші түрі бойынша міндеттер әртүрлі ситуацияларға қатысты ажыратылу керек:

а) транспорт құралының қақтығысуы, жеке тұрған транспорт құралын немесе басқа да қозғалмайтын бөгетті соғу:

- соққыдан транспорт құралының жылжу сипатын және траекториясын анықтау;
- қақтығысу кезіндегі транспорт құралының өзара орналасуын анықтау;
- қақатығысу, соғу орындарын анықтау;
- соққыға (қақтығысуға) дейінгі транспорт құралының жылдамдығын анықтау;

б) жүргіншіні басып кету:

- транспорт құралының және жүргіншінің басып кеткенге дейінгі қозғалу сипатын және траекториясын анықтау;
- басып өту орнын анықтау;
- басып өтуге дейінгі транспорт құралының қозғалу жылдамдығын және жұмыс режимін (тежегішті басу, тайғанау, батып қалу және т. б.) анықтау;

в) транспорт құралының аударылуы:

- аударылуға дейінгі транспорт құралының қозғалу траекториясын анықтау;
- техникалық себебін және тұрақтылықты жоғалту механизмін анықтау;

г) *әртүрл ситуацияларда орын алатын бірқатар ЖКО жағдайларын анықтау:*

- белгіленген уақыт мезетінде транспорт құралының және басқа да объектілердің мүмкін болатын қозғалу траекториялары;
- транспорт құралының белгіленген уақыт мезетіндегі орналасуы;
- транспорт құралының белгіленген уақыт мезетіндегі қозғалу жылдамдығы;
- тоқтау және тежеу жолдары;
- нақты учаскелерді өтуге жіберілген уақыт;
- жүргіншінің жолы және қозғалу жылдамдығы;

д) *жүргізуші іс-қимылдарын зерттеу:*

- жол қауіпсіздігі көзқарасына сай жүргізуші қандай әрекет жасау керек еді;
- осы ситуацияға сәйкес жүргізуші жол қауіпсіздік ережелерінің қандай нормаларын басшылыққа алу керек еді;
- орын алған зардап және жүргізуші іс-қимылдары арасындағы себептік байланысты анықтау.

Сараптамалардың үшінші түрімен мынадай сараптамалық міндеттер шешіледі:

- іздер, тексерістегі транспорт құралының қозғалғыш бөлігімен қалдырылған жоқпа;
- транспорт құралы қай бағытта жылжып бара жатты;
- транспорт құралының қозғалу режимі қандай болды;
- іздерде кескінделген протектор белгілері қандай, із қай моделді шинанен қалдырылған;
- іздер бойынша шинаның қандай ақаулары бар, олар қандай бүліністер нәтижесінде пайда болды;
- қозғалғыш бөлігінің іздерін қалдырған транспорт құралының моделі қандай;
- транспорт құралының алғашқы қақтығысу іздерін, оның бағытын, сипатын, пайда болу динамикасын анықтау;
- іздер қалдырған бөлшектер транспорт құралының қай түріне лайық;
- жәбірленуші денесі және киіміндегі іздер транспорт құралының қай бөліктерімен қалдырылған;
- киімі және денесіндегі іздер бойынша транспорт құралының салонындағы адамның орналасқан жері.

Төртінші түрі, яғни жүргізушінің инженерлік-психофизиологиялық сараптамасымен төмендегідей сараптамалық міндеттер шешіледі:

- қауіпті ситуацияға жүргізушінің дер кезінде баға беру мүмкіндігін анықтау;

- нақты жағдайға байланысты жүргізушінің орай әрекет (реакция) жа-сау уақыты;
- жолдағы жағдайды жүргізушімен теріс қабылдау мүмкіндігін анық-тау;
- әсер еткен психофизиологиялық жағдайларды ескере отырып, жүргі-зушінің ЖКО алдын алу мүмкіндігін анықтау;
- жаяу жүрушінің психофизиологиялық жағдайы мен іс-қимылдарын зерттеу.

Жолдың қалпына, жол жағдайлары мен қоршаған ортаға қатысты сараптаманың *бесінші түрімен* мынадай мәселелер шешіледі:

- жол беткейінің жағдайын зерттеу, ЖКО учаскесіндегі ұстасу, жабы-су коэффициентін анықтау;
- жол үстінде, шетінде транспорттың орнын ауыстыруына қарсыласу коэффициентін анықтау;
- нақты жерге ескере отырып, жүргізушінің кабинадан шолу мүмкін-дігін анықтау.

Сот автотехникалық сараптаманың сан алуан міндеттеріне жеке-жеке тоқталу кездейсоқ емес, оның себетері көп. Біріншісі, әрі негізгісі — жол-көлік оқиғаларының кеңінен тарағандығы және оларды тергеу үшін осы са-раптаманың мағыналы болуы. Екіншіден, келтірілген міндеттердің көбі басқа да инженерлік-транспорттық сараптамаларға (темір жол, авиация, су транспорттық) тән, яғни, транспорт құралының техникалық жағдайына, оқиғаның орын алу механизміне, сондай-ақ жол қауіпсіздігіне жауап бере-тін адамдардың психофизиологиялық жағдайына ерекше қатысы бар.

Жоғарыда аталған инженерлік-транспорттық сараптамалардың (темір жол, су, авиация) үш тобына қатысты, тергеуші әрбір жағдайда қажетті ма-мандықтағы сарапшыны өзі табады және сараптамалық міндеттердің жал-пы бағытын ұстана, нақты ситуацияны ескере отырып шешілетін сұрақтар-ды құрастырады.

Инженерлік-технологиялық сараптамалар. Аталмыш класс жары-лыс-технологиялық және тауар танушылық сараптамаларын қамтыған, оның себебі екеуінің негізінде де қандай да бір өндірістің технологиясын-дағы арнайы білімдер орын алған.

Жарылыс технологиялық сараптамалар тобы, оларды сот-техногендік деп те атауға болады. Бұл жерде апаттар мен авариялардың басты себебі ретінде қарастырылатын өнеркәсіптік жарылыстар жайлы әңгіме қозғала-ды. Олардың шығу тегі әр алуан. Ол, жарылыс қаупін төндіретін созылма-лы технологиялық процестер (әсіресе, химиялық өнеркәсіпте), өндіріс тех-нологиясын бұзу арқылы жарылысқа әкеп соқтыру, басқа да себептер (қор-ғаным жүйелерінің сенімсіздігі, ережелерден ауытқу арқылы өнеркәсіпте,

транспортта, қоймада жарылысқа әкеп соқтыру).

Жарылыс-технологиялық сараптама шеңберінде шешілетін негізгі мәселелер:

- жарылыс себебін анықтау;
- жарылыс жағдайларын талдау;
- өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларынан хабардар лауазымдарды анықтау; жарылыстың пайда болуына өз қимылдарымен жағдай жасаған адамдарды анықтау; іс-әрекеттері жарылыс зардабын залалсыздандыратын адамдарды анықтау.

Бұл міндеттердің нақтылануы жарылыс болған жерге байланысты: өнеркәсіп (өндіріс) мекемелерінде, өнім сақталатын жерлерде (қоймалар, элеваторлар және т. б.), транспортта (кезінде, арту, түсіру тасымалдау), құбырларда, басқа да жағдайларда.

Әдетте, жарылыстың арты өртке айналады. Сондықтан да, жарылыс-технологиялық сараптаманы өрт-техникалық сараптама ауыстырады немесе олар кешенді нысанда өткізіледі.

Жарылыс-технологиялық сараптама жүргізу барысында (өрт-техникалық сараптама кезінде де) оқиға болған жерді қарауда мамандардың қатысуы міндетті болып саналады. Қарау барысында қылмыстық іс қозғалып, жарылыс-технологиялық сараптама тағайындау туралы қаулы шығарылады, сарапшы таңдалады және оған сараптамалық зерттеудің ажырамас бір бөлігі ретінде оқиға болған жерді өзі қарауға мүмкіндік беріледі, міне осы ең тиімді нұсқалардың (варианттың) бірі болып саналады.

Қаулыда қойылатын сұрақ — жарылыстың себебі неде. Келешекте, әрине алғашқы тергеу әрекеттерінің нәтижесі бойынша жаңа нақты сұрақтар да пайда болуы мүмкін. Ондай да тергеуші қосымша қаулы шығаруға құқылы.

Қатты заттардың, сұйықтықтардың, газдардың жарылыстарын зерттейтін мамандарды өндіріске қатыстыру, осындай сараптамалар тобының тағы да бір ерекшелігі болып табылады. Мұндай мамандарды қатыстыру кезінде базалық білімдерімен қатар, олардың мамандықтары, ғылыми еңбектері және практикалық тәжірибелері ескеріледі. Сондықтан да, тергеуші кейіннен бірқатар ұйымдастырушылық және үйлестірушілік функцияларды атқара алатын кең бағдарлы сарапшыны таңдағыны жөн. Жетекші сарапшы комиссия құрастыруда тергеушіге көмек көрсетеді.

Тауар танушылық сараптамалар. Оның негізінде де өндіріс (өнеркәсіп тауарлары, азық-түлік тауарлары) технологиясын білу жатыр. Сот-тауар танушылық сараптама тек өндіріс технологиясына қатысты сұрақтарды ғана қарастырмайды, сондай-ақ тұтынушы құнына әсер ететін факторларды, өнім дайындалған негізгі және қосымша материалдар мен қаптама ыдыста-

рын зерттейді. Сараптаманың екі түрі бар:

- азық-түлік тауарларының сараптамасы;
- азық-түлік емес тауарлардың сараптамасы.

Азық-түлік тауарлары сараптамасының мынадай түрлері ажыратылады: ет-сүт тауарлары, балық, бакалея, жеміс-жидек және көк өніс, арақ-шарап, сыра және алкогольсіз ішімдіктер, тәтті тағамдар, көпшілік тағамдары мекемелерінің өнімдері.

Азық-түлік емес тауарлары сараптамасының өз түрлері бар: жеңіл өнеркәсіп тауарлары (киім-кешек, аяқ киім, тоқыма өнімдері және басқалар); галантереялық тауарлар және парфюмерия; электрлі тұрмыстық (жарық беру аспаптары, тоңазытқыштар, кір жуу машиналары және т. б.); мәдени тауарлар (музыкалық аспаптар, радио және электроника, спорт тауарлары); шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы тауарлар (құрылыстық, химиялық және басқалар); транспорт құралдары.

Тауар танушы сарапшының анықтайтын мәселелері:

- тауардың (өнімнің) тобы, түрі, атауы, артикулы, өлшемі, сорты, жинақтылығы;
- дайындау мезетіндегі өнімнің күйі (жұмсалған шикізат пен қосымша заттардың саны мен сапасы);
- өнімнің қазіргі күйі;
- ұсынылған объектінің дайындалу тәсілі қандай (фабрикалық-зауыттық немесе ұсталық);
- жолдама құжаттардағы мәліметтердің жасалу операцияларына, сақтау, тасымалдау және саудалауға қатысты ноормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкестігін (сәйкес еместігін) анықтау;
- өнімдердің шын мәніндегі тауарлық қасиеттерінің құлақша қағаздарындағы, баға көрсеткіштеріндегі, затбелгілеріндегі және жолдама құжаттарындағы шығарған мекеменің сапалық көрсеткіштеріне сәйкестігін (сәйкес еместігін) анықтау;
- арзандату актілеріндегі көрсеткіштерге тауардың шын мәніндегі қасиеттерінің сәйкес (сәйкес еместігін) анықтау;
- шығынға шығарудың негізділігін анықтау;
- тұтыну қасиеттерін зерттеу арқылы тауардың бағасы орнытылды ма, соны анықтау.

Сараптамалық зерттеу объектілері ретінде тауарлардың өзі, салыстырмалы үлгілер, тауар жөнінде мәлімет бар құжаттар, есеп фактурасы, қабылдау-тапсыру қағаздары және т.б. жүреді.

Сот-экономикалық сараптамалар. Халық шаруашылығын жоспарлы түрде жүргізу кезеңінде аталмыш сараптамалар класы үш топта қарастырылған: сот-бухгалтерлік, жоспарлық-экономикалық, еңбек экономикасы-

ның сараптамасы.

Нақты есептік кезеңдегі мекеме немесе оның бөлімшесінің өндірістік-шаруашылық жағын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін зерттеу жоспарлық-экономикалық сараптама мазмұны болып табылады.

Мұндай зерттеуге шығарылатын өнімнің шын мәніндегі көрсеткіштерін анықтауға байланысты еңбек экономикасының сараптамасы жақын тұрған.

Мүлікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру, жеке кәсіпкерліктің дамуы, салықтық, құндық және банктік реформалар, басқарудың жаңа шарттары, сыртқы экономикалық қызметте мекемелер құқықтарының кеңеюі — экономикалық қылмыстардың бұрын болмаған түрлерін туғызды. Бұл қылмыстар көбіне қаржылық қатынастар саласына ығыса бастады: заңсыз табыс табу, пайданы жасыру, салықты толық төлемеу, белгілі бір мақсатқа арналған қаржыларды дұрыс пайдаланбау және т. б. Қасақана және жалған банкротқа ұшырату, несие алудағы алаяқтық тәсілдер, жалған кәсіпкерлік, валюталық теріс пайдаланушылық сияқты құқықбұзушылықтар кеңінен тарай бастады.

Әрине, мұндай жағдайларда жоспарлық-экономикалық сараптама жүргізу қажеттілігі шетте қалды, сот-бухгалтерлік сараптамасын жүргізу елеулі өзгеріске ұшырады, қаржылық-экономикалық, инженерлік-экономикалық, бағалар және бағаларды құру сияқты сараптамалардың жаңа топтарын ашу қажеттілігі пайда болды.

Бұл сараптамалардың қазіргі кезеңде тұрақтануындағы қиыншылықтар керек мамандар санының аз болуымен анықталады.

Өйтседе, монополист-мекемелердің үстеме табыс алуы және рентабельдік деңгейінің шектен асуы, сату бағаларын көтеру, ал сатып алатын бағаларды төмендетуге байланысты ситуациялар қаржылық-экономикалық сараптамалар қажеттілігін көрсетіп отыр.

Еңбек өнімділігі туралы статистикалық есепті бұрмалауды зерттеу және өнімділіктен жалақының ауытқуын анықтау инженерлік-экономикалық сараптама міндетіне енеді.

Жоғарыдағы көзқарастардан, аталмыш кластың қарқынды дамуында нақтылық көрінісі байқауға болады. Алайда, қазіргі кезде сараптамалардың жаңа топтарын құрастыру және сот-бухгалтерлік сараптаманы өзгеріске ұшырату жайлы ауыз толтыра айту әлі ертерек сияқты.

Сот-биологиялық сараптама. Сараптаманың бұл класы үш топтан тұрады: сот-ботаникалық, сот-зоологиялық, биологиялық-топырақ ажыратушылық.

Сот-ботаникалық сараптамасы қылмыс оқиғасын қоршаған ортамен байланыстыра отырып, шығу өсімдік болып келетін объектілерді қарастырады. Мұндай объектілер ретінде көбіне ағаш, шөп, жапырақ, гүл шоғыры

және оның үзінділері, гүл тозаңы, өсімдік тұқымдары жүреді.

Кейде киімде, қылмыс құралында және басқа да нәрселерде шығу тегі ботаникалық микро бөлшектердің табылуы ең басты, әрі өз алдына бөлек міндет болып табылады. Әрі қарай сарапшы зерттеудегі объектіні нақты жалпы ғылыми (стандарттық) немесе арнайы топқа жатқызады. Арнайы топ, яғни оның шығу тегін, тобын, жасын, ұрығын ажыратады.

Идентификациялық міндеттерді шешу үшін осы объектіні басқа объектілерден ажырататындай бірқатар ерекшеліктер, яғни кездейсоқ жағдайлар нәтижесінде пайда болғандар — табиғат жағдайлары, антропогендік факторлар, қылмыстың жасалу жағдайы.

Идентификациялық міндеттерді шешу шеңберінде (жекешелендіретін белгілер негізінде) белгілі бір топқа жататындығын, сондай-ақ бөлшектердің біртұтасқа жататындығын анықтау мүмкіндігі бар.

Сот-ботаникалық сараптаманың диагностикалық міндеттері қылмыс оқиғасына тікелей қатысы бар объектілердің қандайда бір жағдайын анықтауды қамтиды. Кеңінен тараған диагностикалық сипаттағы міндеттер: шығу тегі өсімдік объектілердің өзіне тән өзгерістері бойынша нақты іс-әрекеттердің жасалу уақыттарын анықтау; объектінің жағдайын анықтау; себептік-нәтижелік байланыстарын анықтау. Адамның нақты жерде болуын, мәйітті бір жерден екінші жерге ауыстыру, сондай-ақ биологиялық құрам бойынша оқиға динамикасын қайта қалпына келтіру сияқты жағдайдың қандайда бір элементтерін анықтауға байланысты сұрақтар да аталмыш міндеттер шеңберінде шешіледі.

Сот-зоологиялық сараптама қылмыс оқиғасы болған жерде қоршаған ортаның элементтері ретінде жүретін шығу тегі жануарлық объектілерді зерттейді (жануарлар және олардың бөлшектері, тіршілік өнімдері, тері, былғары, жүн, мамықтан және т. б. жасалған заттар).

Сараптамалық міндеттер:

- үлкен объектіде шығу тегі зоологиялық микроіздер немесе микро-нәрселерді табу (жануарлардың терісі, шашы және жүні, балықтың қабыршағы, шіркеулер қалдығы және т. б.);
- нақты жіктемелік топқа жатқызу;
- шығу тегі жануарлық болып келетін нақты объектіні идентификациялау немесе оны нақты жермен байланыстыру. Сонымен бірге жекелейтін белгілер ретінде бөлек мүшелерінің ерекшеліктері, пигментациялардың болуы мен олардың сипаты және т. б. жүреді. Ерекшеліктін белгілердің пайда болу жағдайларының жалпылығы сыртқы әсерлермен (жоғары температура, үшкір немесе моқал құралдардың механикалық әсері, химиялық реагенттер) түсіндіріледі. Биологиялық факторлармен (вирустармен, шыбын-шіркейлермен, кеміргіш-

термен, таз ауруларымен залалдану) жарақатталған объектілерді зерттеу мүмкіндігі де бар;

- объектілердің биологиялық заңдылықтарға тән өзгеруі бойынша нақты әрекеттердің жасалу уақытын анықтаумен байланысты диагностикалық міндеттер.

Диагностикалық міндеттерді шешу барысында объектіні өндеу деректері де анықталып жатады (мысалы, былғарыдағы шаш немесе жүндерді кырқу, жұлу, бояу), сондай-ақ тұтасты бөлшектеу механизмі және былғарының жасандылығы мен таза былғары екендігі ажыратылады.

Идентификациялық міндеттерді шешу үшін үлгілерді (шаш, мамық, қауырсын, қабыршақ және т. б.) таңдау қандай да бір қиыншылық тудырады. Оларды нақты көлемде дененің әртүрлі учаскелерінен алған дұрыс. Сондықтан да үлгілерді алуға маман немесе сарапшыны қатыстырған жөн.

Сот-экологиялық сараптама. Сараптамалардың бұл класы да қалыптасу үстінде. Қай жолмен жылжитынын айту, әзірше қиын. Экологиялық апаттар, яғни жер, су, ауа салаларына байланысты немесе апаттардың түрлеріне қатысты сараптама болама, оны уақыт көрсетеді.

Қазіргі кезде сот-экологиялық сараптамалар эпизодты түрде жүргізіліп жатады. Бұл эпизодтардың қоршаған ортаға зиян заттарды шығару, өзен-көлдерді ластау және т. б. факторларға қатысы бар.

Оларды жүргізу үшін әртүрлі мамандықтан хабардар адамдар қатыстырылады. Тәжірбеде алдымен Санитарлық-эпидемиологиялық станцияға (СЭС) хабарлаған жөн. СЭС мамандары сот сарапшылар комиссиясына еніп, осы комиссияға қандай және қай жақтан мамандарды қосу керектігі туралы кеңес береді. Олардың құрамында биологтар, химиктар, физиктар және т. б. болуы мүмкін. Шешілетін ең басты мәселе — экологиялық ауытқу себебі.

Сот-ауылшаруашылық сараптамалар: агробиологиялық, агротехникалық, зооветеринарлық. Бұлардың әрқайсысының шешетін өз міндеттері бар.

Агробиологиялық — ауылшаруашылық өнімдерінің сапасын, түрін, сортын, ластанғандығын, зиянкестермен залалданғандығын зерттеу.

Агротехникалық — егістік және бау-бақшалық жұмыстарды (егу, өндеу, ору, шабу және т. б.) дұрыс (бұрыс) жүргізуге байланысты сұрақтар.

Зооветеринарлық міндеттер мал шаруашылығы, қой шаруашылығы, аң шаруашылығы салаларындағы бұзушылықтармен байланысты болып, оның шеңберінде малдарды дұрыс бағу, ауру себептері және өлімге қатысты сұрақтар қарастырылады.

Сот мәдениет танушылық сараптамалар. Аталмыш класс жаңа, енді-енді қалыптасуды. Мұнда мәдениет заттары, антиквариат, яғни сирек кез-

десетін бұйымдар және т. б. объектілер зерттеледі. Сараптамалардың көп бөлігі кеден қызметі саласындағы істерге келіп түседі (шекарадан алып шығу әрекеттері). Сонымен бірге мәдени туындыларды қолдан жасау, суреттер көрінісін, иконаларды, сирек кездесетін заттарды ұрлау оқиғалары да аз емес.

Сот-медициналық және сот психофизиологиялық сараптамалар. Аталмыш класс сараптамалардың 4 тобын қарастырады: сот-медициналық, сот-психиатриялық, сот-психологиялық, кешенді психологиялық-психиатриялық.

Сот-медициналық өз алдына бөлек 3 түрге бөлінеді: мәйіттердің сот-медициналық зерттеуі, тірі адамдардың сот-медициналық куәләндіруі, заттық дәлелдемелердің (қан, шаш, ағза бөлінділері және т. б.) сот-биологиялық зерттеуі.

Жарақаттар туралы кейінгі жылдары дамыған ілім сот-медициналық сараптаманың күнделікті тәжірибесінде жарақаттау факторлары, қасиеттері және олардың пайда болу механизмі жайлы мағұлматтарды пайдалануға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде зақымдаушы әсер келтірген объектінің белгілі бір топқа жататындығын анықтау мүмкіндігі едәуір кеңейтілді. Мұның транспорттық жарақаттарға, суық қарумен қалдырылған, киімге келтірілген механикалық зақымдарға қатысы бар.

Шартты түрде «медициналық криминалистика» деп аталатын бағыт мұндай зерттеулер тобына трасология жетістіктерін қатыстыруға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде бөлек жағдайларда зақым келтірген объектіні (қылмыс қаруы, құралы) тендестіре алатындай деңгейге шығатын елеулі мәліметтер жинақталды.

Мәйіттердің сот-медициналық сараптамасы сандық критерийлерді пайдалану арқылы өлім мерзімін анықтау әдістерімен толықтырылды. Жарақаттық ауру кезіндегі асқынушылықты ескере отырып, өлім себебін анықтау мүмкіндіктері елеулі түрде арта түсті.

Қазіргі таңдағы математикалық модель жасау мәліметтерге негізделген сот-биологиялық зерттеулердің мүмкіндіктері едәуір кеңейтілген.

Сот-токсикологиялық зерттеулер кезінде жаңа химия әдістерін және сандық зерттеулер жүргізетін аппаратураны қолдану аса дәлдікпен улы заттарды анықтауға мүмкіндік берді.

Сот-психиатриялық сараптамада невроз және психозды (қозба) диагностикалау жетілдіруде, есі дұрыстылық және іске жарамдылықтың медициналық критерийлеріне жетік көңіл бөлінуде. Сараптамалық қорытындылардың шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында сараптамалық жүйелер жасалып жатыр.

Сот-психологиялық сараптаманың жоғарыда қарастырылған сарапта-

маларға қарағанда тәртіпке салынған құрылымы жоқ. Тергеуші тағайындаған сайын, сараптамалық зерттеу жүргізе алатын қажетті мамандарды өзі іздеп табады. Ондай мамандар қатарына өрісі кең психологтарды жатқызуға болады.

Бәріміз білетіндей, аталмыш топтағы сараптама міндеті — нақты жағдайдағы адамның мінез-құлқын анықтау, сол жағдайға орай әрекеттің болмауы немесе нақты жағдайда керісінше әсерлену себептерін ажырату. Көбіне, мұндай сараптама тобы кәсілетке толмағандарға қатысты жүргізіледі, алайда, басқа да варианттарды есептен шығармаған жөн.

Кешенді сот психологиялық-техникалық сараптама кейінгі жылдардың жетістігі болып саналады. Оны жүргізу барысында жеке адамның психологиялық та, психофизикалық та қасиеттері қарастырылады. Істің мұндай ыңғайлы жағының тандалуы көптеген жағдайларда әрі тиімді, әрі көздеген мақсатқа сәйкес болып табылады. Аталмыш сараптама мінез-құлықтағы күрделі ауытқуларды ұғынуға, іргелес, біраққа әртүрлі мамандықтағы мамандардың қорытындысын алуға, уақытты үнемдеуге (егерде психологиялық және психиатриялық сараптамаларды бөлек-бөлек тағайындап жүргізсе, уақыт көбірек кетер еді) мүмкіндік береді.

3-ТАҚЫРЫП

ТРАСОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА

§1. Трасологиялық сараптама түсінігі, заты және шешетін мәселелері

Оқиға болған жерде көптеген іздер қалып, оларды заттық дәлелдеме ретінде қылмысты тергеп-ашуда тиімді пайдалану тәжірибеде ерекше орын алған. Сондықтан да алдымен жалпы «із» деген сөзге түсінік беру, оларды кең және тар мағынада қарастыру, іздерді жіктеу, із жасаушы және із қабылдаушы объектілердің өзара қатынастары туралы мағұлматтарды қарастыру бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Қылмыс іздері көптеген жағдайларда криминалистермен қоршаған ортадағы әрбір материалдық түрде бекіген өзгерістер түрінде түсініледі. Мәселен, И. Ф. Крылов оларды, «қылмыскердің ықпал ету салдарынан оқиға болған жердегі, құрбан үстіндегі немесе өзінің үстіндегі өзгерістер» деп атаған⁴. И. И. Пророковтың ойынша, қылмыс іздері бұрын болған заттардың жоғалып кетуі немесе орнынан қозғалуы, жаңа заттар мен нәрселердің пайда болуы, сыртқы әсерден бөлек заттар жағдайының немесе олардың беткейінің өзгеруі арқылы байқалуы ықтимал⁵.

Сонымен, трасология деп қылмыс механизмін көрсететін әр түрлі іздердің пайда болу заңдылықтарын оқып үйренетін және қылмысты әшкерлеу мақсатында іздерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін криминалистикалық техниканың саласын айтамыз. Ал трасологиялық сараптама із жасаушы және із қабылдаушы объектілерден қалған іздерді зерттеуге бағытталған сараптама. Аталмыш сараптамалар сот сараптамаларының ең көп тараған топтарының бірі болып саналады және сарапшылармен мемлекеттік мекемелерде іске асырылады.

Трасологиялық сараптама сот сараптамаларының (криминалистикалық)

⁴ Крылов И. Ф. Следы на месте преступления. — Л., 1961. — 25 б.

⁵ Пророков И. И. Криминалистическая экспертиза следов. — Волгоград, 1980. — 42 б.

бірі болып табылады⁶.

Сот сараптамаларының басқа да түрлері сияқты бұл процессуалдық әрекет. Оны жүргізу барысында арнайы білімі бар хабардар тұлға-криминалиспен дәлелдемелік ақпарат алу мақсатында іздерді, заттық дәлелдемелерді зерттеу іске асырылады.

Іздердің трасологиялық зерттеуі қылмысты ашу, алдын алу, қылмыскерлерді іздеп-табуда мағынасы бар әртүрлі сұрақтарды шешуге мүмкіндік береді, яғни:

1) іздердің пайда болуымен байланысты оқиғаның бөлек жағдайларын анықтау үшін. Мысалы, ашық немесе жабық күйінде құлып бұзылған ба, ол бөтен затпен ашылған ба, пломба ілінгеннен кейін жұлынған ба, нақты әрекеттерді немесе қылмыс жасаудың кейбір тәсілдерін қолдануда қылмыскерге қандай жағдайлар көмек көрсетті және т.б.;

2) із қалдырған объектілердің белгілі бір топқа жататындығын анықтау (мысалы, автомобиль маркасы немесе шина моделі, аяқ киім типі және өлшемі, аспап түрі және т. б.);

3) кескінделген іздер бойынша нақты объектіні (затты, адамды, жануарды) идентификациялау;

4) қандай да бір заттың бөлшектері бұрын біртұтас болғанба, соны анықтау.

Алайда, әрбір зерттеу сараптама болып есептелмейді, сондықтан да бұл сұрақтардың барлығы тек сараптамалық жолмен шешіледі. Мысалы, белгілі бір топқа жататындығын анықтау трасологиялық сараптамалық зерттеудің түпкі мақсатына әрқашан жете бермейді. Із қалдырған объектілердің топтық қасиеттері туралы тұжырымдар көбіне (ең алдымен әрине іздеу мақсатында) қарау үстінде немесе одан кейін тергеушінің өзімен де, және маман-криминалистердің көмегімен. Сараптамаға келетін болсақ, белгілі бір топқа жататындық туралы тұжырым зерттеудің мақсаты болып табылмайды, ол амалсыз нәтиже. Сарапшы объективтік мәліметтер негізінде объектіні теңдестіре алмай, белгілі бір жататын тобын анықтаумен. Бірақта аталмыш жағдай, нақты ситуацияларда сарапшы алдына топқа жататындығын анықтау туралы сұрақты қою (мысалы, іздер бойынша автомашина маркасын анықтау) мүмкіндігінен айырмайды.

Практикалық қызмет түрі ретіндегі трасологиялық сараптама затына сарапшы алдына қойылған сұрақтарға қатысты анықталатын шын мәніндегі мәліметтер жатады.

⁶ Шакенов А. О. және басқалар. Криминалистика және сот сараптамасы терминдерінің түсіндірме сөздігі / Заң ғылымдарының докторы, профессор М. Ч. Қоғамовтың жалпы редакциясымен шығарылған. — Астана, 2003. — 141 б.

§2. Трасологиялық сараптамалар жіктемесі және түрлері

Барлық трасологиялық сараптамаларды үш топқа бөлуге болады:

1) адам іздерінің сараптамасы (гомеоскопиялық):

- дактилоскопиялық;
- адам аяғының, аяқ киімінің іздері;
- адам тісінің іздері;
- ерінінің және адам денесіндегі басқа мүшелерінің іздері;
- қолғап іздері және киімнің басқа да элементтерінің іздері;

2) құрал-сайман іздерінің сараптамасы (механоскопиялық):

- транспорт құралдарының іздері;
- сындыру құралдары мен инструменттер іздері;
- өндіріс механизмдерінің іздері;
- пломба және бұрамалар (закрутка);
- құлып және басқа да бекіту құрылғылары;
- біртұтасты бөлшектері бойынша;
- киімдегі механикалық бүліністер;

3) жануарлар табанының және тістерінің іздеріне қатысты сараптама.

Теңдестіру табиғатына қарай оларды идентификациялық және идентификациялық емес деп екіге ажыратуға болады.

Идентификациялық емес сараптамалар өз алдына төмендегідей бөлінеді:

- диагностикалық (объектінің жағдайы мен қасиетін анықтау);
- жіктемелік (классификациялық) (басқа объектілерде қалған кескіндер бойынша нақты объектілердің белгілі бір топқа жататындығын анықтау, яғни із қалдырған шина бойынша моделін анықтау, аяқ киім түрін анықтау және т. б.);
- ситуациялық (нақты жағдайларда іс-қимылдарды жасау мүмкіндігіне қатысты сұрақтарды шешеді);
- қайта қалпына келтіруші (реконструкциялық) (объектілердің жоғалған қасиеттерін анықтап-қайта қалпына келтіруге бағытталған зерттеулер).

Трасологиялық сараптаманың негізгі мазмұнын кескінделген іздер бойынша объектілердің ерекшеліктерін анықтап-зерттеу құрайды.

Трасологиялық сараптама із қалдырған объектінің теңдігін табу туралы мәселені шешу кезінде салыстырмалы зерттеуге негізделеді. Салыстыру кезінде қолданылатын объектілерге қарай үш жағдайды ажыратуға болады:

1. Шығу тегі белгісіз (идентификациялауға көмектесетін объектілер) бір немесе бірнеше іздер және теңдігі туралы сұрақ шешілетін объектілер

(идентификациялауға жататын немесе тексерілетін объектілер) жиі зерттеледі. Трасологиялық сараптама үшін бұл әдеттегі және тиімді жағдайлардың бірі болып табылады. Мұнда сарапшының идентификациялауға жататын объектіні тікелей зерттеу мүмкіндігі болады, оны кескінделген іздермен салыстыра алады, қажет болса, белгілердің әртүрлі жағдайларда кескінделуін эксперименталдық түрде тексереді, ал ең бастысы объект үстіндегі осы белгілердің идентификациялық мәніне дұрыс баға бере алады.

2. Егерде идентификациялауға жататын объектіні зерттеуге ұсыну мүмкін болмай, қолайсыз болса, онда одан салыстырмалы зерттеу үшін қажетті үлгілер алынады. Мұндай жағдайларда шығу тегі белгісіз іздер және тексерістегі объектінің эксперименталдық іздері (көшірмелері, кескіндері) зерттеледі. Адам, жануар, қозғалмайтын немесе үлкен заттардың іздерін, сондай-ақ басқа да себептермен алуы қолайсыз объектілерді зерттегенде көбіне осылай болады. Салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер зерттелетін іздермен тек түрі жағынан ғана салыстыруға келетін болмай, сонымен қатар қолайлы жағдайларда алынып және идентификациялық белгілерді барынша толық кескіндеу керек. Мұндай мәселе қажет болса, үлгілерді алу мамандардың қатысуымен іске асырылады.

3. Тексерілетін объект жоқ болып, оның бірнеше іздері болса (идентификациялауға көмектесетін объектілер) және олардың барлығы (немесе кейбіреулері) әлі белгісіз ізделіп отырған объектімен қалдырылған-қалдырылмағандығын анықтау сараптамамен талап етілсе. Мұндай сұрақтар әдетте, әртүрлі қылмыс орындарынан алынған біртектік іздерді зерттеу кезінде және іздер жинағын жүргізу кезінде пайда болады.

§3. Трасологиялық сараптама жүргізу әдістемесі

Объектілерді зерттеуде қолданылатын әдіс-тәсілдер мен техникалық құралдар жүйесі трасологиялық сараптама әдістемесі болып табылады.

Сараптама объектілері деп сарапшының зерттеу кезінде пайдаланылатын заттарын айтады, оларды төмендегідей топтарға ажыратуға болады:

- заттық дәлелдемелер (қылмыстың материалдық іздері);
- тексерілетін объектілер;
- үлгілер, яғни: тексерілетін объектілердің қасиеттерін бейнелейтін, объектілердің кейбір түрлерін сипаттайтын (фаралық шыны жинағы, аяқ киім табанының картотекасы және т. б.);
- оқиға болған жердің материалдық жағдайы;
- анықтамалық сипаттағы материалдар;
- оқиға болған жердің жағдайы немесе нақты заттардың белгілері

бейнеленген процессуалдық құжаттар (оқиға болған жерді қарау, жауап алу, заттық дәлелдемелерді қарау хаттамасы).

Сондай-ақ, идентификация кезінде тікелей немесе жанама қатыстырылатын объектілер екі топқа бөлінеді:

- идентификациялауға жататын объектілер, яғни теңдігі туралы мәселе шешілетін объектілер;
- идентификациялауға көмектесетін объектілер, яғни басқа объектілердің қасиетін бейнелейтін, кескіндейтін, бірақта өздері теңдестірілуге жатпайтын объектілер.

Идентификациялауға жататын объектілердің түрлері:

- адамдар;
- жануарлар;
- заттар;
- бөлмелер;
- аулалар;
- механизмдер.

Идентификациялауға көмектесетін объектілердің түрлері:

- материалдық түрде бекіген кескіндер, бейнелер (адам қалдықтары; басқа объектілердің жанасқан бөліктерінің сыртқы құрылымын өзінде бейнелеген объектілер; тұтасты бөліктері бойынша сипаттайтын объектілер; басқа объектілердің функционалдық-динамикалық қасиеттерін кескіндейтін объектілер);
- идеалдық кескіндер (өзгеріске ұшырамаған, яғни көзі көрген, әсерлі бейне және өзгеріске ұшыраған — заттардың суреттемесі, субъективтік портрет және т. б.). Өздеріңіз түсінгендей, трасологияда бұлардың барлығы қолданыла бермейді.

Сараптамалық трасологиялық зерттеу, ол бөлек кезеңдері өзара байланысты және өзара шарттасқан бірыңғай күрделі процесс болып саналады. Сондықтан да, әдістемелік тұрғыдан аталмыш бірыңғай процестен сараптаманың сатыларын құрайтын негізгі элементтерін бөлектеуге болады.

Идентификациялық криминалистикалық сараптаманы әдетте, мынадай сатылар арқылы қарастырады:

- 1) алдын ала,
- 2) егжей-тегжейлі (детальдық) (бөлек-бөлек және салыстырмалы зерттеулер),
- 3) зерттеулер нәтижесіне баға беру,
- 4) зерттеулер материалдарын рәсімдеу.

Алайда, практикада мұндай сұлба (схема) шартты бола тұра, сараптамалардың бөлек түрлерінің өзгешелігін ескере отырып іске асырылады. Мысалы, трасологиялық идентификациялық сараптамалардың көбінде бөлек-

бөлек және салыстырмалы зерттеулер бір-бірімен ұштаса, кезектесіп, шартты түрде егжей-тегжейлі зерттеу деп аталатын біртұтас сатыны құрайды.

Алдын ала зерттеу сарапшымен келіп түскен барлық материалдармен танысу, зерттеу міндеттерін ұғыну және сараптама объектілерін бағдарлы түрде қарауды қамтиды. Алдын ала зерттеу кезінде сарапшының іске асыратындары:

а) сараптаманы тағайындау туралы қаулымен және басқа да құжаттармен келіп түскен жазбаша құжаттармен, тергеудегі оқиға жағдайлары және сарапшы алдына қойылған сұрақтар мазмұнымен танысады;

б) сараптама объектілерімен таныса, мыналарды анықтайды: тасымалдау кезінде оның құрылымы бұзылмаған ба, қаулыда тергеушімен аталған объектілерге сәйкес келеме, қойылған мәселелерді шешу үшін олар жеткілікті ме;

в) зерттеу объектілерін қарайды. Іздерді қарау барысында олардың пайда болу механизмі мен жағдайларын анықтайды, із жасаушы объектілер белгілерінің кескінделу сапасы және олар идентификациялауға жеткіліктіме. Кейбір жағдайларда идентификациялауға жататын объектілерге қатысты із қалдыруы мүмкін беткей (із қалдыру механизмін ескере отырып) анықталады, оның қалпы, шын мәніндегі немесе қасақаналық өзгерістердің белгілері (бүліністер, жөндеу және т. б.), сондай-ақ із қалдыру нәтижесінде объектінің үстінде немесе оның ізіндегі микрозаттар ажыратылуы мүмкін.

Алдын ала зерттеу нәтижесінде кейде қосымша шаралар жүргізу қажеттілігі пайда болады: егжей-тегжейлі зерттеуге өту алдында іздер суретке түсіріледі немесе контрасты күшейту мақсатында арнайы өндеуден өткізіледі, сондай-ақ қойылған мәселелерді шешуге қажетті қосымша материалдар сұрастырылады. Іздердің пайда болу шарттарына, сақталу ерекшеліктеріне немесе іс жасаушы объектілердің пайдалануына дұрыс баға беру үшін сарапшы істің мән-жайымен, қарау, тінту хаттамаларымен танысады, ал оларда қажетті мәліметтер болмаса, сараптама тағайындаған адамды сұратады. Аталмыш саты зерттеуді әрі қарай жүргізудің ауызша жоспарын құрастырумен аяқталады.

Егжей-тегжейлі зерттеу сатысында сарапшы объектінің идентификациялық белгілерін ажыратады.

Идентификациялық белгілер идентификациялауға жататын объектінің қасиеттерін көрсетеді және оны теңдестіру мақсатында қолданылады.

Идентификациялық белгілердің түрлері:

- топтық мағынадағы белгілер;
- жеке даралық мағынадағы белгілер.

Біріншісі объектілердің нақтылы түріне, тобына, класына тән, ал екіншісі — тек нақты объектілерде ғана кездеседі.

Тұтас объектіге немесе оның бөлігіне қатысты барлық белгілер жалпы және жеке болып бөлінеді. Жалпы белгілер объектіні жалпылама сипаттайды (салмағы, формасы, моделі, конструкциясы және т. б.), ал жеке — оның бөлшектері немесе нақты учаскелерін сипаттайды.

Сұрақтың қойылуына қарай жеке белгі топтық немесе жеке даралық сипатта бола алады.

Көпшілік жағдайда тек жеке белгілер ғана жалпылармен қосылып жеке даралық жиынтық құрайды, ол өз алдына нақты адам (объект) теңдігін анықтауға мүмкіндік береді.

Идентификациялауға жататын объектілермен байланыс сипатына қарай белгілер мынадай болады:

- кездейсоқ,
- қажетті; олар дайындау кезінде де, және объектіні пайдалану кезінде де кескінделуі мүмкін.

Пайда болу уақытына қарай белгілер былайша бөлінеді:

- объектіні бөлшектеу кезінде пайда болған белгілер;
- бөлшектеуге дейін пайда болған белгілер.

Кездесу жиілігіне баға беру сипатына қарай:

- субъективтік анықтаушылық;
- статистикалық анықтаушылық.

Затты, оның кескіндері бойынша теңдестіру мүмкіндігі сақталатын уақыт, яғни идентификациялық аралық түсінігін естен шығармаған жөн.

Егжей-тегжейлі зерттеу сатысында бөлек-бөлек және салыстырмалы зерттеу, сондай-ақ сараптамалық эксперимент жүргізілуі мүмкін.

Егжей-тегжейлі зерттеудің мәні сараптама объектілерін тыңғылықты, бөлек-бөлек және салыстырмалы түрде зерттеуде жатыр. Объектілердің салыстыруына оларды бөлек-бөлек талдау себеп болатын жалпы талапты бұзбай, трасологиялық идентификациялық сараптамалардың көбінде егжей-тегжейлі зерттеуді екі кезеңнен тұратындай қарастыруға болады.

Бірінші кезеңде зерттеу объектілері бөлек-бөлек талданады, кейіннен жалпы құрылымдық белгілер бойынша салыстырылады. Жалпы белгілерде айырмашылық болған жағдайда, зерттеу аяқталып, теңдіктің жоқтығы туралы тұжырым жасалынады. Егерде жалпы белгілердің топтық маңызы (мысалы, аяқ киім табанының өлшемі және пішін үйлесімі, протектор суретінің өлшемі немесе құрылымы және т. б.) болса, олардың айырмашылығы із жасаушы объектінің қандай да бір топқа жататындығын көрсетеді. Егерде сәйкес келмейтін жалпы белгілер немесе оның бөлшектерінің топтық емес, бірлі-жарым маңыздылығы болса, онда ол іздің басқа бір объектімен жасалғандығы байқалып тұрады. Жалпы белгілердің сәйкес келген немесе айырмашылығы болған жағдайда, объектілер өзгеріске ұшырап не басқа да

себептер орын алғанда, зерттеу жалғастырылады.

Екінші кезеңнің мәні жеке белгілер бойынша объектілерді егжей-тегжейлі зерттеп-салыстыруда. Бөлшектерді салыстыру:

- із жасаушы объект беткейіндегі детальдар кескінінің ізде бар-жоқтығы тексеріледі, ал ізді ізбен салыстырғанда — біртектес детальдар кескінінің іздерде бар-жоқтығы тексеріледі;
- орналасуы бойынша, яғни басқа бөліктерге немесе бір-біріне қатысты біркелкі орналасқан сәйкес келетін деталь ерекшеліктері;
- детальдардың сыртқы құрылымының ерекшеліктері бойынша. Объектінің сыртқы құрылымының әрбір бөлшегі қаншама кішкіне болса да, сыртқы құрылымының өз белгілері бар өз алдына бөлек объект ретінде қарастырылады, салыстырмалы зерттеудің екінші кезеңінде салыстырылады.

Трасологиялық сараптамаларда криминалистикалық сараптамалардың басқа түрлерінде қолданылатын, салыстырмалы зерттеудің барлық тәсілдері пайдаланылады:

а) салыстыру объектілерін көзбе-көз салыстыру (мысалы, ізді — аяқ киім табағымен немесе сындыру құралының беткейімен, саусақ ізін — саусақ көшірмелерімен және т. б.);

б) өлшемдік сипаттамаларын салыстыру. Осы мақсатта, сондай-ақ ұсақ бөлшектердің ара-орналасуын салыстыру үшін трасологиялық сараптамаларда көбіне координаталық сеткалар қолданылуы мүмкін;

в) көзбе-көз салыстыру және салыстыру объектілерінің бір масштабтық фотосуреттерін механикалық немесе оптикалық түрде сәйкестендіру;

г) оптикалық аспаптар көмегімен салыстыру (мысалы, іздерді салыстырмалы микроскоп астында сәйкестендіру);

д) салыстырудың басқа да тәсілдері, мысалы, беткейдегі ұсақ бөлшектердің нүкте түрінде орналасуы негізінде жасалған графикалық бейнелерді сәйкестендіру, көлемді іздердің бет-бедерін сипаттайтын қисықтарды яғни профилограммаларды дайындау және салыстыру.

Салыстырудың қандай да бір тәсілін таңдау әрбір нақты зерттеу жағдайына байланысты болады. Жалпы ереженің мәні мынада, көзбе-көз салыстыру нәтижесі қаншалықты нанарлықтай болса да, оларды басқа да тәсілдермен тексерген жөн.

Салыстырмалы зерттеу процесінде тексеріс объектісі бар болғанда, эксперимент жүргізу қажеттілігі жиі пайда болады. Эксперименттің идентификациялық трасологиялық сараптамадағы мәні — нақты жағдайларда объектінің сыртқы құрылымының кескінделу, бейнелену ерекшеліктерін тәжірибе жасау арқылы тексеру болып табылады. Қажетті жағдайларда эксперименталдық іздерді салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін де пайдаланады.

Салыстырмалы зерттеу кезіндегі эксперименттің алатын орны әрқашан біркелкі болмайды. Статикалық іздерді салыстыру тікелей тексеру объектісімен жүргізілетіні мәлім. Егерде мұндай жағдайда экспериментке жүгінсе, негізінде оны кейбір сұрақтарды тексеріп-нақтылау үшін жасайды. Динамикалық іздерді (сырғанау, кесілу) зерттеу кезінде олардың өзгешелігіне қарай, әдетте эксперименттер жүргізіледі. Бұл жерде іздер объектінің өзімен қатар, оның эксперименталдық іздерімен де салыстырылады. Әрбір нақты жағдайда бір-бірін толықтыратындай тікелей салыстыру мен жанама салыстырудың (эксперименталдық іздер арқылы) дұрыс үйлесімділігі табылу керек. Мұндай жағдайда біреуі екіншісіне қарама-қарсы қойылмайды.

Трасологиялық сараптамадағы сараптамалық экспериментке қойылатын негізгі талап зерттеудің нақты жағдайына қатысты объектінің ізде кескінделуі пайда болу шарттарына барынша жақындатылу керек. Динамикалық іздерге қатысты, мысалы объектінің орналасуы болып есептеледі, өйткені оның өзгеруі іздердегі объектінің кескінделуіне елеулі ықпал жасайды. Эксперимент кезінде іздің жасалуына ықпал жасайтын болмашы шарттар шын мәніндегілерден біршама бөлек болады. Мысалы, шабу нәтижесінде пайда болған балта іздерін зерттеу кезінде эксперименталдық іздер балта жүзінің қандай да бір қатты емес беткейдің үстімен сырғанау арқылы алынуы мүмкін, өйткені кесу және сырғанау іздеріндегі белгілердің кескінделуі түптеп келгенде бірдей. Сол сияқты аяқ немесе қолдың қан іздерін зерттеу кезінде эксперимент үшін осыларға ұқсас зат алынуы мүмкін, сондай-ақ кейде оның консистенциясы, яғни басқа ерітіндісі немесе сұйықтығы алынуы мүмкін.

Эксперименталдық іздерді алу үшін қажетті материал, із тасымалдаушының материалындай болуы мүмкін (егерде осы материалдың үлгілері бірге жіберілсе). Материал басқа да болуы мүмкін, егерде түрі немесе қаттылығы бойынша ұқсас болса, бірақ оның бір шарты — із жасаушы объект эксперимент кезінде зерттеу нәтижесіне кері әсерін тигізетіндей өзгеріске ұшырамау керек. Егерде мұндай қорқыныш болса, эксперименталдық іздер алуға арналған материалды жұмсақтан (қорғасын, балауыздық композиция, пластилин және т.б.) таңдаған жөн.

Ұқсас жағдайларда жасалғанына қарамастан, бір объектінің іздерінде әрқашан бірқатар ерекшеліктер кескінделу белгілерінде байқалады. Сол себептен, біріншіден бір жағдайда бірнеше эксперименталдық іздер алған жөн, екіншіден, тұрақты белгілер анықтау мақсатында осы іздерді бір-бірімен салыстыру керек, келешекте олардың жиынтығы (белгілердің) салыстырмалы зерттеу барысында қолданылады.

Зерттеудің нәтижелеріне баға беру барлық зерттеу процесінде де, оның аяғында да іске асырылады. Зерттеуді дұрыс және толық жүргізуге

болады, алайда, оның нәтижелеріне сарапшы дұрыс баға бермесе, сарапшының бұрмаланған қорытындыға келетіні сөзсіз. Зерттеу нәтижелеріне баға беру, яғни сапалық жағын, идентификациялық мағынадағы әрбір сәйкестендіретін немесе ажырататын белгілерін, сондай-ақ барлық оның жиынтығын анықтау.

Графологиялық идентификация объектісінің сыртқы құрылымы белгілерінің идентификациялық құндылығы туралы пікір алмасу үшін, осы объекті үстінде олардың пайда болу табиғатын анықтап алу қажет. Егерде қандай да бір белгі қандай да бір себептермен бірқатар біртектес объектілерге тән болса, онда ол белгі топтықтарға жатқызылу керек. Керісінше, идентификация объектісі сыртқы құрылымының қандай да бір белгілері кездейсоқ пайда болудың нәтижесі (қолмен жасау өнідірісінің, жөндеудің, пайдаланудың, табиғат құбылыстарының және т. б.) деп есептелсе, онда олар объектінің қандай бөлігін сипаттамасын, бірлі-жарым, жеке белгі сияқты бағалану керек.

Белгілердің идентификациялық мағыналығына баға беруде олардың кездесу жиілігінің үлкен маңызы бар. Бір түрдегі әртүрлі объектілерде немесе адамдарда ұқсас белгі сирек кездескен сайын, оның идентификациялық маңызы жоғары болады. Мысалы, саусақ өрнектері сияқты объектілердің бөлек белгілерінің кездесу жиілігі эксперименталдық статистикалық санау негізінде анықталған, сондықтан да олар объективті түрде ескеріледі. Ал басқаларға қатысты — олар әзірше сарапшының кәсіби тәжірибесінің, сондай-ақ жалпы сараптамалық практика негізінде ескеріледі.

Салыстырмалы зерттеу нәтижелерінің барлық жиынтығына баға берудің мәні — қандай қорытынды болады, соны анықтау. Мысалы, анықталған сәйкестіктер объектінің теңдігі туралы қорытынды шығаруға жеткілікті ме, әлде олардың негізінде тек белгілі бір топқа жататындығы туралы айта аламыз ба немесе айқындалған сәйкестіктерге қарамастан, орын алған ерекшеліктер теріс қорытынды шығаруға мәжбүрлейме, міне баға берудің мәні осы сияқты. Тек сандық критерий бұл жерде қолданылмайды. Сонымен қатар қорытындыны сәйкес келетін белгілер санын механикалық санау негізінде де жасауға болайды. Теңдіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды сәйкес келетін және айыратын белгілердің сандық та, сапалық та жақтарын, сондай-ақ іздің пайда болу шарттары мен нақты жағдай үшін маңызы бар басқа да жағдайларды есепке ала отырып құрастырылады. Белгілердің жиынтығына баға беру кезінде жалпы түпнұсқалық ережелер мынадай мәселелерге сілтейді:

1. Бірқатар ұқсас объектілерге тән тек топтық белгілердің сәйкес келуі, идентификациялауға жататын объектінің белгілі бір топқа жататындығы туралы қорытынды шығаруға негіз бола алады. Олардың негізінде

объектінің теңдігі туралы қорытынды тек ерекше жағдайларда ғана мүмкін, яғни топтық белгілер арасындағы байланыстың кездейсоқ сипаты бар, ал олардың үйлесімділігі ерекше болып, сол себептен басқа осы сияқты объектілерде қайталану мүмкіндігі жоққа шығады.

2. Объектілердің теңдігі бар екендігі туралы қорытынды шығару үшін мыналар қажет: біріншіден, түсіндіруге келмейтін айырмашылықтардың болмауы және екіншіден, нақты объекті үшін жеке даралық болатындай белгілер жиынтығының (топтық және жеке) сәйкес келуі. Іздің пайда болу шарттары немесе идентификация объектісінің өзгерістерімен түсіндірілетін бөлек айырмашылықтар болғанда да, объектінің теңдігін анықтауға болады.

3. Теңдіктің жоқтығы туралы қорытынды шығаруға негіздер ретінде топтық белгілердің нақты көзге ұрарлықтай айырмашылықтары, жеке даралық мағынадағы белгілердің кескінделу іздерінде болмауы жүреді.

Теңдіктің жоқтығы туралы қорытындыны негіздеу барысында іздің пайда болуы мен зерттеуден өткізу арасындағы кезеңде идентификациялауға жататын объектінің өзгеріске ұшырауына ықпал жасайтын шарттар ескеріледі (мысалы, тозу, жөндеу, қасақана өзгерту және т. б.). Осыған орай, кейде көзге ұрарлық айырмашылықтар болса да, үзілді-кесілді қорытынды жасау мүмкіндігі болмайды, өйткені із ұсынылған объектімен бұрын жасалынып, бірақта оның сонда басқа белгілері болған.

Зерттеу нәтижесіне баға беру және қорытындыларды құрастыру сатысында сарапшы анықталған сәйкестіретін және айыратын белгілерді бағалайды және ішкі көзқарасын негізге ала отырып тұжырым құрастырады.

Тұжырымдар нақты болу керек. Олардың ішінде қойылған сұраққа жауап орын алады және мәселелердің екіжақты түсінігі болмау керек. Егерде сарапшы мәселені шешуден бас тартса, онда ол себептерін көрсетуге міндетті.

Сарапшы тұжырымдар төмендегідей жіктеледі:

- қойылған сұраққа жауапты қамтыған тұжырымдар;
- сұрақты шешу мүмкіндігінің жоқтығына сілтейтін тұжырымдар;
- үзілді-кесілді немесе ықтималдық;
- дұрыс немесе теріс;
- шартты немесе шартсыз;
- бірмағыналы немесе баламалық (бөлектеуші).

Қажетті трасологиялық зерттеулерді жүргізгеннен кейін сарапшы қорытынды құрастырады және оған әдетте, фотографиялық кестені қоса тіркейді.

Сарапшы қорытындысының негізгі мазмұны қылмыстық іс жүргізу заңында анықталған. Қорытынды кіріспе, зерттеулік бөлім және тұжырымдар

тәрізді үш бөліктен тұрады.

Кіріспеде, сарапшы туралы мәліметтен басқа, сараптама негіздері, зерттеу объектілерінің тізімі, істің қысқаша мән-жайы, сондай-ақ сарапшыға шешу үшін қойылған сұрақтар көрсетіледі. Егерде сараптама қайталама болса, онда алдында жүргізілген зерттеу нәтижелері келтіріледі.

Зерттеулік бөлігінде сараптама объектілерін алдын ала зерттеуден өткізу нәтижелері, бөлек-бөлек талдау және салыстыру тәсілдері, сондай-ақ сәйкес келген және айыратын белгілердің егжей-тегжейлі тізімі бейнеленеді. Егерде салыстырмалы зерттеу барысында эксперименттер жүргізілсе, онда олардың жүргізу мақсаты, іске асыру шарттары, эксперименталдық іздердің келешекте пайдалану тәсілдері мен нәтижелері көрсетіледі. Сарапшы қорытындысының зерттеулік бөлігі идентификациялық белгілерде және олардың жиынтығында айқындалған сәйкестіктер мен айырмашылықтарға баға берумен аяқталады.

Сарапшы қорытындысы — сарапшының зерттеулік жұмысының нәтижесі. Онда ол дәлелді түрде қойылған әрбір сұраққа жауап қайтару керек. Іс жүргізу заңына сәйкес сарапшы, зерттеу барысында анықталған жағдайлар қылмысты тергеуде немесе алдын алуда маңызды деп анықтаса, онда ол шешуге қойылмаған сұрақтар бойынша қорытынды шығаруға да құқылы.

Сарапшы қорытындысы әдетте, фотосуреттермен (фотокестелермен) қоса жүреді. Сарапшы теңдіктің бар екендігін негіздегенде, фотокесте өте-мөте қажет болады. Мұндай жағдайда фотосуреттер жайғана көріністермен қатар, жасалған тұжырымның дәлелдеу құралдарының бірі болып саналады. Әдетте, кестеде мынадай фотосуреттер ұсынылады:

- а) сараптама объектілерінің жалпы түрі;
- б) белгілерді жақсылап көретіндей мүмкіндік беретін масштабтағы іздің және оған тиісті салыстырмалы материалдардың (көшірмелер, объект бөліктері, эксперименталдық іздердің және т. б.) фотосуреттері. Бір масштабта және түсірудің бірдей шартында жасалған аталмыш суреттерде салыстырудың нәтижелері көрсетіледі. Көрсету тәсілі ретінде салыстырмалы зерттеу кезіндегі әдістер қолданылады, яғни сәйкес келген белгілерді көрсете отырып салыстыру, фотографиялық бейнелерді қоса көрсету және т. б.

Қорытынды және фотокесте бір-бірімен өзара байланысты: қорытындыда фотокестеге сілтеме жасалынады, ал фотосуреттердің астында кестеде қорытынды мазмұнымен толық сәйкес келетін түсіндірме мәтін орын алады.

4-ТАҚЫРЫП

ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ САРАПТАМА

§1. Дактилоскопиялық сараптама шешетін сұрақтар

Қылмыстық оқиғаның үсті-үстіне дамуына көбіне әртүрлі адамдар (қылмыс жасаған адам немесе адамдар, жәбірленушілер, кулар, куәгерлер) кірістіріліп, олар өз еркімен немесе еріксіз түрде оқиға болған жердің материалдық жағдайына әртүрлі өзгерістер енгізе отырып, объектілер үстінде іздер, оның ішінде саусақ іздерін көптеп қалдырып жатады. Сондықтан да із жасаушы және із қабылдаушы объектілердің өзара қатынастары туралы мағұлматтарды қарастыру, оның ішінде саусақтың бүртік (папилляр) өрнектерін дактилоскопиялық зерттеуден өткізу бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Дактилоскопия деп адамды теңдестіруде олардың іздерін, кескіндерін пайдалану мақсатында адам терісі өрнектерінің құрылымын зерттейтін криминалистиканың саласын айтады (гректің *daktilos*-саусақ, *skoreo*-қараймын).

Дактилоскопиялық сараптама — адам қолындағы тері қыртыстарының кескіндері (іздері) бойынша нақты адамды идентификациялаумен байланысты дактилоскопияның бір бөлігі⁷.

Дактилоскопиялық сараптамамен шешілетін мәселелер екі топқа ажыратылады:

1. Іздердің сипатына жататын және пайда болу механизміне қатысты сұрақтар, яғни:

- объект үстінде қол іздері барма, егер бар болса, олар адамды идентификациялауға жарамды ма?
- осы із қай қолдың қандай саусағымен қалдырылған?
- осы іздер жанасу, жаншу, ұстау қимылдарының нәтижесінде қалдырылған ба?

⁷ *Шакенов А. О. және басқалар.* Криминалистика және сот сараптамасы терминдерінің түсіндірме сөздігі / Заң ғылымдарының докторы, профессор М. Ч. Қоғамовтың жалпы редакциясымен шығарылған. — Астана, 2003. — 25 б.

2. Идентификацияға қатысты сұрақтар:

- осы қол іздері нақты адаммен қалдырылған жоқпа?
- осы қол іздері бір адаммен қалдырылған жоқпа?
- мәйіт дактилокартасындағы саусақ іздерінің көшірмесі нақты адамдікі емеспе?

Дактилоскопиялық сараптама объектілері болып іздердің өзі, олардың көшірмелері, фотосуреттері және салыстыру үшін үлгілер табылады.

Тері өрнектерінің іздері мен эксперименталдық көшірмелері идентификациялауға көмектесетін объектілер болып саналады. Олардың көмегімен идентификациялауға жататын объектілер болып табылатын нақты адамдар теңдестіріледі.

Дактилоскопиялық сараптама үшін барлық идентификациялық сараптамаларға тән, объектілерді зерттеудің сол сатылары лайық:

- алдын ала зерттеу;
- егжей-тегжейлі зерттеу;
- зерттеу нәтижелеріне баға беру және қорытынды құрастыру;
- зерттеу нәтижелерін рәсімдеу.

§2. Дактилоскопиялық сараптама жүргізу әдістемесі

Алдын ала зерттеу сатысы. Алдын ала зерттеу сарапшының сараптама тағайындау туралы қаулысымен танысудан басталады. Бұл жерде төмендегідей сұрақтар анықталады:

- сараптама тағайындау туралы қаулы қашан және кіммен шығарылған;
- ол қай қылмыстық іс материалдары бойынша шығарылған;
- қылмыс жағдайлары талданады; сонымен қатар іздер қашан алынды және алу мезетінен сараптамаға келіп түскенге дейін қанша уақыт өтті, іздер қандай заттардың үстінен және қандай тәсілмен алынды, солар анықталады;
- сараптама түрі: алғашқы, қосымша және қайталама;
- сарапшыға қойылған сұрақтар айқындалады;
- сараптаманы тағайындау туралы қаулыда көрсетілген тізіммен (кейбір жағдайда оқиға болған жерді қарау кітапшасымен) келіп түскен объектілердің сәйкестігі анықталады, буып-түйюдің сипаты, іздердің сақталуы, түгелдігі, түсіндірме жазбалардың оқиға жағдайларына сәйкес келуі айқындалады.

Осыдан кейін зерттеуге келіп түскен объектілер қаптамасы суретке түсіріледі, объектілердің өзі қараудан өткізіледі, табылған іздердің жасалу ме-

ханизмі анықталып, олардың сырт келбеті фотоға түсіріледі, осы іздер қай қолдың қандай саусағымен қалдырылғандығы анықталады және бүртік (папилляр) сызықтары бар іздер суретке түсіріледі.

Қол іздерін фотоға түсірудің негізгі ережелері:

- көзге көрінетін іздер алдын ала бояусыз фотоға түсіріледі;
- іздер егжей-тегжейлі (детальдық) суретке түсіру ережелеріне сәйкес фотоға түсіріледі;
- іздердің тобы анықталса, онда олар алдымен барлығы бірге түсіріліп, сонан соң әрбір із жеке-жеке фотоға түсіріледі (бейнелеу масштабы 1:1 ден 5:1 дейін).

Фотоға түсіргеннен кейін айналы бейне алмау мақсатында фотосуреттегі із бейнесін объект үстіндегі ізбен салыстыру жүргізіледі, ол **міндетті шарт** болып табылады.

Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін алынған үлгілердегі көшірмелердің жарамдылығы туралы сұрақ шешіледі, көшірмелердегі бүртік (папилляр) өрнектерінің толығымен кескінделуі және айқындылығы ескеріледі, сондай-ақ көшірмелер мен бүртік (папилляр) өрнектерінің кескінінде із қалдырған қол учаскелерінің болуы анықталады.

Егжей-тегжейлі зерттеу. Дактилоскопиялық сараптама объектілерінің егжей-тегжейлі зерттеуі екі кезеңде өткізіліп, шартты түрде былайша бөлектеуге болады:

- бөлек-бөлек зерттеу, яғни барлық іздер мен олардың белгілерін жан-жақты, әрі тыңғылықты зерттеуден өткізу;
- салыстырмалы зерттеу, яғни іздер бір-бірімен және идентификациялық міндеттер шешілетін жағдайда, дактилокартадағы көшірмелермен (оттискілермен) салыстырылады.

Бөлек-бөлек зерттеу сатысында іздегі бүртік (папилляр) өрнегінің нақтылығы, толымдылығы және көзге ұрарлығы анықталады. Із танылмайтын-дай кескінделіп, бүртік (папилляр) сызықтар көрінбеген жағдайда, ұсынылған із жеке адамды идентификациялауға жарамайды деген қорытынды шығаруға болады.

Толық та, және анық та іздерді талдау бүртік (папилляр) өрнектерінің жалпы белгілерін анықтаудан басталады:

1. Өрнектің типі (доғал, тұзақты, өрілме).
2. Өрнектің түрі:
 - доғал: қарапайым, пирамидалық, шатырлы, шырша тәріздес, ортасындағы бей-берекет құрылымымен;
 - тұзақты: қарапайым, майысқан тұзақтар, қарама-қарсы тұзақтар, жартыланған, тұйық және т. б.;
 - өрілме: домалақтар, сопақшалар, шиыршықты тұзақтар, шумақтал-

ған тұзақтар, улу сияқтылар, толымсыз және т. б.

3. Өрнектің нақты нүктесінің арасындағы сызықтардың саны, мысалы, ортасы мен дельтасының арасындағы.

4. Бір-біріне қатысты өрнек элементтері мен бөлшектерінің өзара орналасуы.

5. Бүртік (папилляр) сызықтары ағымының құлама тік дәрежесі мен бағыты.

6. Өрнектің үлкендігі (бүртік (папилляр) сызықтары арасындағы арақашықтық).

Жалпы белгілер талданып болғаннан кейін, өздерінің формасы, өзара орналасу өлшемдеріне қарай жеке белгілер (бүртік (папилляр) өрнегі құрылымының детальдары) зерттеледі.

Жеке белгілер мынадай топтарға бөлінеді:

- бүртік (папилляр) өрнектерінің жеке белгілері;
- бүртік (папилляр) сызықтарының жеке белгілері;
- бүртік (папилляр) сызықтарының микробедері құрылымының детальдары;
- өрнектердің басқа да белгілері.

Бүртік (папилляр) өрнектерінің белгілері: (белгілер сағат тілінің бағытымен солдан оңға қарай анықталады)

- бүртік (папилляр) сызықтарының басталуы және аяқталуы;
- сызықтардың қақ жарылған және қосылысқан жерлері;
- көпірше;
- кішкене тесік;
- ілмекше;
- нүкте;
- жіңішке сызық.

Бүртік (папилляр) сызықтарының белгілері:

- сызықтың иілген жері;
- сызықтың үзілген жері;
- сызықтың бұрылған, сынған жері;
- сызықтың қалыңдаған, немесе жіңішкерген жерлері.

Бүртік (папилляр) сызықтары микробедерінің белгілері пороскопиялық және эджескопиялық зерттеулерде қолданылады. Пороскопия терідегі кішкене саңылауларды зерттеумен айналысады (өлшемі 0,08-0,25 мм болатын тер-майлық бездер жолының аузы).

1911 жылы француз Эдмон Лакар алғаш рет осы саңылауларды жіктеп, зерттеуде мәні бар екендігін негіздеп берді. Пороскопиялық зерттеулерді жүргізу кезінде белгілер ретінде қабылданатындар:

- бүртік (папилляр) сызықтардың осіне қатысты саңылаулардың орна-

ласуы;

- саңылаулардың бір-біріне қатысты орналасуы;
- саңылаулардың формасы және өлшемі;
- нақты учаскедегі саңылаулардың саны;
- саңылаулардың орналасқан жеріндегі сызықтардың қалындауы, сондай-ақ әртүрлі қалташықтар, немесе ауызшалардың болуы.

Эджеоскопиялық белгілерді (бүртік (папилляр) сызықтарының шеті, пішіні, кескіні) алғаш рет 1961 жылы Чаттарджи (Үндістан) зерттеп, негіздеп берген.

Өте сирек кездесіп, олардың дұрыстығы дәстүрлі дактилоскопиялық сараптамалардан төмен болғандықтан (тәжірибеге жүгінсек, бұрын, кейбір аумақтарда күрделі қылмыстық істер бойынша бірқатар қате қорытындылар жасалған) зерттеудің бұл түрінде тыңғылықты.

Аталмыш зерттеу түрін жүргізу үшін мынадай бір өте маңызды шартты сақтаған жөн: із зерттеуге ешбір алдын ала өңдеусіз келіп түсу керек, оның себебі дактилоскопиялық ұнтақтардың көлемі саңылаулардың көлемімен бірдей болғандықтан, олар бүртік (папилляр) сызықтарының пішінін өзгеріске ұшыратуы мүмкін.

Басқа белгілер: ұсақ ақ сызық түрінде іздерде кескінделетін флексорлық сызықтардың ұсақ учаскелері, олардың бір-бірімен қиылысу және қосылатын жерлері немесе жіңішке әжімді қыртыстар, сондай-ақ тыртық детальдары.

Жеке белгілерді зерттеу нақты бір жүйеде жүргізіледі. Бастама нүкте ретінде дельта, ортасы немесе қандай да бір көзге ұратын жеке белгі жүреді. Фотосуретте жеке белгі инемен белгіленеді, сонан соң айқындалған белгілердің барлық жиынтығы бағаланады. Баға берудің нәтижесі бойынша аталмыш іздің жеке тұлғаны идентификациялау үшін жарамды екендігі туралы тұжырым жасалынады. Жеке белгілердің сандық көрсеткіші оның сапалық сипаттамасымен біріккенде (кескіндердің айқын болуы, олардың идентификациялық маңыздылығы және т. б.), зерттеу объектісінің жеке даралығына қатысты сарапшының ішкі көзқарасын қалыптасуына негіз бола алады.

Кезінде криминалистермен жеке тұлғаны идентификациялаудағы іздердің жарамдылығын анықтаудың сандық әдісі жасалды. Әдістің мәні мынада, идентификациялық ақпарат түпнұсқасы ретінде кескінделген детальдардың саны және құндылығымен бірге, бүртік (папилляр) сызықтарының ұзындығы да (белгілердің болмауы — олда белгі) бола алады. Мұнын дұрыс мағынасы әрине бар, алайда шын мәнінде бұл әдіс практикада кеңінен қолданылмады.

Ізде белгілер жеткіліксіз болған жағдайда, белгілер сипаттамасын (өл-

шемі, формасы, басқа да ерекшеліктерін) тыңғылықты талдауға көшеді. Бүртік (папилляр) өрнектерінің азғана жеке белгілері бейнеленген іздерде кездесіп жатады. Мұндай жағдайда бүртік (папилляр) сызықтарының микробедері зерттеледі және онда жеке даралық ерекшеліктер жиынтығы бар болса мынадай қорытынды жасалынады: «Бүртік (папилляр) сызықтарының микробедерін зерттеу арқылы жеке адамды идентификациялауға із жарамды».

Дактилокартадағы қол көшірмесіне іздің сәйкестендіруін жеңілдетуде елеулі рөлді, қолдың қай учаскесімен із қалдырылғандығын көрсететін алдын ала анықтау процесі атқарады. Енді, із қалдырған қол және саусаққа көрсететін бөлек сипаттамалық белгілерді қарастырайық:

- іздердің өлшемі; олардың көмегімен әрқашанда із саусақ, әлде алақанмен қалдырылғанба, соны анықтауға болады, жәнеде бас бармақтың ізі басқа саусақтардан қалған іздерден біршама кеңірек болады;
- іздердің формасы:
бас бармақ пен шынашақ — сопақшаға жақын болады;
ортаңғы мен аты жоқ — тікбұрышқа жақын болады;
нұқ саусақ — үсті өрнектің ортаңғы осіне қатысты қисайған сопақшаға жақын болады.
- өрнек осінің он жаққа қисаюы — сол қолға тән және керісінше;
- өрілме өрнектегі шиыршықтың тарқатылуы: сағат тіліне қарсы — он қол; сағат тілі бойынша — сол қол;
- он қолдың бас бармағымен және сол қолдың нұқ саусағы, аты жоқ, ортаңғы және шынашағымен қармап ұстаған іздерде көбіне он жақ дельта кескінделеді, ал қолдың басқа саусақтарында — керісінше.

Дактилоскопиялық сараптамадағы объектілерді салыстырмалы зерттеуден өткізу сатысында идентификациялауға жататын объекті теңдігінің бар-жоқтығы туралы сарапшы қорытындысының шын мәніндегі дәлелділігі анықталады. Салыстырмалы зерттеу тері өрнектерінің идентификациялық белгілерін тікелей салыстыру көмегі арқылы жүргізіледі. Аталмыш белгілер ізде және оттискідегі өрнектерде кескінделіп, оларды зерттеу үшін қарапайым оптикалық аспаптар қолданылады. Толық, әрі шынайы мәліметтер алу үшін салыстырмалы зерттеуді фотосуреттер арқылы жүргізген дұрыс болады.

Дактилоскопиялық сараптамада салыстырмалы зерттеуді әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүргізу үшін маңызды үш шартты сақтау талап етіледі:

1. Салыстырмалы зерттеу толымды болу керек.

Салыстыру процесінде елеулі айырмашылықтар табылмаған кезде, ізде кескінделген өрнектің барлық детальдарын салыстыру қажет. Қарапайым

сөзбен айтқанда, белгілердің бір ғана бөлігін ғана салыстырумен шектелуге болмайды, яғни осы бөлігі сәйкес келсе, басқалары сөзсіз сәйкес келеді деген қате ұғымнан аулақ болу керек.

Біз білетіндей, идентификация теориясында, теңдік туралы қорытынды шығару үшін объектіні жекелейтін белгілер жиынтығы сәйкес келуі қажет болса, ал теңдіктің жоқтығын дәлелдеу үшін елеулі белгілерге қатысты ерекшеліктердің біреуі ғана болса, жеткілікті. Осындай ерекшелікті өткізіп алмай, анықтау үшін, белгілерді салыстырудың көлемі бойынша қысқартылған, жасанды түрі емес, шынында да толымды зерттеуі қажет.

2. Сәйкестіктер алдамшы емес, жүзеге асатындай болу керек.

Салыстыруға жататын өрнектердің екеуіндегі детальдар бірдей болған жағдайда ғана оларды сәйкес келетіндер қатарына жатқызуға болады. Олар өрнектегі орналасуы және құрылымдағы ерекшеліктерді ескере отырып шын мінде бірдей болу керек. Детальдың өрнекегі жағдайын анықтай отырып, тек бағдарлы критерийлерді ғана (мысалға, оның және басқа деталь арасындағы бүртік (папилляр) сызықтар саны бірдей деп анықтау) пайдалануға болмайды.

3. Салыстырмалы зерттеу екіжақты болу керек.

Ізді салыстыру процесінде анықталған бүртік (папилляр) сызықтары құрылымының детальдарымен көшірменің сәйкестік — көшірмеде тура осындай детальдар бар екендігін көрсетеді. Олар, салыстыру учаскесінде ерекшеліктін белгілер табылмаған кезде ғана, жеке даралық жиынтықты құрайды.

Салыстыру процесі екі кезеңнен тұрады. Біріншісінде салыстыруға жататын жалпы белгілер талданады, ал екіншісінде, олардың жеке белгілері зерттеуден өткізіледі. Жалпы белгілерді салыстыру кезінде негізгі міндеттер шешіледі: салыстыруға жататын үлгілерде жалпы белгілер бойынша сәйкес келетін көшірмелер (оттискілер) барма, егерде жоқ болса, онда жарамдылығы туралы теріс тұжырым шығарылады. Мұнда, өрнектердің үлгілерде толық кескінделуін ескеру қажет. Жалпы белгілер бойынша сәйкестік анықталған жағдайда, жеке белгілерді зерттеу процесі басталады, бастапқы нүкте ретінде қандай да бір сипаттамалық ерекшелік алынады. Осыдан кейін жүйелі түрде салыстырудағы өрнектердің барлық қалған ерекшеліктері салыстырылады.

Белгілер сәйкес келген жағдайда іздегі барлық белгілер міндетті түрде тексеріледі. Егерде салыстыру барысында айырмашылық, ерекшелік анықталса, онда олардың шығу тегін, табиғатын анықтау қажет. Жоғарыда көрсетілгендей, айырмашылық сипаттағы жақсы айқындалған бір ғана белгі болса, теңдіктің жоқтығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, іздер кейде зерттеуге бұрмаланған, бұзылған түрінде келіп

түседі және айырмашылықтар кейбір кезде іздің жасалу механизмімен (бүртік (папилляр) сызықтарының іздегі және көшірмедегі әртүрлі қалыңдықтары, іздің шетіне қарай кейбір белгілердің айқын емес түрде кескінделуі және т. б.) түсіндіріледі, соны ескерген жөн.

Бұрмаланған (бұзылған) тексеру мақсатында кейбір авторлар детальдарды біріктіруді және геометриялық фигураларды салыстыруды ұсынады. Фигуралар кеңістігі сәйкес келсе, оларды теңдігін шығару дәлелдемелерінің бірі ретінде пайдалануын көрсеткен.

Осылайша, айқындалған айырмашылықтар түсіндіруге жатса, жалпы және барлық жеке белгілер сәйкестігі анықталған жағдайда, із және көшірме бірғана адаммен қалдырылған деп тұжырымдауға болады.

Зерттеу нәтижелеріне баға беру. Салыстырмалы зерттеу нәтижелерінің барлық жиынтығына баға беру — сараптаманың ең жауапты кезеңі. Оның себебі баға беруден сарапшы қорытындысының сипаты байланысты болады.

Теңдіктің жоқтығы туралы сұрақты шешу, салыстырудағы өрнектерде айырмашылық бар екендігі жайлы тұжырымды дәлелдеу, әдетте, қиындық туғызбайды. Ол үшін төмендегі шарттардың біреуі орын алса жеткілікті:

- салыстырудағы өрнектер типі бойынша сәйкес келмейді, олар, іздегі белгілердің бұзылу мүмкіндігін ескере келе, түрі немесе құрылымының басқа да жалпы белгілері бойынша бір типтес;
- жалпы белгілер сәйкес келгенде немесе ізде олардың кескіні жоқ болып, соның нәтижесінде өрнектерде елеулі айырмашылықтар құрылымның бір деталінде орын алады, ол айырмашылық ізді жасау шарттарымен түсіндіруге жатпайды.

Өрнектер сәйкес келіп, олардың теңдігін табу туралы мәселені шешу әлдеқайда қиынырақ. Із және көшірме бірғана саусақпен жасалғандығы жайлы тұжырымды негіздеу үшін, бүртік (папилляр) өрнектері құрылымындағы белгілер ізде және көшірмеде сәйкес келді деген мәселе анықталу керек. Сондай-ақ олармен құрастырылған сәйкестіру белгілерінің жиынтығы жеке дара екендігі және қайталанбайтындылығы анықталады.

Осыған байланысты мынадай сұрақ пайда болады: жеке даралық жиынтықты құрастыру үшін белгілердің қандай санын жеткілікті деп санауға болады.

Жиырмасыншы ғасырдың басында француз криминалисі Бальтазармен ұсынылған сандық критерий назар аударарлықтай. Бальтазармен алынған нәтижелерге жүгінсек, 17 белгілердің сәйкес келуі тек 17 млрд.179 млн. 869 мың 184 көшірмеде кездесуі мүмкін, яғни анықталған 17 детальдағы сәйкестік 1,7 млрд. адамды зерттеген кезде мүмкін. Ол кезде дүние жүзіндегі халықтың саны 1,5 млрд. адамнан аспағандықтан, аталмыш сандық белгі өз

негізінде қабылданған. Кейбір мемлекеттерде халықтың санына байланысты сәйкес келетін белгілер саны 12-ге дейін азайтылған. Мемлекеттердің сараптама мекемелері және сот органдарының практикасында көп уақытқа дейін 12-ге сәйкес сандық критерий жұмыс істеді. Кейбір мемлекеттерде аталмыш критерий қазіргі дейін пайдаланылады. Дәлдеп келген есептеудің математикалық негізі дұрыс, оның себебі 12-17 детальдар сәйкес келгенде қате тұжырым жасалған жағдай болған емес. Керісінше, бұл критерий айқын көтеріңкі және оны практикада пайдалану жасанды түрде сараптама мүмкіндіктерін шектеп отырды.

Бальтазармен барлық бүртiк (папилляр) өрнектер мен сызықтардың белгілері және олардың сапалық жағы толық ескерілмегендігі байқалып отыр. Біріншіден, өрнектердің жалпы белгілері мен бүртiк (папилляр) сызықтарының детальдары мүлдем есепке алынбаған, екіншіден, олардың идентификациялық маңыздылығы әртүрлі болса да, барлық детальдар шын мәнінде бірдей болып шықты, және де үшіншіден, Бальтазармен детальдың өз құрылымындағы ерекшеліктер ескерілген жоқ.

Осылайша, белгілердің сапалық жағын ескерсе, идентификация үшін белгілердің аз саны да жеткілікті.

Қазіргі кезде дактилоскопиялық сараптамалар жүргізу арқылы теңдікті анықтауда сараптамалық мекемелермен алдын ала шартталған сандық критерий пайдаланылмайды.

Белгілер жиынтығының қайталанбайтындылығы және жеке даралығы сарапшының ішкі көзқарасының негізінде анықталады. Оның формасы субъективтік болсада, төмендегідей объективтік факторларға негізделген:

- белгілер тобы;
- белгілердің айқындылығы;
- белгілердің саны;
- кездесу жиілігімен анықталатын белгілердің сапалық сипаттамасы.

Бүртiк (папилляр) өрнектерінің жалпы және жеке белгілерінің идентификациялық маңыздылығына баға берудің негізгі критерий ретінде олардың кездесу жиілігі жүреді.

Белгілер неғұрлым жиі кездесетін болса, соғұрлым олардың идентификациялық маңыздылығы да аз болады.

Жалпы белгілердің кездесу жиілігі:

- доғалды — 7 %;
- тұзақты — 63 %;
- өрілме — 30 %.

Тұзақты өрнектердің негізінен қарапайымдары жиі кездеседі (95 %), жартылай тұзақтар аздау кездеседі (2,5 %), ал иілген тұзақтар өте аз кездеседі.

Тұзақтың ортасында сызықтардың болуына қарай былайша кездеседі:

21 % — сызықсыз;

50 % — бірсызықпен;

24,7 % — екі сызықпен;

7% — үш сызықпен;

1,5 % — төрт және оданда көп сызықтармен.

Өрілме өрнектер ортасының орналасуына байланысты төмендегідей таратылады:

- домалақтар мен сопақшалар — 16,5 %
- шиыршықтар — 71 %
- шумақталған тұзақтар
- шиыршықталған тұзақтар — 8,5 %
- басқалар — 4 %.

Ортасы мен дельта арасындағы сызықтардың саны.

Статистикаға жүгінсек, ортасы мен дельта арасындағы сызықтардың саны 1-3 және 28-30 болып келетін тұзақты өрнектер, орташа сызықтар санына (12-16) қарағанда аз кездеседі.

Бүртiк (папилляр) өрнектерiндегi жеке белгiлердiң кездесу жиiлiгi олардың түрiне қарай бiркелкi емес болғандықтан, әртүрлi идентификациялық мағыналылықпен шартталған. Сызықтардың басталуы мен аяқталуы басқалардан жиiрек кездеседi (48,5 %), қосылу мен ажырау азырақ кездеседi (33,5 %), оданда аз қысқа сызық пен нүкте (10,4 %), iлмектер (4,3 %), аралшықтар (2,4 %), көпiршелер (1 %).

Салыстырмалы зерттеу нәтижелерiне баға беру негiзiнде және қойылған сұрақтарды есепке ала отырып, сарапшы сараптама бойынша қорытынды жасайды.

Теңдiктiң бар екендiгi жайлы қорытынды, салыстырудағы өрнектерде елеулi айырмашылықтар болмай, ал олардың сәйкес келетiн белгiлер жиынтығы басқа көшiрмелерде жеке дара және қайталанбас болғанда, мүмкiн.

Теңдiктiң жоқтығы туралы қорытынды, қандай да бiр идентификациялық белгiлерде елеулi айырмашылықтар анықталғанда, мүмкiн. Теңдiктiң бар екендiгi туралы жорамал қорытынды да мүмкiн, бiрақта дактилоскопиялық сараптама жүргiзу практикасында ол қолданылмайды.

Жеке адамды идентификациялау үшiн iз жарамсыз болғанда, екi маңызды жағдайды ескеру қажет:

- iз, жеке адамды идентификациялау үшiн сызықтардың микробедерiн зерттеуде жарамды болуы ықтимал;
- iз, адамдарды шеттету, яғни теңдiк туралы сұрақты терiс шешу үшiн пайдаланылуы мүмкiн.

Сараптама материалдарын рәсімдеу. Дактилоскопиялық сараптама жүргізу кезінде зерттеу нәтижелерін рәсімдеуді фотокестені құрастырудан бастаған жөн. Мұндай жағдайда сарапшы қорытындысын құрастыру біршама жеңілдейді.

Іздердің жарамдылығы туралы сұрақ шешілгенде фотокестеге мыналар енгізіледі:

- зерттеуге келіп түскен объектілер қаптамасы жалпы түрінің фотосуреттері;
- объектінің жалпы түрі көрсетілген фотосуреттер. Мұнда, объект үстінен табылған барлық іздердің көрініп тұрғаны жөн болады. Объектілер көп және олар біртектес болса, онда оларды бір фотосуретпен көрсетуге болады;
- зат үстінен табылған іздер жалпы түрінің фотосуреттері;
- жеке адамды теңдестіру үшін жарамды деп танылған іздердің әрқайсысының фотосуреті.

Сараптама жүргізу кезінде іздің тексерістегі адам саусағы көшірмесімен сәйкестігі анықталса, фотокестеге қосымша іздің масштабымен бірдей жасалған көшірме фотосуретін де енгізеді.

Салыстырмалы зерттеу нәтижелері көркемделеді, яғни сәйкес келетін жеке белгілерді фотосуретте қызыл сиямен көрсетеді. Ізде детальдар аз болғанда, олардың барлығын көрсетеді, ал олар саны көп болса, 15-20 ғана көрсетеді. Белгілер таңбаланып көрсетілген жағдайда фотокестеге тексеруші фотосуреттерді дайындап-енгізген жөн.

Бір адамның көшірмесімен бірнеше іздер сәйкес келсе, онда сәйкестіктерді көркемдеу үшін бірғана белгілеу жүргізіледі (іздер бір оқиға болған жерден алынған жағдайда). Бір оқиға болған жерден алынған әртүрлі адамдар саусақтарының көшірмелері іздермен сәйкес екендігі анықталса, онда белгі қою әрбір адам үшін жеке жүргізіледі.

Жәбірленуші немесе іске қатысы бар басқа да адам саусақтарының көшірмелері іздермен сәйкес келгендігін көркемдеу осы іздердің фотосуреттерін олардың дактилокарталарына жабыстыру жолымен жүргізіледі, сәйкестігі анықталған көшірме көрсеткіш арқылы көпшілік назарына ұсынылады.

Жалпы талаптар:

- фотосуреттердің тікбұрышты формасы болу керек;
- іздердің (көшірмелердің) табаны фотосуреттің төменгі қырына параллель болу керек;
- белгі қою сызықтары бір-бірімен қиылыспау керек, олардың белгінің орналасқан жерінде аяқталуы нүктемен біту керек;
- белгілеу сандары мен сызықтары сағат тілімен фотосуреттің сол жақ

төменгі бұрышынан басталып, фотосуреттің он жақ және сол жақ шеттерінен біркелкі орналасады;

- бір атаулы белгілер бір санмен көрсетіледі және олардың із және көшірме фотосуретіндегі саны бір біріне сәйкес келуі керек;
- әрбір фотосурет астында түсініктеме жазулар жазылады және фотокестенің әрбір парағы сарапшымен расталады.

Сарапшы қорытындысының зерттеулік бөлігін құрастыру ерекшелігі, мыналармен байқалады:

- объектілер зерттеуге қалай келіп түскен;
- объектілер қаптамасын және ондағы түсініктеме жазуларды, оттискілер мен мөрлерді суреттеу; қаптамадағы бүліністердің бар-жоқтығы және ол іздердің сақталуына мүмкіндік туғыздыма;
- зерттеуге келіп түскен объектілер сараптама тағайындау туралы қаулыдағы тізімге сәйкес келеме;
- зерттеуге келіп түскен объектілер, олардың беткейі, ерекшелігін белгілері қысқаша сипатталады;
- іздерді суреттеу: қандай тәсілмен табылған, саны, түрі, объект үстінде орналасуы және өзара орналасуы, жалпы белгілер мен детальдарды суреттеу;
- жеке адамды теңдестіру үшін жарамды-жарамсыздығы туралы тұжырымды негіздеу;
- із қолдың қай учаскесімен қалдырғандығын негіздеу;
- іздердің суретке түсіру шарттары (әдетте, қорытындының зерттеулік бөлігінің соңында келтіріледі);
- үлгі ретінде зерттеуге келіп түскен объектілерді суреттеу: адамның аты-жөні, туған жылы және орны, көшірмелер немен дайындалған, қандай бояумен және олардың сапасы; егерде теңдіктің жоқтығы туралы тұжырым іздегі және көшірмедегі жалпы белгілердің әртүрлі болуы негізінде жасалса, онда дактилокартадағы саусақ көшірмелерінде өрнектердің типтері мен түрлері көрсетіледі;
- тұжырымдарды негіздей отырып және фотокестеге сілтеме жасап, салыстырмалы зерттеу нәтижелерін суреттеу.

Зерттеу бөлігі сараптама жүргізу кезінде қолданылған техникалық құралдарды суреттеумен аяқталады.

Осылайша, ой-пікірлерді тұжырымдай келе, қылмыстарды ізін суытпай тергеп-ашуда құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен іздер туралы, криминалистикалық ілімнің төмендегідей негізгі ережелерін білгені ешбір артық болмайды:

а) нақты жағдайларда бір объектінің сыртқы құрлысы келесі объектінің бетінде кескінделеді;

б) нәрсе сыртқы құрлысының ізде кескінделуі өзгертілген (негативтік) болып саналады;

в) материалдық дүние объектілері дара;

г) идентификациялық зерттеуге жататын кескінделу іздерін біршама өзгермейтін қасиеттері бар нәрселер қалдырады;

д) кескінделу іздерін қалдыру кезінде кем дегенде екі объект қатысады, яғни, із қалдыратын және із қалатын⁸. Бұл оқиға болған жерде қалатын адамның қол іздеріне де қатысты екендігін ұмытпаған жөн.

Оқиға болған жерде ақпараттық мағынасы бар із бейнесін, оның ішінде саусақ іздерін жинап, бекітіп, зерттеп және пайдалануда құқық қорғау органдары қызметкерлері криминалистикалық әдіс-тәсілдерді біліп, оларды шебер қолдануы аталмыш органдардың қылмысқа қарсы күрестегі іскерлік пен нәтижелілікті арттыратыны сөзсіз.

⁸ Нұрғалиев Б. М., Арыстанбеков М. А., Шакенов А. О. Криминалистика (дәрістер курсы). — Қарағанды: ҚР ПМ Б:Бейсенов атындағы ҚарЗИ, 2005. — 48 б.

5-ТАҚЫРЫП

СОТ-БАЛЛИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА

§1. Сот-баллистикалық сараптама түсінігі

Кейінгі жылдары атыс, суық, газды, сонымен бірге жарылғыш заттар сияқты қару түрлерін пайдалану арқылы жасалған қылмыстар саны әліде азайар емес. Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 30-желтоқсанындағы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңының 1-бабына сәйкес, қару деп конструкциялық жағынан алғанда тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға, сондай-ақ белгі беруге арналған құрылғылар мен заттарды айтамыз. Қылмысты тергеу тәжірибелері көрсеткендей, қару қылмыскерді ұстағанда, оқиға болған жерді қарағанда, тінту барысында, өз еркімен келіп тапсыру кезінде алынады. Заңсыз әрекеттерде қару қолданылған жағдайда, ол криминалистикалық зерттеу заты болады да, іс бойынша нақты шындықты ашуда елеулі мәселе болып саналады.

Қарудың криминалистикалық зерттеуі деп әртүрлі қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар және олардан қалған іздерді және қылмысты тергеу мен ашу мақсатында осы объектілерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін криминалистикалық техниканың саласын айтамыз.

Осылайша, қарудың криминалистикалық зерттеуі затына жасалу принциптері мен қару болып келетін, әр түрлі құрылғылардың жұмыс істеу заңдылықтарын, оларды қолданудан қалған іздердің пайда болу заңдылықтарын оқып үйрену кіріп, осының бәрін жинап (табу, бекіту және алу), зерттеуде қолданылатын тиісті әдіс-құралдарды жетілдіру жатады.

Сот-баллистикалық сараптама — дәстүрлі криминалистикалық сараптамалардың бір түрі. Сот-баллистикалық сараптаманың ғылыми-теориялық негізі ретінде криминалистикалық техниканың бір саласы болып табылатын «Сот баллистикасы» жүреді.

Сот баллистикасы деп атыс қаруын қолданумен жасалған қылмыстарды тергеу мақсатында оқ-дәрі және оның компоненттерін, атыс қаруын, оның қимылдарына себеп болатын іздер мен құбылыстарды арнайы жасалған тәсілдер көмегі арқылы және жаратылыс танушылық-техникалық ғылымдар

әдістерімен зерттейтін криминалистикалық техниканың саласын айтады.

Сот баллистикасын тәжірибеде қолдану нысандарының бірі ретінде сот-баллистикалық сараптама жүргізуді келтіруге болады.

Сот-баллистикалық сараптама — ол, тергеу және соттық қарау үшін маңызы бар атыс қаруы, оның оқ-дәрілері және қолдану жағдайлары туралы ғылыми негізделген шын мәніндегі деректер алу мақсатында тиісті қорытынды құрастыру арқылы заңға сәйкес процессуалдық формада жүргізілетін арнайы зерттеу⁹.

§2. Сот-баллистикалық сараптама заты, объектілері және міндеттері

Сот-баллистикалық сараптама объектілері көбіне атыс немесе оның мүмкіндігіне байланысты болады. Бұл объектілер шеңбері әралуан. Оларға жататындар:

- атыс қаруы, оның бөліктері, жабдықтары және дайындамалар;
- атыс жүргізетін құрылғылар (құрылысты-монтаждық, старт беру тапаншалары), сондай-ақ пневматикалық (қысылған ауа күшімен жұмыс істейтін және газды қару);
- атыс қаруы және басқа да атыс жүргізетін құрылғыларға арналған оқ-дәрілер мен патрондар, патрондардың бөлек элементтері;
- сараптамалық эксперимент нәтижесінде алынған салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер;
- қару, оқ-дәрі және оның компоненттерін дайындауда, сондай-ақ оқ-дәрілерді жасақтау үшін қолданылған материалдар, аспаптар мен механизмдер;
- атылған оқтар мен гильзалар, әртүрлі объектілердегі атыс қаруын қолдану іздері;
- қылмыстық іс материалдарындағы процессуалдық құжаттар (оқиға болған жерді қарау хаттамалар, фотосуреттер, сызба және сұлбалар);
- оқиға болған жердің материалдық жағдайы.

Әдетте, сот-баллистикалық сараптама объектілері ретінде тек атқыштық атыс қаруы жүретіндігін айта кеткен жөн. Алайда, артиллериялық қарудан атылған гильзалар бойынша сараптама жүргізген мысалдар да аз емес.

Сот-баллистикалық сараптама объектілерінің әрқилы және әр сипатты

⁹ Шакинов А. О. және басқалар. Криминалистика және сот сараптамасы терминдерінің түсіндірме сөздігі / Заң ғылымдарының докторы, профессор М. Ч. Қоғамовтың жалпы редакциясымен шығарылған. — Астана, 2003. — 11 б.

болуына қарамастан, алдына қойылған мақсаттарды екі үлкен топқа ажыратуға болады: идентификациялық сипаттағы міндеттер және идентификациялық емес сипаттағы міндеттер.



Сот-баллистикалық сараптама міндеттерінің жіктемесі

Идентификациялық міндеттерге жататындар: объектінің белгілі бір топқа жататындығын анықтау және жеке даралық идентификация (объектінің теңдігін анықтау).

Топтық идентификация мыналарды анықтайды:

- объектілердің атыс қаруы және оқ-дәрілер санатына жататындығын;
- ұсынылған атыс қаруы мен патрондардың түрін, моделін және типін анықтау;
- атылған гильза, оқ және бөгетте қалған іздер бойынша түрін, моделін анықтау (атыс қаруы жоқ кезде);
- жарақаттың атыстық сипатын және оны жасаған оқтың типі (калибрі).

Жеке даралық идентификацияға жататындар:

- оқ үстінде ұнғы каналынан қалған іздер бойынша қолданылған қаруды идентификациялау;
- атылған гильзада қарудың бөліктерінен қалған іздер бойынша қолданылған қаруды идентификациялау;

- қару немесе оның компоненттерін дайындауда, оқ-дәрілерді жабдықтауда қолданылған құрылғылар мен аспаптарды идентификациялау;
- оқ және гильзаның бір патронға жататындығын анықтау.

Идентификациялық емес сипаттағы міндеттерді үш түрге ажыратуға болады:

- диагностикалық, зерттеудегі объектілердің қасиеттерін айырып тануға байланысты;
- ситуациялық, атыс жүргізу жағдайларын анықтауға бағытталған;
- қайта қалпына келтірушілік (реконструкциялық), объектілердің алғашқы түрін қайта жаңғыртуға байланысты.

Диагностикалық міндеттер:

- атыс қаруы және оның патрондарының техникалық жағдайы мен атыс жүргізу үшін жарамдылығын анықтау;
- нақты жағдайларда шүріппені баспай қарудан атыс жүргізу мүмкіндігін анықтау;
- осы қарудан нақты патрондармен атыс жүргізу мүмкіндігін айқындау;
- қарудан оның ұңғысын ақырғы рет тазартқаннан кейін атыс жүргізу дерегін анықтау.

Ситуациялық міндеттер:

- атыс жүргізу орнын, бағытын және арақашықтығын анықтау;
- атыс жүргізу мезетінде жәбірленуші мен атқан адамның өзара орналасуын анықтау;
- атыстар санын және ретін анықтау.

Қайта қалпына келтіруші (реконструкциялық) міндеттер — ол, көбіне атыс қаруындағы жойылған нөмірлерді айқындау болып табылады.

Енді сот-баллистикалық сараптама затына қатысты мәселелерді талқылауға көшейік.

Біз білетіндей, «зат» деген сөздің екі негізгі мағынасы бар: затты нәрсе ретінде түсінуге болады және зерттеудегі құбылыстың мазмұны нысанында қарастыруға болады. Сот-баллистикалық сараптама затына қатысты, әрине екінші мағынаны ұсынамыз.

Сот сараптамасының заты ретінде сот шешімі үшін және тергеу әрекеттерін жүргізудегі сараптамалық зерттеумен анықталатын жағдайлар жүреді.

Осылайша, сот-баллистикалық сараптамасы сот сараптамасының бір түрі болып табылғандықтан, аталмыш анықтаманы шешілетін міндеттерге қатысты затын нақтылап, сот-баллистикалық сараптамаға жатқызуға болады.

Практикалық қызмет түрі ретіндегі сот-баллистикалық сараптаманың заты болып сот баллистикасы, криминалистикалық және әскери техника са-

лаларындағы арнайы білім негізінде осы сараптама арқылы анықтайтын барлық деректер мен жағдайлар табылады. Дәлірек айтқанда, мынадай мәліметтер:

- атыс қаруының жағдайы жайлы;
- атыс қаруы теңдігінің бар-жоқтығы туралы;
- атыс жағдайлары туралы;
- заттардың атыс қаруы және оқ-дәрі санаттарына жататындығы туралы.

Нақты сараптама заты сарапшыға қойылған сұрақтармен анықталады.

§3. Сот-баллистикалық сараптаманың әдістемелік негіздері

Әрбір сараптаманың, оның ішінде сот-баллистикалық сараптаманың да әдістемелік негізі болып сараптамалық зерттеу іске асырылатын әдіс-тәсілдер мен ережелер табылады. Олар нақты зерттеу түрінің әдістемесінде бірігеді.

Сот сараптамасының әдістемесі — ол, нақты сараптама түріндегі объектілерді зерттеуге қажет техникалық құралдар мен әдіс-тәсілдерді таңдап-қолдануға қатысты ғылыми негізделген нұсқаулар жүйесі.

Нақты іс бойынша сараптамалық зерттеу әдістемесі зерттеудің осы түріне қатысты жалпы әдістеме және нақты міндетті есепке ала сарапшының тәжірибесіне негізделе зерттеу жүргізу барысында қалыптасады.

Сот сараптамасын жүргізудің жалпы әдістемесі мынадай өзара келісілген негізгі зерттеу сатыларын анықтайды:

- алдын ала зерттеу,
- егжей-тегжейлі зерттеу,
- нәтижелерді бағалау сатысы,
- қорытынды құрастыру.

Егжей-тегжейлі зерттеу сатысы былайша бөлінеді:

- бөлек-бөлек зерттеу;
- сараптамалық эксперимент;
- салыстырмалы зерттеу.

Егжей-тегжейлі зерттеу кезеңдерінің реті қойылған міндеттерді тиімді шешу жолдарын ескере отырып таңдалады.

Сот-баллистикалық сараптамасын жүргізу кезіндегі **әдістер**:

- жалпы (бақылау, өлшеу, салыстыру, эксперимент);
- құрал-саймандық және көмектесуші (микроскопия, интроскопия, профилография, химиялық);
- арнайы әдістер.

Бақылау мен өлшеу әдісі сот-баллистикалық сараптамасын жүргізу кезінде пайда болатын барлық сұрақтарды шешуде қолданылады десек қателеспейміз. Аталмыш әдістермен өлшемдік, салмақтық, кейбір арнайы мінездемелері, объектінің құрылымдық қасиеттері, оның жалпы өзінің және бөлшектерінің жағдайлары анықталып жатады.

Эксперименталдық зерттеу әдісі затты атыс қару санатына жатқызу, қарудың атыс жүргізудегі жарамдылығын анықтау, атыс арақашықтығы мен басқада жағдайларды ажырату жайлы мәселелерді шешу барысында қолданылады.

Салыстыру әдісі екі немесе оданда көп объектілер белгілері мен қасиеттерін бірізгіде сәйкестестіре отырып зерттеу және баға берумен байқалады. Сот-баллистикалық сараптамада бірде-бір зерттеу объектілердің салыстыруынсыз жүргізілмейді: бір-бірімен, сондай-ақ эксперименталдық түрде алынған үлгілермен немесе анықтамалық мәліметтермен. Сот-баллистикалық сараптамадағы салыстырудың негізгі тәсілдері — сәйкестіру және қатар қолдану.

Қару детальдары мен бөлшектерінің жағдайын зерттеуде, іздердің микробедерін салыстыруда, қару және оқ-дәрілерді әзірлеу кезінде пайдаланған аспаптарды анықтау кезінде микроскопия қолданылады. Спектрдің ультракүлгін және инфрақызыл бөліктеріндегі микроскопия арқылы атыстан қалған күйе, қару майларының іздерін және оқ-дәрі қалдықтарын ажыратуға болады.

Сот-баллистикалық сараптамадағы интроскопия әдісі айқын емес заттың ішкі құрылымын зерттеу қажеттілігі туындағанда қолданылады. Объектілерге рентген және гамма сәулелерінің көмегімен жарықтандырады.

Қатты заттар беткейіндегі бедерлерді зерттеп-бекітуде профилометрия тәсілі іске асырылады. Профилометрия көбіне, оқтағы ұңғы каналынан қалған және оқ пен гильза үстіндегі сыналау (следы кернения) іздерін зерттеу үшін пайдаланылады.

Химиялық талдау әдістері оқ-дәріні тауып, оның түрін анықтауда, атыстан қалған күйе, металдану іздері мен ысылу белдігін (поясок обтирания), сондай-ақ атыс өнімдеріндегі қорғасын, алюминий тәріздес металдарды ажыратуда қолданылады.

Қарудың атыс жүргізуге жарамдылығы, шүріппеге баспай атылу мүмкіндігі және қарудың техникалық жағдайын қарастыру мақсатында арнайы зерттеу әдістері көрсетілген.

Қазіргі кезде сот-баллистикалық сараптамада қолданылып жүрген әдістердің көп санына қарамастан, өз шешімін таба алмай жүрген мәселелер де баршылық. Олардың арасында мыналарды ажыратуға болады:

- атыс мерзімін анықтау (көп уақыт өткен);

- алыстан атылу арақашықтығын анықтау;
- өте қатты жартыкештенген снарядтар бойынша қаруды идентификациялау;
- бытыра үстіндегі іздер бойынша тегіс ұңғылы қаруды идентификациялау;
- деталь, бөлшек беткейлері жоғары технологиялық өңдеуден өткен кәзіргі кездегі қаруды идентификациялау.

Сонымен қатар қару және патрондардың жаңа түрлерінің пайда болуы сот-баллистикалық сараптама объектілерінің шеңберін кеңейтеді, сондықтан да зерттеу әдістемелерін әрқашан жетілдіруді талап етеді.

§4. Гильзадағы іздер бойынша қаруды идентификациялау кезіндегі криминалистикалық зерттеу әдістемесі

Гильзадағы іздер бойынша атыс қаруын идентификациялау барысында ұсынылған объектілерге байланысты әдетте, екі негізгі ситуация мүмкін.

Бірінші ситуация. Зерттеуге атыс қаруы және атылған гильза келіп түседі. Анықтауға талап етіледі: «Осы гильза ұсынылған қарудан атылған ба?».

Алдын ала зерттеу. Бұл сатыда сараптама тағайындау туралы қаулы мазмұнын қарастырады. Қару мен гильзаны алу шарттарымен, қылмыс жасалғаннан беру өткен уақыт аралығымен байланысты іс жағдайларына ерекше назар аударылады. Қойылған сұрақтар мазмұны анықталады, егер қажет болса, олар түзетіледі және нақтыланады. Буып-түйю жағдайы тексеріледі және орауыш ашылады (орауыш бұзылған болса, ол фотоға түсіріледі). Келіп түскен объектілер қаулыда суреттелгендермен сәйкес келе ме және оларды суретке түсіреді. Шаппалы-шүріппелі механизм бөлшектеріне, сақтандыру механизміне, ескерту құрылғыларына назар аударылады. Егерде қару оқталған болса, оның оғы міндетті түрде алынып тасталынады. Зерттеу міндеттері мен көлемі анықталған соң, оны іске асыру жоспары құрылады.

Бөлек-бөлек зерттеуді келіп түскен гильзаны зерттеуден бастаған жөн. Бұлғанған гильза сабын сумен жуылады, қажет болған жағдайда ацетонмен коррозияға қарсы лак жойылады.

Гильза конструкциясының негізінде, оның өлшемдері, салмағы, маркалық таңбалары арқылы қай патронның бөлігі және қару модельдерінің шеңбері анықталады.

Гильзада, патронның қайта жасалғандығына немесе оны штаттық емес қаруда қолданғандығын көрсететін іздердің бар-жоқтығы айқындалады.

Қару детальдарынан гильза үстінде іздер қалдыма, олардың сипаты, формасы, өлшемі және өзара орналасуы, міне осындай мәселелер зерттеледі. Зерттеуді көзге ұратын және алдын ала белгілі іздерден бастаған жөн. Бұл жерде ескеретін бір жайт, гильзаларда қарумен байланысты емес іздерде болуы мүмкін. Мысалы, кейбір патрон капсульдарында өндіріс механизмдерінің іздері қалуы ықтимал, оларды патрон тірегіштің ізі ретінде қабылдауға болады.

Патрон типіне, қару бөлшектерінен қалған іздерге және оладың сипатына сүйене, қаруды топтық белгілерін анықтауға болады. Осы белгілерді анықтамалық мәліметтермен салыстыра келе, қару моделі айқындалады.

Кейбір жағдайларда әлсін көрінетін іздерді анықтау жеңілдетіледі, егер атылу мезетінде оқтықтағы гильзаның бастапқы қалпы мәлім болса, оны былайша анықтауға болады:

- Наган револьверінен атылған гильзаларда шаппаның сопақша ізі циферблаттың сағат 12 тұсынан көрінсе;
- ТТ тапаншасынан атылған гильзаларда шаппаның сырғанау ізі циферблаттың сағат 12 тұсына бағытталса;
- қайтарғыш ізі көбіне 6-9 сағат тұсына бағытталған, азырақ 3-6;
- ПМ тапаншасынан атылған гильзаларда оқжатар он жақ ерінінің ізі сағат 4 бағытталса.

Микроскопиялық зерттеумен гильза үстіндегі қару бөліктерінен қалған іздеріне баға беріледі (идентификациялық зерттеу үшін жарамды-жарамсыздығын анықтау үшін). Егерде ізде қару тетіктерінің микробедерлері, яғни жеке даралық белгілері кескінделсе, онда оны идентификацияға жарамды деп санауға болады..

Макаров тапаншасынан атылған гильзалардағы іздерді зерттеу көрсеткендей, оқжатардың он жақ ерінінен қалған іздер бойынша идентификациялау шамамен 85 пайызда мүмкін, шаппадан қалған іздер бойынша — 60 %, қайтарғыштан — 30 % және т. б.

Ұсынылған қару оның моделі және жалпы жағдайын анықтау мақсатын зерттеледі. Штаттық емес патрондармен ату мақсатында қару қандай да бір қайта дайындауларға ұшырадыма, ұсынылған гильзаның оқтыққа салыну мүмкіндігі, міне осылар анықталып жатады. Егерде қандай да бір елеулі өлшемдік айырмашылықтар нәтижесінде гильза оқтыққа салынбаса, онда зерттеу «...гильза ұсынылған қарудан атылмаған» деген қорытындымен аяқталады.

Осы гильзаны пайдалана отырып ұсынылған қарудан атылу мүмкіндігі анықталғанда, қару тетіктерінің өзара қарым-қатынасы тексеріледі, бұл жерде жартылай бөлшектеу рұқсат етіледі. Қажет болса, қару атыс жүргізуге жарамды жағдайға келтіріледі. Мұндай әрекет нәтижесінде кейбір де-

гальдар ауыстырылса, онда ол туралы қорытындыда көрсетіледі, ал идентификациялау басқа детальдардың іздері бойынша жүргізіледі.

Сараптамалық эксперимент салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер алу мақсатында іске асырылады. Эксперименталдық гильзаларды алу кезінде орындалатын негізгі нұсқаулар:

- үстінде осыған дейін бар іздерді анықтау мақсатында атыс жүргізу алдында патрондар қараудан өткізіледі;
- мүмкіндік бойынша оқиға болған жердегі гильзаға пара-пар гильзасы бар патрондар пайдаланылады;
- атыс жүргізу мезетіндегі патронның оқтықтағы жағдайы белгіленеді;
- автоматтық қосақталған қарудан эксперименталдық атыс әртүрлі атыс жүргізу режимдарында орындалады;
- револьверлерден атысты әрбір барабан каморасынан жүргізіледі;
- атылған гильзалар үстіне бөтен іздер пайда болмайтындай жағдайда ұсталынады;
- әрбір атыстан кейін қару қаралады, ал атылған гильза тиісті жазулары бар орауышқа салынады.

Эксперименталдық атыстардың қажетті саны әрбір жағдайда жеке анықталады және қарудың белгілерді кескіндеу, бейнелеу тұрақтылығына байланысты болады, бірақта **үштен кем** болмауы керек.

Алынған эксперименталдық гильзалардан қару тетіктерінен қалған іздер айқындалады және олардың әрі қарай салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін жарамдылығы бағаланады.

Салыстырмалы зерттеу кезеңі эксперименталдық гильзалардағы іздерді салыстырудан басталады. Іздерді салыстыру арқылы топтық және жеке дара белгілердің орнықтылығы және олардың гильзаларда тұрақты бейнеленуіне көз жеткізіледі. Қажет болғанда, мысалы іздердің елеулі вариацияда пайда болуына қарай, сәйкес келетін белгілер жиынтығы кескінделгенше, эксперименталдық атыстарды жүргізе береді. Сонан соң үстінде топтық және жеке даралық белгілер ең толық түрде бейнелеген гильзаны таңдайды және оны оқиға болған жерден алынған гильзада кескінделген белгілер жиынтығымен салыстырады. Гильзалар үстіндегі іздерді салыстыру трасологияда қабылданған сәйкестіру, ұқсастыру және қатар зерттеу әдістерімен іске асырылады.

Салыстырмалы зерттеу нәтижелеріне баға беру кезінде қару теңдігінің бар-жоқтығы туралы тұжырым жасау үшін қажет сәйкес келетін немесе ажырататын белгілердің жеткілікті көлемі анықталады. Сәйкес келетін белгілер көбірек болғанда, орын алуы мүмкін ерекшеліктерге де баға беру керек. Мұндай тәжірибегедей факторлар ескерілуі керек:

- оқиға және теңдестіру аралығында қарумен болған өзгерістер;

- осы аралықта гильзамен болған өзгерістер;
- эксперименталдық және қылмыстық атыс жүргізу жағдайындағы айырмашылықтар.

Атылған гильзадағы іздер бойынша атыс қаруын идентификациялау кезінде мынадай жайды ескерген жөн, мысалы оқжатар еріні немесе шаппадан қалған іздер бойынша қару толығымен теңдестірілмейді, оның нақты тетігі (оқжатар немесе шаппа) идентификацияланады. Сондықтан да теңдігі туралы және ондай жоқ болғанда ерекше түрде, мұндай тұжырымдар өзгерістерді ескере отырып, іздерді салыстыру негізінде құрастырылу керек.

Екінші ситуация, гильзадағы іздер бойынша қару жоқ кезде оны идентификациялау. Мұндай жағдайда зерттеуге бір немесе бірнеше оқиға болған жерден алынған гильзалар келіп түседі. *«Аталмыш гильзалар қарудың бір түрімен атылған ба?»* сұрақ қойылады.

Мұндай жағдайдағы сараптамалық зерттеудің негізгі айырмашылығы — эксперимент сатысының жоқтығы. Бөлек-бөлек зерттеуден кейін, бірден салыстырмалы зерттеу кезеңіне көшеді. Бұл кезеңде гильзадағы іздер арқылы анықталған қарудың топтық белгілері салыстырылады, ал олар сәйкес келгенде, жеке даралық белгілері салыстырылады. Салыстырмалық зерттеу нәтижелері бойынша теңдік бар немесе жоқтығы туралы қорытынды жасалынады. Салыстырмалық зерттеу нәтижелеріне баға беру кезінде мынадай деректер ескеріледі:

- оқиға аралығындағы уақыт;
- гильзаның алуға дейінгі және кейінгі болған жағдайлары;
- атыс жүргізу жағдайларында болуы мүмкін ерекшеліктер.

Қарастырылған екі ситуация әрине, гильза үстіндегі іздер бойынша қаруды идентификациялау кезінде болуы мүмкін барлық жағдайларды қамтымаған, алайда олар басқалар үшін базалық болып саналады. Мысалы, зерттеуге әртүрлі оқиға болған жердегі гильзалар және қару келіп түскенде немесе оқиға болған жерде қолданылған қару санын анықтау қажет болғанда керек.

Фотокесте жүргізілген зерттеу нәтижелерін көркемдеп көрсетеді. Әдетте, онда келіп түскен гильза және оның маркалық таңбаларының, гильза үстінен табылған қару іздерінің тиісті түсіндірме жазулармен расталған фотосуреттері орын алады.

Сәйкестіру әдісімен іске асырылған салыстырмалық зерттеу нәтижелері фотомен көркемделеді, ізде кескінделген қарудың топтық және жеке дара белгілері көрсетіледі. Әдетте, сәйкес келетін белгілер қызыл түсті сиямен, ал айыратын белгілер — көк түсті сиямен көрсетіледі. Қажет кезде бақылаушы фотографиялар келтіріледі. Трассаларды қатар көрсетудің нәтижелері салыстырушы микроскопты пайдалану арқылы жасалған көркемделе-

ді. Бұл жерде эксперименталдық гильзаларды бір-бірімен салыстыру нәтижелерін де көркемдеп көрсету талап етіледі.

Салыстырмалық зерттеу нәтижелерін фотокестеде көркемдеу әдетте, тек объектінің теңдігін табу кезінде ғана келтіріледі.

§5. Атыс қаруының жағдайын криминалистикалық зерттеуден өткізу әдістемесі

Атыс қаруы жағдайының сараптамасы көбіне, мынадай бір-бірін толықтырушы және бір-бірімен байланысты сұрақтарға жауап арқылы көрсетіледі:

- қару бұзық емеспе және атыс жүргізуге жарамдыма?
- нақты жағдайларда шүріппеге баспай ұсынылған қарудан атыс жүргізу мүмкінбе?

Жарамдылық туралы сұрақ қарудың өзімен қатар, оның бөлек тетіктеріне, көбіне шаппалы-шүріппелі механизмiне қатысты болады.

Сот сараптамасын жүргізудің жалпы әдістемесiне сәйкес зерттеу алдын ала сатыдан басталады. Зерттеуге келіп түсетін қару қауіпті зат болғандықтан, оны алдын ала зерттеуден өткізудің бірқатар ерекшеліктері болады. Мұндай ерекшеліктер алдымен, қаруды ұстау кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтаумен байланысты.

Қауіптілік, біз білетіндей, қаруды алысымен пайда болады. Егерде орауыш ондай мүмкіндік берсе, сарапшы сыртынан қарау барысында шаппалы-шүріппелі механизмнің орналасқан жерін анықтау керек (атылайын деп тұрма, сақтандырғышта ма). Осындай қарау нәтижесінде қару жан-жағындағыларға қауіпсіз екендігіне көз жеткізіледі.

Алдын ала зерттеу кезінде сарапатама тағайындау туралы қаулы мазмұны талданады. Қаруды алу жағдайларына, қылмыстан кейін өткен уақыт аралығына және т. б. байланысты істің мән-жайына ерекше көңіл бөлінеді. Қойылған сұрақтардың мазмұны талданып, қажет болса, олар нақтыланып және түзтіліп қайта құрастырылады. Буып-түйю қалпы тексеріледі және ашылады (орауыш бүлінген болса, ол жері фотоға түсіріледі). Келіп түскен объектінің қаулыда суреттелгенге сәйкестілігі анықталады. Шаппалы-шүріппелі механизм, сантандырғыш механизмі, белгі беру құрылғылар детальдарының сол кездегі жағдайына назар аударылады.

Әрі қарай қарудың оқталған-оқталмағандығын тексереді, егерде оқталған болса, онда міндетті түрде оның оғы алынуы тиіс. Тегіс ұңғылы аңшылық мылтықтың оғын алу мақсатында бүккенде өте сақ болуы керек, өйткені оқтықта патрон болып, шаппадағы ақау салдарынан атылып кетуі мүм-

кін. Қолдан жасалған қарудағы оқты алу кезінде де ерекше көңіл аударылып, сақтанған жөн. Бұл жерде шаппалы-шүріппелі механизм детальдарының сенімсіз қимылдарын естен шығармау керек.

Егжей-тегжейлі зерттеу объектіні қараудан басталып, мынадай мақсаттарды көздеген:

- қарудың конструктивтік ерекшеліктерін талдау және келешекте қару моделі анықталуы мүмкін белгілер ажыратылады (егерде бұл қару зауытта әзірленсе);
- негізгі детальдарды, олардың өзара орналасуы мен жағдайын анықтау.

Ескеретін бір жайт, диагностикалық зерттеулерде қару моделін анықтау міндеті сұрақ қойылған-қойылмағанына байланыссыз шешіледі. Оның себебі қарудың жарамдылығын тексеру үшін нақты модельдің анықтамалық мәліметтерімен салыстыру қажет.

Қараудың басында объектінің жалпы конструкциясы бөлшектеусіз талданады, онда төмендегідей мәселелер анықталады:

- негізгі детальдардың болуы (ұңғы немесе ұңғылар жиынтығы, ұңғылық қораб, затвор, бөлшектеусіз байқалатын шаппалы-шүріппелі механизм детальдары, сақтандырғыштар, нысаналық құрылғылар, ложа немесе рамка элементтері);
- объектілердің габариттік (ауқымдық) өлшемдері;
- маркалық таңбалардың мазмұны мен орналасуы;
- қарудың жалпы өзі фотоға түсіріледі.

Ұсынылған қарудан ақырғы тазалаудан кейін атыс жүргізілгендігі туралы ақпаратты сақтап қалу мақсатында, ұңғы каналындағы болуы мүмкін атыс өнімдері дәкелік тампон көмегімен алынып, тиісті жазулары бар конвертке салынады.

Кейбір жағдайларда маркалық таңбалар қарудың калибрі мен моделін көрсетіп тұрады, алайда, аталмыш мәліметтер зерттеу барысында нақтылану керек.

Қаруды қарау жалпы алғанда осымен аяқталады. Әрі қарай оның бөлек тетіктері мен механизмдерінің ерекшеліктері қаралады. Бұл жерде қаруды жартылай бөлшектеуге болады, алайда, қару кейін қайта жиналғанда, оның бұрынғы қалпы өзгермейтіндігіне көз жету керек.

Осы кезеңде анықталатын мәселелер:

- ұңғыны қарау арқылы оның конструкциясы (ойықты, тегіс ұңғылы), қалпы және ақауларының болуы анықталады;
- ұңғы ұзындығы өлшенеді және оның калибрі анықталады. Ойықты қару калибрі бір-біріне қарама-қарсы орналасқан ойықтар алаңы аралығымен өлшенеді, ал тегіс ұңғылы қару — арнайы аспап көмегімен

мылтықтың оқталатын бөлігінен (казенный срез) 220 мм аралықта ұңғы каналын өлшеумен анықталады;

- оқтық формасы, қалпы талданады және осы қару үшін штатты патронды ажырату мақсатында оның өлшемдері анықталады;
- қару калибрі 5,6 мм екендігі анықталса, онда оқтықтың (патронник) ортасына қатысты орналасқан шаппа бойынша патрон түрі анықталады (шеңберлі немесе ортасынан ұратын, от алдыратын);
- бекіту механизмінің конструктивтік ерекшеліктері, жабу тәсілі және қалпы анықталады;
- ложа немесе рамка формасы, өлшемі және қалпы анықталады;
- оқжатар конструкциясы, қалпы және жалпы оның болуы айқындалады;
- автоматика түрі мен типі, сақтандырғыш құрылғылардың болуы анықталады;
- детальдардың қарудың бір түріне жататындығын анықтау мақсатында әртүрлі детальдардағы нөмірлер сәйкестендіріледі;
- маркалық таңбалар, детальдардағы нөмірлер және табылған ақаулар суретке түсіріледі.

Табылған белгілерді, техникалық сипаттамаларды және конструктивтік ерекшеліктерді анықтамалық мәліметтермен салыстыру кезінде қару моделі жайлы тұжырым жасалынады немесе маркалық таңбалар туралы мәліметтер дәлелденеді.

Зерттеудің келесі кезеңі ретінде қару механизмдері мен тетіктерінің өзара әрекеттесуін тексеру жүреді. Оның мақсаты:

- бөтен заттарды және көзге көрінбейтін деталь ақауларын айқындау;
- детальдардың қажетті қозғалмалылығын және дұрыс жиналғандығын анықтау.

Затвор шеткі қалпына барама, шүріппе (курок) атылатын және сақтандыратын жағдайда берік тұрама, міне осы мәселелер тексеріледі және қажет болса, бекітіледі. Динамометр көмегімен шүріппеге түсірілетін қажет күш өлшенеді. Тегіс ұңғылы аңшылық мылтықтарға қатысты, олардың бүгілетін жерлерінің жабық тұрғандағы беріктілігі және шаппаның қозғалмалылығы тексеріледі. Қару механизмдері мен тетіктерінің өзара әрекеттесуін тексеру нәтижесінде эксперименталдық атыс кезеңіне өту туралы шешім қабылданады.

Эксперименталдық атыс екі кезеңде іске асырылады. Бірінші кезеңде тек капсульмен жасақталған гильзалар пайдаланылса, екіншіде — шын мәніндегі, отты патрондар қолданылады.

Қарудың атысқа дайындығын байқату, оны іске асыру үшін арнайы тәсілдер мен нақты формалар қажет болса, осыларды анықтау мақсатында бірінші

кезең эксперименттерден басталады. Атыс және оны жүргізуге талпыныс сандарын, оларды жүргізу ерекшеліктерін (мысалы, нақты жағдайда қарудан атыс жүргізу) бекіте отырып, эксперименттерді бірнеше рет қайталайды.

Осы эксперименталдық атыс жүргізу кезеңінде шүріппеге баспай атылу мүмкіндігі де айқындалады. Ол үшін қаулыда көрсетілген шарттарға сәйкес эксперименттер жүргізіледі. Қажет болғанда, қаруды қатты беткейге жалпағынан және тігінен лақтырады; шүріппе құлағынан, қапсырмасынан және басқада тетіктер бойынша ұрыстар резеңке балғамен істің мән-жайына қатысты жүргізіліп-бағаланады. Эксперименттер бірнеше рет қайталанады және оның нәтижелері бекітіледі. Әдетте, шүріппеге баспай атылу мүмкіндігін айқындауға қатысты эксперименттер осы кезеңде аяқталады.

Эксперименттердің (шын мәніндегі оқтармен ату) келесі кезеңіне өту алдында қаруды толығымен бөлшектеу талап етіледі.

Қаруды толығымен бөлшектеу мынадай мәселелерді анықтау үшін жасалынады:

- әрі қарай отты патрондармен атыс жүргізудің қауіпсіз екендігіне көз жеткізу;
- қарудың жарамдылығы жайлы сұраққа үзілді-кесілді жауап қайтару;
- атыс жүргізу үшін қару жартылай жарамды немесе мүлдем жарамсыз болу себептерін айқындау;
- шүріппеге баспай атылу себептерін айқындау.

Қарудың жарамдылығы туралы үзілді-кесілді шешім қабылдау барысында сарапшы, анықтамалық түпнұсқалар немесе көрнекі жинақтарды пайдалана отырып, барлық детальдардың болуын, олардың сипатын және дұрыс жиналуын анықтайды. Атылу, сақтандыру қалпына келтіру қырларына және шептала жағдайларына ерекше назар аударылады. Табылған ақаулар фотоға түсіріледі.

Қаруды толығымен бөлшектеу және оны тазалау шүріппеге баспай атылу мүмкіндігін айқындау мақсатында (егерде мұндай сұрақ қойылса) тек эксперименттерден кейін жүргізілетінін естен шығармаған жөн. Шаппалы-шүріппелі механизмді толық бөлшектеп, тазалау кезінде шүріппеге баспай атылу мүмкіндігін айқындайтын себептер жойылуы ықтимал, ал ол өз алдына сарапшының қате тұжырым жасауына әкеп соқтырады.

Сараптамалық зерттеу отты, шын мәнідегі патрондармен атыс жүргізумен аяқталады (эксперименттің екінші кезеңі). Мүмкін болса, үш атыс кем жүргізбеу керек. Бұл кезеңде қарудың жарамдылығы туралы үзілді-кесілді қорытынды құрастырылады.

Егерде шын мәнідегі патрондармен атыс жүргізу қауіпсіз екендігінде күмән болмаса, онда қарудың толық бөлшектеуін кейінде іске асыруға болады. Сондай-ақ екі ұңғылы аңшы мылтығының бір ұңғысынан атыс жүр-

гізуден болған сілкіністен шүріппеге баспай атылу мүмкіндігін анықтауды мылтықты толық бөлшектеуге дейін жүргізген жөн. Мұнда қауіпсіздік шараларын қатаң сақтағаны дұрыс.

Егерде зерттеу барысында қару атыс жүргізуге жарамсыз екендігі анықталса, сарапшы онда атыс қаруының сараптамаға келіп түскен мезеттегі жағдайы туралы қорытындалармен шектелмеу керек. Зерттеу толық болу үшін ол атыс жүргізуге жарамды ететіндей мүмкіндіктер мен оған қажетті іс-қимылдарды айқындауға міндетті. Егерде жоғарыдағы шаралармен қару конструкциясына елеулі және қайтымсыз өзгерістер енгізіліп, ол үшін арнайы материалдар мен аспаптар қажет болмаса, онда сарапшы бастамашылық түрінде ақауларды жойып, зерттеуді әрі қарай жалғастырады. Мұндай іс-қимылдардың қажеттілігі Жоғарғы Сот Пленумының қаулысында, яғни атыс қаруының заңсыз айналымына қатысты баптар бойынша жауаптылық кінәлінің жөндеп алу мүмкіндігі болған жарамсыз қаруға да байланысты деп көрсетілген. Осылайша, қарудың атыс жүргізуге жарамсыз ету себептері ретінде ұңғы каналындағы топырақ (лай) немесе шаппаның жоқтығы (оны қарапайым шегемен ауыстыра салуға болады) жүрсе, сарапшы бұл жайтты белгілеп, ұңғыны тазалап немесе қолдан жасалған шаппа қолдана отырып зерттеуді әрі қарай жалғастыруға міндетті. Алайда, сарапшының бастамашылығы жете ұғынарлық, әрі шектен шықпайтындай болу керек.

Қарау және тетіктер мен механизмдердің өзара қимылдарын тексеру барысында қару атыс жүргізуге жарамсыз және оны ондай жағдайға келтіру мүмкін болмаса, онда экспериментті жасамай, қару толық бөлшектенеді және атыс жүргізуге жарамсыз деген тұжырымды тек материалдық бөлігін талдау негізінде ғана іске асырады.

Қару жағдайын анықтауға қатысты сұрақтарды шешу кезінде қорытындының зерттеулік бөлігінде объектіні суреттеу мынадай мәселелерді көрсету керек:

- шаппалы-шүріппелі механизм детальдарының келіп түскендегі жағдайы;
- өлшемдері және маркалық таңбалары;
- қарудың белгілі бір топқа жататындығын анықтауға мүмкіндік беретін конструктивтік ерекшеліктері;
- тетіктер мен механизмдердің өзара қимылдары;
- қару бөлшектері мен бөлек детальдарының жағдайы.

Суреттеу кезінде келешекте сарапшының тұжырымдарына маңызды болатын табылған ақаулар мен детальдардың өзара қимылдарындағы бұзылыстарға ерекше көңіл аударылу керек.

Объектіні суреттеуге қойылатын талаптардың бірі болып ықшамдылық табылады, өйткені қисынсыз суреттеу көлемін кеңейту қорытындыны керек

жоқ ақпаратқа толтырып, оны қабылдауға кедергі жасайды. Сонымен қатар суреттеуді шамадан тыс тарылту арқылы сарапшы қорытындысын ойға қонымсыз және сенімсіз ету қорқынышы пайда болады. Атыс қаруын суреттеу кезінде мемлекеттік стандартқа сәйкес терминдер мен сараптама тәжірибесіндегі көпшілікпен қолданылатын сөз тіркестері пайдаланылуы қажет, онсыз суреттеу өзінің дәлділігін, біркелкілігін жойып, тұжырымдардың негізділігіне күмән тудырады.

Қару моделін анықтауға қатысты салыстырмалы зерттеу нәтижелерін ортаға салу кезінде сарапшы қалай және немен (анықтама кітапшалары, үлгілер жинағы және т. б.) салыстырғандығын көрсетіп беру керек.

Қорытындыда сараптамалық экспериментті баяндау барысында міндетті түрде мыналар көрсетіледі:

- эксперимент мақсаты (атыс жүргізуге жарамдылық формасын және шүріппеге баспай атылу мүмкіндігін анықтау);
- осыларды іске асыру тәртібі мен шарттары;
- қолданылатын құралдар;
- нәтижелері және олардың тұрақтылығы.

Егерде сараптамалық бастамашылық шеңберінде сарапшы қаруды атыс жүргізуге жарамды етуге қатысты нақты іс-қимылдар жасаса, онда ол міндетті түрде қорытындының зерттеулік бөлігінде көрсетіледі.

Тұжырымдарды синтездеу барысында міндетті түрде қарудың жарамсыздығын көрсететін нақты себептер, атысқа жарамды-жарамсыз ететін нақты формалар қорытындыда орын алады. Егерде қару арнайы тәсілдерді пайдалану арқылы атыс жүргізуге жарамды деп табылса, онда осы тәсілдер аталып өтеді. Нақты жағдайларда шүріппеге баспай атылу себептері міндетті түрде суреттеледі.

Сарапшы қорытындысы тұжырымдарды құрастырумен аяқталады. Онда қаулыдағы қойылған әрбір сұраққа жауап орын алып, аталмыш жауаптардың екіұшты мәні болмау керек.

Атыс қаруын диагностикалық зерттеуден өткізу бойынша сарапшы қорытындысының фотокестесінде төмендегідей фотографиялар болуы қажет:

- қарудың жалпы түрінің;
- қару бөлшектерінің үстіндегі маркалық таңбалар және нөмірлерінің;
- қажет болса, суреттемені көркемдеу үшін қарудың бөлек тетіктерінің;
- атыс қаруының детальдары мен тетіктерінен табылған ақаулардың.

Фотокестеден басқа, сарапшы қорытындысына сұлба, сызба және оны растайтын басқа да көркемдеуші материалдар қоса тіркеледі. Қорытындының зерттеулік бөлігінің мәтінінде оларға сілтеме жасалынады, барлық көркемдеуші материалдар түсініктеме жазулармен қосақталып, оған сарапшының қолы қойылады.

§6. Жақыннан ату арақашықтығы мен бағытын анықтауға қатысты сараптамалық зерттеу әдістемесі

Мұндай сараптамалық зерттеу кезінде түпнұсқалы ақпаратқа байланысты үш ситуация мүмкін:

- жарақатты объект және оны келтірген қару бар;
- жарақатты объект бар және қолданылған қару моделі мәлім;
- тек жарақатты объект ғана бар.

Бірінші ситуация. Салыстырмалы зерттеу сатысында объекті үстінде атыс қаруынан қалғандарға ұқсас жарақаттар ізделінеді. Ол үшін морфологиялық белгілер зерттеуден өткізіледі (формасы, өлшемі, шеттерінің сипаты, жұлынған мата іздерінің бар-жоқтығы). Егерде бұл белгілер атыс қаруынан қалған жарақатқа көрсетсе, онда ол айналасынан күйе, оқ-дәрі, май қалдықтарын іздеуге бағдар береді.

Тесік маңайындағы объект учаскесі күйлену, шарпу, оқ-дәрі және май қалдықтарын ажырату мақсатында зерттеледі. Ескеретін бір жайт, әртүрлі бұлғанулар, қан немесе объектінің қара түсі атыстың қосымша деректерін көрсететін іздерді бүркемелеуі мүмкін.

Атыстың қосымша деректерін көрсететін іздерді анықтау мақсатында тиісті әдістер қолданылады. Атыстың қосымша деректерін көрсететін іздер анықталған соң, күйлену, оқ-дәрі қалдықтары қалған зоналар тиісті өлшеуден өткізіледі, олардың орналасуы (топографиясы) анықталады.

Анықталған белгілер жиынтығының негізінде мыналар ажыратылады:

- жарақаттың атыс қаруынан қалу сипаты;
- атыс қаруынан қалған жарақаттардың енген және шыққан жақтары;
- атыс түрі (тіреп қойып ату, жақыннан ату, алыстан ату);
- атыстың шамамен бағыты;
- қолданылған қару калибрінің сәйкес келуі және оның ұсынылғанмен бір топқа жататындығы.

Енген жағынан объекті масштабтық тәсілді қолдану арқылы оқтан қалған жарақатты объектінің өзінде немесе фотода көрсете отырып фотоға түсіріледі.

Алдын ала салыстыру кезеңінде айқындалған белгілер жиынтығы атыс іздерінің әртүрлі арақашықтықта кескінделу сипаты туралы анықтамалық мәліметтермен сәйкестіріледі. Мұндай алдын алу салыстыру нәтижелері сарапшыға эксперименталдық атыс жүргізу арақашықтар интервалын тарылтауға мүмкіндік береді.

Эксперименталдық атыс жүргізу кезінде төмендегідей мәселелер қажет:

- зерттеудегі объектіге барынша жақын физикалық-химиялық қасиеттермен жабдықталған эксперименталдық нысаналар пайдалану;

- оқиға болған жердегіге пара-пар патрондарды пайдалану;
- қылмыстық атыс мезетіндегі метеорологиялық факторларды ескеру.

Зерттеудегі объектіні және эксперименталдық нысаналарды қарастыру барысында анықталған белгілер жиынтығын салыстырмалы талдаудан өткізу кезінде күйелену дақтарының көлемі, оқ-дәрі қалдықтарының саны тәрізді көрсеткіштердің шешуші маңыздылығы бар. Жүргізілген салыстыру негізінде атыс арақашықтығы мен бағыты жайлы тұжырым құрастырылады.

Екінші ситуацияның өзгешелігі салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер алу кезінде қарудың тиісті моделі қолданылады (бірнеше данасы болса дұрыс болар еді) немесе қарудың осы моделіне қатысты жақыннан ату іздері туралы кестелік мәліметтермен салыстырылады.

Үшінші ситуацияда атыс арақашықтығын шамамен анықтауға болады. Оның себебі, атыс іздері бойынша әдетте, атыс жүргізілуі мүмкін қару модельдерінің жеткілікті түрде кең шеңбері анықталады. Анықтамалық мәліметтерді пайдалана отырып, олардың әрқайсысына атыс арақашықтығының төменгі және жоғарғы шекаралары табылып жатады. Тұжырымдарда ең ықтимал интервал көрсетіледі, шекара ретінде ең төменгі және ең жоғарғылары таңдалады.

Қарастырылған әдістеме атыс іздерін эксперименталдық немесе анықтамалық мәліметтермен салыстыруға негізделген. Алайда мұндай көзқарас жалпы алғанда, атыс арақашықтығын дәл анықтауға мүмкіндік бере қоймайды. Сондықтан атыс жағдайларын анықтауда жана әдістерді ойлап табу сараптамалық зерттеулер теориясы мен практикасының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

§7. Патрондарды криминалистикалық зерттеуден өткізу әдістемесі

Қол атыс қаруының патрондарын және олардың элементтерін (оқ, гильза, оқ-дәрі, тығын (пыж), капсуль және т. б.) сот-баллистикалық зерттеуге жататын кеңінен тараған объектілер қатарына жатқызуға болады.

Сараптама тағайындау барысында әдетте, мәні бойынша сарапшыларға мыналарды анықтау ұсынылатын сұрақтар қойылады: ұсынылған патрондар немесе басқада заттар оқ-дәрілер болып табылама, қандай түріне жатады, оларды дайындау тәсілі, атыс жүргізуге жарамдылығы және мақсатына қарай пайдалану, штатта болуы және осы патрондармен нақты қару түрінен атыс жүргізу мүмкіндігі.

Объектілердің қол атыс қаруына арналған оқ-дәрілер санатына жата-

тындығын анықтау және олардың түрін ажыратуға бағытталған сараптама- ны жүргізу кезінде оқ-дәрі санатына жататын объектілер шеңберін нақты анықтап алған жөн. Криминалистикалық анықтамаға сәйкес қол атыс қа- руына арналған оқ-дәрілер белгілерінің бірі — олардың құрылымы жағы- нан көп компонентті болуы. Олар міндетті түрде мыналармен жабдықталу керек:

- а) гильзалар (гильзасыз патрондарды есепке алмағанда);
- б) ұшыратын (лақтыратын) құрам (оқ-дәрі немесе оны ауыстыратын заттар);
- в) бастамашылық, қоздырушы құрам (капсюль);
- г) снаряд (оқ, бытыра, картечь).

Сонымен қатар оқ-дәрілерге жататын объектілер тікелей нысананы за- қымдауға арналу керек. Осылайша, зерттеудегі патрондардың қол атыс қа- руына арналған оқ-дәрілер санатына жататындығын анықтау олардың қан- дай элементтерден тұратындығын және мақсаттылығын ажыратуға негіз- делген.

Алдын ала зерттеу сатысында:

- объектілерді буып-түйю жағдайын, істің мән-жайын және қойылған сұрақтар талданады;
- келіп түскен объектілердің қаулыдағы суреттемеге сәйкестігіне көзін жеткізеді.

Егжей-тегжейлі зерттеу мынадай тәртіппен жүргізіледі.

Көп объектілі сараптама кезінде патрондарды алдымен сыртқы түрі, ма- териалдар және маркалық таңбалар арқылы сұрыптайды, масштабтық ере- желерге сәйкес суретке түсіріледі.

Сыртынан қарау барысында мыналар анықталады:

- құрастырушы элементтердің болуы және олардың саны;
- конструкция ерекшеліктері (гильза және оқ түрі, оларды бір-бірімен бекіту тәсілі);
- маркалық таңбалардың болуы.

Айқындалған маркалық таңбалар суретке түсіріледі.

Өлшеуге жататындар:

- гильза және жалпы патронның ұзындығы;
- гильза аузының (дульца), корпустың, фланецтің диаметрі;
- оқтың алдыңғы бөлігінің диаметрі.

Сыртынан қарау нәтижелері бойынша осы объект атыс қаруына немесе басқа атыс жүргізу құрылғысына арналған патрондарға жатама, сол туралы алдын ала тұжырым жасалынады.

Патрон элементтерін өңдеу сапасын, олардың конструкциясы мен мате- риалын, сондай-ақ маркалық таңбалар мазмұнын ескере отырып патронды

дайындау тәсілі туралы қорытынды шығарылады.

Зауытта дайындалған патронның атыс қаруының нақты түріне арналған оқ-дәріге жататындығы туралы қорытынды онда барлық сипаттамалық элементтер орын алғанда ғана жасалынады. Олардың болуы эксперименталдық атыс немесе патронды бөлшектеумен анықталады. Эксперименталдық атыс арқылы бірден оқ-дәрілердің (боеприпасы) атыс жүргізуге жарамды екендігі тексеріледі.

Патрон түрі мен мақсатын анықтау конструкциясын, өлшемін, маркалық таңбаларын анықтамалық мәліметтермен салыстыру арқылы іске асырылады. Мұнда, үлгілері бұрын дұрыс анықталған патрондардың анықтамалық жинағы елеулі көмек көрсетеді.

Оқ-дәріні сипаттайтын барлық элементтер бар патрондар өнеркәсіппен шығарылады, бірақта оның тиісті, яғни нысананы зақымдау мақсаты жоқ екендігін ескерген жөн.

Мақсаттылығын ескере отырып, оқ-дәрілерге мыналарды жатқызуға болмайды:

- оқпен және онсыз болатын мал соятын жерлердегі малды өлтіруге арналған патрондар;
- капсулі бар гильза, оқ-дәрілік заряд және жанатын немесе жанбайтын металл емес оғы бар атысты алдамшы ететін немесе дауыс беру үшін қолданылатын патрондар;
- ауланы жарықтандыру, жарық сигналдарын беру үшін қолданылатын патрондар және басқада сигналдық патрондар;
- улы заттармен іске асырылатын химиялық (газдық) патрондар (нысананы зақымдауда снарядтың механикалық энергиясы пайдаланылмайды);
- арнайы лақтырылатын элементтердің соққысы арқылы ауырғанды түйсіндіретін снарядтары бар патрондар;
- жануарларды зиянсыз етіп, қимылдатпай тастайтын патрондар.

Қолдан жасалған патрондарды зерттеу зауытта жасалғандарды зерттеуден былайша ажыратылады: оқ-дәрілер санатына жатқызу үшін барлық қажетті элементтермен бірге. Зақымдаушы мүмкіндік конструктивтік ерекшеліктерге қарай патрон бағытталған қарудан эксперименталдық атыс жүргізу жолымен анықталады. Егерде снарядтың зақымдаушы мүмкіндігі жеткіліксіз болса, онда қолдан жасалған патрон оқ-дәрі болып қабылданбайды. Криминалистикада снарядтың зақымдаушы мүмкіндігі оның калибрі және кинетикалық энергиясымен анықталады, оны есептеу үшін снарядтың бастапқы жылдамдығы өлшенеді.

Эксперименталдық тексеріс нәтижелері бойынша зерттеудегі патрондардың оқ-дәрілер санатына жататындығы туралы тұжырым жасалынады.

Тұжырымда, оның қолдан жасалғандығына, қандай қару түрімен атыс жүргізуде қолданылуы мүмкін екендігі жайлы сілтеме орын алу керек. Егерде қолдан жасалған патрондардың бөлек элементтері өнеркәсіптік әзірлеуге жататын болса, қорытындыда ол көрсетіледі. Бұрын оған арналмаған қарудан атыс жүргізуге икемдеу мақсатында қайта дайындауға душар болған өнеркәсіптік патрондарға қатысты, қорытындыда қарудың екі түрінде көрсету қажет.

Оқ-дәрілердің жағдайын диагностикалау негізінде олардың атыс жүргізуге және мақсаты бойынша қолдануға жарамдылығын анықтаумен байқалады.

Оқ-дәрілердің жарамдылығы, яғни олардың элементтері мен баллистикалық сипаттамалары техникалық талаптар мен нормаларға сәйкес келуі. Оқ-дәрілердің атыс жүргізуге жарамдылығы деп снарядты лақтыру үшін жеткілікті газ шығарумен от алдыратын құрамға механикалық әсер ету арқылы оқ-дәрілік зарядтың жану мүмкіндігін айтады.

Мақсаты бойынша пайдалануға жарамдылығы — оқ-дәрілердің нысананы снарядпен зақымдау мақсатын орындау мүмкіндігі.

Патрондардың жағдайы мен қасиеттері механикалық және термиялық әсер ету, сондай-ақ сақтау талаптарын бұзу нәтижесінде өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Оқ-дәрілерді диагностикалау кезіндегі **алдын ала зерттеу сатысының** жоғарыда қарастырылған патрондардың жіктемелік зерттеуінен түптеп келгенде айырмашылығы жоқ.

Егжей-тегжейлі зерттеу төмендегідей тәртіп бойынша іске асырылады.

Басында зерттеу объектілері ақауы бар патрондар және ақаусыз патрондар деп ажыратылады.

Эксперименталдық атыс жүргізу мүмкін ақауы бар патрондарды ақаулардың біртүрлілігіне қарай топқа бөледі. Бұл жерде ақаулар ретінде мыналар танылады:

- механикалық жарақаттар (тесіктер, майысулар, кесілген жерлер);
- оқтың гильзаға орналасу конструкциясына сәйкес келмеу нәтижесінде пайда болған ауытқулар;
- капсульдегі шаппадан қалған майысулар мен іздер;
- коррозиялық бүліністер (тот басу, қабыршақтану, бөртпелер және т. б.);
- гильзаның шет-шетінде немесе капсульдің жан-жағындағы кристалдар мен қонбалар сілтейтін лақтырушы заряд немесе капсульдің от алдырушы құрамындағы мүмкін болатын химиялық өзгерістер.

Сонан соң әрбір топ ішінде түрлері, үлгілері және маркалық таңбалары бойынша сұрыптау жүргізіледі. Барлық табылған патрондардың топтары

гильза түбіндегі маркалық таңбалар көрінетіндей фотоға түсіріледі.

Ақаулары бар патрондар жарамсыз болып саналады. Көзге көрінетін ақаулары жоқ патрондардың жарамдылығы және олардың атыс жүргізуге жарамдылығы эксперименталдық түрде тексерілді.

Патрондағы ақау, қарудың дұрыс пайдалануына кедергі жасаса, оны эксперимент жүргізбей-ақ атысқа жарамсыз санауға болады. Егерде патронның жағдайынан оны қару оқтығына енгізу мүмкін болмаса (мысалы, патрон үстіндегі бұлғаныстар), онда сараптама бастамашылығымен патронды тазартуға бағытталған нақты іс-қимылдар рұқсат етіледі.

Анықтамалық материалдарды пайдалана отырып, патрондардың түрі мен қару модельдерін айқындайды.

Оқ-дәрілердің атыс жүргізуге жарамдылығын **эксперименталдық түрде** тексеру кезінде тиісті қару данасы таңдалады және одан біле тұра жарамды оқ-дәрілермен атыс жүргізу жолымен дұрыстығын тексереді. Соған соң зерттеудегі патрондар тексерістен өткен қарудан атылады. Әрбір топқа қанша патрон енеді, соған байланысты, эксперименталдық тексеріс барлық патрондармен емес, тек таңдап алынған патрондарға қатысты іске асырылуы мүмкін. Сандық жағынан таңдап алу тексерістегі патрондар санына және атыстың бастапқы нәтижелеріне байланысты болады. Патрондар жиі істен шығып отырса, оларды жаппай тексерістен өткізеді. Егерді атыс болмай қалса, онда қарудың жарамдылығы тағыда тексеріледі. Қару жарамды болып табылса, атыстың орын алмау себебі анықталады, ол үшін патрон демонтаждалады және дәрі-дәрмектің (порох) сапасы тексеріледі. Ол үшін дәрі-дәрмек (порох) құрғақ шыныға төгіліп, оған қыздырылған инені тақайды. Егер дәрі-дәрмек (порох) тұтанса, онда оның сапасы қанағаттанарлық, ал атыстың орын алмау себебі капсульдің дұрыс жұмыс істемеуіне байланысты.

Егерде атыстың дауысы жай болып, оқ ұңғыдан жақын жерге ұшып немесе төмен тесіп өту мүмкіндігімен көзге түссе, патрондардың баллистикалық сапасын анықтау қажет. Ол үшін таңдаулы түрде снарядтың бастапқы жылдамдығы өлшенеді (мысалы, «Скорость» деген құрылғыда). Алынған өлшемдер анықтамалық мәліметтермен салыстырылады. Егерде оқтың бастапқы жылдамдығы елеулі түрде ұсынылған патрон және осы қаруға арналған анықтамалық мәліметтерден ерекшеленсе, онда оқ-дәрілер (боєприпасы) өзінің баллистикалық сапасын жоғалтқандықтан жарамсыз, бірақта атыс жүргізуге жарамды. Сонымен қатар оқтың бастапқы жылдамдығы 100 м/с жоғары болса, оқ қажетті зақымдау мүмкіндігімен жабдықталған деп санауға болады (А. И. Устиновтің баға беруіне қарағанда 5,6-11,43 мм калибрлі оқтар 100 м/с жылдамдыққа ие бола тұра, адам денесіне енетіндей жарақат келтіре алады), сол себептен патрон өз мақсатынша пайланылуы

мүмкін. Егерде оқтың бастапқы жылдамдығы 100 м/с кем болса, оқ-дәрілердің атыс жүргізуге жарамды екендігіне қарамастан, олар өз мақсатынша пайдаланыла алмайды.

Таңдап алынған патрондармен әрбір рет атыс жүргізіліп, дауысы қатты шығып, ал оқтың нормативке сай тесіп өту мүмкіндігі болса, осы топтағы патрондар атысқа жарамды және өз мақсатынша пайдалануға болады деген тұжырым жасалынады.

Қолдан жасау немесе конструктивтік өзгеріске ұшырату элементтері бар патрондарды зерттеу өзінің бірқатар ерекшеліктерімен көзге түседі. Осы патрондардың жағдайына қарамастан, оларға жарамдылық түсінігінің қатысы болмайды, өйткені оларды эзірлеу және қайта жасау техникалық нормалармен негізделмеген.

Атыс жарамдылығын эксперименталдық нысанда тексеруден барлық қолдан жасалған немесе қайта эзірленген патрондар өту керек. Мұндай жағдайдағы жаппай тексерістің қажеттілігі — әрбір осындай патрон өзінің қасиетіне қарай жеке дара болуында. Егерде қолдан жасалған патрондар елеулі конструктивтік ерекшеліктермен қамсыздандырылған нақты қару данасы үшін эзірленсе, онда атыс жүргізуде нақты осы қару қолданылады, ал ондай мүмкін болмаса — конструкциясы бойынша барынша ұқсас таңдалады. Біздің байқағанымыздай, эксперимент нәтижесінде оқтың тесіп өту мүмкіндігі жеткілікті деп анықталса, патронның атыс жүргізуге жарамды болуына қарамастан, оқ-дәрі ретінде танылмайды. Алайда, оқтың тесіп өту мүмкіндігі патронның қасиеттеріне ғана емес, сондай-ақ қару қасиеттеріне де байланысты екендігін ескерген жөн.

§8. Ұсынылған қарумен нақты патрондарды пайдалану арқылы атыс жүргізу мүмкіндігін анықтау

Атыс қаруының нақты данасынан ұсынылған патрондарды пайдалану арқылы атыс жүргізу мүмкіндігі зерттеуге атыс қаруы да, патрондар да келіп түскенде пайда болады.

Алдын ала зерттеу сатысы әдетте, объектілерді буып-түйю жағдайын, сараптама жүргізу қаулысының мазмұнын, істің мән-жайын және т. б. талдаумен көзге түседі.

Егжей-тегжейлі зерттеу сатысында мыналар анықталады:

- ұсынылған қару моделі анықталады және оның жағдайын диагностикадан өткізеді, осылар арқылы қарудың түзулігі және одан атыс жүргізуге жарамдылығы анықтауға болады;
- ұсынылған патрондардың жағдайын алдын ала диагностикадан өткі-

зеді;

- анықтамалық мәліметтерді пайдалана отырып, зерттеудегі патрондар қолданыстама (штатта тұрма) немесе осы қару моделі үшін ауыстырушы патрондар ма, соны анықтайды. Егерде ұсынылған патрондар қолдан жасалған болса, осы қару данасының оқтығы мен патрон габариттерінің сәйкестігі тексеріледі, сонан соң олардың формасы салыстырылады;
- патрон оқтыққа және ұсынылған қару оқжатарына орныға ма, соны тексереді, бұл жерде оқжатардан патронды жеткізу мүмкінділігі анықталады;
- егерде патрон оқтыққа орнықса, эксперименталдық атыс жүргізіледі.

Ұсынылған қару моделі үшін қолдан жасалған немесе штаттық емес патрондар орын алған жағдайда атыс жүргізудің арнайы тәсілдеріне назар аударған жөн: затворды ақырын жіберу, қаруды тік тұрған жағдайда сілкі, қаруды көлденең жағдайға ақырын түсіру және т. б. Егер атыстар пайда болмаса, патронды соңғы диагностикадан өткізеді және атыс болмаудың нақты себебін айқындайды.

Атыс қаруын, зерттеудегі патрондарды бөлек-бөлек сынақтан өткізу, сондай-ақ эксперименталдық атыс жүргізу нәтижелеріне сәйкес ұсынылған патрондарды қолдана отырып осы қару данасынан атыс жүргізу мүмкіндігі туралы үзілді-кесілді тұжырым жасалынады.

Сарапшы қорытындысын және фотокестені құрастыру.

Сарапшы қорытындысының құрылымы тиісті ведомствалық бұйрықтар және нормативтік актілермен рәсімделеді. Қолданыстағы көзқарастарға сәйкес сарапшы қорытындысы кіріспелік, зерттеулік және тұжырым жасау сияқты үш бөлімнен тұрады.

Кіріспелік бөлімінде сараптама жүргізген сарапшы жайлы мағұлмат, ұсынылған объектілер тізімі, қорытындыны құрастыру уақыты, сарапшы алдына қойылған сұрақтар және т. б. орын алады.

Зерттеулік бөлімі зерттеулер мазмұны мен шыққан нәтижелерін көрсетеді. Аталмыш іс-әрекеттер жүргізу ретіне сәйкес болу керек, өйткені зерттеулік бөлімінің мазмұнына қарап, сараптамалық зерттеудің тиісті әдіс-төмесінің сақталуы туралы көзқарас пайда болады.

Зерттеулік бөлім объектілерді суреттеуден басталады. Объектілерді суреттеудің мақсаты — оларды жекелендіру, яғни өзіне ұқсастар арасынан бөлектеу және қарау барысында объектіні талдау нәтижелерін көрсету. Объектілерді суреттеудің көңіл аударарлық сипаты жоқ. Оның құрылымы мен мазмұны сараптамалық зерттеудің нақты міндеттерімен анықталған.

Зерттеуге келіп түскен патрондарды суреттеу зерттеу сатысының талдамалық жолы мен нәтижелерін көрсететін, сарапшы қорытындысының

маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Патрондарды мынадай тәртіпте суреттеу нұсқалған:

- патрон конструкциясы (гильза және шығыңқы түрде гильза аузында бекіген оқ, ішінде снаряд орналасқан гильза);
- гильза конструкциясы (бутылка тәріздес, цилиндрлі);
- гильза материалы және түсі;
- капсуль конструкциясы және түсі;
- гильза түбіндегі маркалық таңбалар;
- оқ конструкциясы және формасы;
- оқтағы маркалық таңбалар;
- оқтың гильзаға бекіну тәсілі;
- атыс қаруының от алмау, өзгеріске ұшырау іздері және басқада жарақаттарының болуы;
- патрон және оның бөлшектерінің өлшемдері.

Объектілерді суреттеуден кейін патронды дайындау тәсілі, оқ-дәрілер санатына жататындығы, патрондардың жарамды-жарамсыздығы туралы үзілді-кесілді немесе аралық тұжырымдар түріндегі жүргізілген зерттеу кезеңінің бірқатар нәтижелері құрастырылуы мүмкін.

Салыстырмалы зерттеу кезеңін ұсыну барысында оны іске асыруда қолданылған анықтамалық материал көрсетіледі.

Салыстырмалы зерттеу нәтижесі патрон типі жайлы қорытынды түрінде құрастырылып, онда патронның нақты ресми атауы және оған ілеспелі мағұлматтар (калибр, үлгіні қабылдау жылы, дайындаушы фирма және басқалар) орын алу керек. Сонымен қатар қорытындыда осы патрон немесе ауыстырушы патронмен атыс жүргізетін қару түрінде (үлгісі, моделі) көрсеткен жөн. Егерде зерттеуге патрондардың бөлек элементтері ұсынылса, онда олар патрондардың қандай типтеріне жататындығын атап өту керек.

Үзілді-кесілді тұжырымдарды қойылған сұрақтар ретімен, екіжақты, екі ойлы түсіндірулер болмайтындай құрастыру керек.

Қорытынды материалдары фотокестемен көркемделеді. Фотокестеде, патрондар немесе олардың құрамдас бөліктерінің, маркалық таңбалар мен барлық үстіндегі ақаулардың, сондай-ақ бүлінген жерлері болса, орауыштың фотосуреттері орын алады.

Қару оқиға болған жерде табылғанда, оны сол жерде қолға алмай фотоға түсіру керек, сол күйін хаттамаға енгізіп, схемалық суреттемесі жасалынады. Онда қару түрі мен системасы, мәйітке қатысты қарудың алған орны, ұңғы қай жаққа қаратылған, қай жағымен жатыр, қарудан мәйіттің екі алақанына дейін қандай арақашықтық екендігі көрсетіледі.

Қаруды алу бәрімізге мәлім сақтық шаралары ескеріле отырып жүргізіледі (қару оқталған күйінде болуы мүмкін). Алдымен қару оғын алып тас-

тайды, содан кейін қарауға кірісіп, қару үстінде саусақ іздері, қан дақтары, кіршенулер және т. б. бар-жоқтығы анықталады. Сонан соң нақты түрде барлық белгілер, маркалық таңбалар, бүліністер көрсетіледі. Ерекше назар қарудың сол кездегі күйіне аударылады, оның ішінде шаппалық-ұрушылық механизміне, оқтық және оқжатар ішінде патронның бар-жоқтығына, ұңғыда жанбай қалған оқ дәрінің болуына көңіл бөлінеді. Қараудан кейін қару буып-түйіледі және сараптамалық зерттеуге жіберіледі.

Криминалистикалық зерттеу алдымен объектінің атыс қарулар санатына жататындығын анықтайды. Мұндай сұрақты шешудің қажеттілігі, сыртынан қарағанда атыс қаруына ұқсамай (қаламсап, атылатын түтіктер), бірақта атыс жүргізе алатын объектілер және сырттай атыс қаруына ұқсас (ойыншық, муляж), бірақта атыс жүргізе алмайтын объектілерді анықтауда.

Атыс қаруларының патрондарын криминалистикалық тұрғыдан зерттеу жасақталған патрондар және олардың бөлшектерін (компоненттерін), сондай-ақ атылған снарядтар мен гильзаларды талдау болып табылады. Зерттеу объектілеріне патрон, оқ, гильза және басқа да компоненттерінде пайда болатын кескінді іздер, сонымен бірге оқ-дәрілер құрамына енетін заттар жатады. Осылардың барлығы сот-баллистикалық сараптама мүмкіндіктерін жандандыруға итермелейтіні сөзсіз.

6-ТАҚЫРЫП

СУЫҚ ҚАРУ САРАПТАМАСЫ

§1. Суық қару түсінігі және сараптама шешетін мәселелер

Қылмыстық іс-әрекеттерді қатесіз саралауда заттық дәлелдемелерді суық қаруға жатқызу мәселесін дұрыс шешу ерекше орын алады. Суық қарулардың әр қилылығы мен конструкциялардың ерекшеліктері криминалистикалық баға беруде арнайы біліктілікті талап етіп, ал көптеген жағдайларда мұндай мәселелер криминалистикалық сараптама көмегімен ғана шешіледі. Қазіргі уақытта суық қарудың криминалистикалық зерттеуі туралы мағұлматтар бар әдебиеттер өмір талабынан артта қалыңқырап, кейбір нұсқауларда кереғарлықтар мен даулы негіздер пайда болып, суық қарудың лақтырылатын үлгілерін зерттеуге қатысты сұрақтар жеткіліксіз қарастырылып отыр. Осының бәрі құқық қорғау органдарының күнделікті қызметінде бірқатар қиындықтарға әкеп соғады.

Суық қару туралы криминалистикалық ілім криминалистикалық техниканың дербес саласы ретінде орын алып, оның ішіне жаңа көз-қарасқа сай суық қарудың криминалистикалық түсінігі, жіктеме жүйесі, сот сараптамасы және тергеулік тексеру шеңберіндегі суық қару криминалистикалық зерттеуінің әдістемелерінде арнайы білімдерді пайдаланудың негізгі қағидаларын құрастыру қажеттілігі әліде болса керек.

Суық қару туралы криминалистикалық ілім өз алдына бөлек криминалистикалық техниканың тиісті бір бөлімін құрады деген, А. С. Подшибякин позициясын толық мақұлдап, ол жайлы келтірген көз жетерлік дәлелді жеткілікті деп санаймыз. Бұл кезде Р. С. Белкиннің құрастырған жеке криминалистикалық теориясының түсінігіне және оған қойылатын талаптарға назар аудара отырып, суық қару және оны қолданудан қалған іздер туралы ілімді жеке криминалистикалық теория ретінде қарастырған жөн. Соның нәтижесінде аталмыш ілімнің заты (яғни, жалпы криминалистика зерттейтін, шындықтың нақтылы объективті заңдылықтары), объектісі (құбылыстар, заттар, процесстер, қарым-қатынас және байланыс түріндегі, осы теория зерттейтін, объективті заңдылықтар: суық қаруға жататын заттар мен құрылғылар, олардың іздері, тергеуші, сот, маман, сарапшымен криминалистикалық

зерттеу жүргізу практикасы) және әдісі (осы теорияны құрастыру үшін қажетті үйрену тәсілдерінің жүйесі) болады.

Суық қару туралы криминалистикалық ілімнің өз заты, объектісі және әдісі бола тұра, біртұтас құрлысы мен танымал тәуелсіздікке ие болғандықтан, криминалистикалық техниканың дербес саласы бола алады. Сондықтан да оның ішіне, суық қару туралы криминалистикалық ілім затының құрастырушы бөлігі ретінде суық қару және оны қолданудан қалған іздердің сараптамасымен байланысты мәселелерді қосу керек. Ал, атыс қаруларын зерттеу заңдылықтары — атыс қаруы және одан қалған іздер туралы криминалистикалық ілім затына жатып, оның бөлігі болып сот-баллистикалық сараптамасы табылады. Сот сараптамасының бұл екі түрінің, қару қолданумен байланысты қылмыстарды зерттеу тәжірибесінде де өзгешелігі бар. Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, теориялық жағынан да, тәжірибелік жағынан да суық қарудың криминалистикалық сараптамасы мен сот-баллистикалық сараптамасын біртұтас «қарулық» сараптамаға біріктірудің пайдалылығы жоқ деп есептейміз.

Суық қару және оны қолданудан қалған іздердің криминалистикалық зерттеуінің теориялық негіздерін жетілдіру мәселелері және осыған негізделген тергеулік, соттық және сараптамалық тәжірибесі үшін жасалған ұсыныстар, криминалистикалық техниканың бөлек саласы ретіндегі дербес криминалистикалық ілім шеңберінде табысты шешілуі мүмкін.

Суық қаруға байланысты қылмыстық істер бойынша сараптамалық зерттеу жасау мен тергеу тәжірибесінде пайда болатын мәселелерді шешу үшін, біздің ойымызша «суық қару» түсінігінің мазмұнын төмендегідей аспектіде қарастыру қажет:

- а) заңда қолданылатын түсінік;
- ә) криминалистикалық түсінік;
- б) көпшілік мақұлдаған күнделікті қолданылатын түсінік.

Кейінгіге түсінік берудің қажеттілігі — жеке тұлға өзіндегі заттың суық қаруға жататындығын білмейтін болса, оны суық қаруды заңсыз тасымалдағаны, саудалағаны және жасағаны үшін қылмыстық жауапқа тарту мүмкін емес деген әдебиетте айтылған пікірге байланысты туындап отыр. Күнделікті өмір жағдайларында қолдағы заттың суық қарумен ұқсастығын табу барлық құқылы тұлғаның қолынан келеді, ал суық қарумен байланысты қылмыстардың потенциалды субъектілері болса мұндай ұқсастықты тез арада ажыратады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (251-бабының 4-бөлігі; 252-бабының 4-бөлігі) қылмыстық жауаптылықты тек суық қаруды заңсыз алып жүргені, саудалағаны және жасағаны үшін тағайындаған. Әрбір адамда осы әрекеттерді, суық қару қасиеттерін өзіне жинақтаған заттармен жасамау мүмкіндігі бар. Сондықтан, Қазақстан Респуб-

ликасының Қылмыстық кодексінде суық қаруды заңсыз тасымалдағаны, саудалағаны және жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік айқындайтын баптар болғандықтан, біздің ойымызша азаматтардың құқығы бұзылды деп айтуға жеткілікті негіз жоқ. Заттар мен құрылғыларды суық қаруға жатқызу үшін арнайы білім күнделікті өмірде емес, суық қару жүретін қылмыстық істер бойынша қылмыстық сот өндірісінің шеңберінде, ал кейбір жағдайларда азаматтық сот өндірісіндегі даулы мәселелерді шешу барысында қажет болады.

Біздің ойымызша, заңдылық қағидаларын сақтай отырып, жоғарыдағы мәселелерді тәжірибелік және теориялық аспектілерде дәлелді шешілуін қамтамасыз ету үшін заңда қолданылатын «суық қару» түсінігінің өлшемі мен мазмұнына талдау жасаған дұрыс. Бірақ заңдылық принципі қаншалықты сақтасақ та, талдау сынсыз болмайды. Өйткені теориялық талдау мақсатына тергеу, сот және сараптама практикасымен бірге, заң шығарушы практикасы да жатады.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30-шы желтоқсанындағы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңның 1-бабы:

– суық қару — нысананы тікелей зақымдайтын құралы адамның бұлшық еті күшінің көмегімен қозғалысқа келтірілетін қару;

– лақтырылатын қару — нысананы тікелей зақымдайтын құралы адамның бұлшық еті күшінің немесе механикалық құрылғының көмегімен бағытталып, қозғалысқа түсетін қару деп көрсеткен. Біздің ойымызша, суық қару тарихына және рәсімдеген заңнамаларға талдау жүргізе келе, барлық суық қару түрлеріне жалпы бір анықтама беру үшін, Заңның 1-бабының 3 және 8-тармақшаларын біріктіріп, мазмұны бойынша былай жазылуы тиіс: суық қару — нысанамен жанасу кезінде не арақашықтықта адамның бұлшық еті күшінің тікелей көмегімен немесе механикалық құрылғыға жанама әсер ету арқылы зақымдайтын *қару*. Біздің ойымызша, бұл анықтама, 1998 жылғы Заңдағы суық қару, соның ішіндегі лақтырылатын қарудың анықтамаларына тиісті жалпы қағидаларды сақтай отырып, оны нақты да, түсінікті етіп осы заңды қажет ететін тұлғалар үшін жасалуы керек сияқты.

Суық қарудың күнделікті өмірде қолданылатын және заңда қолданылатын түсініктерін қарастырып шығып, енді суық қарудың криминалистикалық түсінігінің мазмұнын ашуға көшейік.

Жоғарыда атап өтілген екі түсінікке негізделе отырып, криминалистикалық түсініктің өз ерекшелігі де болады. Бұл ерекшеліктер алдымен тергеу, сот және сараптама тәжірибесіндегі мәселелерді шешу барысында құқық қорғау қызметкерлеріне қажет. Ал кейде, мұндай мәселелердің шешімдері тергеушілер мен сот үшін ғана даусыз болмай, сонымен қатар сарапшылар

мен мамандарға да айқын емес. Заттарды суық қаруға жатқызу шеңберінде зерттеулер жүргізу мәселелері бойынша қарама-қайшы қорытындыға, кейде сарапшы мен мамандар да келеді.

Осылайша, криминалистикалық әдебиеттердегі, заңдардағы суық қару түсінігіне берілген анықтамаларға, ондағы белгілерге қатысты көзқарастар мен ұсыныс-пікірлерге талдау жүргізу барысында, тергеу, сот, сараптама және мамандардың суық қаруға байланысты істер бойынша тәжірибесін ескере отырып, сонымен қатар жоғарыда айтылған тұжырымдардың бәрін түйіндей келе суық қарудың төмендегідей анықтамасын құрастыруға болады: «Суық қару деп адамның қимыл-күшінің өзімен немесе механикалық құрылғыға оның жанама түрде әсер ету нәтижесінде, тірі және басқа да нысананы тікелей жанасу арқылы не арақашықтықта заттың өзімен, әлде снарядпен зақымдайтын және осы мақсатқа жету үшін техникалық тұрғыдан жарамды болып келетін құрылғы немесе затты айтамыз»¹⁰.

§2. Суық қарудың жіктеме жүйесі

Айта кететін бір жай, суық қарудың бірде-бір анықтамасы қарудың нақтылы өлшемдерін көрсетпеген. Затты сипаттайтын нақтылы өлшем болуы тиіс және өлшемге негіз болу үшін белгілердің біреуі де жеткілікті. Нақты затты зерттегенде оның міндетті түрде өлшемін көрсету қажет болады. Алғаш рет суық қарудың жіктеме жүйесін Н. И. Емельянов қарастырып, онда ол сұқпалы, сұқпасыз және қиыстырылған болып бөлінген; сұқпалы түрлері мақсаты, қимылдау принципі, дайындалу орны және тәсілі болып жүйеленген¹¹.

Криминалистердің зерттеулерімен бұл жіктеме әрі қарай толықтырылып, жетілдіріліп олардың негізінде суық қарудың жіктеме жүйесі А. Н. Самончик, А. И. Устинов, Т. А. Седова, Ю. П. Голдованский, Х. М. Тахо-Годи және тағы басқалармен берілді. Бірақ олардың да жіктемесінде кейбір кемшін жатқан жайлар да болып жатты. Кейіннен А. Н. Тихонов және А. С. Подшибякин ұсынған жіктеме жүйесі тиімді деп саналып, бізбен шамалы толықтырылып және дәлденіп қабылданылып отыр.

Суық қару әртүрлі негіздер арқылы жіктелуі мүмкін: қолайлы қимыл арақашықтығы, мақсаты, дайындау тәсілі, жалпы конструкциясы, зақымдау

¹⁰ Шакенов А. О. Суық қарудың криминалистикалық зерттеуі. — Астана, 2001. — 23 б.

¹¹ Емельянов Н. И. Краткое сведение о холодном оружии. — Л., 1957. — 6 б.

қимылдарының тәсілі және қимылдау, қолға ұстау, қолдану тәсілі мен құрылысы бойынша бөлінеді.

Қолайлы қимыл арақашықтығы бойынша жіктелеген суық қарулар:

а) тікелей жанасу арқылы қимылдау (қылыштар, қанжарлар, пышақтар және т. б.);

ә) арақашықтықтан қимылдау (садақтар, арбалеттер, сюрикендер және т. б.);

б) қиыстырылған қимылдар (найзалар, пышақтардың кейбір түрлері).

Бағытталған мақсаты бойынша жіктелген суық қарулар:

а) жауынгерлік (әскери, қызметтік);

ә) азаматтық (аңшылық, спорттық, ұлттық);

б) қылмыстық.

Жауынгерлік суық қарудың мақсатын түсіндірудің қажеті жоқ сияқты, ол республикамыздың мемлекеттік органдарының жауынгерлік және жедел-қызмет міндеттерін, сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерінің қоршаған ортаны және өзінің жеке басы қауіпсіздігін қорғауға арналған қарулар.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы қару туралы заңына сәйкес, азаматтық суық қаруға республика азаматтарының өзін-өзі қорғау, спортпен шұғылдану және аң аулау мақсатында пайдаланатын қаруы жатады. Аңшылық суық қарулар хайуанды зақымдауға арналып, кейіннен оның етін союға да қолданылады. Спорттық суық қарулар криминалистикалық зерттеу объектісі болып, оларды қылмыс жасауға қолданған кезде (садақ, арбалет), әлде қылмыстық мақсатқа арнайы бейімделгенде (спорттық сапылар, рапиралардың ұштары доғал болып келеді — солардың ұшын шығарып, қайрап алса) саналады. Ұлттық суық қару әрбір ұлттың өзінің салт-дәстүрлеріне негізделе отырып жасалып, кейде ұлттық киімнің бір бөлшегі болып саналады. Мұндай өнер қазақ халқына да жат болмаған.

Қылмыстық суық қаруға қылмыстық іс-әрекетке арналып жасалған қарулар жатады. Осыған орай, қару туралы Заңының 7-бабының 4-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қару айналымына тыйым салынғандар арасында: «қол шоқпарлар, кастеттер үлгісіндегі суық қару, түймешікті немесе тұтқаны басқан кезде сабынан ұшы мен жүзі өздігінен шығып бекітілетін не салмақтың әсерінен немесе шапшаң қимылдан іске қосылатын және өздігінен бекітіліп ұшы мен жүзінің ұзындығы 90 миллиметрден астам суық сұқпа қару мен пышақ және ұрып-уататын және шаншып-кесетін басқа да заттар» бар.

Дайындалу тәсілі бойынша:

а) зауыттық (фабрикалық, фирмалық) — өзінің конструкциясы бойынша техникалық талаптарға, стандарттарға сәйкес келеді, маркалық

таңбалары болады;

ә) қолөнерлік — кәсіби (ұлттық) дәстүрлерді есепке ала отырып, ұстақарушылармен жасалады (ұстаның таңбасы болуы мүмкін);

б) қолдан жасау (жасанды) — арнайы кәсіби дағдысы жоқ, жеке тұлғалармен жасалынған.

Жалпы конструкциясы бойынша:

а) стандартты, яғни тарихи қалыптасқан және басқа да үлгілерге сәйкес келетін, соның ішінде әскерде қолданылатын, ұлттар мен халықтар арасында қалыптасқан және әскери-техникалық, аңшылық, әскери-тарихтық және басқа да ғылыми жіктемелермен қабылданғандар;

ә) стандартты емес, яғни тарихи қалыптасқан және басқа үлгілерге сәйкес келмейтін, конструкциясы әртүрлі болып келетін және көбіне қылмыстық ортада қолданылатын;

б) атипикалық, оның екі түрі болады: 1) суық қарудың барлық белгілерін өзіне жинақтаған, құрылысына қарағанда бұрын мүлдем кездеспеген; 2) үй бұйымдары және басқа да заттарға жасырылған суық қарулар.

Зақымдау қимылдарының тәсілі бойынша: шаншитын (қырлы істіктер, сапы, үш қырлы қанжар, кортик сияқтылар), шабатын (доғал басты қылыш, ай балта сияқтылар), шаншып-шабатын (үшкір басты қылыш, ятаған, алдаспан, семсер сияқтылар) шаншып-кесетін (қанжар, пышақ сияқтылар), ұрып-сындыратын (кастет, қол шоқпар, сойыл, ұрыс қамшылары, нунчаку сияқтылар)¹².

Қимылдау, қолға ұстау, қолдану тәсілі мен құрлысы бойынша төмендегідей бөлінеді:

а) сұқпалы, яғни тірі не басқа да нысанаға енетін немесе зақымдайтын элементі — сұқпасы болады;

ә) сұқпасыз суық қару сүйекті уатуға және жұмсақ еттерді мыжғылауға бағытталған қару;

б) қиыстырылған, яғни өзіне сұқпалы және сұқпасыз суық қарулардың қасиеттерін жинақтаған қару (кастет-пышақ, кастет-қанжар сияқтылар).

Сұқпалы суық қарулар. Жалпы алғанда, осы жіктеме жүйесіне енетін заттар жиынтығына нысананы сұқпа арқылы зақымдайтын үлгілердің үлкен тобы жатады. Сұқпасының ұзындығына қарай бұл қарулар тобы ұзын

¹² Лақтырылатын суық қарулар снарядтарын шаншитын, шаншып-кесетін және ұрып-уататын топтарына да жатқызуға болады. Өйткені, садақ және арбалет жебелерінің ұшы үшкір өткір жүзі болады; ал, мысалы арбалеттік шарлар мен болттар арқылы зақымдағанда адамның бас сүйегін уатып жіберуі мүмкін.

сұқпалы және қысқа сұқпалы болып жүйеленеді. Әрбір сұқпалы қарудың негізгі тетігіне бір тілім металлды жатқызып, ол өз алдына екі негізгі бөліктен тұрады — сұқпадан және артынан. Сұқпа тірі нысананы зақымдауға бағытталған. Артына әр түрлі тәсілдер арқылы сап бекітіледі. Сұқпа металына қойылатын талаптар:

- қаттылығы жеткілікті болу керек, яғни жүздің өткірлігі ұзақ уақыт сақталуы тиіс;
- төзімділігі жеткілікті болу керек, яғни сынбауы тиіс;
- иілімділігі жеткілікті болу керек, яғни майысқан кезде бүлінбеуі тиіс.

Суық қарудың артын сұқпаға қарағанда, жұмсақ металлдан жасайды. Бұл талаптарды қанағаттандыратын материал ретінде құрышталған және жұмсартылған болат алынады.

Іс жүзінде жиі кездесетін қысқа сұқпалы суық қарулар тобындағы заттар тетіктерінің мақсатын анықтайтын арнайы аттары болады. Осы түсініктердің кейбіреулерін атап өтейік.

Жүз — сұқпаның өткір қыры. Онымен екі түрлі зақым келтіріледі: кесу және шабу. Сұқпа неғұрлым өткір болса, соғұрлым денеге ену тереңдігі көбірек болады.

Сағасы — жетесінің алдындағы металл тілімінің қайралмаған бөлігі. Жетесіне кигізілген саптың сұқпаға сырғып кетуінен сақтандырады. Сағасында маркалық белгілер мен таңбалар қойылады.

Сырты — сұқпаның жүзіне қарама-қарсы орналасқан өтпес қыры. Суық қарудың кейбір түрлерінде маркалық белгілер мен таңбалар осы сыртына басылады. Сырттар домаланған, бұрышталған және түзу формасында болып келеді.

Сыртының қиғашы — үшкірлік нысанға келтіру мақсатында сырт сызығының ұшына қарай қисаюы.

Ұшы — жүз жүзбен немесе жүз сұқпа сыртымен қосылған нүкте.

Дола — фрезермен өңдеу, соғу нәтижесінде жасалатын сұқпа бойымен қатарласып жүретін кішкене науа түріндегі ойықтар. Дола сұқпаның салмағын азайту және қаттылығын жоғарлату үшін жасалынады.

Қаттылық қыры — екі жүзді сұқпалардың қайралған екі жүзінің қосылған жерінде (мысалы, қанжар), ал бірнеше қырлы қаруларда (үш қырлы қанжар), кесетін қыры болып табылады. Осы қаттылық қыры да, сұқпаны иген кезінде төзімді болуын қамтамасыз етеді.

Эфес — ұзын сұқпалы суық қарулардың қолды сақтайтын, сапты біріктіретін жеріндегі бөлшек.

Сап — сұқпамен қимыл жасауға ыңғайлылық жасайтын бөлігі. Оның мөлшері, нысаны, сыртқы өрнектеліп-әшекейленуі және сұқпаға қатысты

жағдайы суық қару түріне байланысты болады. Осылайша, сап сұқпаға параллель не бұрышталып бекітілуі мүмкін. Саптың жетеге бекуі екі тәсілмен орындалады: шегенделу және отырғызылу.

Казинегі — қысқа сұқпалы суық қарудағы металдан жасалған бөлшек. Сұқпаның сағасында сапқа перпендикуляр етіп орнатылып, саусақтардың сұқпаға қарай жылжып-сырғанап кетуінен сақтайды және қарсыластың денесіне саптың қоса кіруіне жол бермейді.

Дүм — қару сабының аяқталған жері. Саптың өзін металл тілімінің жетесіне мықты етіп орнату үшін, және қарудың қолдан сусып шығуына жол бермейтін, сонымен қатар кейбір суық қару үлгілерінің ептілігін қамтамасыз етіп, сұқпаның қарсы салмағы ретінде пайдаланады.

Қын — сұқпаны салып қоятын футляр. Олар әдетте ағаштан, металдан, теріден және тағы басқа да материалдардан жасалуы мүмкін.

Жоғарыда суреттелген бөлшектердің бәрі сұқпа қарулардың үлгілерінде әртүрлі көрсетіліп, және бір үлгіні екіншіден айыратын ерекшеліктермен сипатталады.

Сапы (шапа) — түзу жіңішке сұқпасы бар шаншитын қару. Сұқпасының ұзындығы 660-900 миллиметр, домалақ, ромб сияқты және үш бұрышты болып келген қимасы бар (жүзі мен сырты болатын жалпақ түрлері сирек кездеседі). Үш қырлы қанжар (стиллет) — ұзындығы 400 миллиметрге дейін домалақ, сопақ немесе қырлы сұқпасы болатын шаншитын қару. Қазинегі айкастырылған, ал дүмі әлді болып келетін сап түріндегі эфесімен сипатталады.

Корттик — жүзі болмайтын жалпақ немесе қырлы жіңішке сұқпалы шаншитын қару. Сұқпасының ұзындығы 210-275 миллиметр, ені — 10-22 миллиметр. Әскер түрлеріне сәйкес офицерлер, ұшқыштар, теңізшілер кортиктері болады.

Доғал басты қылыш (сабля) — аздап иілген сұқпасы бар шабатын қару. Сұқпасының ұзындығы 800-1000 миллиметр, ені — 30-40 миллиметр, қалыңдығы — 4-6 миллиметр болып келген. Қолды қорғайтын тостаған тәріздес немесе айкастырылған казинегі (эфесі) болады. Бұл қылышты қын ішінде алып жүреді.

Үшкір басты қылыш (шашка) — қарапайым эфесті, аздап басы иілген сұқпасы 780-870 миллиметр болып келетін шаншып-шабатын және кесетін қару. Сұқпасының ені мен қалыңдығы жоғарыда аталған доғал басты қылыштағыдай, көбінесе екі-үш доламен сипатталады.

Ятаган (түріктің қайқы қылышы) — түзу эфесті, екі есе иілген сұқпасының ұзындығы 570-690 миллиметр болып келетін шаншып-шабатын және кесетін қару.

Семсердің түзу, кең және қалың екі жүзі де өткір сұқпасы болады. Сұқ-

пасының ұзындығы 700-900 миллиметр, ортасынан қаттылық қыры өтеді және үшкір ұшымен сипатталады. Қазинегі айқастырылған және дүмі болып келетін сап түріндегі эфесімен сипатталады.

Алдаспан (палаш) — ұзын (850 миллиметрге дейін), түзу және кең болып келген, үшкір ұшы бар ауыр сұқпадан тұрады. Сұқпалардың екі жүзі немесе бір жүзі мен сырты болады, көбіне доламен сипатталады.

Қанжарлар — екі жағы да өткір, екі жүзді сұқпасы бар шаншып-кесетін қару. Ұзындықтары әртүрлі 500 миллиметрге дейін, көбіне түзу сұқпалы, аздап иілген болып келеді. Саптарының қазинегі айқастырылған немесе симметриялы шығыңқы жерлермен сипатталады. Мақсаты, құрылғының ерекшелігі және сыртқы әшекейленуіне орай әскери, аңшылық және ұлттық болып бөлінеді.

Істіктердің шаншитын немесе шаншып-кесетін түрлері болады. Шаншитын түрлері үш қырлы, төрт қырлы, ал шаншып-кесетіндер жалпақ сұқпалы жүзі мен сырты болады. Олар атыс қаруларының (карабин, автомат, мылтық) басына орнағылады. Істік-пышақтар әдетте бөлек алынады да, оның жеке өзін қару ретінде қолдануға және басқа да қосымша әрекеттерде пайдалануға болады (электр сымдарын қиюға, ағаш кесуге және т. б.).

Пышақтардың сұқпа мен сап сияқты бәріне бірдей элементтері болса да, мақсаты мен құрылғы ерекшеліктері бойынша шаншып-кесетін қаруға жатады. Пышақ түрлері өте көп, олардың суық қаруға жататындарын жауынгерлік, аңшылық және ұлттық деп топтастыруға болады.

Жауынгерлік пышақтар әскери жасақтардағы ресми бекітілген қару үлгісіне жатады. Сұқпаларының ұзындығы 150-200 миллиметр, қалыңдығы 4 миллиметр. Олар үлкен қаттылығымен, ал құрылғы түсетін күшіне шыдамдылығымен көзге түседі.

Аншы пышақтары әуесқой немесе кәсіптік аңшылық жағдайларында қолдануға арналған суық қару түрі. Олар жалпы (хайуанаттардан қорғану және оларды біржола өлтіру үшін) және арнайы (терісін алу және сою үшін) болып бөлінеді. Жұмыстық жағдайға келтіру тәсілі бойынша жаппасыз, жаппалы және жинамалы болып топтастырылады. Жаппалы және жинамалы пышақтар құрлысының міндетті элементі болып, жұмыс жасау кезінде бөлектенуден немесе жабылып қалудан сақтайтын сұқпаны бекіту тетігі табылады. Аңшылық пышақтар өзінің конструкциялық ерекшеліктері бойынша жауынгерлік пышақтарға ұқсас. Осыған дәлел ретінде, кейбір конструкция жағынан жетілдірілген аңшы пышақтары жасаққа алынып, жауынгерлік қару қатарына қосылған. Ал кейбір жауынгерлік қару үлгілері ескіріп, жасақтан алынған соң, аңшылық болып шыға берді.

Ұлттық пышақтар — конструкциясы мен сыртқы әшекейленуі арқылы, тарихи кезеңдер ағысында халықтардың тұрмысына, салт-дәстүріне

сай, және өмір жағдайының ықпалында бола отырып жасалған пышақтар тобын құрайды. Олардың бірқатарын суық қару түрлеріне жатқызуға болады. Солардың арасында іс жүзінде жасанды түрлері жиі кездесетін фин пышағының конструкциялық ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Фин пышақтарының сұқпасының сырты түзу, қиғашы жоқ болатыны немесе қиғашы шамалы ғана болатыны кездеседі. Жүзі екі жақтан қайралған, ұшы жүздің 30-45 градус бұрышында қиылысқан жерінде пайда болады. Сұқпа ұзындығы 100-165 миллиметр, ені ұзындықтың 1/6 құрайды, яғни басқа пышақтарға қарағанда жіңішке болады. Сыртының қалыңдығы 2,5-тен 3,5 миллиметрге дейін. Доласы болады. Сап көбіне ағаштан жасалынып, сопақ нысанды сұқпа еніне тең болып, отырғызылу тәсілімен бекітіледі. Фин пышақтарының бір ерекшеліктері олардың қазинегі болмайды. Сұқпада фирманың таңбасы қойылады, ал сапта Финляндия ел таңбасы суреттеледі. Қазақ халқының ұлттық пышақтары да жоқ емес, оларға кездік, жекеауыз сияқтыларды жатқызуға болады.

Сұқпасыз қару, яғни ұрып-сындырататын суық қаруға соққы беретін арнайы бөлігі мен конструкцияның жоғары мықтылығы жағынан ерекшеленетін белгілер тән болады. Бұл топтағы қарулар күшті соққыларға төзетін, конфигурациясы бойынша мынадай топтарға бөлінеді:

1. Сабы қысқалау, қосымша зақымдау бөлігі (тікенекті темірлер) бар суық қарулар — күрзі, сойыл және т. б.

2. Сабына шынжыр, жіп арқылы шар түріндегі соққылау бөлігі ілінген суық қару — қол шоқпар, нунчаку сияқтылар.

3. Қолға кигізілетін суық қарулар — кастет сияқтылар.

Күрзі — шар немесе басқа да түрдегі соққылайтын басы бар ұрып-сындыратын қару.

Қол шоқпар (кистенъ) — сабы мен ұратын бөлігі бір-бірімен шынжыр тәріздес затпен қосылған ұрып-сындыратын қару; бұл қарудың бүгілмелі түрі де болады, яғни болаттан жасалған стержень бір-бірінің ішіне, сосын сабына ысырылмалы түрде ену арқылы жиналатын қару.

Шоқпарлардың ауырлатылған металл бастары, қосымша зақымдайтын тікенекті элементтермен қамтамасыз етілген бөліктері болып, олар ұрып-сындыратын қару саналады.

Нунчаку — ұрып-сындыратын қару, ол екі немесе үш келдектерден тұрады. Келдектер сопақ не қырлы көбіне ағаштан жасалып, бір-бірімен шынжыр, кендір арқылы жалғанады.

Кастет — саусақтар сиятын фигуралы пластинаны жұдырыққа жұмылдыра отырып, алдындағы соққылау бөлігі арқылы қолмен ұруға арналған ұрып-сындыратын қару. Соққылау бөлігі қосымша зақымдау элементтерін (тікенекті, шығыңқы жерлері) өзіне жинақтауы мүмкін, ал ішкі жағында

алақан тірейтін тетік болуы ықтимал.

Алақандық (наладонник) — былғарыдан жасалған бұлдірге көмегімен алақанға металл тілімін кигізіп алып ұрып-сындыратын қару

Сұқпалы және сұқпасыз суық қарулардың конструктивті-техникалық сипаттамасын қарастырып шықтық. Бұл қарулардың әрбір түрін қолданған кезде нысанаға (мысалы, адамға не аңға) зақым келтірудің өзі әр түрлі болады екен, яғни сұқпалы суық қарулардан шашитын, шаншып-кесетін және шабатын сияқты, ал ұрып-сындыратын сұқпасыз суық қарулардың мақсаты өзінің атауында тұр. Осы екі қызметтің екеуі де бірдей тән болатын суық қару түрлеріне — лақтырылатын суық қаруларды жатқызуға болады. Неліктен екендігі түсінікті болу үшін лақтырылатын суық қарулардың кейбір түрлерінің конструктивті-техникалық сипаттарын қарастырайық. Оларға арбалет, сюрикендер сияқтылар жатады.

Лақтырылатын пышақ немесе қанжарлар кәдімгі пышақтардан бірқатар параметрлармен ерекшеленіп, негізінен шаншып-кесетін қару түріне жатады. Ең басты ерекшелігі олардың ауырлық нүктесі дәл ортасында немесе ұшына қарай орналастырылған. Сонымен бірге, арнайы лақтырылатын пышақтың сұқпасы көбінесе ұшына қарай кеңейе түседі. Ұшуына кедергі жасамас үшін, казинегі болмайды. Қағида бойынша бұл пышақтар штампылау әдісімен дайындалады да, көбінесе сапсыз болады.

Сюрикендер лақтырған кезде шаншылатын суық қаруға жататын жұлдызша, крест және т. б. сияқты формасы бар, ұштары ұшталған пластиналар болып саналады. Сюрикендер обоймада тасымалданып, карта таратқандай іс-қимылмен лақтырылады.

Садақ лақтырылатын суық қару түрі, ол иінді ағаштан, адырнадан және осыларды бір-бірімен қосып бекітетін тетіктен тұратын құрылғы. Бұл қару түрі өзінің жебесін неғұрлым алысқа лақтырылуымен, сол жебенің мықтылығы мен зақымдау мүмкіндігімен анықталады. Жебелердің өлтіру күші 30-90 метр аралығында болады. Жебелерінің ұшы үшкір жан-жағы өткір қайралған болғандықтан, шаншылатын қару міндеттерін атқарады.

Арбалет конструкциясы бойынша адырнасы бар садақтан, жебе бағыттайтын науасы және ұстап тұрып, жіберіп қалатын механизмдері орналасқан, қаңқадан тұратын лақтырылатын суық қаруға жататын құрылғы. Оның иық тірейтін дүмі немесе тапанша типтес сабы, адырна тартатын механизмі не қолмен тартқанда аяқ тірейтін үзеңгісі және көздеп атуға арналған қарауылы (оптикалық, диоптрикалық немесе лазерлік) болады. Адырнасының тартылу күші (суық қаруға жататындардың) 30-90 килограмм аралығында, жебесінің өлтіру күші 150-300 метрге дейін жетеді. Ғылыми-техникалық прогрестің дамуына қарай келтірілген өлшемдер біршама артуы мүмкін.

§3. Объектінің суық қаруға жататындығын анықтау мақсатын сараптамалық зерттеу жүргізудің жалпы әдістемесі

Суық қару жасалған қылмыс нәрсесі немесе жасалу құралы бола отырып, оқиға болған жерді тексеру барысында, тінту немесе алу кезінде, сондай-ақ заттық дәлелдеме ретінде іске тіркеу бойынша пайда болған мәселелерге байланысты.

Қарау жүргізуге өкілеттілігі бар лауазымдармен суық қаруды қарау кезінде криминалистика тәжірибесіндегі қолданылатын бақылау, өлшеу, суреттеу сияқты әдістер пайдаланылады. Суық қаруға жататын немесе сондай болады-ау деген заттардың қылмыстық іс бойынша атқаратын роліне байланысты, қараудың мақсаттары да әртүрлі болуы мүмкін. Зат кісі өлтіру немесе денсаулыққа зиян келтіру құралы болған күнде, оның үстінде қан, адам тіндерінің микробөлшектері қалдықтарының, шаш және киім элементтері қалдықтарының іздері қалуы мүмкін. Суық қаруды сындыру құралы ретінде қолданғанда, бояу, үгінді, жарықшақ және тағы басқа қалдықтарын табуға болады.

Сонымен бірге, суық қарудың жылтырақ бетінде, осы қаруды қылмыс барысында қолданған адамның саусақтарының іздері де қалады. Алайда, бұл жерде, зат қылмыс құралы болған-болмағанына қарамастан, оның иесін Қылмыстық кодекстің 251, 252-баптарының 4 бөліктері бойынша қылмыстық жауапқа тарту мәселесі ғана шешілгендіктен, суық қаруды тергеу әрекетінің хаттамасында бекіту және оны сипаттайтын — өлшемі, конструкциясы, пішін-кескіні және жекелейтін белгілерін табу мақсатында қарастырады. Мұнда, суық қару деп сипаттайтын топтық белгілерге назар аударылады және осындайлар арасынан бөліп шығаратын, жекелік белгілерге көңіл бөлінеді.

Оқиға болған жерде суық қару фотоға түсіріледі. Фотоға түсіру оқиғасы мен жағдайы туралы мағұлмат хаттамаға енгізіледі, ал дайындалған суреттер фотокестеге жабыстырылып, астына түсініктеме текстері жазылады, сонан соң тергеушінің қолы және тергеу органының мөрмен расталғаннан кейін, хаттамаға қосымша ретінде тіркеледі.

Суық қарудың материалдық бөліктерін тексеру — оның конструкциясы мен өлшемдерін зерттеуден басталады. Мұнда, тегіктерінің түгелдігіне, сұқпаға саптың бекітілу тәсіліне; заттың бөлшектері дайындалған материалға, оның түсіне, мықтылығына, үстінің сипаттамасына (тегіс, кедір-бұдырлы, керткітігі және т. б.); жүзі мен сұқпа ұшының өткірлігіне назар

аударылады. Зауыттық немесе жасандылықты көрсететін таңбалардың және жазулардың мазмұны мен орналасуы бекітіліп алынады.

Суық қаруға жататын немесе сондай болады-ау деген заттарды дұрыс суреттеуде, міндетті түрде криминалистикада қабылданған біркелкі терминологияны пайдаланған жөн. Заттың жалпы өзі мен оның бөлшектерінің аттары, тергеу әрекеті хаттамасында басынан аяғына дейін бірдей мәтінмен жазылуы тиіс.

Суық қару және оның тетіктеріне өлшем жүргізу үшін, тергеулік чехомдандағы өлшеуіш құралдар жеткілікті болады (сызғыш, штангенциркуль, транспортир). Үлкен тетіктердің өлшемдері 1 миллиметр дәлділікпен, ал сұқпаның, қазинегі мен саптың қалыңдықтарының өлшемдері — 0,1 миллиметр дәлділікпен өлшенеді.

Суреттеудің төмендегідей реті болады: жалпы сипаттама; заттың атауы, неден құрастырылған, жалпы ұзындығы, сұқпа мен саптың бір-бірімен бекітілу тәсілі (отырғызылған, шегенделген); сұқпаның сипаттамасы: нысаны, мөлшері, түсі, жүздерінің саны, сырты бар болса, оның нысаны (тік, дөңес, ойық және т. б.), сырты қиғашының болуы және оның фомасы, долалардың орналасуы және өлшемі, қаттылық қыры, маркалық таңбалардың мазмұны мен орналасуы және т. б.; саптың сипаттамасы: жалпы алғандағы формасы мен өлшемі, қандай бөлшектер мен тетіктерден құрастырылған, кейбір бөлшектерінің нысаны, өлшемі, материалы, түсі және қасиеті, маркалық таңбалардың орналасуы мен мазмұны; қазинегінің сипаттамасы: нысаны, мөлшері, материалы, шығыңқы жерлерінің саны мен бағыты; кейбір бөлшектерінің жоқтығы, сынықтар және басқа да бүліністер.

Объектінің суық қаруға, оның түріне және үлгісіне жататындығын анықтау.

Суық қарудың белгілі бір топқа жататындығын анықтау мақсатында қалыптасқан криминалистикалық зерттеулер сатыларынан өтеді: алдын-ала зерттеу, нақты зерттеу (салыстыру, эксперимент), алынған нәтижелерге баға беру және қорытынды жасау.

Әрине, мұндай сатыларға бөлудің, кейде шарттық сипаты болып, тиісті білімі және тәжірибесі бар сарапшы не маман бір қарағаннан-ақ заттық дәлелдемеге бөлек зерттеу басында ойша баға беріп, суық қарудың өзіне белгілі үлгілерімен және суық қаруға жатпайтын, шаруашылық заттарымен салыстыру нәтижесінде бір немесе бірнеше болжамдар құрастырылады да, бүкіл зерттеу барысында тексеріліп отырады.

Бөлек зерттеу сатысында басқа да бақылау, өлшеу, суреттеу сияқты әдістер де қолданылады. Зерттеудегі объектіні суық қарудың әртүрлі үлгілерімен салыстыру — сараптамалық не мамандық зерттеулердің негізгі сатыларының бірі және ұсынылған болжамдарды тексеру құралы болып са-

налады. Салыстырмалы зерттеулер үлгілері болып, сараптамалық мекеме немесе ішкі істер органдарындағы жедел-криминалистикалық бөлімдер коллекциясында сақталған суық қарудың зауыттық және қолөнерлік тәсілмен дайындалған даналары, сонымен қатар арнайы әдебиеттерде және анықтама альбомдарында жинақталған суреттер, сызбалар, фотосуреттер пайдаланылуы мүмкін. Суық қару үлгілері туралы толымды мағлұмат алатын қайнар-көздердің біріне әдебиеттер жатады. Дұрыс салыстырмалы зерттеудің екінші қажетті алғышартына, зерттеудегі объектіні сипаттайтын және олардың жиынтығын құрастыратын, негізгі, елеулі, анықтайтын белгілерді бөліп шығару жатады.

Суық қаруда қандай белгілер жоқ және неге жоқ екендігін анықтаудың маңызы бар. Дайын затта суық қарудың нақты түріндегі кейбір белгілердің болмауы, төмендегідей себептерден туындайды:

1. Зерттеудегі затты дайындаған кезде, оны қандайда бір қасиеттермен қамтамасыз ету мақсаты көзделмеген. Мұндай жағдайларда болмайтын белгілерге: сұқпаның жеткілікті мықтылығының болмауы; саптың зақым келтіруге ыңғайсыздығы және тағы басқалар жатады да, ол объектіні суық қаруға жатпайтындығын көрсетеді. Дәл осындай жағдай, қажетті материалдардың болмау себебінен, сұқпаны құрыштау технологиясын бұзу арқылы көзделген мақсатын орындай алмаған кездерде де болады.

2. Пайдалану және сақтау нәтижелерінде, дайын затта бүліністер болуы мүмкін. Мұнда, осы бүліністердің қаншалықты елеулі екендігіне баға беріп, оны қалпына келтіру мүмкіндігі бар ма, жоқ па, сол туралы білген дұрыс.

Қорытынды құрастыру — зерттеудің маңызды кезеңі болып саналады да, қойылған сұрақтарға жауап қайтару толық зерттеу барысынан өрби отырып, нақтылы, анық, тұжырымды болып, және екі ойлылықты білдірмеу керек. Мысалы: «Валиев мырзадан алынған пышақ, отандық әскери десант пышағының үлгісі бойынша қолдан жасалынған және шаншып-кесетін суық қару түріне жатады»; «Закарин мырзаның пәтерін тінту барысында табылған құрылғы, “BARNETT” атты американ фирмасының зауыттық тәсілмен дайындалған аңшы арбалеті болып, лақтырылатын суық қару түріне жатады». Қорытындыларда зерттелген заттың суық қару екендігін көрсетумен қатар, міндетті түрде оның белгілі бір түрге жататындығын да (кастет, фин пышағы) атаған дұрыс, өйткені біз суық қару сияқты зерттеу объектісін, оның түрі арқылы анықтайтынымыз осыған дәлел.

§4. Суық қаруды зерттеуден өткізудің кейбір ерекшеліктері

Суық қаруға жатады-ау деген, оның ішінде қолдан жасалған

объектілерді криминалистикалық зерттеуден өткізудің бірқатар ерекшеліктері болады. Ең көп келіспеушіліктер сұқпаның ең аз ұзындығы қандай болатындығының маңайында көрініп отыр. Біздің заңға сәйкес сұқпаның ұзындығы 90 мм шамасында. Алайда біздің ойымызша, сұқпаның мөлшерлік сипаттамалары өз алдына жеке анықтауыш белгі бола алмайтынына қатысты өз көзқарастарын дамытқан ғалымдармен келісе отырып, суық қарудың жалпы конструкциясы пайдалануға ыңғайлы және нысананы зақымдауды қамтамасыз ете алатындай мүмкіндігі болуын қолдаймыз.

Осы мүмкіндікті қамтамасыз ету үшін, суық қарудың жалпы конструкциясы мен оның зақымдайтын бөлшегі мықтылықпен көзге түсуі тиіс. Криминалистикада қалыптасқан әдістемелерге жүгінсек, зерттеуге берілген заттың нысананы бірнеше рет бүлініске ұшырамай зақымдай алатынын тексеру үшін эксперименттер жасалады. Мысалы, нысана ретінде 50 мм құрғақ қарағай тақтай қолданылады. Бірнеше рет (50 рет, 10-нан аз болмау керек) пышақпен ұру барысында сұқпасының, жалпы конструкциясының немесе басқа да бөлшектерінің бүлінуі не бүлінбеуі анықталады және осыларға баға беріледі. Сонымен бірге, түйреп-кескіш (қанжар, пышақ) суық қарудың зақымдандыру қасиеттерін тексеретін нысананы қолдануға болады. Мұндай нысана қалыңдығы 10 мм қалқаннан тұрады. Оның бетіне қалыңдығы 1-1,5 мм. Біржапырақ резенке орнатылып, ал оның ортасында 70 мм қалыңдықтағы каучук қабаты болады. Жоғарыда аталған нысана, тығыздығы бойынша шамамен адам терісінің тығыздығына сәйкес келеді екен.

Соққы жасау кезіндегі конструкцияның ыңғайлылығын тексеру барысында мыналар анықталады:

- сұқпасының әртүрлі жағдайындағы қолда ұсталу мүмкіндігі (ұшымен жоғары және төмен, жүзімен ішке қарай және сыртқа қарай);
- қолды тіреу мүмкіндігі — жүзіне жылжып-сырғанап кетпей ме;
- сұқпасы жабыла ма (бәкі) және соққы болғанда бекіткіш (фиксатор) ұстап тұра алама;
- сабы қолда ұстауға жеткілікті ме, әлде қысқа ма.

Ұрып-сындыратын қаруларда қолда ұстауға ыңғайлылығы, жалпы конструкцияның және соққылайтын жерінің мықтылығы тексеріледі (мысалы, қастеттің саусақ кіргізетін тесіктері, қолды жарақаттай ма).

Ұрып-сындыратын қарулардың, әдетте соққылайтын жерінің (шоқпар, сойыл, кистень) салмағы ерекше болады. Ұрыс қамшылары немесе кистеньдер жүкшелерінің салмақтары кішкене болуы мүмкін. Өйткені зақымдау әрекеттері тек салмақпен емес, шынжыр не жіпке ілінген жүкшені айналдыру екпінімен де келтіріледі. Қастеттер үшін салмаққа қарағанда, мықтылығы және ұру күшінің маңызы болады.

Лақтырылатын суық қарулар конструкциясы зақымдандыру қасиеттерін сақтай келе, бірнеше нысыналы атыс жүргізе алатын, эксперимент жасау нәтижесінде мыналар анықталады:

- төзімділік қасиеті мен конструкциясының белгілі үлгілерге сай келуі (мұндайда: жасалу тәсілі, қолданылған материалдар, адырнаның тартылу күші және т. б.);
- зерттеудегі арбалет не садақтың атыс мүмкіндігі;
- бірнеше рет және көздеп ату мүмкіндігі;
- қарастырылып отырған үлгінің зақымдандыру қасиеттері.

Арбалеттің зақымдандыру қасиеті — нысанадағы жарақат тереңдігімен, яғни, жебе ағашқа немесе шамамен адам терісінің тығыздығына сәйкес келетін нысанаға 8-10 миллиметр тереңдікпен енген жағдайда, арбалеттің адам зақымдауға жететін күші бар екеніндігі туралы қорытынды беріледі.

Тәжірибеде бұрын кездеспеген лақтырылатын суық қаруға жататын үлгілердің қатарына сюрикендерді енгізуге болады. Олар жұлдызша, крест және т. б. сияқты нысаны бар, ұштары ұшталған пластиналар тәріздес болып келеді. Сюрикендер обоймада тасымалданып, карта таратқандай іс-қимылмен лақтырылған.

Заттарды сюрикен типтес лақтырылатын суық қаруға жатқызу мақсатымен зерттегенде, олардың мынадай елеулі белгілері анықталуы тиіс:

- нысаны, мөлшері және конструкциясы бойынша белгілі үлгілерге толық сәйкес болуы;
- лақтырғанда және өзімен бірге алып жүргенде (обоймада) қауіпсіздікпен қамтамасыз етілуі;
- зақымдандыру қасиеттерінің болуы.

Бішіе, суық қаруға тек тірі не басқа да нысанаға зақым келтіретін мақсатпен бағытталған және суық қарудың барлық топтық белгілерін өзіне қамтыған заттарды ғана жатқызуға болады деп есептейміз.

Ғылыми зерттеулерде және сарапшылар мен мамандардың қызметтерінде қазіргі уақыттағы зерттеу әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану, математика, кибернетика идеяларының енуі және жүйелік-құрылымды талдауларды пайдалану, сараптаманың теориялық және практикалық сұрақтарын шешудегі жаңа амалдарды қалыптастырады. Жаңа техникалық құралдар практикалық қызметті қазіргі жағдайға сәйкес өзгертеді, зерттеулердің шыншыл болуына бағытталған жаңа әдістердің даму жолдарын анықтайды, сарапшылар қорытындысының ғылыми дәлелдігін арттырады және криминалистикалық сараптамалар мүмкіндігін кеңейтеді.

Суық қарудың криминалистикалық зерттеуден өткізу сұрақтарын шешудегі жағдайларды анықтау және дәлдеу барысында программалық әдіс-тәсілдерді құрастыру арқылы зерттеуді автоматизациялау мүмкіндіктері пайда

болып жатыр. Ғылыми-техникалық әдіс-құралдарды тиімді қолдану мақсатында, қылмысты тергеуде, оның арасында суық қарумен байланысты қылмыстарды тергеу барысында жаңа әдістемелерді пайдалану және енгізумен қатар, іс жүзіндегі барларын жетілдіру мен суық қару криминалистикалық сараптамасының объектілерін анықтайтын жоғарыдағыдай әдістемелерді жасау қажеттілігі туындап отыр. Мұндай жетістіктер құқық қорғау қызметкерлерінің жұмыстарында көп көмек көрсетер еді.

7-ТАҚЫРЫП

ҚОЛМЕН ЖАЗЫЛҒАН ҚҰЖАТТАРДЫҢ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ

§1. Қолтаңба танушылық сараптаманы жүргізу әдістемесі

Құжаттарды зерттеу криминалистика ғылымының маңызды салаларының бірі болып табылады. Құжаттар адам қызметінің әртүрлі салаларында қолданылып, оның жасандылығы қоғамға едәуір зиян келтіреді. Жасанды құжаттар алаяқтық іс-қимылдарды жасыру мақсатында, кісі өлтіру кезінде, бөтен мүлікті ұрлау және басқа да қылмыстарды жасау барысында істе дәлелдеме ретінде жүреді. Қазіргі кезде орта және шағын кәсіпкерліктің дамуына байланысты, сондай-ақ адам қызметінде компьютерлік технологияның ерекше орын алу саларынан экономика салаларындағы қылмыс түрлерінің, оның ішінде құжаттардың әртүрлі нысандарын пайдалану арқылы жасалатын құқық бұзушылықтар жиі кездесуде.

«Құжат» деген термин латынның «dokumentum» сөзінен шығады, яғни ежелгі Римде «айғақ, сабақ, өнеге болатындардың барлығы» деп түсінілген.

Құжаттардың криминалистикалық зерттеуінің жүйесіне:

- а) жазудың (письмо) криминалистикалық зерттеуі;
- ә) құжаттардың техника-криминалистикалық зерттеуі енеді¹³.

Бұл екі жағдайда зерттеу объектісі болып құжаттар жүреді. Кең мағынадағы құжат деп қылмысты тергеуге қатысы бар, бір немесе бірнеше бекіту құралдары көмегімен қандайда бір фактілер туралы мағұлматтар көрсетілген объектілерді айтамыз.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 123-бабына сәйкес, азаматтар, лауазымды тұлғалар және мекемелер баяндап берген немесе куәләндірген мәліметтер қылмыстық іске қатысы болса, онда мұндай құжаттар дәлелдеме ретінде қабылданады. Және ең алдымен құжаттардың мазмұнына назар аударылады (мысалы, басқа біреудің жүргізуші куәлігін пайдаланған кезде).

¹³ *Исаев Ә. А., Шакенов А. О.* Криминалистика және сот сараптамасы сұлба нысанында: Оқу құралы. — Алматы, 2005. — 64 б.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 121-бабына сәйкес, заттық дәлелдеме ретінде қылмыс құралы немесе өзінде қылмыс ізін қалдырған, қылмыстық іс-әрекет объектісі болған құжаттар болып, сонымен қатар қылмысты табуға көмек жасайтын, істің нақтылы жағдайын анықтайтын, кінәліні әшкерлейтін басқа да құжаттар жатады (мысалы, құжатта фотосуретті қайта жапсыру белгілері бар).

Ақпаратты бекіту тәсілі бойынша құжаттардың төмендегідей түрлері болады: қолжазбалар; мәшінкеге басылған, баспахана әдісімен және принтер көмегімен жасалған мәтіндер; графикалық құжаттар (сұлба, жоспар, сызба және т. б.); кино-, фото-, бейнеқұжаттар; кодты ақпараттар беретін объектілер (перфокарта, телеграф және телетайп ленталары және т. б.). Аталмыш құжаттардың криминалистикалық зерттеуден өткізудің бір түрі — қолтаңба танушылық сараптаманы жүргізу әдістемесіне қатысты мәселелерді қарастырайық.

Қолтаңба танушылық сараптама дәстүрлі криминалистикалық сараптамалар қатарына жатады. Ол мынадай сатылардан тұрады:

1) сараптамаға келіп түскен материалдарды алдын ала зерттеу (талдау);

жазу тілі және қолтаңба белгілерін бөлек-бөлек зерттеу:

а) зерттеудегі құжаттарда;

б) зерттеудегі мәтінді орындауы мүмкін адамдар қолтаңбаларының үлгілері болып табылатын құжаттардағы;

2) құжаттарды бөлек-бөлек зерттеу процесінде анықталған жазу тілі және қолтаңба белгілерін салыстырмалы нысанда зерттеу;

3) зерттеу нәтижелеріне баға беру;

4) қорытынды құрастыру;

5) сарапшы қорытындысын рәсімдеу.

Алдын ала зерттеу. Зерттеуге келіп түскен материалдармен танысу.

– жолдама құжатта (қаулыда) көрсетілгендермен жіберілген материалдардың сәйкес келуін анықтау;

– ұсынылған құжаттардың қайсысы зерттеуге жататындығын анықтау;

– сараптамаға шешу үшін қойылған сұрақтардың мәні айқындалады.

Істің жағдайларымен танысу.

Аталмыш іс-әрекетте анықталатын мәселелер:

– құжат қандай жағдайларда орындалған (ыңғайсыз қалыпта жазу және т. б.);

– қолжазбаны орындауы мүмкін адамның кәсібі не, оның жасы, білімі, қай тілді біледі, қай қолымен жазады, жазуға әсер ететін аурулар барма.

Зерттеудегі құжатты қарау.

- құжаттың түрі және оны орындау тәсілі (хат, қысқаша хат, қолхат, бағаналары қолмен толтырылған стандартты бланк);
- құжат формасы және оның өлшемдері;
- құжат материалы, типографиялық өңдеудің, бүктеу сызықтарының болуы, түзетулер, кірленулер және тігінді іздердің бар-жоқтығы, сондай-ақ жазу құралының түрі мен қолданылған сияның түсі.

Егерде зерттеуге құжаттың өзі емес, оның фотокөшірмесі жіберілсе, фотосуреттің сапасына, қолмен жазылған мәтін штрихтардың айқындылығына, бейнелену масштабына (егер оны анықтау мүмкін болса) жете назар аудару қажет.

Мәтіндегі қолтаңбаның шын мәніндегі немесе қасақана өзгеріске ұшырату белгілерін зерттеудегі құжатты қарау процесінің басында-ақ байқауға болады.

Қолтаңба үлгілерін қарау. Идентификациялауға қажетті үлгілердегі графикалық белгілердің сапасы және көлемі бойынша жеткіліктілігі анықталады.

Зерттеу жоспарын құрастыру.

Зерттеу жоспарында талдауға жататын құжаттар мен қолтаңба үлгілеріндегі идентификациялық белгілерді зерттеу реті, қолданылатын ғылыми-техникалық құралдар шеңбері көрсетіледі.

Бөлек-бөлек зерттеу.

Бөлек-бөлек зерттеу деп сараптамаға келіп түскен құжаттарда кескінделген барлық белгілерді тыңғылықты түрде талдауды және суреттеуді айтады. Бөлек-бөлек зерттеу кезінде қолжазба мәтнінде өз бейнесін тапқан және идентификациялық маңызы бар белгілердің түгеліне сандық және сапалық сипаттама беріледі. Бөлек-бөлек зерттеу төмендегідей ретте жүргізіледі:

- жазу тілінің белгілерін зерттеу;
- топографиялық белгілерді ажырату және суреттеу;
- жазудың ерекше дағдыларын зерттеу;
- қолтаңбаның жалпы белгілерін зерттеу;
- қолтаңбаның жеке белгілерін зерттеу.

Зерттеу нәтижелері сарапшымен кесте түрінде рәсімделеді. Бұл кестеде белгінің атауы, зерттеудегі құжатта және тексерістегі адам қолтаңбасының үлгілерінде бейнелену формасы көрсетіледі.

Салыстырмалы зерттеу.

Аталмыш зерттеудің мәні — бөлек-бөлек зерттеу үстінде айқындалған белгілерді сәйкестендіру. Сәйкестендіру барысында жазу тілінің белгілері, топографиялық белгілер және жазудың ерекше дағдылары салыстырылады, кейіннен қолтаңбаның жалпы және жеке белгілері осындай іс-әрекетке

ұшырайды.

Салыстыру, мазмұндау стилін сипаттайтын сәйкес келген немесе айырмашылығы бар белгілерді анықтаудан басталады. Лексикалық белгілерді салыстыру барысында сарапшы қолжазбадағы жіктелік бір топқа жататын бірғана немесе мәні бойынша жақын сөйлемшелерді және лексикалық ерекшеліктерді (жаргон, диалектизмдер, архаизмдерді) белгілейді. Тыңғылықты салыстыру процесіне грамматикалық белгілер жатады. Салыстырудағы қолжазбаларда және кестедегі бөлек-бөлек талдаудан өткен барлық қателіктер сәйкестендіріледі. Салыстырылып жатқан қолжазбада бірдей сөздер мен сөйлемшелер жоқ болса, онда басқа сөздердегі біртектес қателерді сәйкестендіру қажет (мысалы, етістіктерде жінішке белгіні («ь»)) тастап кету, тек немесе септіктегі сөздердің қате үйлесуі және басқалар).

Зерттеу нәтижелеріне баға беру.

Анықталған сәйкестіктер мен айырмашылықтарды бағалау белгілердің тұрақтылығын тыңғылықты талдаудан өткізген соң жүргізіледі. Зерттеу нәтижелеріне баға беру кезінде сапалық сипатымен қатар, әрқайсысын идентификациялауда маңызды сандық көрсеткіштеріне де назар аударылады. Мұндай мәселе, қолтаңбадағы бөлек белгілердің кездесу жиілігі жайлы математикалық статистикада қолданылатын эксперименталдық мәліметтерге сәйкес іске асырылады.

Дұрыс тұжырым жасауға мүмкіндік беретін сәйкестік белгілердің жеткіліктілігін анықтау үшін, мынадай негізгі қағидаларды жетекке алу керек:

- идентификациялық жиынтықты құрайтын белгілер тұрақты болу керек;
- идентификациялық жиынтыққа, жазған адамға тән қимылдау ерекшеліктерін құрайтын, сәйкестік белгілер енеді. Қимылдардың өзгешелігі сәйкес келген белгілердің типтік жазу үлгісінен (пропись) ауытқу деңгейімен байқалады;
- белгілер жиынтығының жеткіліктілігі оған енгізілген әрбір белгілердің кездесу жиілігін есепке алумен анықталады.

Сарапшы қорытындылары

Бұл сатыда жүргізілген зерттеулерге нәтиже беріледі, бөлек графикалық белгілерге және осы белгілердің анықталған жиынтығына қатысты баға берулер жинақталады.

Сарапшы қорытындылары үзілді-кесілді немесе ықтималдық сипатта болуы мүмкін.

Үзілді-кесілді дұрыс тұжырым сараптама жүргізу үстінде салыстыруға жататын қолжазба мәтінінде тұрақты графикалық белгілердің сәйкестігі анықталғанда жасалынады. Біз білетіндей, олар басқа адамдар жазуындағы қайталанбас, жеке дара жиынтықты құрайды. Аталмыш тұжырымды негіз-

дей отырып, сарапшы салыстырмалы зерттеу кезінде және белгілерге баға беру барысында бекітілген өзгешеліктерді де дәлелдейді. Анықталған өзгешеліктерді ұғындыру міндетті болып саналады, онсыз сарапшы қорытындысын толық, әрі шынайы деп қабылдай алмаймыз. Бұл өзгешеліктер мынадай жағдайлармен түсіндірілуі мүмкін:

а) қолтаңба белгілерінің вариациялы болуы. Салыстырылып жатқан қолжазбаларда осы белгілердің басқа сәйкес келетін тұрақты варианттары болсада, жазу таңбаларының бөлек варианттары жазу кезіндегі қимылдардың барлық детальдарында сәйкес келе бермейді;

б) салыстырылып жатқан қолжазбалардың орындалуының әртүрлі шарттарымен, олардың әртүрлі мақсаты мен мазмұны, сондай-ақ зерттеудегі құжатта қолтаңбаны маркелеу белгілерінің болуы.

Ықтималдық дұрыс тұжырым салыстырылып жатқан қолжазбалар бір адаммен жазылғандығы туралы тек жорамалдық ойды ғана қамтыған. Түсіндіруге келмейтін айырмашылықтар жоқ болған кезде, үзілді-кесілді тұжырым үшін жеткіліксіз сәйкес келетін графикалық белгілер жиынтығы ерекшеленіп шығарылғанда, осындай қорытынды мүмкін. Белгілер жиынтығының жеткіліксіздігі мынамен түсіндіріледі:

а) зерттеудегі қолжазба мәтінінің қысқалығымен. Мұндай жағдай, жазу таңбаларының барлық варианттарын және олардың үйлесімділігін зерттеуге, қолжазба мәтініндегі кейбір белгілердің тұрақтылығын қадағалауға мүмкіндік бермейді;

б) салыстырылып жатқан қолжазбалардағы қимылдар жүйесінің қарапайымдылығымен. Осының нәтижесінде сәйкес келетін белгілер жиынтығы өзіне, тек әртүрлі адамдардың қолтаңбаларында жиі кездесетін және идентификациялық маңызы аз болатын белгілерді жинақтаған;

в) зерттеудегі құжаттағы қолтаңбаны қасақана бұрмалануымен, яғни орындаушының графикалық белгілерінің идентификациялық кешенін ажырату мүмкіндігінің болмауы және үзілді-кесілді нысанда сұрақтарға жауап берілмеуі.

Үзілді-кесілді теріс қорытынды салыстырылып жатқан қолжазбалардың бірғана адаммен жазылу мүмкіндігін жоққа шығару нысанында беріледі. Мұндай тұжырым қолжазбалардағы тұрақты өзгешеліктердің болуына негізделген. Кейбір сәйкес келген белгілер қолтаңбалардың кездейсоқтық ұқсастығымен түсіндіріледі.

Ықтималдық теріс қорытынды салыстырылып жатқан қолжазбалар мәтінінде анықталған өзгешеліктер негізгі болып қабылданбайтын жағдайларда шығарылады. Ықтималдық ой-пікірлер үшін негіздер:

а) зерттеудегі құжаттағы қолтаңбаның жасандылығына күдік туындағанда өзгешеленетін белгілердің болмашы кешені;

б) салыстырылып жатқан қолжазбалар мәтiнiндегi бiрқатар сәйкестiктердiң болуымен. Олар, идентификациялық жиынтықты құрастырмасада, көрсетiлген мәтiндер әртүрлi адамдармен жазылғанда, кездейсоқ деп бағаланбайды.

Сараптамаға қойылған сұрақтарды шешу мүмкiндiгiнiң жоқтығы туралы қорытынды қолжазбаға қатысты жүргiзiлген зерттеумен орындаушы жайлы белгiлердiң жеткiлiктi кешенi (графикалық белгiлердiң өте аз мөлшерi, тұрақты ерекшелiктердiң жоқтығы және т. б.) анықтап, баға беру мүмкiндiгi болмаған жағдайда шығарылады.

Сарапшы қорытындысын рәсiмдеу.

Жүргiзiлген сараптама үш бөлiктен тұратын қорытынды түрiнде рәсiмделедi: кiрiспе, зерттеу және тұжырым. Сондай-ақ қорытынды қосымшамен, яғни фотокесте арқылы безендiрiледi.

Кiрiспе бөлiгiнде орын алатын мәселелер:

- сараптама жүргiзуге негiз;
- сарапшы туралы мәлiметтер;
- зерттеуге келiп түскен материалдар тiзiмi;
- сараптама тағайындалған iстiң мән-жайы;
- шешуге қойылған сұрақтар.

Зерттеулiк бөлiкте сараптамаға жiберiлген қолжазбалар (зерттеуге жататын үлгiлер) толығымен суреттеледi және онда мыналар көрсетiледi:

- қолжазба атауы (домалақ хат (анонимка), арыз және т. б.);
- құжаттың орындалу мерзiмi;
- құжатты бастаған және оны аяқтаған сөздер;
- қағаздағы сызықтың түсi, формасы, өлшемі, сипаты және қағаз сапасы;
- жазудың қандай құралымен құжат орындалған (қарындаш, сиялар және т. б.), бояудың түсi;
- белгi қойылған, бүлiнiске ұшыраған, үзiлген, бүктелген жерлердiң болуы;
- жазу тiлiнiң белгiлерiн, қолтаңбаның жалпы және жеке белгiлерiн, топографиялық белгiлердi, әрбiр қолжазбалардағы ерекше дағдыларды суреттеу.

Әрi қарай салыстырмалы зерттеу нәтижелерi тыңғылықты түрде суреттеледi. Үлгiлердiң көп саны зерттелген жағдайда аталмыш нәтижелердi кесте түрiнде рәсiмдеген жөн.

Қойылған сұрақтарға сарапшының берген жауаптары әрi қысқа, әрi түсiнiктi болу керек және олардың тұжырымы екi жақты түсiнiк бермеу керек.

Қорытындыдағы қосымшада (фотокестеде) салыстыруға жататын қолтаңбаларда бар сәйкестiктер мен өзгешелiктердiң фотосуреттерi белгiлеу-

лерімен орын алады. Сәйкестік белгілердің көрсеткіштері қызыл сиямен немесе тушь арқылы жасалады, ал өзгешелейтін белгілердің көрсеткіштері көк немесе жасылмен жасалады. Көркемдеу үшін әріптердің биіктігі 0,8-1 см-ден кем болмау мақсатын 2-3 есе үлкейтілген мәтіндердің фотосуреттері дайындалады. Егерде мәтін кішкене болса, оны толығымен фотосуретке сыйдырады. Егерде мәтін көлемді болса, онда фотоға түсіру үшін көзге ұрарлық жеке дара белгілердің элементтері таңдалады. Қосымшаның барлық фотосуреттерінде түсіндірме жазулар болу керек.

§2. Қойылған қолдың графикалық зерттеуі

Қойылған қол дегеніміз қандай да бір құжатта немесе хаттағы өз қолымен жазылған фамилияның графикалық бейнесі. Жазғанды растайтын белгі бола тұра, қол, сондай-ақ хаттың толығымен өзі жеке адамды анықтау мақсатында жүргізілетін криминалистикалық зерттеу объектісі болып қызмет жасайды.

Қойылған қолдың қарапайым жазудан мынадай елеулі өзгешеліктері бар:

- а) көлемі бойынша шектелген графикалық материалды құрайды;
- б) әріптермен жазылған орындаушының фамилиясы графикалық бейнемен сәйкес келмейтін жағдайлар аз емес;
- в) жазу, хатты жалпы алғанда, әдетте қол автоматты түрде орындалады.

Қолға әдемілік беру үшін, ал кейде оның жасандылығын қиындату мақсатында, олар бірнеше әріпті біріктіру нәтижесінде күрделендіріп және әшекейлендіру арқылы қойылады.

Қойылған қолдың графикалық сараптамасымен мынадай негізгі сұрақтар шешіледі:

- аталмыш қол көрсетіліп тұрған адамның атынан қойылған ба;
- қол нақты адамның атынан басқа біреумен қойылған ба.

Жасанды қолдар нақты адамдардың шын қолдарына еліктеу жолымен немесе ойдан шығарылған адамдар атынан орындалады. Сонымен бірге түрнұсқаны көшіру жолымен орындалатын, қолдың техникалық жасандылығы да практикада кездеседі. Қолды еліктеу арқылы жасанды ету негізінде екі тәсілмен жүргізіледі:

- көз мөлшерімен салу (қылмыскерде басқа адам қолының түпнұсқасы бар, ол оған қарап отырып көшіріп алу жолымен қолды қояды);
- есіндегі бойынша (қылмыскер бұрын бақылап және есінде сақтаған қолды жаңғырту).

Қолдың идентификациялық белгілері

Қолдың идентификациялық белгілеріне жататындар:

- топографиялық белгілер;
- қолдың транскрипциясы;
- қолдың құрылымы;
- жалпы белгілер;
- жеке белгілер.

Топографиялық белгілер құжаттағы қолдың орналасу ерекшеліктерін сипаттайды. Қолдың мынадай топографиялық белгілері ажыратылады:

а) құжаттағы қолдың орналасқан жері, мысалға қабылданған қарар, резолюция астында (сол жағында, он жағында, үстінде, астында);

б) құжат мәтініне қатысты қолдың орналасқан жері (мәтінге жақын, біршама алыс, үлкен арақашықтықта);

в) қағаздағы жол сызықтарына қатысты қолдың орналасуы;

г) парақтың көлденең қиылысына қатысты қолдың орналасуы (көлденең, өрлеу, төмендеу).

Қолдың транскрипциясы — қолды көрсететін, жазу таңбаларының жалпы құрамын сипаттайтын белгі. Транскрипцияның үш негізгі түрін ажыратады:

- әріптік (толық оқылатын фамилия әріптерінен тұрады);
- әріпсіз (штрихтардан тұрады);
- аралас.

Қолдың құрылымы — қолдың конструктивтік күрделілігін сипаттайтын белгі. Осы белгі бойынша қол қарапайым, жеңілдетілген және күрделі болып бөлінеді. Әріптік транскрипциядағы қолдар қандай да бір жеңілдетілусіз немесе күрделенусіз қарапайым құрылымдағы қолдарға жатады. Жеңілдетілген құрылымдағы қолдар әріптер мен байланыстар құрылымда елеулі қарапайымдықтарды өзінде сақтаған, мұндай қолдардың әріпсіз бөлігі қарапайым элементтерден тұрады. Күрделі құрылымдағы қолдарда әріптердің күрделенген конструкциялары (монограмманы қосқанда), әріпсіз элементтер мен әшекейленген қол көріністері басым.

Қолдың жалпы белгілері төмендегідей сипатталады:

- жаттыққандық (выработанность);
- қимылдар формасы мен бағыты;
- қисаю (наклон);
- өлшемі;
- екпін (разгон);
- байланыстылық (связность);
- басу (нажим).

Қойылған қолды зерттеу әдістемесі.

Алдын ала зерттеу. Осы кезеңде сарапшы келіп түскен материалдар мазмұнымен танысады. Істің мән-жайымен танысады, сараптама шешу үшін қойылған сұрақтарды нақтылайды, сонан соң сарапшы салыстыру үшін ұсынылған үлгілер саны жеткілікті ме, соны анықтайды. Қолдың ерікті үлгілері 10-15-тен кем болмау керек, сондай-ақ қолдың 15-20 эксперименталдық үлгілері ұсынылу қажет. Эксперименталдық үлгілер әртүрлі парақтарда орындалып және бірнеше тәсілдерді пайдалану арқылы алынады (бірнеше сағаттан кейін, кейде бірнеше күннен кейін).

Бөлек-бөлек зерттеу қойылған қол және үлгілердегі идентификациялық белгілерді айқындап-талдау мақсатында жүргізіледі.

Парақта немесе бланкіде схемалық түрде қол суреттеледі. Ол арқылы қолдың бөлек элементтерінің орындалу және бір-бірімен жалғасу ерекшеліктерін, сондай-ақ қойылған қолдың басқада детальдарын зерттеуге болады. Тыңғылықты түрде қолдың жеке белгілері талданады. Ретін сақтауға сәйкес, алдымен қолдың бастапқы бөлігі талданады (өзінің, әкесінің атының бірінші әріптері және фамилиясының басты әріптері немесе монограмма), сонан соң ортаңғы және соңғы (әріптік және әріпсіз), кейіннен барлық элементтері бар әшекейленіп қойылған қол (росчерк) зерттеледі. Қолдағы белгілер әртүрлі шартты таңбалармен көрсетіледі, мысалы, қимылдың бағытталу ерекшеліктері — қимылдың бағытына сілтейтін, жаппай тұтас стрелкамен; табаны мен төбесіндегі сызықтардың құрылымы — үзік-үзік сызықпен; қолдағы бөлек детальдар — сандық көрсеткіштегі стрелкамен.

Салыстырмалы зерттеу қойылған қол мен үлгілерді бөлек-бөлек зерттеу кезінде айқындалған белгілерді сәйкестендірумен байқалады.

Сәйкестендіру, бөлек-бөлек зерттеу барысында белгілерді айқындау қалай жүргізілді, солай іске асырылып, оның мақсаты сәйкестік пен өзгешелікті ажырату болып табылады. Өңдеу барысында салыстыру нәтижелері талданатын белгінің жанында қойылатын (+ немесе -) шартты таңбалармен белгіленеді. Аталмыш зерттеу барысында сарапшымен салыстырудағы қолдардың бір масштабтағы 2-5 есе үлкейтілген фотосуреттері жасалады, кейіннен олар қосымшаға енгізіледі.

Сәйкес келетін және өзгешелікті көрсететін белгілерге баға беру бірыңғай емес орындалу шарттарға байланысты қойылған қолдарда пайда болуы мүмкін өзгерістерді есепке ала отырып жүргізіледі. Бұл жерде, айқындалған сәйкестіктер кездейсоқ па, әлде олар бір адамның қолтаңбасындағы жеке ерекшеліктерін көрсететін сәйкестіктер ме, сол анықталу керек. Нақты қорытындыны (дұрыс немесе теріс) қалыптастыру жеке белгілерді салыстыруына баға беру нәтижелеріне негізделеді.

§3. Қойылған қолдың техникалық жасандылығын анықтау

Қолды техникалық тәсілмен жасанды ету кезінде қылмыскер, түпнұсқамен барынша ұқсастыққа жеткізу мақсатында, әртүрлі техникалық тәсілдерді қолданады.

Жалған құжаттарды дайындау барысында қылмыскерлермен қолды техникалық тұрғыдан жасанды етуде қолданылатын бірқатар тәсілдерін ортаға салайық:

- көшірме қағаз көмегімен жасанды ету;
- жарып өткен (на просвет) жарықтың көмегімен қайта салу;
- үстінен баса отырып салу;
- көшіргіш мүмкіндігі бар заттардың көмегімен жасанды құжаттың үстіне бояудың көмегімен дұрыс қолды көшіру;
- фото арқылы көшіру;
- компьютерлік техниканы пайдалану арқылы.

Қолдардың техникалық жасандылығын анықтау әдістемесі.

Қолдың техникалық жасандылығын зерттеудің мақсаты ретінде мыналар жүреді:

- жасандылықтың өз белгілерін анықтау;
- жасандылық тәсілін анықтау.

Аталмыш міндеттерді шешу құжаттарды қарау, микроскопиялық зерттеу және әртүрлі көрінетін-көрінбейтін спектрлік зоналарда талдау процесінде іске асырылады.

Даулы қолды зерттемес бұрын, сарапшы, бәсеңдетілген қимылдарға сілтейтін белгілерді анықтау мақсатында қолдың қойылу кезіндегі графикалық ерекшеліктерін қарастырады, яғни:

- штрихтардың сынған жерлерін;
- құрастырылмаған жазу құралдарының тоқтаған жерлерін;
- штрихтардың қалыңдаған және моқалған аяқталулар бар жерлерін.

Осындай талдаулар барысында қарындаш немесе көшірме қағаздар штрихтарының қалдықтары, бояумен жабылмаған, қағаз бетіндегі басылған штрихтардың бедерлі кескіндері тәрізді іздер де анықтаулы мүмкін.

Әртүрлі бөтен штрихтар микроскопиялық зерттеу көмегімен анықталып жатады. Микроскопиялық зерттеу процесінде штрихтардың құрылымы және бояудың түстері талдау өткізіледі.

Егерде қолда бәсеңдетілген қимыларда белгілері, сондай-ақ алдын ала дайындық іздері (көшірме қағаздардың штрихтары және т. б.) анықталып жатса, онда бұл қолдың техникалық жасандылығы туралы тұжырым жасауға негіз болады.

Техникалық жасандылық белгілерін тапқан кезде сарапшы, шамамен

қолдың жасандылық ету тәсілін айқындайды. Өрі қарай зерттеу, қолды қою кезінде қолданылған жасандылық тәсілін көрсететін барлық белгілер кешенін анықтауға бағытталады.

Қолдың көшіріп алынғандығын дәлелдейтін мәселелерге, мысалы, үлгілердің ішінде қолдың толық өзіндегі және кейбір бөліктеріндегі өлшемдері мен конфигурациясының сәйкес келуін жатқызуға болады.

Қолдың техникалық жасандылығын зерттеуден өткізу сараптамасының кешенді түрде өткізіліп, оған криминалистер мен химия мамандары қатыстырылатын жағдайларда аз емес. Өр маман, осы мақсатта ұсынылған әдістерді қолдана отырып, тапсырманы өз бетінше шешеді. Зерттеу нәтижелері сарапшылармен бірге бағаланады және ортақ тұжырымға келгенде, ол мәселе қорытындыда бекітіледі. Қай сарапшы қандай зерттеу жүргізгендігі туралы мәлімет ескертпеде орын алады. Өртүрлі тұжырымға келген жағдайда, әрбір сарапшы өз алдына бөлек қорытынды құрастырады.

Қолдың техникалық жасандылығын зерттеу кезіндегі сарапшы қорытындысын көркемдейтін фотокесте ішінде төмендегідей фотосуреттер орын алады:

- құжаттың жалпы түрі;
- зерттеудегі қолдың үлкен масштабтағы суреті (2-3 есе үлкейтілген);
- қолдың жасандылығын көрсетіп тұрған белгілердің суреті (басу іздері — қиғаш түсірген жарықтың көмегімен; қарындаш көмегімен жасалған алдын ала дайындық және қара көшірме қағаз көмегімен көшіру штрихтары — инфракызы сәулелерде және т. б.).

Пленка көмегімен сәйкестендіру тәсілі жүргізілген жағдайларда, фотокестеге зерттеудегі қолдардың сәйкестендіріліген бейнелері енгізілу керек.

Қолжазба тану сараптамасын дайындап-жүргізу әдістемесін оқып-үйренуде және келекшек құқық қорғау органдары мамандарына қажет болатын бірқатар мәселелерге назар аударайық. Мысалы, құжаттың дұрыстығы мен интеллектуалдық жалған құжаттар тергеуші және жедел іздестіру қызметкерімен анықталады, ал құжаттардың толық немесе жартылай жасандылығы, яғни материалдық жалғандық сараптамамен айқындалады. Мекеме, ұжымдар беретін құжаттар *деректеме* (реквизит) деп аталатын элементермен сипатталады. Оларға: құжат бланкісі, өлшемі, формасы, түсі, мөр және штамп көшірмелері, сақтағыш құралдары, фотосуреттер, қойылған қол және т. б.

Құжаттарды қарау қажетті ережелерді сақтау арқылы жүргізіледі. Мысалы, құжатты қарай отырып, оның үстіндегі әртүрлі іздерді (саусақ іздері, микрообъектілер) жоғалтпау үшін сақтық шараларын қолданған дұрыс. Сол себептен құжат қолмен емес, пинцетпен алынады. Құжаттардың үстінде ешқандай жазу немесе белгі салуға болмайды, өйткені олардың алғашқы

мазмұны бұзылған соң, дәлелдемелік қасиеті жоғалады. Барлық белгілер құжатты сақтайтын конверт бетіне жасалады. Басындағы бүгілген жерлер кейде құжаттағы тексттің бүгуге дейін немесе кейін жазылғандығын анықтауға мүмкіндік беретіндіктен, құжатты табылған жерде бүгуге болмайды. Қарау кезінде шимайланған жерлерін химиялық немесе басқа да тәсілдер арқылы ажырату шараларына душар етпеу керек. Құжаттарды алғашқы түрінде сақтай алатын іс-қимылдарды ғана жасауға болады (лупа, микроскоп, жарық түсіргіштер сияқты).

Ескіріп тозығы жеткен құжаттармен жұмыс жасағанда ерекше сақтық пен ұқыптылық, ептілік қажет. Оларды екі жақтан шынымен немесе полиэтилен қағазымен қысып, сол түрінде қараудан кейін конвертке салынады. Жыртылған құжаттарды мазмұны бойынша жинап, жоғарыда айтылғандай екі шыны арасына қысып бекітіледі.

Қылмыстық істе құжаттар бөлек конвертте, мүмкіндігінше уқаланбай немесе бүктелмей орналасуы керек. Барлық конверт сыртындағы толтырулар, құжатты оған салмас бұрын жасалу қажет. Сонан соң конверт жабылады және мөрленеді. Міне, осының барлығын есте сақтау, жалпы құжаттарға байланысты қылмыстық істерді тергеуде өз үлесін қосатыны сөзсіз.

8-ТАҚЫРЫП

ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАСЫ

§1. Құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасының заты, міндеттері және объектілері

Құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасының затын құжаттарды орындаумен байланысты қылмыстық іс үшін маңызы бар шын мәніндегі деректер құрайды. Аталмыш деректер құжаттардың техникалық-криминалистикалық зерттеуден өткізу саласындағы арнайы білімдер және заңда көрсетілген тәртіпке сәйкес анықталады.

Сараптама затын құрайтын міндеттерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады: диагностикалық, жіктелік (классификациондық) және идентификациялық.

Диагностикалық зерттеу міндеттеріне жататындар:

- құжат және бөліктерін дайындау тәсілін анықтау;
- құжатқа немесе оның бөліктеріне өзгеріс енгізу тәсілі мен дерегін анықтау;
- құжаттың алғашқы мазмұнын анықтау (көрінбейтін, әлсін көрінетін, ағарып кеткен, сызылған, өшірілген, уландырылған мәтіндерді, сондай-ақ жанған құжаттардағы мәтіндерді және басылған штрихтар бойынша мәтіндерді анықтау және т. б.);
- құжаттың жасын және оның деректемелерінің орындалу ретін анықтау.

Жіктелік (классификациондық) зерттеулер міндетіне жататындар:

- құжат түрін, тобын анықтау;
- салыстырудағы объектілер (құжаттар, олардың материалдары) бір топқа, түрге жатама, соны анықтау;

Идентификациялық зерттеулер міндеттеріне жататындар:

- салыстырудағы объектілердің шығу тегі бірдейме, жоқ әлде әртүрлі ме;
- құжат немесе салыстыруға жататын құжаттарды дайындауда қолда-

нылған техникалық құралдар мен материалдар бірдейме, жоқ әлде әртүрлі ме (оның ішінде, құжатқа оттискілер бір немесе әртүрлі мөр басу формаларымен басылғанба, бір немесе бірнеше мәшінкеде құжат мәтіндері басылғанба және т.б. мәселелер анықталады);

- бөлшектері бойынша құжаттың толық өзін құрастыру¹⁴.

Құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасының объектілері.

Сот сараптамасы теориясында сараптамалық зерттеу объектілеріне заттық дәлелдемелерді, сондай-ақ іс бойынша жиналған бірқатар мәліметтерді жатқызуға болады.

Криминалистикалық зерттеу объектілерін біріктіретін негізгі белгі ретінде тек сарапшылардың арнайы білімі көмегімен ғана анықталып-зерттелетін жасырын сапалар мен қасиеттер жүреді.

Құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасының объектілері:

1. Жазбаша құжаттар, олардың деректемелері алдымен зерттеледі (жазулар, мөр және штамп оттискілері, мәшінкеге басылған мәтіндер және т. б.). Мұндай құжаттарға жататындар:

- жеке тұлғалық (куәләндіруші — паспорттар, жүргізуші құжаттары, дипломдар және т. б.); еңбек қызметін сипаттаушы — еңбек кітапшасы, ауруды куәләндіруші қағаз, мінездеме, жеке іс қағаздары және т. б.);
- анықтамалық-куәләндіруші (оқу туралы мәлімет, балалары туралы мәлімет, жалақы туралы мәлімет, жұмыс орны туралы мағұлмат);
- ақшалық, яғни кірісті және қолма-қол ақшаны беру операцияларын көрсететін (чек кітапшасы, кіріс және шығыс ордерлар, кассалық кітаптар, төлем ведомсы және т. б.);
- материалдық құндылықтар қозғалысын көрсететін (тауар құжаттамасы, тіркеу журналдары, жол қағаздары);
- басқалар (лотерея билеттері, ақшалай билеттер, темір жол және авиация билеттері, рецепт, кассалық чектер және т. б.).

2. Олар орындалған материалдар (қағаз, бояу, желім және басқалар);

3. Жазу құралымен және басқада бейімделген заттармен қалдырылған іздер (мөрмен, штамптармен, полиграфиялық машиналармен және т. б.);

4. Мәтін және басқада нәрселерді өшіру үшін қолданылған улы заттардың қалдықтары.

Құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасының объек-

¹⁴ Нұрғалиев Б. М., Арыстанбеков М. А., Шакенов А. О. Криминалистика (дәрістер курсы): Оқулық құрал. — Қарағанды, 2006. — 92 б.

тілері болып құжаттарды орындау кезінде қолданылатын техникалық құралдар табылады: жазу мәшінкелері, куәләндіруші баспа формалары, сондай-ақ құжаттардың материалы — қағаз, бояу үшін қолданылатын заттар, желім және басқалар.

§2. Құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасының әдістемесі

Құжаттардың техникалық-криминалистикалық зерттеуі кезінде әдістердің жеткілікті кешені қолданылады.

1. Жарық түсірудің ерекше жағдайларында көзбе-көз зерттеу:

- қиғаш түскен жарықта зерттеу (яғни, сәулелердің түсу бұрышы 90°-тан төмен бағытталған жарық шоғырымен объектіге жарық түсіру). Жазу құралдарынан қалған бедерлі басу іздерін, қағаз беткейін бүлдіру көріністерін анықтауда қолданылады.

Құжаттарды осылайша фотоға түсіру кезінде жарық түсіру бұрышын эксперименталды түрде таңдайды (ол 30-45° құрауы мүмкін). Бөтен жарық көздерінің әсерін тигізбеу үшін фото түсіру қараңғыланған бөлмеде жарық сүзгіштерісіз жүргізіледі.

Жарық түсіру біржақты, екі жақты немесе төрт жақты болуы мүмкін.

Жарық көздері — ОИ-9, ОИ-19, ОИ-24.

Фотоматериалдар ретінде форматтық пленкалар немесе КН-1, Микрат-300 фотопленкалары қолданылады;

- жолшыбай өтіп бара жатқан жарықта зерттеу тазарту, құжат бөліктерін ауыстыру, бағалы қағаздарға салынатын ерекше таңбаларды анықтау, үстіне сия төгілген және ластанған мәтіндерді айқындауды көрсететін белгілерді табу мақсатында қолданылады.

Зерттеу кезінде шашыраңқы күндізгі жарық, сондай-ақ репродукциялық құрылғылардың жасанды жарықтарының көздерін қолданады.

Фотоға түсіруді түйісу тәсілімен іске асыруға болады;

- тігінен түсірілген жарықта зерттеу (яғни, жазықтыққа перпендикуляр түсірілген жарықта объектіні бақылау). Штрихтардағы жазу материалдарын ажыратуда, жоғары температурамен бүлініске ұшыраған құжаттардағы мәтінді айқындауда қолданылады.

Фотоға түсіру репродукциялық құрылғыларда жүргізіледі.

2. Жарық сүзгіштерін (светофильтрлер) қолдану арқылы көзбе-көз зерттеу (түс ажырату тәсілі).

Аталмыш әдіс құжат материалдарымен әртүрлі ұзындықтағы толқынды жарықтарды таңдай отырып жұту, шағылысу немесе өткізуге негізделген.

Көз аясындағы спектрда (360-680 нм) әртүрлі спектралдық сипаттамадағы заттар әртүрлі түстегі объектілер ретінде қабылданады.

Объектілер түсіндегі айырмашылықтарды айқындауда қолданылады: үстіне сия төгілген, ластанған, сызылған мәтіндерді анықтау, әлсін көріне- тін жазулар арасындағы қарама-қарсылықты (контраст) күшейту, қосып жазу, улау деректерін анықтау және т. б.

Сәйкес келетін тиімді спектралдық зона мен жарық сүзгішті түстік шең- берді пайдалана отырып, қосымша түстер ережесінің негізінде таңдап алуға болады.

Тиімді спектралдық зонаны әртүрлі жарық сүзгіштерімен құжаттарды қарай, тәжірибелі жолмен де анықтауға болады. Бірінен соң бірін бірнеше шыны жарық сүзгіштерін қоя отырып, барынша тар зона жасауға болады.

Зерттеу нәтижелерін фото арқылы тіркеу үшін фотоматериалдар мен жарық сүзгіштер бір-біріне сәйкес келуі керек. Мұндай мақсатта сенсифика- затор қосылмаған, ортохромдық, панхромдық, және изопанхромдық фото- материалдар қолданылады.

Кейбір жағдайларда фотография арқылы түсті ажыратуды жарық сүз- гіштерсіз, яғни штрихтардағы түстерге сезімтал емес фотоматериалдар кө- мегімен немесе сенсификациялар қосылған фотоматериалдар (спектр сәу- лелеріне сезімтал етілген) қолдану іске асыруға.

Жарық сүзгіштер қолдану арықлы зерттеуді екі тәсілмен жүргізеді: құ- жатқа жарықты сүзгіш (фильтр) арықлы түсіреді немесе жарық сүзгіштер арқылы қарастырады.

Жарық түсіру көздері ретінде үздіксіз сәулелену спектрлі жарық көздері пайдаланылады (қыздыру лампалары).

3. Кескінделген ультракүлгін сәулелерде зерттеу.

Бұл әдіс ультракүлгін сәулелерді штрихтармен қайтару және өткізудің әртүрлі мүмкіндіктеріне негізделген.

Ультракүлгін аумағы үш зонаны ажыратады — көрінетін спектрге қосы- латын, жақын (400—315 нм), орташа (315—280 нм) және алыс, яғни қысқа толқынды.

Түссізденген жазуларды анықтауда, уландыру іздерін және кейбір жазу материалдарын ажырату үшін қолданылады.

Ультракүлгін сәулелер көздері ретінде әртүрлі кернеулі сынаптық- кварцтық лампалар, люминесценттік лампалар, ксенондық, импульстік жарқ етпе лампалар жүреді.

Зерттеу нәтижелерін тіркеу үшін арнайы контрастық және сенсифика- заторлар қосылмаған фотоматериалдар қолданған жөн, мысалы, ФТ-20, ФТ-30 тәрізді фототехникалық пленкалар, «Микрат-200» фотопленкалары, диапозитивтік және спектралдық пластиналар.

Суретке түсіруді кварцтық объектив көмегімен жүргізеді, кейбір жағдайларда ультракүлгін сәулелер сериясындағы жарық сүзгіштер қолданылады.

4. Шағылысқан инфрақызыл сәулелерде зерттеу.

Бұл әдіс әртүрлі заттармен инфрақызыл сәулелерді жұту және шағылысудағы коэффициент айырмашылығына негізделген.

Қосып жазу, тазарту, уландыру, жуып-шайю деректерін ажыратуда, сондай-ақ көрінбейтін және әлсін көрінетін жазуларды анықтау үшін қолданылады.

Жарық беру және фотоға түсіру жағдайлары эксперименталды түрде құжаттың сипатына қарай таңдалады.

Сәулелендіру көздері — жоғары және өте жоғары кернеулі лампалар, қыздыру, газ айыратын, импульстік және сынап лампалары.

Көбіне КС-18, КС-19, ИКС-1, ИКС-2, ИКС-3 сияқты жарық сүзгіштерін қолданған дұрыс.

Фотоға түсіру үшін аталмыш зонаға сенсбилизатор қосылған И-1, И-2, И-1060, И-500-1100, И-720-940 фотоматериалдарын, сондай-ақ спектрлік-зоналық пленкаларда қолданады.

5. Жарықтық микроскопия ұсақ объектілер мен олардың детальдарын зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл әдіс бояу заттарының бөлшектерін, өшірілген жазу қалдықтарын, жазу аспаптарынан қалған жол тереңдіктерін, белгі элементтерінің өзгеріске ұшырау іздерін табуда қолданылады.

Зерттеу, көзге көрінетін жарықта да, инфрақызыл және ультракүлгін сәулелерде де жүргізіліп жатады.

Жарықтық микроскопия көмегімен шағылысқан және өтіп бара жатқан жарықтарда зерттеу жүргізіледі. Сонымен бірге жарық немесе қараңғы алаңда, көлеңкелі немесе көлеңкесіз жарық беруде және поляризацияланған (жарық толқындарының белгілі бағытта реттелген тербелісі) жарықта іске асырылады.

Зерттеуден өткізу үшін МБС тәрізді стереоскопиялық микроскоптар (олар көлемді бейне алуға қолданылады), МПС-2, ПОЛАМ (поляризацияланған жарықта мүмкіндік береді), биологиялық және металлографиялық микроскоптар қоладанылады.

6. Диффуздік-көшірмелік әдіс фотоматериалдармен жанасқан кезде фотоэмульсиялық қабатқа кейбір заттардың араласу (диффундировать ету) қасиеттеріне негізделген, ал ол келешекте жасырын бейне алуға себеп болады.

Бұл әдіс түссізденген жазуларды, уландыру арқылы өшірілген, жуып-шайылған, тазартылған, графит қарындаштарымен сызылған немесе тушь

және сиямен шимайланған жазуларды қайта қалпына келтіруде қолданылады.

Әдісті былайша іске асыруға болады: сенсбилизатор қосылмаған фотоматериал тазартылған суда (температурасы 18-20°C) қызыл жарық көмегімен 5-10 минут аралығында жібітіледі. Суға мұсатыр спиртин қосуға болады (12-15 л. суға 12-15 тамшы). Құжатты фотоматериалдың эмульсиялық қабатына тығыз қысады және екі ылғал жұтпайтын (негигроскопический) табақтың арасына престеп қояды (жанасу бірінесе секундтан бірнеше минутқа дейін созылады).

Жарық түсірілген соң, фотоматериал айқындалады.

Диффуздік-көшірмелік әдістің, қарапайым тілде айтқанда, «құрғақ» түрі де болады. Оны қолдану барысында фотоқағаз суда жібітілмейді, құжат эмульсиялық қабатпен жанасқан соң, жүн матамен жалтыратылады. Осыдан кейін жарық түсіріліп, фотоматериал айқындалады.

Аталмыш әдіс барлық талаптарға сай және өте ұқыптылықпен жүргізіледі, өйткені оны қолдану кейде сыртқы көрінісін өзгертумен қатар, заттық дәлелдеменің өзін жоғалтуға әкеп соқтыруы мүмкін.

7. Ылғалды көшіру.

Бұл әдіс адсорбция, адгезия (жабысу) немесе диффузия (араласу, сіну) нәтижесінде заттардың алдын ала еріткішпен жұмсартылған жаңа тасымалдауышқа көшіруге негізделген.

Әдіс үстіне сия төгілген, шимайланған, сызылған мәтіндерді, сондай-ақ қосып жазу деректерін анықтауда пайдаланылады.

Суда еритін бояу заттарын көшіруде тазартылған сумен дымқылданған фиксаждау процесінен өткізілген фотоқағаздың желатин қабатын пайдаланады.

Аталмыш әдіс құжаттың сыртқы түрін өзгеріске ұшырататын болғандықтан, сараптама тағайындаған адаммен келісу арқылы және зерттеу әдістерінің барлық талаптарын сақтағаннан кейін қолданылуы мүмкін.

8. Адсорбциялық-люминесценттік әдіс полимерлік пленкамен адсорбциялау кезінде бояу заттарының люминесценциясының қарқындауына негізделген.

Қосып жазу дерегін анықтау мақсатында жазу материалын ажырату, шимайланған және сызылған мәтіндерді айқындау үшін осы әдіс қолданылады.

Көшіруді ылғалды принцип бойынша поливинилхлоридтік пленкаға жүргізеді. Алынған көшірмені ультракүлгін сәулемен сәулелендіреді және оның люминесценциясын талдайды.

9. Құрамында йод бар реагенттерді пайдалану.

Бұл әдіс йод бар реагенттердің құжат материалдарымен химиялық реак-

цияға түсу және оларды құрамы мен жағдайына қарай таңдай отырып бояу мүмкіндігіне негізделген.

Әдіс, тазарту іздерін, бедерлі штрихтармен жасалған мәтіндерді (хлорцинк-йод реактиві), қосып жазуларды айқындауда (хлор-магний-йод реактиві) қолданылады. Реактивтерді жағу үшін жұмсақ жаққыш болады. Қажетті нәтиже, яғни көрініс пайда болысымен, оны фотоға түсіреді.

Әдіс құжаттың сыртқы көрінісін өзгерту мүмкін, сол себептен оны барлық ұсынылған талаптардан кейін қолданады.

Қазіргі кезде құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптама-сында жоғарыда көрсетілген әдістермен қатар, төмендегідей әдістер пайдаланылады:

- тамшылық химиялық реакциялар;
- жіңішке қабатты хроматография;
- ультракүлгін және көрінетін спектроскопия;
- инфрақызыл спектроскопия;
- жоғары жиілікті токтарда зерттеу;
- электрлік-статикалық репродукция;
- эмиссиондық спектралдық талдау;
- рентгендік-құрылымдық талдау;
- рентгендік фазалық талдау;
- рентгендік флуоресценттік талдау;
- беттардиография;
- жұмсақ рентген сәулелерінде фотоға түсіру;
- профилография;
- ұсақ кристаллдық термоиндикаторларды пайдалану;
- электрондық микроскопия және басқалар.

Аталмыш әдістерді пайдалану арнайы құрылғы мен реактивтердің болуын талап етеді.

§3. Құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасының кейбір міндеттерін шешу әдістемелері

Құжаттардың техникалық-криминалистикалық зерттеуі күрделі кешендік зерттеу бола келе, өзіне әртүрлі әдістер мен техникалық құралдарды, әралуан тәсілдерді жинақтаған.

Құжаттармен жұмыс жасаудағы ережелер мен жалпы принциптерді анықтау кезінде криминалистикада қабылданған негізгі қағидалар жетекке алынады. Мұндай қағидалар құжаттарды ұстай білу, алдын ала зерттеу, әдістердің қолдану ретін анықтауға қатысты. Сонымен қатар бұл қағидалар

ұйымдастырушылық-техникалық, тактикалық және әдістемелік талаптар мен ережелердің нақты байқалуы ретінде ескеріледі.

Құжаттардың техникалық-криминалистикалық зерттеуінің міндетті кезеңі болып зерттеуші қарамағындағы объектілерді алдын ала талдау процесі саналады. Бірқатар жалпы сұрақтарды (объектілерді жекелейтін белгілерді анықтау, сараптама тағайындау туралы қаулыдағы тізімге сәйкес келу және т. б.) шешумен бірге бұл кезеңнің міндеттеріне мыналар жатады:

- объектілердің сыртқы жағдайын, олардың мазмұнын тыңғылықты зерттеу;
- бүлініске ұшырау деңгейін;
- оларды табу орны мен уақытына, алу тәсілдеріне, сақтау және тасымалдау шарттарына қатысты жағдайлар;
- зерттеуге дейін объектілерге әсерлер жайлы мәліметтерді талдау.

Көрсетілген талаптарды орындау арқылы объектілерді әрі қарай зерттеу жолдарын анықтай аламыз.

Зерттеудегі материалмен жұмыс жасауда қандай әдіс-тәсілдер қолданылғандығын, әрбір жағдайда сарапшы өзі шешеді. Сараптама тағайындау туралы қаулыда көрсетілген оқиға жайлы жалпы мәліметтермен танысқаннан кейін, сарапшы осындай шешімге келеді; олар, объектілердің саны мен жағдайына байланысты және зерттеуге келіп түскен материалдарды алдын ала талдау нәтижелеріне сәйкес болу керек.

Криминалистикалық сараптама объектілерін зерттеуден өткізудің жалпыға бірдей әдістемесіне сәйкес құжаттардың техникалық-криминалистикалық зерттеуінде алдымен, мүмкіндік бойынша объектілерді бүлініске ұшыратпайтын және жоймайтын, тек бастапқы мазмұнын өзгертетін ғана әдіс-тәсілдерді пайдаланған жөн. Соңында ғана зерттеудегі объектілерді жартылай немесе толығымен жоюға ұшырататын әдіс-тәсілдер қолданылады.

Мазмұны өзгертілген құжаттар сараптамасы

Қосып жазу, қосып салу және қосып басу жолымен өзгертілген мәтіндердің сараптамасы

Қосып жазу және қосып басу деп сөздер немесе жаңа жазу белгілерімен жолдар арасындағы бос жерлерге енгізу арқылы құжаттың бастапқы мазмұнын өзгертуді айтады.

Қосып салу — бөлек элементтерді белгілерге (әріптерге, сандарға және т.б.) қосу арқылы құжаттың бастапқы мазмұнын өзгерту.

Қосып жазу, қосып басу және қосып салуды бүркемелеу мақсатында қылмыскерлер құжаттағы мәтінді орындаушының қолтаңбасына еліктеуге тырысады, яғни, тиісті жазу аспаптарын, бояу заттарын, шрифтары ұқсас

басу мәшінкелерін таңдайды, бастапқы жазулардың үстінен басады.

Қосып жазу мен қосып салуды айқындау кезінде құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасы және қолтаңба танушылық саласындағы білімдер қолданылады.

Тазарту арқылы өзгертілген құжаттардың сараптамасы

Тазарту деп құжаттың бастапқы мазмұнын өзгерту мақсатында белгілерді, таңбаларды механикалық түрде кетіруді айтады. Ол үшін өшіргіш немесе ұшы бар заттар (ұстара, пышақ және т. б.) қолданылуы мүмкін.

Осы кезде мынадай белгілер анықталуы мүмкін:

- құжат қағазының үстінгі қабаты бүлініске ұшырайды;
- қағаз талшығының көтеріңкі болуы;
- қорғаныс торы немесе құжат сызықтарының бүлінуі;
- қағаз жалтырағының жоғалуы;
- бастапқы жазу штрихтары бояуларының болуы;
- қағаздың жұқаруы;
- өшірілген жазудан қалған штрих бедерлерінің болуы;
- тазартылған жерде орындалған жазу бояуларының жайылуы;
- басу іздері және трассалар (тазартуды бүркемелеу мақсатында қағаз талшықтарын беті жұмсақ затпен сипау).

Улау және жуып-шайюмен өзгертілген құжаттардың сараптамасы

Улау деп химиялық реактивтер (қышқылдар, сілтілер, тотықтырғыштар, қалпына келтірушілер) күшімен мәтін штрихтарындағы бояу заттарын түсіздендіру және ыдыратуды айтады.

Жуып-шайю — органикалық еріткіш көмегімен мәтіндегі штрих бояуларын жуу.

Осылайша өзгертілген құжаттарды зерттеу барысында алдымен, улау немесе жуып-шайю дерегі анықталады, сонан соң кетірілген жазулар штрихтары айқындалады.

Құжат толығымен уландырған жағдайда немесе уландыру үшін қолданылған заттардың қалдығы кейіннен шайылса, улау белгілерін табу қиынға соғады. Осыған орай, құжатта уландырудың бар-жоқтығы туралы үзілді-кесілді тұжырым шығару үшін, осындай құжаттар бланкісінің үлгісін қарастырған жөн.

Бұл жерде төмендегідей белгілер анықталады:

- бастапқы мәтін бояуының жайылуынан қалған дақтар;
- қағаз жапсырмасының бүлінуі;
- қағаз түсінің өзгеруі;
- бояу заттары қалдықтарының болуы;
- құжаттың әр жеріндегі қағаз люминесценциясы түсінің әртүрлі болуы.

Құжаттардың бөліктерін ауыстыру дерезін анықтау.

Құжаттарда олардың парақтары немесе бөліктері, сондай-ақ фотосуреттері ауыстырылуы мүмкін.

Құжаттардағы парақтарды ауыстыру құжат үзіндісі немесе басқа парақтарды жабыстыру сияқты тәсілдермен іске асырылады. Фотосуретті ауыстыру құжаттарды жасанды ету тәсілдерінің ең көп тараған түрі болып саналады. Көбіне суреттер жүргізуші құжаттарында, паспорттарда ауыстырылады. Әдетте, құжаттағы фото алынып тасталып, орнына басқа фото жабыстырылады. Адамның жеке басын растайтын құжаттарда фотосуреттер мөр оттискілерімен кезелдіріледі, сондықтан да қылмыскерлер жаңадан жапсырылған суретке мөр түсіруге тырысады. Жабыстыруға жататын фотода қандай да бір мөр оттискісі болса, онда оны бұрынғымен сәйкестіруге жағдай жасайды. Кейбір жағдайларда фото ауыстыру мынадай түрде жүргізілуі мүмкін: фотосуреттің бір бөлігі ауыстырылады, ал мөр оттискісі бар жері құжатта қала береді.

Көрінбейтін және әлсін көрінетін мәтіндерді айқындау

Өшіп қалған мәтіндерді анықтау

Өшіп қалған мәтіндер — ол, дұрыс сақтамау нәтижесінде әлсін көрінетін немесе көрінбейтін жағдайға жеткен мәтіндер.

Өшіп қалған жазуларға типографиялық мәтіндер, сызықтар, мөр оттискілері, бояу заттарымен орындалған ескертпелер, сондай-ақ штрих бедерлері және бояу жайылмалары сияқты құжаттың деректемелері сілтейді.

Жоғары температура әсеріне (жанып кеткен) душар болған құжаттардағы мәтіндерді анықтау

Қағаз қасиетінің жоғары температура әсерінен өзгеруі үш сатыда өтеді: шарпу, шала күйдіру (көмірге айналдыру) және күл болу.

Шарпу кезінде (температура әсері шамамен 110-150°С) қағаз ылғалын жоғалтады, сарғыш реңк алып, аздап тыжырайады.

Шала күйдіруде (температура әсері шамамен 150-250° С) қағаз қара немесе қоңыр түске боянып, беткейі тыжырайады, ал оның үстінде көптеген бүгілмелер мен жарықшалар пайда болады.

Күлге айналу барысында (температура 250°С астам) қағаздың ақ немесе сұр түсі болады, көлемі кішірейіп, жанасқанда шашыла бастайды.

Жоғары температура әсерінен бүлініске ұшыраған құжаттарды зерттеуге дайындау бірнеше кезеңнен тұрады: бүлініске ұшыраған объектілерді орауыштан алу, оларды сұрыптау, пластификациялау.

Алу кезінде басы моқалған пинцеттер, электростатикалық таяқшалар, резеңкелі грушалар қолданылады. Жайғана шарпылған қағаздарды қолмен алуға болады.

Шала күйген қағаздарды түзету үшін мынадай тәсілдер қолданылады:

- құжатты шыны арасына салып түзету;
- бүріккішпен (пульверизатор) су себу;
- жабық ыдыста бумен дымқыл ету (мысалы, эксикаторда);
- судағы 15 % глицерин қоспасымен немесе оның буымен өңдеу.

Зерттеудегі объектілердің сақтығы үшін, оларды шыны арасына қысып қою керек.

Зерттеудегі объектілерді консервациялау үшін, оларды шыны арасына салған соң, шеттерін жабысқақ лентамен бекітеді; деректемелері (реквизиттері) жақсы көрінетін шала күйген ақша билеттерін алдыңғы жағымен қағазға жапсыруға болады.

Бедерлі штрихтар бойынша мәтіндерді айқындау

Бедерлі штрихтар төс етегі (подложка) ретіндегі беткейде қатты жазу құралымен (шарикті қаламсап, қалам, қарындаш және т. б.) жеткілікті деңгейде басу арқылы орындалған жазудан пайда болады. Көрсетілген штрихтар жаңшылған (дөнес), түссіз іздер түрінде байқалуы мүмкін.

Жыртылған құжаттардың сараптамасы

Жыртылған құжаттарды қайта қалпына келтіру үшін рет-ретімен мынадай операцияларды орындау қажет. Келіп түскен объектілер қаралады, олардың арасынан жабысып қалған немесе қатты қысылған бумалар мен үзінділер таңдалады. Түзету мақсатында, оларды бүріккіштер көмегімен су сеуіп дымқыл етеді. Қан сінген құжаттардың бөлігін түбіне хлороформ құйылған эксикаторға қойып қояды.

Дымқылданған үзінділерді бір-бірінен бөлектеп, шыны арасына салу арқылы түзетеді.

Зерттеу, жарық берудің әртүрлі жағдайларында құжатты көзбе-көз талдау жолымен, сондай-ақ микроскоп көмегімен іске асырылады. Әр топтан шеттері машинамен кесілген үзінділерді таңдайды. Мұндай кесілген жерлері бар үзінділер құжат шеттеріне жатуы мүмкін.

Қойылған қолды қайта қалпына келтірудегі техникалық тәсілдерді анықтау

Қолдың техникалық жасандылығы деп түпнұсқамен ұқсастыққа жететіндей мүмкіндік беретін әртүрлі құрылғылар мен тәсілдерді пайдалану арқылы біреудің атынан оның қолын қоюды айтады.

Жарық сәулесін түсіру арқылы көшіру, көшірме қағаз көмегімен, штрихтар үстінен қайта басу жолымен қолды техникалық жасанды ету тәсілдеріне мынадай жалпы белгілер тән:

- жазу кезіндегі қимылдардың бәсеңдеуі;

- зерттеудегі қолдың формалары мен өлшемдерінің түпнұсқамен сәйкес келуі;
- зерттеудегі қолдың бөлек детальдарының шын мәніндегі қолдағымен сәйкес келмеуі.

Сонымен бірге қолды техникалық жасанды ету тәсілдерінің әрқайсысы өзіне тән белгілермен қамтылған.

Келешекте жиектеу мақсатында қолды салып алу:

- қосақталған штрихтардың болуы;
- тік штрихтардың қисаюы, сопақ штрихтардың қырлануы;
- алдын ала дайындық іздері (қарындаш штрихтарының болуы).

Жарық сәулесін өткізу арқылы қолды көшіру:

- штрихтардың төмен қарай қалыңдауы;
- сия шашырандылары;
- қол детальдарын орындау кезіндегі қимылдардың әртүрлі бағыттары.

Көшірме қағаз көмегімен қолды көшіру:

- қолдың орналасқан жерінде және құжаттың басқа да учаскелерінде көшірме қағаз бояуының қалдықтарының болуы;
- қол штрихтарының көшірме қағаз штрихтарымен толық сәйкес келмеуі;
- қол штрихтарында жазу құралының басуынан қалған әлсін іздер.

Көшірудің фотопроекциялық тәсілі:

- штрихтардың түстік реңкілерінің жоқтығы;
- штрихтардың көшірілмейтіндігі;
- штрихтар бедерінің жоқтығы;
- жарыққа сезімтал эмульсия заттары іздерінің болуы;
- фотографиялық бейнелерге тән штрихтардың микроқұрылымы.

Құжаттың деректемелерін (реквизит) орындау ретін анықтау

Қиылысатын штрихтарды орындау ретін анықтауда мынадай белгілерді талдау қажет:

- қиылысқан жеріндегі жоғарғы штрихтардың үздіксіздігі және төменгі штрихтардың үзік-үздік болуы;
- жоғарғы штрихтардың төменге қарай жайылуы;
- төменде жатқан штрих бояу затының жоғарғыға сінуі (диффузиясы);
- төменде жатқан штрих бояу затының жоғарғыға алып кетуі;
- жоғарғы және төмендегі штрихтар бедерінің әртүрлі болуы.

Құжат бланктерінің сараптамасы

Бланктер деп мекеме және ұйым атаулары басылған немесе нақты нысанда құжаттарды құрастыруға қажет мәтіндер орын алған қағаз парақтарына айтады (паспорттар, еңбек кітапшалары, жинақ кітапшалары, жүргі-

зуші құжаттары және басқалар).

Құжат бланкісін дайындау тәсілін анықтау үшін шағылысқан, қиғаш түскен және өтіп бара жатқан жарықтарда алдынан және теріс жағынан зерттейді. Бұл жерде жасалған бейнелердегі қағаз және бояу түстеріне, шрифт конфигурациясы және өлшеміне, қорғаныс торының болуына және оның суретіне назар аударылады.

Құжат бланкісін дайындау тәсілін анықтау кезінде сарапшы алдында тұрған міндеттерді шешу үшін күмән бар бланк және дұрыс құжаттың бланкісін салыстырмалы зерттеуден өткізу қажет. Құжат бланктері орналасуы, өлшемі және мазмұны бойынша, қолданылған материалдардың сыртқы түрі арқылы салыстырылады.

Зерттеудегі құжаттарды қарау барысында сарапшы қарамағына салыстырмалы үлгілер ретінде қандай объектілер (бланкілердің өзіме, жоқ әлде баспа формаларыма) ұсынылғандығын айқындау керек. Осылайша, бланкілердің үлгілері зерттеудегілер тәрізді бір баспаханада басылу керек (бланкінің төменгі жағындағы мәліметтер бойынша анықталады). Баспа формалары ұсынылғанда, олардың оттискілері жасалады.

Сәйкес келетін белгілер (жалпы және жеке) жеткілікті болғанда, теңдік туралы үзілді-кесілді тұжырым жасауға болады. Сәйкес келуші белгілермен қатар өзгешелейтін белгілер де табылған жағдайда, олардың пайда болу себебін анықтау керек. Осыған байланысты салыстырмалы зерттеу кезінде барынша көп үлгілерді талдау қажет. Өзгешелендіру белгілері былайша түсіндіріледі, яғни құжат бланкін басу процесінде баспа формасы жөндеуден өткізілген немесе баспа элементтерінің бір бөлігі пайдалану барысында жоғалуы мүмкін. Осы себептен өзгешелік белгілердің пайда болуын қорытындыда түсіндіру қажет.

Ақша билеттері мен құнды қағаздардың сараптамасы

Ақша билеттері мен құнды қағаздар сараптаманың ерекше объектісі болып саналады. Алайда, оларды зерттеу әдістемесі құжат бланкілерін зерттеуден өткізу әдістемесіне жақын. Ақша билеттері мен құнды қағаздарды зерттеу кезінде шын мәніндегі ақша билетінің (құнды қағаздың) үлгісі болуы керек (шыққан жылы, санаты және баға көрсеткіші (номиналы) дәл сондай болуы қажет).

Зерттеуді кәдімгі жарықта (шашыраған, шағылысқан және жарып өткен) және микроскоп көмегімен жүргізуге болады. Зерттеудегі объекті мен үлгіні салыстыру кезінде мынадай белгілерге назар аударылады:

- билеттердегі бейнелердің болуы және өзара орналасуы;
- алдыңғы мен теріс жағындағы мәтіндік және сандық мазмұндардың дәлме-дәл сәйкестігі;
- арнайы белгілердің болуы.

Көрсетілген барлық белгілердің сәйкес келуі мынадай тұжырым жасауға негіз береді: ақшалай билет (құнды қағаз) мемлекеттік ақшалай таңбалар мен қағаздар (мысалы, Гознак өндірісімен жасалған) шығаратын мекеме технологиясы бойынша жасалған.

Кейбір жағдайларда ақшалай билеттерді зерттеуге бояу заттары мен қағаздарды зерттеуде мамандандырылған химия саласындағы сарапшыларды қатыстыру пайдалы болады.

Мөр және штамптар оттискілерінің сараптамасы

Мөр немесе штамп деп қағаз үстіне, пластикалық материалға, матаға оттискі түсіру кезінде қолданылатын арнайы клишені айтады.

Мөр және штамп оттискілері құжаттарды қорғау құралдарының бірі болып саналады және мекеме беретін құжаттарды растау үшін қолданылады. Мөрлер гербтік және қарапайым, ал штамптар — бұрыштық (бланктік) және қарапайым болып ажыратылады.

Мөр және штамптарға қойылатын талаптар:

- гербтік мөрлер домалақ формалы, қарапайым мөрлер домалақ және үшбұрышты формалы болу керек;
- штамптардың шеті шектелген, тік формалы болады;
- бір тілде жазылған мәтін бар домалақ мөрлердің ішкі жиегінің диаметрі 38-40 мм шамасында болу керек;
- домалақ мөрлердің ішкі жиегінің диаметрі мәтіннің мөлшеріне қатысты 25, 18-20, 15, 10 мм құрайды;
- үшбұрышты мөрдің жақтары 45 мм болу керек;
- бұрыштық штамп ауданы 55x70 мм-ден аспау керек;
- мөр жиегіндегі мәтіндер 1, 2, 3 жолда орналасады;
- республика мөрлерінде алдымен мемлекеттік тілде, сонан соң орыс тілінде көрсетіледі;
- гербтің жалпы құрылым Конституциядағы суреттемеге сәйкес келу керек;
- домалақ мөрлерде мәтін қатаң шеңбер бойында орналасу керек;
- өз алдына бөлек фразалар арасына бөлектейтін таңба, мысалы жұлдыз қойылады.

1994 жылға дейінгі арнайы әдебиеттерде растайтын мөрлік формаларды дайындау тәсілдері екі негізгі топқа бөлінген: фабрикада дайындау ережелері бойынша және ұсталық. Қазіргі кезде мөр және штамптарды әртүрлі замаңға сай технологиялар қолдана отырып дайындайтын көптеген шеберханалардың пайда болуына байланысты көптеген растайтын баспа формаларын фабрикалық ережелерсіз әзірлей бастады. Алайда мұндай мөрлерді ұсталық деп санауға болмайды. Осыған байланысты қазіргі кезде мөрлер мен штамптарды әзірлеу тәсілдерін фабрикалық дайындау ережелері бой-

ынша (яғни, баспаханалық жинақ көмегімен) және замаға сай технологиялар көмегімен жасалынатындар деп ажыратуға болады.

Растайтын баспа формаларын дайындаудың көбіне қолданылатын тәсілдері.

Дәстүрлі технология (фабрикалық өндіріс ережелерін сақтау арқылы), 100 жылдан астам өмір сүріп келеді. Оның негізгі элементі ретінде металдан жасалған баспаханалық жинақ жүреді. Классикалық технологияда қол жинағы қолданылады. Жаңа вариантта бөлек жолдары линотипте (әріптерді жол-жолымен тұтастырып тізіп құятын машина) дайындалып, сонан соң қалыпта орналастырылады.

Графикалық элементтер қол оймасы (граверлеу) арқылы дайындалады және стандарттық технологияға сай цинкографиялық клише көмегімен әзірленеді.

Аталмыш технология әдетте, жоғары басылымға қажет құрылғымен жабдықталған баспаханаларда қолданылады.

Фотополимерлік технология. Бұл технология негізінде кейбір полимерлердің жарық әсерінен өз ерігіштігін өзгерту қасиеті жатыр. Мөрді дайындау үшін алдымен қағаз бетіне үлкейтілген форматта фото түпнұсқасы жасалынады. Мұндайда лазерлік принтер қолданылады, графикалық элементтер көбіне қолмен қосып салынады. Сосын фото түпнұсқадан 1:1 форматта негативтік үлгі жасалынады (фотографиялық технология). Осы үлгі арқылы фотополимер парағына жоғары қуатты сынап лампасымен жарық түсіріледі. Экспозициядан кейін фотополимер арнайы еріткішпен өңделеді, оның нәтижесінде клише пайда болады. Фотополимер типіне қарай соңғы өңдеу бірқатар қосымша операцияларды қамтыған.

Көрсетілген технология арқылы мәтіндік және графикалық мөрлер құрастыруға болады.

Граверлеу, үлгі алу. Баспа формаларының бейнесі электрондық санау машиналарында жасалынады, сонан соң метал пластинада бейне ойып жазылады (граверленеді), алынған матрицадан арнайы престо резецкені ысыту (вулканизация) жолымен баспа формасын алады.

LaserGraver 1000S2 технологиясы. Атамыш технологияны пайдалану кезінде электрондық санау машиналарындағы арнайы бағдарлама көмегімен лазерлік граверлік машинамен қосу арқылы қажетті баспа формасының бейнесі жасалынады. Сонан соң резецке шоғырлаған лазерлік сәулемен өңделеді. Осылай баспалық форма алынады.

Лазерлік көшірмелік технология. Мұндай технологияда резецкені өңдеу LaserGraver 1000 жүйесімен бірдей, бірақта бейне компьютерден енгізілмейді, ол қағаз түпнұсқасынан фотоэлемент арқылы саналады. Түпнұсқаны дайындауда лазерлік принтер немесе фоторепродукциялық техника қолда-

нылады.

Мөр және штамп оттискілерін зерттеуді құжатты көзбе-көз және лупа көмегімен қараудан бастаған жөн. Бұл кезде оттискілердің құжатта орналасуы, олардың мағыналық мазмұны және ол мазмұнның басқа деректемелерге сәйкестігі, грамматикалық қателердің бар-жоқтығы, айналы түрде кескінделген белгілер мұқият талданады. Зерттеудің осы кезеңінде штрихтардағы бояу заттарының таралу кезіндегі морфологиялық белгілерді де талдау қажет. Осы кезеңде-ақ жазу құралының іздері табылса, оттиск тікелей құжат үстінде салынғандығы туралы тұжырым жасауға болады.

Баспалық форма түрін анықтаған соң, оның дайындалу тәсілін ажыратады (фабрикалық технология ережелерін сақтай отырып дайындалған, шрифттарды қолмен жинақтау жолымен және т. б.).

Баспалық форманы дайындау тәсілін анықтау барысында мынадай мәселені ескерген жөн: тозған мөрлер мен штамптарды зерттеуде белгілерге баға беру тек зерттеудегі және мөрдің өзіне сәйкес келетін оттискілер үлгілері болғанда ғана жүзгізілуі мүмкін. Осы талаптар сақталғанда ғана үзілді-кесілді тұжырым жасалынуы ықтимал.

Тұжырым құрастыру кезінде ұсынылған материалдар мен оттискілер үлгілерінің толымдылығы, сондай-ақ әрбір белгі жеке-жеке және басқалармен бірге алғандағы идентификациялық маңыздылығы ескеріледі.

Мәшінкеге басылған мәтіндердің сараптамасы

Басу мәшінкесінің түрін, типін, маркасын және моделін анықтау

Басу мәшінкелері екі класқа бөлінеді: рычагтық-сегменттік және рычагсыз.

Басу мәшінкелерінің жолдық, портативтік, кенселік, арнайы және теріп-жазушы түрлері болады.

Рычагтық-сегменттік мәшінкелер екі типке бөлінеді — механикалық және электрлі-механикалық.

Басу мәшінкесінің маркасы шығарушы зауытқа сілтейді, ал моделі — зауыттың нақты модификациясына.

Мәшінкеге басылған мәтіндерді зерттеу кезінде, мәтін шын мәнінде басу мәшінкесінде басылғанба, соны анықтау керек (ол басқа белгі басатын құрылғыда, мысалы принтерде басылуы мүмкін). Оны, штрихтардағы бояу заттарының таралу ерекшеліктерін, таңбалардың конфигурациясын талдау арқылы анықтауға болады.

Мәшінкеге басылған мәтіндерге тән негізгі белгі болып біртектес таңбалардағы жеке белгілердің тұрақтылығы саналады.

Басу мәшінкелерін идентификациялау

Мәшінкеге басылған мәтіндерді зерттеу кезінде басу мәшінкесін идентификациялау туралы сұрақ жиі шешіледі.

Зерттеуге келіп түскен құжаттарды қарау барысында сарапшы қарамағына салыстыру үшін ұсынылған үлгілердің елеулі маңызы бар (еркін орындалғанба немесе эксперименталдық, үлгілерде барлық баспа таңбалары орын алдыма, олар зерттеудегі құжат мәтіндеріне сәйкес келеме).

Ақаулар ең көп кездесетін әріптер: "о", "р", "н", "и", "а", "т", сирек — "ф", "х", "щ", "ц". Тігінен және көлденеңнен ығысу, тік тұрудан ауытқу ең көп кездесетін әріптер "у", "н", "ж", "ы", "з". Сирек кездесетін белгілердің идентификациялық мағыналылығы өте зор.

Айыратын тұрақты жеке белгілерді табу (басу мәшінкесі жөндеуде болмаған жағдайда), салыстырудағы мәтіндер әртүрлі мәшінкелерде басылды деген үзілді-кесілді тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Жеке белгілерге баға беру барысында олардың кейбіреулері литердің бұлғануынан, мәшінке ленталарындағы ақаулардан пайда болатындығын ескерген жөн.

Салыстырмалы зерттеуде алдымен жалпы, сонан соң жеке белгілер сәйкестіріледі. Айқындалған белгілер сандық және сапалық жағынан бағаланады. Бір немесе бірнеше әріптер конфигурациясында айырмашылық табылғанда, басу мәшінкесі жөндеуде болған-болмағандығын анықтау мақсатында сұраныс жасалады. Егерде жөндеу жүргізілмесе және белгілердің тұрақты айырмашылығы болса, онда теңдіктің жоқтығы туралы тұжырым қолайлы болады.

Мәшінкемен қосып басқан мәтінді анықтау

Қосып басуды мынадай белгілер көрсетеді:

- жалпы белгілердің өзгешелігі (басты механизм қадамы, таңбалардың өлшемі мен конфигурациясы, жоларалығының көлемі) — мәтін үзіндісі басқа басу мәшінкесінде басылғандығы туралы қорытынды беруге жеткілікті;
- бір жолда орналасқан таңбалар табаңындағы сызықтардың сәйкес келмеуі;
- негізгі және қосып басылған мәтін жолдарындағы параллельдігінің бұзылуы;
- негізгі мәтін соныңда қосақталған таңбалардың болуы;
- бояу заттарының химиялық құрамы мен түсінің әртүрлі болуы;
- қосып басу белгілері.

Телетайп аппараттарында басылған мәтіндердің сараптамасы

Телетайп аппараттарында басылған мәтіндер үшін штрихтардың нүктелік құрылымы тән. Әдетте, мұндай мәтіндер бас әріптермен басылады.

Телетайп аппараттарында басылған мәтіндерді зерттеу кезінде негізінен нақты аппаратты идентификациялау туралы сұрақ шешіледі.

Зерттеуге келіп түскен құжаттарды қарау барысында сарапшы қарамағына салыстыру үшін ұсынылған үлгілердің елеулі маңызы бар (еркін орындалғанба немесе эксперименталдық, үлгілерде барлық баспа таңбалары орын алдыма, олар зерттеудегі құжат мәтіндеріне сәйкес келеме). Келіп түскен объектілердің әрқайсысы бөлек-бөлек талданады, жалпы және жеке белгілер анықталады, ерекшеліктер ажыратылады.

Салыстырмалы зерттеуде алдымен жалпы, сонан соң жеке белгілер сәйкестіріледі. Айқындалған белгілер сандық және сапалық жағынан бағаланады. Бір немесе бірнеше әріптер конфигурациясында айырмашылық табылғанда, телетайп аппараты жөндеуде болған-болмағандығын анықтау мақсатында сұраныс жасалады. Егерде жөндеу жүргізілмесе және белгілердің тұрақты айырмашылығы болса, онда теңдіктің жоқтығы туралы тұжырым қойылады.

Сәйкес келетін белгілер жиынтығы орын алғанда, теңдік туралы үзілді-кесілді тұжырым жасалынады.

Электрондық санау машиналарының басу құрылғыларында (принтерлерде) басылған мәтіндердің сараптамасы

Зерттеуді микроскоп көмегімен әртүрлі жарық беру жағдайында жүргізеді.

Электрондық санау машиналарының басу құрылғыларында орындалған мәтіндер үшін мынадай негізгі белгілер тән:

Электрондық санау машиналарының матрицалық-инелік басу құрылғыларында (принтерлерде) орындалған мәтіндер:

- барлық кескіндер бір өлшемдегі нүктелерден тұрады;
- бояма кескіндер орындарындағы қағаздың болмашы жаншылуы;
- нүктелердегі шамамен біркелкі бояу қабаты;
- орталық нүктелер бір сызықта орналасады;
- ине профилі домалақ, тік, трапеция түрінде болуы мүмкін.

Электрондық санау машиналарының лазерлік басу құрылғыларында (принтерлерде) орындалған мәтіндер:

- барлық кескіндер ұсақ, бір-бірімен жабысқан ұнтақ түйіршіктерінен тұрады;
- қағаз үстінде және кескін шеттері бойынша бұлғаныс нүктелерінің болуы;
- қағаз бүгілмелерінде бояу заттарының себілуі;
- осыларға тән жылтырақтардың болуы;

Электрондық санау машиналарының тамшылық-жіңішке ағыстық (струйный) басу құрылғыларында (принтерлерде) орындалған мәтіндер:

- кескіндер нүктелерден тұрады;
- бояғыш 3-түсті (көгілдір, қызы күрең (пурпурный), сары), көптеген

жағдайларда қара түсті бояғышта болады;

- нүктелер бейберекет орналасқан.

Термопринтерлер:

- кескіннің сызықтық құрылымы;
- арнайы қағаздың болуы.

9-ТАҚЫРЫП

СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМА

§1. Сот-медициналық сараптаманың міндеттері, объектілері және субъектілері

Сот-медициналық сараптама медициналық және биологиялық сипаты бар мәселелер бойынша қорытындылар береді¹⁵. Мұндай міндеттер қатарына:

- зорлықпен өлу және қандай да бір зақымдардан ауырып өлген жағдайлардағы мәйіт сараптамасы;
- келтірілген зақымның ауырлық дәрежесі мен сипатын, тұлғаның жасын, жыныстық жағдайын анықтау мақсатында жәбірленуші, айыпталушы және басқа да тұлғалар сараптамасы, сондай-ақ басқа да сот медицина саласындағы білім-біліктілікті талап ететін мәселелерді шешуге бағытталған сараптамалар;
- зерттеудің лабораториялық әдістері орын алатын заттық дәлелдемелер сараптамасы;
- қылмыстық және азаматтық істер материалдары бойынша сараптама жүргізу жатады.

Сот-медициналық сараптаманы жүргізу сот медицина саласында тиісті білімі бар бір немесе бірнеше тұлғаларға жүктеледі. Сот медицина орталығының денсаулық сақтау саласындағы өкілеттілігі бар қызметкерлерімен қатар сот-медициналық сараптама жүргізуге медицина жоғары оқу орындарындағы сот медицина кафедрасында жұмыс жасайтын профессорлік-оқытушылық құрам мамандары да тартылады.

Сот-медициналық сараптама анықтаушы орган, тергеуші, прокурор және сот қаулысымен жүргізіледі.

¹⁵ Шакенов А. О. және басқалар. Криминалистика және сот сараптамасы терминдерінің түсіндірме сөздігі / Заң ғылымдарының докторы, профессор М. Ч. Қоғамовтың жалпы редакциясымен шығарылған. — Астана, 2003. — 132 б.

§2. Өлім жіктемесі

Адамның өлі денесі сот-медициналық қызметтің күрделі объектісі болып саналды. Мәйіттер табылған кезде құқық қорғау органдарын қызықтыратын мәселелерді тиімді шешу мақсатында сот дәрігерлері басқа медициналық-биологиялық ғылым және өзіндік зерттеулер негізінде өлу процесінің теориясын жасап шығарды. Аталмыш теория негізінде мәйіттерді табылған жерде және мортта тәжірибелі түрде зерттеу жүйесі құрылған.

Сот медицинасы адам өлімін алдымен жүйе өлімі ретінде қарастырады. Сондықтан да оны анықтау кезінде сот медицина қызметкерлері ағзаның (организм) негізқалаушы функцияларына назар аударады. Оларға: орталық жүйке жүйесі, қан айналымы мен тыныс алу қызметтері жатады. Шын мәнінде «адам өлді» деп жүрек қағысы мен тыныс алу тоқтаған мезеттен бастап санайды. Клиникалық жағдайларда өлім фактісін анықтау үшін тірі ағзаның негізгі функцияларын тіркеу техникасы пайдаланылады.

Ағзаның басты қызметі тоқтағаннан кейін тіндер мен органдар талшық (клетка) ішіндегі өмірді қамтамасыз ету қорларын пайдалана отырып, біршама уақыт қызмет жасау мүмкіндігін сақтайды.

Тыныс алу және қан айналымы тоқтағаннан кейін бас ми қабығы 6-8 минут аралығына өмір қызметін сақтап, сонан соң онда қайтымсыз өзгерістер басталады. Көбірек уақытқа қабық астындағы орталық бас миы және жұлын (спинной мозг) қызметі сақталады. Өзге дене тіндерінде миға қарағанда, мұндай мүмкіндіктер елеулі болып келеді. Мысалы, жілік майы (костный мозг) ағза толық өлгеннен кейін 3-4 сағат аралығында бірқалыпты қызметке оралумен көзге түседі; тері, сүйек тіндері, сіңір 20 сағатқа дейін сақталады.

Әдеттегі өлу процесі бір-бірін ауыстырып отыратын бірнеше сатылардан тұрады:

1. Агония алдындағы жағдай. Орталық жүйке жүйесі қызметінің терең күйзеліске ұшырауымен, жәбірленушінің күретамыр қысымының төмендеуімен, тері қабаттарының сұрлануы арқылы сипатталады. Мұндай жағдай ұзаққа созылуы мүмкін, әсіресе медициналық көмек көрсету жағдайларында.

2. Агония — өлімнің, жан берудің ақырғы сатысы. Бұл кезең ағзаның өмір үшін соңғы күрес сәті. Жанталас кезеңі 20-30 минутқа, одан да ұзаққа созылуы мүмкін. Жанталастағы адам демігіп, тынысы жиі-жиі үзіліп, оның қан тамыры мен жүрегінің соғуы өте әлсіреп, еміс-еміс қана белгі береді.

3. Клиникалық өлім — өмір мен өлім арасындағы жағдай. Мұндай кезде адам өміріне аса қажетті деген ағзалардың, яғни жүректің, тыныс органдарының, орталық жүйке жүйесінің қызметтері тоқтайды, ал тіндердегі

(тканьдардағы) араласу процестері сақталады. Аталмыш құбылыс бірнеше минутқа созылып, әдетте биологиялық өліммен ауысады, ал бұл жағдайда өмірлік функцияларды орнына келтіру мүмкін емес.

4. Биологиялық өлім — тіндердегі физиологиялық процестердің қайтымсыз түрде тоқталуы; ағза қызметінің тоқталуы (өлім).

Жоғарыда көрсетілгендей адам өлім әртүрлі сыртқы және ішкі әсерлер нәтижесінде душар болады. Өлімге душар ететін факторларды сипаттау негізінде құқық қорғау органдары мен қылмыстық іс жүргізу заңының қағидаларын ескеретін, өлімнің бірнеше сот-медициналық жіктемесі құрастырылған.

Ең кеңінен тараған жіктемелерді қарастырайық. Осы жіктемеге сай өлімді екі санатқа бөлуге болады: зорлықпен өлтіру және зорлықсыз қайтыс болу. Зорлықпен өлтіру адам ағзасына механикалық, химиялық, физикалық және басқа да сыртқы факторлардың әсер ету нәтижесінде пайда болған көрініс.

Зорлықсыз қайтыс болуға ауру және кәрілік нәтижесінде душар болады.

Мәйіттік құбылыстарды зерттеу нәтижесінде өлім мерзімінің жағдайларына көз ашатын көптеген елеулі мәселелерді шешуге болады. Мысалы, қашан өлгендігін, мәйіттің алғашқы қалпының өзгертілгендігі туралы. Мәйіттегі өлгеннен кейін пайда болған процестердің кейбір варианттары өлімге душар болу себептері туралы алдын-ала дерек бере алады. Оларды үш үлкен топқа бөлуге болады:

1. Алғашқы өліктік құбылыстар — тіндер мен өмірді қамтамасыз ететін органдар қызметінің тоқталуымен көрінетін процестер: мәйіт таңбалары, мәйіттің сіресуі, мәйіттің сууы, тобарсуы және аутолиз.

2. Тіндердің қиналу құбылысы — электрлік, механикалық және химиялық сыртқы тітіркендіргіштеріне өшіп бара жатқан тіндердің кері әсері. Өлгеннен кейін неғұрлым көп уақыт өтсе, соғұрлым осы әсерлер аз байқалады.

3. Кейінгі өліктік құбылыстар — алғашқы өліктік құбылыстар өзінің дамуын тоқтатқан соң, пайда болатын мәйіттің өзгерістері: шіру, қақталу (мимиялану), сүйекке айналу, балауызы және шымтезекпен илену. Бұл құбылыстар мәйіттердің жануарлар және өсімдіктер көмегімен өзгеріске ұшырауымен тығыз байланысты.

Мәйіттің таңбалары (трупные пятна) — терінің және шел майының қан тамырларына (капиллярға, үлкен не кіші веналарға) қан жиылуынан пайда болатын, күлгін немесе қызғылт көкшіл түсті теңбіл дақтар. Мәйіт таңбалары әдетте өліктің төменгі жақ бетінен табылады. Олардың түсі қанның түсіне сәйкес өзгеруі мүмкін (мысалы қанға әсер ететін заттармен уланғанда). Оның дамуы төмен іркілуі (гипостаз), іркілу (стаз) және қан сіңуі (имби-

биция) болып үш сатыға бөлінеді. Төмен іркілу сатысы 1,5-2 сағаттан кейін басталады, 6-10 (8-12) сағатқа созылады. Бұл кездегі таңбалар басқанда жойылып, өліктің жатқан қалпының өзгеруіне қарай олар да ығысады. Іркілу сатысындағы таңбалар 8-12 сағаттан 24-36 сағатқа дейінгі аралықта дамиды. Оларды басқанда бозарғанмен, жойылмайды. Қан сіңу сатысындағы таңбалар басқанда түсін өзгертпейді, өз қалпында қалады. Өліктің таңбалардың сот медициналық маңызы — олардың биологиялық өлімнің күдік тудырмайтын белгісі, өліктің жатқан қалпын анықтау, қанның түсіне қарап, қандай затпен уланғандықты жорамалдау.

Мәйіттің сіресуі (трупные очоечение) — биохимиялық процестер ықпалынан мәйіттегі қанқалық, сұлделік бұлшық еттердің нығыздалуы. Бұл құбылыс өлгеннен кейін 2-4 сағатта басталып, 8-10 сағатта бүкіл бұлшық еттерді қамтып, бірінші тәуліктің соңында толық дамиды. Ол біртіндеп азайып 3-7 тәулікте толық тарқайды. Өліктің сіресуі өлгендіктің абсолюттік белгісі және өлім мерзімін анықтауға бағытталған белгілердің бірі болып саналады.

Мәйіттің салқындауы (охлаждение трупа) — өлген мерзімді айқындауға болатын алғашқы мәйіттік өзгерістер. Өлімнің алғашқы сағаттарында қоршаған орта температурасы 16-18°C болған кезде, мәйіт денесі әр сағат сайын 1 градусқа салқындайды. Әдетте, өлік жалаңаш жерлерінен бастап суиды. Дененің температурасын өлікті соймай тұрып, ішкі мүшелеріне электротермометрдің үшкір сезгіш жүйесін сұғып анықтаған жөн. Осы мәліметке сүйеніп, өлу мерзімін анықтауға болады.

Мәйіттің тобарсуы (трупное высыхание) — жылдам дамитын өлік құбылыстарының бірі. Әдетте, терінің зақымдалған жерлері жылдам тобарсиды. Өліктің тобарсуы — 6-12 сағаттың ішінде байқала бастайды. Ол терінің жеңіл зақымдарын жақсы айқындағыш болып есептеледі.

Аутолиз — өлгеннен кейін тіндердегі кесел келтіруші ферменттердің қоршаған тұтастықты қандай да бір деңгейде бүлдіре отырып әсер ету. Мұндай әсер ету белгілері көбіне мәйітті сою кезінде байқалады. Олардың көмегімен өлім мерзімін анықтауға болады.

Мәйіттің шіруі (гниение) — микроорганизмдердің тіршілік әрекетінде түзілген заттардың әсерінен мәйіт белоктарының ыдырау процесі. Шірігенде белоктардың ыдырауынан күкіртті сутегі және олардың туындылары меркантиан, көмір қышқылы, метан және басқа заттар пайда болады. Өліктің шіруінің алғашқы белгісі оң жақ мықынның жасыл түске боялып, көгеруінен басталады (өлгеннен кейін 2-3 тәулікте). Кейін жасыл-көк түс бүкіл дененің терісіне жайылады. Шірудің бұдан басқа мынадай белгілері терінің вена жүйесімен тармақтала шіруі, өліктің эмфиземасы болады. Шіру біртіндеп барлық тіндерінің ыдырауымен аяқталады.

Мумияға айналу — мәйіт немесе оның бөлшектерінің (табиғи немесе жасанды) кеуіп кетуі. Мәйітті бұзылудан сақтайтын, кешеуіл дамитын өліктік құбылыс. Ол әдетте өлікті құрғақ жел қаққанда байқалады. Бұл жағдайда ағзалары кеуіп, бүрісіп, қатайғандықтан мәйіт көп уақыт бұзылмайды. Ересек адамның мәйіті толық қақталу үшін 4-6 айдан артық уақыт өтуі қажет. Қақталу табиғи және жасанды деп екі түрге жіктеледі.

Мәйіт балауызы (жировоск) — өлікте кешеуілдеп дамитын құбылыстардың бірі. Мұндай құбылыс мәйіт салқын суда, ылғалды балшықта, сазды батпақта жатқанда құралады және баяу дамитын процесс болып саналады. Жас нәрестенің, бірге жетпеген перзенттің мәйіті 3-5 айдың, ал ересектің мәйіті 9 ай-бір жылдан артық уақытта мәйіт балауызына айналады.

Оқиға болған жерден табылған адам мәйітін сыртынан қарау Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу заңымен рәсімделген.

§3. Эртүрлі өлім түрлері орын алған оқиға болған жерді қарау ерекшеліктері

1. Моқалған (тупой) және өткір ұшты заттармен зақымдау кезінде: зақымдау сипатын, олардың биологиялық тегі бар іздермен өзара байланысын егжей-тегжейлі суреттеу қажет; жарақат келтірілген құрал туралы болжам жасап, мүмкіндік келгенше оны табу; зақымдау механизімін жорамалдау арқасында жәбірленуші мен қылмыскердің өзара әрекеттесу механизімін анықтау; зақымдау әрекетіне қажет болатын шамамен уақытты және жұмсалған күшті анықтауға тырысу; бірнеше қылмыскер болған жағдайды анықтау.

2. Авто, мото және трактор құралдарынан келген зақымдар бойынша: мәйіт қалпын және оның транспорт құралына немесе іздеріне қатыстылығын тыңғылықты суреттеу ерекше орын алады; киім жағдайы мен ондағы іздерді бекіту; құрбан денесімен транспорт құралымен өзара әрекеттесу іздерінің бар екендігін анықтау және тағы басқалар;

3. Темір жол зақымы: мәйіт қалпы, орналасуы және оның бөлшектерінің темір жол рельсіне, үйінді топырағына, сондай-ақ жол торабының басқа да жерлеріне қатысты қалай жатқандығын дұрыстап суреттеп-зерттеу керек; мәйітке қарасты жол торабы бойынан биологиялық тегі бар іздерді табу; кескінді іздердің мәйіт киімінде бар екендігін, олардың сипатын және басқаларды суреттеу.

4. Биіктіктен құлау кезінде: мәйіт қалпын және оның құлауы ықтимал объектіге қатысты орналасуын бекіту; мәйіттегі қалдықты іздердің бар екендігін, оның ішінде мәйіт жатқан объекті беткейін сипаттамайтындарға

ерекше көңіл аударған жөн; мәйіттен құлау беткейін сипаттамайтын зақымдарды табу; құрбанның құлауы ықтимал объектілерден биологиялық тегі бар іздер табу және т. б.

5. Атыс қаруының зақымдары бойынша: дене және киімдегі зақымдардың сипатын егжей-тегжейлі зерттеу; зақым айналасындағы бөтен заттарды және киімдегі қалдықты іздердің бар екендігін; оқиға болған жер заттарындағы биологиялық тегі бар іздер мен жарақаттардың өзара орналасуы; ықтимал жарақат құралын тапқанда, оның үстінен биологиялық тегі бар іздердің бар екендігін анықтау және т. б.

6. Механикалық асфиксия кезінде: беттің үрілгендігіне назар аударылады; мойнында, бетінде және кеудесінде іздердің, көз ішіндегі кішкене қан құйылымдарының бар екендігін; оқиға болған жерден мойынды немесе басқа дене мүшелерін жаншуға үшін қолданылған заттарды табу; буындырған түйін ізінің мойынды жаншу үшін пайдаланылған затпен сәйкестігін анықтау; өліктік таңбалардың орналасуы; биологиялық тегі бар іздердің бар екендігі және орналасуы, тағы басқалар.

7. Суға кету кезінде: мәйітті су үстінде ұстап тұратындай немесе мәйітті ауырлататындай заттардың бар екендігін табу; киімінің жағдайы және оның үстіндегі қалдықты іздер; жарақаттардың шоғырлануы; терінің жұмсаруы; ауыз және мұрын айналасында көбік және басқа да белгілер.

8. Улау кезінде: тері және киімде удың әсерінен келген жарақатты іздерді іздеу жүргізу; киімде және айналадағы заттарда қалдықты іздерді табу; құсық заттарының бар екендігін анықтау; у болуы ықтимал бос ыдыстарды табу; өліктік таңбаларды суреттеу; бөлмедегі иістерді ажырату және т. б.

9. Төмен температура әсерінен: мәйіт қалпын, орналасқан беткейін, тері қабатының күйін, киім сипатын суреттеу; мұрын, ауыз саңылауларында және көз айналасында су тамшыларының қатқан күйінде болуын және басқа да ерекшеліктерді байқастыру.

10. Жоғары температура әсерінен: киім жағдайын, жану және күйіп кеткен белгілерді зерттеу; мәйіт қалпын бекіту; күйген жерлердің жайылуы, шоғырлануы және дәрежесі; көз айналасынан ысталмаған әжімдер табу; ауыз және мұрын ішінде күйснің болуы және жоғары температура әсерінен пайда болған басқа да ерекшеліктер.

11. Электрлік зақым алғанда: киімдегі жану, балқу және басқа зақымдарды суреттеу; атмосфералық электр желісімен зақымдану кезіндегі найзағай бейнесі; мәйіт айналасындағы заттардағы жарақаттар; терідегі электр таңбалары.

12. Жаңа туған нәресте мәйіті табылғанда: нәресте денесін орауға пайдаланылған құрал, киімі болса, онда оның сипатын зерттеу; механикалық

зақымдардың бар екендігін; кіндік жағдайы және т. б. белгілер.

13. Белгісіз адамның мәйіті табылған кезде: мәйітпен бірге табылған киім мен заттарды тыңғылықты түрде қарау және суреттеу; сырт келбетін ережеге сай суреттеу; мәйіттен табылған даралық ерекшеліктерді егжей-тегжейлі жазу; сигналетикалық ережеге сәйкес фотоға түсіру; мүмкіндік келгенше саусақ көшірмесін алу, іздеу салушылық және идентификациондық деректерді жинақтауға бағытталған басқа да әрекеттерді іске асыру.

14. Бөлшектенген мәйіт мүшелерін табу кезінде: дене бөлшектерін орауға пайдаланған барлық заттарды тиянақты түрде суреттеу; киімді суреттеу; дене бөлшектеріндегі ерекшеліктерді бекіту; зақымдар сипатын, бөлшектенген жерімен бірге суреттеп-жазу; мүмкіндік бойынша бет әлпетін суреттеп, саусақ көшірмелерін алған жөн және басқа да қажет әрекеттерді жүргізу.

15. Қылмыстық түсік түсіру (абортқа) күдік туындағанда: басқа іздермен үйлесімді биологиялық тегі бар іздердің бар екендігін, өлшемін және орналасуын суреттеу; түсік түсіру үшін қолданылуы мүмкін заттардың бар екендігін; жүктілік белгілері; жыныстық органдардың сыртқы жағдайы; ұрық, оның бөлшектері мен плаценттерін іздестіру және басқа да қимылдарды жасау.

16. Кенеттен өлу кезінде: жағдай заттарында іздердің, соның ішінде биологиялық тегі бар іздердің бар-жоқтығын анықтау; медициналық құжаттың бар екендігі; дене мен киімдегі жарақаттар, сондай-ақ кенеттен өлудің басқа да заттық және құжаттық айғақтары.

17. Қатерлі жұқпалы аурудан (оба (чума), шешек (оспа), тырысқақ (холера) және т.б.) өлгендігіне дәлелді күдік туындағанда: күдік жайлы бірден тергеушіні және таяу жердегі денсаулық сақтау органдары басшыларын хабардар ету шараларын іске асыру; мәйіт табылған орынға кіру мүмкіндігін жою; қарауға қатысушылар эпидемияға қарсы бригада мамандары келгенше ешқандай әрекет жасамау, келешекте осы бригада басшысының нұсқаларын орындау.

§4. Мәйіттерді мортта зерттеу және әртүрлі жағдайларда өлімге душар болған мәйіттердің сараптамасы

Мәйіттердің сот-медициналық зерттеуі — сот-медициналық морттарда жүргізіледі. Көптеген жағдайларда мәйітті сот-медициналық зерттеуге жіберу туралы сұрақ оңай шешіледі, оның себебі өлім жағдайының өзі осы зерттеуді іске асыруды алдын-ала анықтайды. Мысалы, сот-медициналық зерттеуге жіберілуге тиістілер:

1. Кісі өлтіру, өзін-өзі өлтіру немесе абайсыздықта өлу көріністеріне байланыссыз сырттан әсер еткен факторлардан, яғни күш жұмсаудан өлген адамдардың мәйіттері.

Алайда, құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында өлім себебі көзге көрініп тұрса, моргта мәйітті сою қажеттілігі жоқ деген ой-тұжырым орын алады. Бұл қате пікір. Көзге ұрып тұрған өлім себебінің өзінде мәйітті тілу нәтижесінде алғашқы тұжырымнан бас тартатындай деректер табылуы мүмкін. Сондай-ақ жалпы оқиғаға баға беруде ерекше рөл атқаратын өлімге душар болу механизімін анықтау үшін мәйітті сою қажет.

2. Дерті анықталмай емдеу мекемелерінде қайтыс болған адамдар мәйіттері.

3. Туысқандар тарапынан теріс, мезгілсіз немесе заңсыз емдеу жөнінде арыз түсу нәтижесінде емдеу мекемелерінде немесе сонда болып шыққаннан кейін қайтыс болғанда адамдар мәйіттері.

4. Емдеу мекемелеріне өлі бетінде жеткізілген адамдар мәйіттері.

5. Жеке басы анықталмаған адамдар мәйіттері.

6. Жаңа туған нәресте мәйіттері.

7. Дәрігермен кенеттен өлу себебі анықталмаған адамдар мәйіттері.

Ішкі істер органдары қызметкерлері мәйітті сот-медициналық зерттеуге жіберу немесе жібермес бұрын, кенеттен өлудің барлық жағдайларын біліп, анықтау барысында алынған мәліметтерге жүгіну керек. Мәйіттер мен заттық дәлелдемелерді моргқа жеткізу жергілікті ішкі істер органдарымен қамтамасыз етіледі. Мәйітпен бірге айналасында табылған барлық заттар, төл құжаты, оқиға болған жерді қарау хаттамасы, мәйіт сараптамасын тағайындау туралы қаулы жіберіледі. Әдетте, моргта мәйітпен жұмыс жасау апарғаннан кейін бір тәулік өткен соң жүргізіледі. Мәйіттің іш құрлысын сою арқылы зерттеу ережелері бойынша мұндай әрекет адам өлгеннен кейін 12 сағаттан соң іске асырылу керек. Нақты жағдайлар ағысының қажеттілігіне қарай, мәйітті моргқа түсісімен тез арада зерттеуге болады. Мұндай әрекет қылмыстың ізін суытпай ашуға көмек беретін мәліметтер мәйіт кідірілмей зерттелгенде алынады деген тұжырым негізді болған жағдайда жасалынады. Сонымен қатар уақыттың созылуы өлім себебін анықтау мүмкіндігіне кері әсерін тигізгенде пайда болады. (мысалы, адам ішіндегі у тарқап және сіңіп, білінбей кетуі мүмкін).

Мәйіт сыртынан қаралғаннан кейін тілінеді, міндетті түрде бас сүйегі, кеуде және іш құрлысы зерттеледі. Алдын-ала омыртқа мен жұлынға зақым келгендігі жайлы мәлім болса, оларда зерттеуден өткізіледі. Автокөліктік апат кезінде өлген адам мен судан алынған мәйіттің омыртқасы толық тілінеді. Оқиғаның бөлек жағдайларын (мысалы, автокөлік зақымдану кезінде жәбірленуші қалпы) анықтау үшін бет әлпет (жақ сүйектері зақымдал-

ғанда), аяқ және бөксеңің жұмсақ тіндерінде зерттеген жөн. Кейде өлу себебін анықтау мақсатында лабораториялық зерттеулер жүргізу қажет болады (гистологиялық, бактериологиялық, сот-химиялық, рентгенологиялық, вирусологиялық, биохимиялық, спектралдық және басқалар).

Шешілетін кейбір мәселелер:

- өлімге қашан аттанды;
- өлімге аттанған дәл уақытты қандай белгілер көрсетеді;
- өлімнің негізгі себебі — зақым, әлде ауру болды ма;
- мәйітте қандай жарақаттар бар, олардың сипаты, орналасуы және немен келтірілген; қандай зақымдар тірі кезінде және қай жарақаттар өлгеннен кейін жасалды;
- зақымдардың келтіру реті қандай;
- зақымның қайсысы өлімге себеп болды.

Механикалық зақымнан өлген мәйіттің сараптамасы.

Механикалық зақымдар деп қоршаған ортада қозғалыста болатын әртүрлі денелердің адамға әсер ету нәтижесін айтамыз. Денедегі, киімдегі зақымдармен қатар бұл объектілерде биологиялық тегі бар (қан іздері, басқа да бөлінділер) және биологиялық тегі жоқ (металл, бояу іздері, мата талшықтары) микроіздер пайда болады. Кейбір жағдайларда оқиға механизіміне, зақымдарды келтіру ретіне байланысты сұрақтарды, сондай-ақ идентификациялық мәселелерді шешу үшін арнайы лабораториялық зерттеу әдістерін қолдану арқылы жүргізілетін кешенді сараптаманың қажеттілігі туындайды.

Өткір құралдармен келтірілген зақымдар орын алғанда шешілетін кейбір мәселелер:

1. Зақым шашитын, кесетін, шабатын, аралайтын, шашып-кесетін қарумен (құралмен) келтірілген бе?
2. Сұқпаның топтық белгілері қандай (оның ұзындығы, ені, тірегіштің болуы, ұшының формасы және т. б.)?
3. Зақым зерттеуге берілген заттардың бірімен келтірілген бе (пышак, қанжар, балта, ара және т. б.)?
4. Зақым жасау кезінде жәбірленуші мен шабуыл жасаушының шамамен өзара орналасуы қандай болған?
5. Құралда (қаруда) мата талшықтары барма, бар болса олар жәбірленуші (сезікті немесе басқа да тұлғаларда) киімінен алынған үлгі түріндегі талшықтармен біртектеспе және тағы басқа мәселелер.

Тікелей суық қаруға қатысты оның табылуы, табылмауына қарамастан, жәбірленушіге зақым келтірілгенде сот-медициналық сараптама тағайындалады. Сот-медициналық сараптамасында мынадай мәселелер шешілуі тиіс:

1) Жанды нысана қандай қарумен (шаншитын, кесетін, шаншып-кесетін) зақымдалған?

2) Жанды нысананы зақымдаған объектінің топтық белгілері мен қасиеттері қандай (ұзындығы, ені, типі, нысаны және басқалар)?

3) Қылмыс құралының сыртында қандайда бір нәрселердің бөлшектері болды ма, егер болса, қандай?

4) Нысана күдіктіден алынып, сараптама өткізуге берілген қарумен зақымдалған ба?

5) Жәбірленушінің денесіндегі және киіміндегі зақымдар сәйкес келе ме?

6) Зақымдардың қаруды бірнеше рет қолдану нәтижесінде келтірілуін көрсететін, белгілер бар ма?

7) Жарақаттардың келтіру реті қандай?

8) Жара каналының бағыты қандай, және ол бойынша жарақат қай бағытта жасалғанын жоруға бола ма?

9) Жәбірленуші жарақат алғанда шамамен қандай жағдайда (позада) болды?

10) Жарақат жасалған кезде, шабуылдаушы мен жәбірленушінің шамамен өзара орналасуы қандай?

11) Жарақат жағдаяттары туралы жәбірленушінің (немесе айыпкердің) берген жауаптары сараптамалық зерттеулер кезінде алынған мәліметтерге сәйкес пе?

Сот дәрігері С. С. Самищенконың көрсетуі бойынша зақымдау құралдарының өткір ұшы мен шеттері болудан, олардың біркелкі қимыл жасауынан, шаншып-кесілген жарақаттар қалады¹⁶.

Моқалған құралдармен келтірілген зақымдар орын алғанда шешілетін кейбір мәселелер:

1. Жәбірленуші денесінде қандай зақымдар бар?

2. Мәйітте зақым келтірген құралдың (қарудың) немесе заттың жалпы және жеке белгілері барма, бар болса нақты қандай белгілер?

3. Зақым сараптамаға берілген заттардың бірімен келтірілуі мүмкін бе (балға, кірпіш, кесек темір және т. б.)?

4. Зақымдар қандай ретте келтірілген?

5. Зақымдау барысында құрбан мен шабуыл жасаушының өзара орналасуы шамамен қандай болған?

Атыс қаруымен өлтірген мәйіттің сараптамасы.

Аталмыш сараптамамен шешілетін кейбір мәселелер:

– зақымның атыс қаруымен келтірілгендігі;

¹⁶ Самищенко С. С. Судебная медицина. — М., 1996. — 432 б.

- егер зақым атыс қаруынан болса, онда ол тесіп өткен, көмескі түрде (слепое) немесе жанаса келтірілген бе?
- жарақаттың оқпен, жарқыншақпен немесе бытырамен жасалғандығы;
- жарақат атысы қандай арақашықтықтан жүргізілген;
- зақымдардың қарудың бір немесе бірнеше түрімен келтірілгендігі;
- осы атыс жарақатын келтірген қарудың калибрі қандай?
- ұсынылған қарумен жәбірленуші өзіне-өзі зақым келтіруі мүмкін бе?
- атыс кезінде жәбірленуші мен атыс жүргізген адамның өзара орналасуы қандай болған?
- жарақат жарылу толқынының нәтижесінде келтірілген жоқ па?
- жәбірленушінің оқ-дәрі газдары бар атмосферада болғандығы.

Бұл мәселені шешу — тар жерде (мысалы, кішкене бөлмеде) атыс болған жағдайда пайда болып, тірі және өлі адамдардың мұрындарында атыс күйесін зерттеу арқылы жүргізіледі.

Көлік құралдарынан келген зақымнан өлген адамдардың сараптамасы.

Транспорттың жылжу барысында оның сыртқы және ішкі бөлшектері әсер ету арқылы, сондай-ақ қозғалыстағы көліктен құлау нәтижесінде пайда болған зақымдар автокөлік, мотоцикл, трактор және темір жол, трамвайдан келген транспорттық жарақаттар болып ажыратылады.

Рельссіз қимылдайтын транспорт құралы жаяу адамды қаққанда оның бөлшектері дене мүшелерімен жанасуы, дененің транспорт үстіне құлауы, денені шеткері жерге шиырып тастуы, денені жер үстімен сүйретуі байқалатын көріністер.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ СҰРАҚТАРЫ

1. Сот сараптамасы институтын реттейтін нормативтік актілер:
 - a) ҚР «Сот сараптамалық қызметі туралы» Заңы 2010 ж. 20 қаңтары
 - b) ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексі
 - c) ҚР салық кодексі
 - d) дұрыс жауаптар (a, b)
 - e) дұрыс жауаптар (a, c)

2. Сот сараптамасы анықтамасын құрастырыңыздар (ҚР Сот сараптамасы туралы заңының 1—бабы).
 - a) арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін
 - b) қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істердің материалдарын зерттеу
 - c) шешілуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында
 - d) дұрыс реті a, b, c
 - e) дұрыс реті c, a, b

3. Шығу тегі бір екендігін анықтау сараптамалық міндеттерді шешудің қандай деңгейіне жатады?
 - a) диагностикалық
 - b) жағдайлық (ситуациондық)
 - c) идентификациялық
 - d) жіктемелік (классификациондық)
 - e) барлық жауаптар дұрыс

4. Диагностикалық зерттеулер не мақсатпен жүргізіледі:
 - a) шығу тегі бір екендігін анықтау үшін
 - b) объектінің қасиеті мен қалыбын, оның белгіленген сипаттарға сәйкес келуін анықтау үшін
 - c) объектінің теңдігін анықтау үшін
 - d) объектінің белгілі бір топқа, түрге, класына жататындығын анықтау үшін
 - e) кескіні бойынша нақты объектіні анықтау үшін

5. Сот сараптамасы объектілеріне не жатады:
- a) дұрыс, бірақ жарамсыз құжаттар
 - b) мәйіттер
 - c) жануарлар
 - d) дұрыс жауаптар a, b
 - e) дұрыс жауаптар b, c
6. Сот сараптамасының арнайы әдістеріне не жатады:
- a) математикалық
 - b) бақылау
 - c) физикалық
 - d) салыстыру
 - e) эксперимент
7. Төмендегі сараптамалардың қайсысын криминалистикалық зерттеулер тобына жатқызуға болмайды?
- a) трасологиялық
 - b) қолтаңба танушылық
 - c) фоноскопиялық
 - d) баллистикалық
 - e) ботаникалық
8. Сараптамаларды негізгі және қосымша деп жіктеуге негіз болып не жүреді:
- a) жүргізу реті қолданылатын білім мөлшері
 - b) зерттеу көлемі
 - c) жүргізу орны
 - d) арнаулы білім салаларының сипатына қарай
 - e) зерттеушілер саны мен құрамына қарай
9. Қорытындысы жеткілікті негізделмеген немесе оның дұрыстығы күмән тудырған жағдайда сараптаманың қай түрі тағайындалады:
- a) қосымша
 - b) қайталама
 - c) кешенді
 - d) негізгі
 - e) біртектес
10. Сот сарапшысы деп кімді айтады:
- a) арнаулы ғылыми білім-білігі бар адам

- b) істің нәтижесіне мүдделі емес
- c) сот, тергеуші, жауап алушы сот сараптамасын жүргізуді тапсырған
- d) дұрыс реті c, b, a
- e) дұрыс реті b, a, c

11. Сот сараптамасы органдары:

- a) сараптама қызметін жүзеге асыру жөніндегі функциялар жүктелген
- b) мемлекеттік органдар
- c) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен
- d) дұрыс реті a, b, c
- e) дұрыс реті c, a, b

12. Сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар:

- a) ҚР заңнамасымен қылмыстық қудалау функциялары жүктелген мемлекеттік органдар бөлімшелерінің қызметкерлеріне
- b) ҚР заңдарына сәйкес сот сараптамасын жүргізу функциялары жүктелген мемлекеттік органдар мен ұйымдардың арнайы бөлімшелерінің қызметкерлері
- c) ҚР ҰҚК-нің жедел криминалистикалық бөлімшелерінің қызметкерлеріне
- d) қайталама сараптама тағайындаған кезде алғашқы сараптаманы жүргізген сот сараптама органдарының қызметкерлеріне
- e) ҚР ІІМ жедел криминалистикалық бөлімшелерінің қызметкерлеріне

13. Сарапшы іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды:

- a) егер ол өзінің әрекеті мен жауаптарының толық және дұрыс көрсетілуіне қатысты хаттамаға енгізуге жататын ескертулер жасауды талап етсе
- b) егер ол анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға, судьяға, айыпталушыға, олардың қорғаушыларына, заңды өкілдеріне, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне қызметтік немесе өзге де байланыста болса немесе болып отырса
- c) егер ол қорытындыда іс үшін маңызы бар және өз бастамашылығымен анықталған өзге де мән-жайларды көрсетуді талап етсе
- d) егер ол өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақ бергісі келсе
- e) егерде ол сараптама жүргізу кезінде келтірілген шығындарға өтем алғысы келсе

14. Сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар:
- a) заңмен белгіленген тәртіпте іс-әрекет қабілеті шектеулі және іс-әрекетке қабілетсіз деп танылғандар
 - b) бұрын сотталғандар
 - c) лицензияның негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратындар
 - d) сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға байланысты лауазымнан келеңсіз себептер бойынша босатылғандар
 - e) қайталама сараптама тағайындаған кезде алғашқы сараптаманы жүргізген қызметкерлеріне

15. Сараптама... тағайындалады:

- a) іс үшін маңызы бар мән-жайлар алынуы мүмкін жағдайда
- b) сарапшы арнайы ғылыми білімдер негізінде жүргізетін
- c) іс материалдарын зерттеу нәтижесінде
- d) дұрыс реті b, c, a
- e) дұрыс реті c, b, a

16. Сот сараптамасы органы басшысының... құқығы жоқ:

- a) зерттеудің нәтижесін және қорытындының мазмұнын алдын-ала белгілейтін нұсқаулар беруге
- b) ұсынылған материалдар бойынша комиссиялық немесе кешенді сараптамалар жүргізу және оның жүргізілуін ұйымдастыру туралы өз еркімен шешім қабылдауға
- c) сараптамалық зерттеудің сапалы жүргізілуіне және сараптама объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге бақылау жасауға
- d) сараптама жүргізуді ұйымдастыруға
- e) егер қаулыда нақты бір сарапшы көрсетілмесе, сарапшыны сот сараптамасы органы басшысының таңдауына

17. Сараптамалық зерттеу сатылары:

- a) зерттеу нәтижелерін бекіту
- b) дайындық, талдамалық, синтетикалық
- c) нәтижелеріне баға беру, қорытынды құрастыру
- d) дұрыс реті b, c, a
- e) дұрыс реті b, a, c

18. Сот сарапшысының қорытындысы — :

- a) сот сараптамасын тағайындаған адам не азаматтық процестің тарабы сот сарапшысының алдына қойған
- b) мәселелер бойынша негізделген қорытындылар

- c) ҚР заңдарында көзделген тәртіппен рәсімделген
- d) дұрыс реті a, b, c
- e) дұрыс реті c, a, b

19. Алдын ала тергеуде сарапшыдан жауап алу жүргізілетін кездер:

- a) сарапшы қорытынды бергенге дейін
- b) егер сарапшы қолданған әдістер мен терминдерді нақтылау қажет болса
- c) егер сарапшының қорытындысы жеткілікті түрде айқын болмаса, қосымша зерттеулер жүргізу талап етілмейтіндей олқылықтары болса
- d) дұрыс жауаптар «a, b»
- e) дұрыс жауаптар «b, c»

20. Білімнің бір ғана саласымен шешілмейтін, шекаралас мәселелерді шешу мақсатында жүргізілетін сараптамалық зерттеу — ол:

- a) комиссиялық
- b) қосымша
- c) қайталама
- d) кешенді
- e) негізгі

21. Оқиғаның жалпы өзін немесе оның бір мезетін анықтау сараптамалық міндеттерді шешудің қандай деңгейіне жатады?

- a) жіктемелік (классификациялық)
- b) диагностикалық
- c) жағдайлық (ситуациялық)
- d) идентификациялық
- e) барлық жауаптар дұрыс

22. Белгілі бір топқа жататындығын анықтау дегеніміз:

- a) объектілердің қасиеті мен қалыбын анықтау
- b) кескіні бойынша нақты объектіні анықтау
- c) объектінің белгілі бір топқа, түрге, класына жататындығын анықтау
- d) іс-қимыл жағдайларын анықтау
- e) фактілер арасындағы себептік байланысты анықтау

23. Сот сараптамасы объектілеріне не жатады:

- a) дұрыс, бірақ жарамсыз құжаттар
- b) заттық дәлелдемелер
- c) сараптамалық зерттеу үшін үлгілер

- d) дұрыс жауаптар a, b
 - e) дұрыс жауаптар b, c
24. Сот сараптамасының арнайы әдістеріне не жатады:
- a) өлшеу
 - b) түс айыру
 - c) салыстыру
 - d) суреттеу
 - e) модель жасау
25. Төмендегі сараптамалардың қайсысы криминалистикалық зерттеулер тобына жатқызуға болмайды?
- a) суық қару сараптамасы
 - b) қолтаңба танушылық
 - c) ветеринарлық
 - d) фоноскопиялық
 - e) дактилоскопиялық
26. Қандай негізге сүйене отырып сот сараптамалары класс, түрі, тобы бойынша жіктеледі?
- a) зерттеу көлемі жүргізу реті қолданылатын білім мөлшері
 - b) жүргізу реті
 - c) арнайы білім салаларының сипатына қарай
 - d) жүргізу орны
 - e) зерттеушілер саны мен құрамына қарай
27. Қайталама сараптама тағайындалмайтын жағдайлар:
- a) сарапшының алдыңғы қорытындысы жеткілікті негізделмегенде
 - b) жеткілікті дәрежеде анық болмаған немесе қойылған мәселелер толық шешілмегенде
 - c) сарапшы қорытындысының дұрыстығы күмән туғызғанда
 - d) сараптама тағайындаудың процессуалдық нормалары елеулі бұзылғанда
 - e) сараптама жүргізудің процессуалдық нормалары елеулі бұзылғанда
28. Криминалистикалық идентификацияның мақсаты мен мазмұны неде:
- a) объектілердің өзі сияқтылармен ұқсастығын анықтауда
 - b) кескін бойынша жеке-нақты объектінің теңдігін анықтауда
 - c) объектінің жағдайын ажыратуда

d) объектінің белгілі бір топқа, түрге, класына жататындығын анықтауда

e) оқиға, құбылыс, процесті танып-білуде

29. Сарапшыдан жауап алу жүргізілетін кездер:

a) егер сарапшының қорытындысы жеткілікті түрде айқын болмаса, қосымша зерттеулер жүргізу талап етілмейтіндей олқылықтары болса

b) сарапшы қорытынды бергенге дейін

c) егер сарапшы қолданған әдістер мен терминдерді нақтылау қажет болса

d) дұрыс жауаптар «a, b»

e) дұрыс жауаптар «a, c»

30. Эвристика дегеніміз не?

a) дайындалған әдістемелерді дәлме-дәл орындай отырып, сараптамалық міндеттерді шешу тәсілдері

b) өзі ашқан жаңалықтарды пайдалана отырып сараптамалық міндеттерді шешу тәсілдері

c) сараптамалық міндеттерді шешу тәсілдері ретінде өзі ашқан жаңалықтарды да, қолданыстағы әдістемені де ұштастыра отырып пайдалану

d) сараптамалық міндеттерді шешуде сараптамалық тәжірибеде тыйым салынған тәсілдерді пайдалану

e) зерттеудегі объектіге сарапшы жағынан ешқандай іс-әрекеттердің болмауы

САРАПТАМАҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

ҚАУЛЫ

дактилоскопиялық сараптама тағайындау туралы

Қарағанды қаласы

2007 жылдың 9 наурызы

Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің аға тергеушісі полиция капитаны Ниязов А.А. ҚР ҚК-нің 175-бабы бірінші бөлігі және 185-бабы бірінші бөлігіндегі қылмыс белгілері бойынша қозғалған № 1144 қылмыстық іс материалдарын қарастырып,

АНЫҚТАДЫ

2007 жылдың 7-наурызының түнінде белгісіз тұлғалар Қарағанды қаласы, Бұқар Жырау көшесі 78 ауласында тұрған гараж есігін бұзып ашып, ішіндегі Панов Н. А. иелігіндегі мемлекеттік нөмірі М 415 КОМ, ВАЗ-21010 маркалы автокөлікті ұрлап кеткен. Келесі күні 8-наурызда автокөлік Қарағанды — Теміртау жолының жиырмамыншы километрінде табылған. Машинада дөңгелектері, капоты, аккумуляторы, радиоқабылдағыш және тағы басқа бөлшектері болмаған. Сол күні қарау барысында алдыңғы есіктің үстінгі жақ шынысында көрінетін, әлсін көрінетін саусақтың үш термайлық іздері табылған. Аталмыш іздер «Зенит-122» фотоаппаратында жүздік пленкамен түсірілген, сонан соң 9x12 өлшемді түссіз із көшірмесін жасайтын пленкаға көшіріліп, алынған.

2007 жылдың 9-наурызында осы қылмыс бойынша сезікті В. С. Смаков пен П. П. Хан ұсталған.

Ұрланған автокөлік шынысындағы қол іздері В. С. Смаков және П. П. Хан саусақтарымен қалдырылған ба деген сұрақты шешу үшін дактилоскопия саласындағы арнайы білім қажет.

Іс бойынша дактилоскопиялық сараптама тағайындауға негіз бар екендігін ескере отырып және ҚР ҚІЖК-нің 240, 242, 245-баптарын басшылыққа ала,

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Аталмыш іс бойынша дактилоскопиялық сараптама тағайындап, оны жүргізуді ҚР ӘМ сот сараптамасы Орталығының Қарағанды аумақтық ғылыми-өндірістік лабораториясына жүктеу.

2. Сараптама шешетін сұрақтар:
- а) қарау барысында табылған автокөлік шынысындағы қол іздері В. С. Смаков және П. П. Хан немесе басқа тұлға саусақтарымен қалдырылған ба;
 - б) осы іздер автокөлік иесі Н. А. Пановпен қалдырылған ба?
3. Сарапшы қарамағына ұсынылатын объектілер:
- а) мемлекеттік нөмірі М 415 КОМ, ВАЗ-21010 маркалы автокөлік есігіндегі шыныдан табылған іздер бекітілген 9x12 см түссіз із көшіретін пленка (№ 1 — пакет);
 - б) 2007 жылдың 9-наурызында тергеуші бөлмесінде алынған В. С. Смаков, П. П. Хан және Н. А. Панов саусақтарының көшірмелері бар дактилоскопиялық карталар.

Тергеуші, полиция капитаны

А. Ш. Ахметов

ҚАУЛЫ

сот-баллистикалық сараптама тағайындау туралы

Қарағанды қаласы

2007 жылдың 4-қазаны

Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің аға тергеушісі полиция капитаны Азимов А. А. ҚР ҚК-нің 103-бабы бірінші бөлігі және 251-бабы бірінші бөлігіндегі қылмыс белгілері бойынша қозғалған № 114 қылмыстық іс материалдарын қарастырып,

АНЫҚТАДЫ

2007 жылдың 3-қыркүйегінде шамамен сағат 20-да демалыс саябағындағы тирдің маңында белгісіз адаммен атыс қаруынан үш атыс жүргізілген. Оқиға болған жерді қарау барысында тирдің жанынан тапанша патронының бір гильзасы табылып, алынды.

2007 жылдың 4-қыркүйегінде шамамен сағат 22-де белгісіз адаммен саябақтан шығаберісте тұрған киоскіге қарай екі атыс жүргізілген. Оқиға болған жерді қарау кезінде киоскіден он бес метр аралықта тротуардың үстінен тапанша патронының екі гильзасы табылып, алынды.

2007 жылдың 5-қыркүйегінде шамамен сағат 23-те «Арман» боулинг орталығының маңайында атыс қаруынан азамат Б. В. Ивановтың он аяғы жарақаттанған. Оған операция жасаған Мақажанов атындағы клиникасында он аяғының жұмсақ тканьдарынан калибрі 9 мм болатын тапаншаның атылған оғын алған.

2007 жылдың 19-қыркүйегінде шамамен сағат 20-да «Валют-Транзит» банкісінің алаңында болған төбелісте В. Сергеев және М. Семенов ұсталған. Кейінгінің жеке басын тінту барысында күртесінің қалтасынан қолдан жасалған тапанша табылып, оның обоймасында 9 мм екі патрон болған.

М. Семенов жауап алу кезінде бұл тапаншаны базардағы белгісіз жігіттен екі күн бұрын үш жүз теңгеге сатып алып, одан әлі бірде рет атқан жоқпын деп жауап берді.

М. Семеновтың пәтерінде жасалған тінтудің нәтижесінде кітаптар тұратын шкаф ішінен 9 мм екі патрон және үш гильза табылып, алынған.

М. Семеновтан алынған тапаншаның түрін және моделін, оның атыс жүргізуге жарамдығын айқындау үшін, сондай-ақ 2007 жылдың 3 және 4-қыркүйегінде саябақтағы атыстар осы қарудан жасалынды ма және Б. Ивановтың аяғы осы қарумен жарақатталды ма, осыларды анықтау үшін

арнайы білім-біліктілік қажет. ҚР ҚДЖК-нің 240, 242, 245-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Аталмыш іс бойынша сот-баллистикалық сараптама тағайындап, оны жүргізуді ҚР ӘМ сот сараптамасы Орталығының Қарағанды аумақтық ғылыми-өндірістік лабораториясына жүктеу.

Сараптамамен шешу үшін қойылатын сұрақтар:

1. М. Семеновтан алынған тапанша қандай тәсілмен (зауыттық, қолдан) дайындалған?

2. М. Семеновтан алынған тапанша патрондармен атыс жүргізуге жарамдыма және олардың калибрі қандай?

3. Егер жарамды болса, одан атыстар жүргізілді ме, қашаннан бері және қанша рет?

4. Егер тапанша қолдан жасалған болса, онда ол қандай тәсілмен және қандай құрал-саймандарды қолдану арқылы әзірленген? Дайындау барысында зауыт бөлшектері пайдаланылды ма?

5. 2007 жылдың 3 және 4-қыркүйегінде саябақтағы оқиға болған жерді қарау барысында алынған гильзалар және М. Семеновтың пәтерін тінту кезінде алынған гильзалар М. Семеновтың жеке басын тінту барысында алынған тапаншадан атылған ба?

6. Б. Ивановтың аяғынан алынған оқ М. Семеновтан алынған тапаншадан атылған ба?

7. М. Семеновта жүргізілген тінту барысында алынған гильзалар және Б. Ивановтың аяғынан алынған оқ қандай қару және қай калибрлі патрондарға жатады?

8. Оқиға болған жерден алынған гильзалар, М. Семеновта жүргізілген тінту барысында алынған гильзалар мен патрондар және Б. Ивановтың аяғынан алынған оқ бір дайындау партиясына жатама?

Сарапшы қарамағына жіберілетін барлығы бөлек пакетке салынған объектілер: М. Семеновтан алынған тапанша (№ 1 — пакет), 2007 жылдың 3-қыркүйегінде саябақтан алынған бір гильза (№ 2 — пакет), 2007 жылдың 4-қыркүйегінде саябақтан шығаберісте тұрған киоск маңайынан алынған екі гильза (№ 3 — пакет), Б. Ивановтың аяғынан алынған оқ (№ 4 — пакет), М. Семеновтың жеке басын тінту барысында алынған екі патрон бар обойма (№ 5 — пакет), М. Семеновтың пәтерінде жасалған тінтудің нәтижесінде алынған екі патрон және үш гильза (№ 6 — пакет).

Тергеуші, полиция капитаны

А. Ш. Ахметов

ҚАРАУ ХАТТАМАСЫ (үлгісі)

«Аяжан» арағының бос шөлмегін, дактилоскопиялық пленканы және Литовский П. Т. мен Литовская Ю. С. дактилоскопиялық карталарын

2007 жылдың 12-қаңтары

Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің аға тергеушісі полиция капитаны Саламатов А. А. куәгерлер: 1) Мақабаев Мейрам Смайыл ұлы, мекен-жайы Тепловоная 7; 2) Первухин А. П., мекен-жайы Гоголь көшесі 70, 10-пәтер және Қарағанды облысының ПББ Оперативтік-криминалистикалық басқармасының маман-криминалисі С. П. Каратаевтың қатысуымен ҚР ҚІЖК-нің 203, 221, 222-баптарының талаптарын сақтай отырып, Ерубасев көшесі, 51-үйде орналасқан Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің № 35 кабинетінде «Аяжан» арағының бос шөлмегін, 2007 жылдың 12 қаңтарында орын алған Бұқпа көшесі 45-үйдің, азамат П. Т. Литовскийдің 78-пәтерінен бөтен мүлікті ұрлау дерегі бойынша оқиға болған жерден алынған дактилоскопиялық пленканы және Литовский П. Т. мен Литовская Ю. С. дактилоскопиялық карталарын қараудан өткізді.

ҚР ҚІЖК-нің 84, 86-баптарына сәйкес маман(дар)ға және куәгер(лер)ге құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Қарау 11 сағат 15 минуттан 12 сағат 40 минутқа дейін табиғи жарық аясында жүргізілді.

Қараумен анықталған мәселелер: «Аяжан» арағының бос шөлмегі ақ капрон жіппен керілген екі фанера ортасына орнатылып, полиэтилен пакетке салынды. Бұл пакет жан-жағынан қара жіп оралып, оның шеттері Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің «Пакеттер үшін» деген домалақ мастикалық мөр көшірмесі бар биркамен мөрленген. Бирканың үстінде көк түсті сиямен жазылған қолжазбалық мәтін бар. Оның мазмұны: «2007 жылдың 12-қаңтарында орын алған Бұқпа көшесі 45-үйдің, азамат П. Т. Литовскийдің 78-пәтерінен бөтен мүлікті ұрлау дерегі бойынша оқиға болған жерді қарау кезінде ас бөлмесіндегі стол үстінен табылған, қол іздері бар “Аяжан” арағының бос шөлмегі». Биркада екі куәгердің, маманның және тергеушінің қолдары бар. Егжей-тегжейлі қарау мақсатында шөлмек бумадан алынды. Түссіз шыныдан дайындалған 0,5 литр мөлшеріндегі бос шөл-

мек. Бүйірінде қағаздан жасалған “Аяжан” деген жазуы бар тік бұрышты заттаңба жабыстырылған. Шөлмектің биіктігі 300 мм, диаметрі 80 мм. Заттаңбаның оң жақ жоғары бұрышында, шөлмектің аузынан 18 мм аралықта сопақ нысанды 32x47 мм өлшеміндегі алақан учаскесінің әлсін көрінетін ізі бар. Бұл ізде бүртік сызықтары легінің үш шапакты құрылымы байқалады. Заттаңбадан солға қарай 26 мм және шөлмек түбінен 35 мм аралықта әлсін көрінетін төрт саусақ ізінен тұратын топ табылды. Олардың табаны заттаңбаға көлденең 90 градус бұрышпен орналасқан. Шөлмектің түбінен санағанда бірінші және екінші іздерде тұзақты өрнектер көрінеді, олардың тұзағының ашық жағы сол жаққа қарай бағытталған; жоғарыдағы екі ізде доғалды іздер байқалады. Қағаз заттаңбадағы көрінбейтін қол іздерін айқындау үшін, оларды ацетонның нингидриндегі 1 % қоспасымен мақта тампонының көмегімен өңдеген. Айқындалу процесін жылдамдату мақсатында заттаңба 300 Вт қыздыру шамымен жылулық әсерге ұшырады. Осылайша, заттаңбаның оң жақ шетінде астыңғы бұрыштан 46 мм аралықта доғалды өрнек кескінделген бір саусақ ізі айқындалды. Іздің табаны солға қарай бағытталып, көлденеңге 70 градус бұрышта жатыр. Формасы, өлшемдері, орналасуы және өзара орналасуына қарай жоғарыда суреттелген іздер шөлмектің сол қолымен ұстау нәтижесінде жасалынған. Шөлмектің шыны беткейіндегі және заттаңба үстіндегі басқа іздер жағылу түрінде кескінделген.

Дактилоскопиялық пленка Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің «Пакеттер үшін» деген домалақ мастикалық мөр көшірмесі бар биркамен мөрленген пошта конвертіне буып-түйілген. Бирканың үстінде көк түсті сиямен жазылған қолжазбалық мәтін бар. Оның мазмұны: «2007 жылдың 12-қаңтарында орын алған Бұқпа көшесі 45-үйдің, азамат П. Т. Литовскийдің 78-пәтерінен бөтен мүлікті ұрлау дерегі бойынша оқиға болған жерді қарау кезінде ас бөлмесіндегі «Стинол» тоңазытқыш тұтқасындағы саусақ ізінен алынған 28x35 мм өлшеміндегі дактилоскопиялық пленка». Конверт үстінде екі куәгер, маман және тергеушінің қолдары бар. Конвертті ашқан кезде, одан тік бұрышты нысандағы 28x35 мм өлшеміндегі кара түсті дактилоскопиялық пленка алынды. Дактилоскопиялық пленканың эмульсиялық қабатында саусақ ізі ұнтақ тәріздес сұр түсті затпен кескінделген, онда доғалды өрнектің ортасы мен дистальдық аумағы байқалған.

П. Т. Литовский және Ю. С. Литовская дактилоскопиялық карталары 210x297 мм ақ қағаз түрінде көрсетілген. Бір жағында типографиялық кара бояумен көмегімен екі қатарға орналасқан саусақ көшірмелері: үстіңгі қатарда — солдан оңға қарай орналасқан бас бармақтан шынашаққа дейінгі он қолының саусақ көшірмелері, ал төменгі қатарда — солдан оңға қарай орналасқан бас бармақтан шынашаққа дейінгі сол қолының саусақ көшірмелері. Төменде саусақтың тексерушілік көшірмелері және дактокартада

саусақ көшірмелері орналасқан тұлғалардың қолдары бейнеленген. Биографиялық мәліметтер парақтың үстіңгі бөлігінде көрсетілген. Парақтың келесі бетінде алақан көшірмелері орын алған.

Шөлмек, дактопленка және дактилоскопиялық карталар дактилоскопиялық зерттеу жүргізіп, төмендегі сұрақтарды шешу үшін маманға тапсырылды:

1. Дактилоскопиялық пленкадағы және «Аяжан» арағының бос шөлмегінің үстінен табылған қол іздері идентификациялауға жарамды ма?

2. Аталмыш іздер П. Т. Литовский, Ю. С. Литовскаямен қалдырылған жоқпа?

Маманның қорытындысы хаттамаға қосымша ретінде тіркелген.

Хаттама оқылды. Дұрыс жазылған.

Куәгерлер: _____
(қолдары)

Маман(дар): _____
(қолдары)

Тергеуші: _____
(қолы)

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Қарағанды облысының ІІББ

Оперативтік-криминалистикалық басқармасы

Қарағанды к., Ерубаев к-сі., 51-үй

тел. 42-95-91

МАМАННЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ № 15

2007 жылдың 12 қаңтарында орын алған Бұқпа көшесі 45-үйдің, азамат П. Т. Литовскийдің 78-пәтерінен бөтен мүлікті ұрлау дерегі бойынша 2007 жылдың 13-қаңтарында «Аяжан» арағының бос шөлмегін, дактилоскопиялық пленка мен Литовский П. Т. және Литовская Ю. С. дактилоскопиялық карталарын қарау хаттамасына

Зерттеу жүргізу Қарағанды облысының ІІББ Оперативтік-криминалистикалық басқармасының криминалистикалық жұмыста бес жыл қызмет өтілі бар, маман-криминалисі С. П. Каратаевқа тапсырылды.

Маман(дар)ға ҚР ҚІЖК-нің 84-бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Қарағанды облысының ІІББ тергеу бөлімінің аға тергеушісі полиция капитаны Саламатов А. А. берген нұсқауды (ҚР ҚІЖК-нің 221-бабының 1-бөлімі) негізге ала отырып, тергеу әрекетінің хаттамасына сәйкес (ҚР ҚІЖК-нің 203-бабының 8-бөлімі) маман-криминалисті **дактилоскопиялық** зерттеу жүргізіп, төмендегідей сұрақтарға жауап қайтарды.

1. Дактилоскопиялық пленкадағы және “Аяжан” арағының бос шөлмегінің үстінен табылған қол іздері идентификациялауға жарамды ма?

2. Аталмыш іздер П. Т. Литовский, Ю. С. Литовскаямен қалдырылған жоқпа?

ЗЕРТТЕУ

«Аяжан» арағының бос шөлмегін, қол іздері бар дактилоскопиялық пленка (№ 1 — фото) және Литовский П. Т. мен Литовская Ю. С. дактилоскопиялық карталары (№ 2 — фото) қарау хаттамасында толық суреттелген.

Шыны шөлмек үстінен табылған алақан учаскесінің ізі және саусақ іздері кесе-көлденен жарық саулелерінде тікелей объектінің өзінен суретке түсірілген. Ол үшін «Уларус» қондырғысы «Унибром» фотоқағазы пайдалан-

ды. Түс бұзатын мәселелерді жою мақсатында қатты қара қағаздан ойып алынған маскалар қолданылды. Фотосуреттердегі (№ 3, № 4 — фото) бүртік (папилляр) сызықтары қара болып түскен.

Маман: _____ Каратаев С. П.
(қолы)

Заттаңбадан анықталған саусақ ізі «Уларус» қондырғысымен «Микрат-200» фотоленкасына түсірілген. Осы пленкадан кейін дайындалған суреттерде бүртік сызықтары қара түсті болып бейнеленген (№ 5 — фото).

Қол іздерін қарау хаттамасында суреттелген фотоларды көзбен шолу арқылы зерттегенде, барлық іздерде әрбір ізді жекелейтін белгілер жиынтығы кескінделгендігі және олардың көмегімен жеке тұлғаны идентификациялауға болатындығы айқындалған.

Салыстырмалы зерттеулер фотодағы қол іздерін саусақ кескіндері мен алақан көшірмелері көзбен шолу арқылы салыстыру жолымен іске асырылды.

Салыстырмалы зерттеу нәтижесінде анықталған мәселелер: өрнектер жалпы құрылымы бойынша, бүртік сызықтары легінің бағыты бойынша, формасы, өлшемі, бүртік сызықтары өрнектерінің орналасуы және өзара орналасуы бойынша әртүрлі болып, олардың өзгешелігі бар. Демек, «Аяжан» арағының бос шөлмегіндегі және дактилоскопиялық пленкадағы саусақ іздері мен алақан учаскелері П. Т. Литовский мен Ю. С. Литовскаядан қалмаған, олар басқа тұлғамен қалдырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Бес саусақ ізі (сол қолдың бас бармағы, нұқ саусағы, ортаңғы, аты жоқ саусағы мен шынашағы), «Аяжан» арағының бос шөлмегіндегі алақан учаскесі бір ізі және 28x35 мм дактилоскопиялық пленкадағы саусақ ізі идентификациялауға жарамды.

2. Бұл іздер П. Т. Литовский мен Ю. С. Литовскаядан қалмаған, олар басқа тұлғамен қалдырылған.

Маман: _____ Каратаев С. П.
(қолы)

САРАПШЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫНЫҢ ҮЛГІСІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

*Қарағанды аумағы бойынша сот сараптамасының
ғылыми-өңдірістік лабораториясы.*

Қарағанды қ., Бұқар жырау даңғылы, 56-үй

41-51-61 тел.

ҚОЛХАТ

Маған (бізге) қызметкерге (қызметкерлерге) Алпысбаев Нұрлан Мерланұлына, Баринов Алмас Садықұлына ҚР ҚІЖК-нің 83-бабына сәйкес сарапшының құқығы мен міндеттері түсіндірілді.

ҚР ҚК-нің 352-бабына сәйкес қасақана жалған қорытынды берген үшін ескертілдім (ескертілдік).

«26» мамыр 2007 ж.

САРАПШЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

№ 1990

«26» мамыр 2007 ж.

Сарапшы(лар) Алпысбаев Н. М., Баринов А. С. заңгерлік жоғары білімі (білімдері) мен 10 жыл сарапшылық қызметінен тәжірибесі бар, Совет АІБ-ы тергеу бөлімінің тергеушісі А. И. Мамыржановтың Д. А. Погасяннан суық қарудың лақтырылатын үлгісіне ұқсас объектіні алу фактісімен қозғалған

№ 2066 қылмыстық іс бойынша 2007 жылдың 25-мамырында шығарған қаулысына сәйкес суық қарудың криминалистикалық сараптамасын жүргізді.

Сарапшы(лар)

Алпысбаев Н. М.
Баринов А. С.

Істің мән-жайы: «Құқықтық тәртіп» шеңберіндегі шаралар жүргізу барысында 2007 жылдың 24-мамырында Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі

бойында Д.А.Погасянның пәтерін тінту нәтижесінде арбалет және үш жебе табылып, кейіннен алынған.

Сараптамаға ұсынылған нәрселер: арбалет және үш жебе.

Сараптама шешу үшін қойылған сұрақ:

1. Д. А. Погасяннан алынған арбалет суық қаруға жатама, егер жатса, қандай тәсілмен дайындалған?

ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ

Зерттеу объектісі сараптамаға қолма-қол әкелінген. Ол, жабылатын жерлері «Совет аудан ПБ-ы тергеу бөлімі» үш бұрышты мөрімен мөрленген ақ түсті картон қағазға буып-түйілген. Пакет үстінде, мөр көшірмелерінде бүліністер көрінбейді.

Пакетті ашқан кезде ішінде жалпы ұзындығы 800 мм болатын арбалет және жалпы ұзындықтары 352 мм-ге дейін жететін үш жебе болды. Арбалет адырнасы бар садақтан, ұстап тұрып жіберіп қалатын механизмнен, жебе бағытайтын науасы бар қаңқадан, адырна тартқанда аяқ тірейтін үзеңгіден және иық тірейтін тапанша типтес саптан тұрады.

Арбалеттің негізгі бөлшектері металдан, ал адырнасы жібек жіптен дайындалып, оның жалпы ұзындығы (рабочий ход) 210 мм, ал садағының құлашы 790 мм-ге дейін барады. Жебе бағыттайтын науаның ені шамамен 8-10 мм. Арбалет тетіктері бір-бірімен металл шегемен шегендеу арқылы бекінген.

Жебелердің жалпы конструкциясы мықты пластиктен, ал үшкір ұштары металдан жасалып, артқы жағы ұшқанда тұрақты болу үшін қауырсындырылған, әрқайсысының диаметрі 8 мм, салмағы 40 граммға дейін.

Арбалет және оның жебелерін жасауда қолданылған материал, тетіктерін өңдеу сапасы, маркалық таңбаның жоқтығы зерттеудегі объектінің қолдан жасалғанын көрсетіп отыр.

Арбалет детальдарының өзара әрекеттесуін тексеру барысында, мәселен адырнаның тартылуы және механизмнің ұстап тұрып жіберіп қалғанда жалпы конструкцияның мығым болуы айқындалды.

Өзінің конструкциясы бойынша ұсынылған арбалет Ресейдегі «ИНВЕНТ» атты жабық типті акционерлік қоғамы жасайтын «АС-1Р» сияқты аңшылық мақсатындағы арбалет үлгісіне ұқсайды.

Нақты топқа жатқызу мақсатымен зерттеуге ұсынылған арбалеттің бір-қатар қажетті белгілерін айқындау үшін мынадай қасиеттері табылды:

- объектінің жалпы өзі мен бөлек тетіктерінің белгілі аналогтарға өлшемі, құрлысы және формасы бойынша сәйкес келуі;

- төзімділік қасиеті мен конструкциясының белгілі үлгілерге сай келуі (мұндайда: жасалу тәсілі, қолданылған материалдар, адырнаның тартылу күші және т. б.);
- зерттеудегі арбалеттің атыс мүмкіндігі;
- бірнеше рет және көздеп ату мүмкіндігі;
- қарастырылып отырған үлгінің зақымдандыру қасиеттері.

Зерттеу барысында ұсынылған арбалеттің адырнаны садағы, ұстап тұрып жіберіп қалатын механизмі, жебе бағытайтын науасы бар қаңқасы, адырна тартқанда аяқ тірейтін үзенгіден және иық тірейтін тапанша типтес сабы аңшы арбалеттарының кейбір үлгілерінің осындай тетіктерімен сырттай ұқсастығы айқындалған (Мысалы, қараңыз: Сборник информационных листов холодного (метательного) оружия и предметов хозяйственно-бытового назначения, сходных с ним, прошедших сертификационные криминалистические испытания в 1994-1995 гг. / Авторы-составители Астапов А. Н., Герасимов А. М. — М.: ЭКЦ МВД России, 1996. — 155-бет). Сонымен бірге, аталмыш тетіктер конструкциясы жебе көмегімен зақымдар келтіру мүмкіндігімен қамтамасыз етілген (адырнаның тартылу күші, механизмнің ұстап тұрып жіберіп қалу сипаттамалары).

Динамометр көмегімен өлшеу жүргізу барысында арбалет адырнасының тартылу күші шамамен 60 килограмм аралығында болған.

Жебелер көмегімен арбалеттен нысананы эксперименталды түрде 3-10 метр арақашықтан 10 рет атқанда механизмдерінің төзімділігіне, адырнаның мықтылығына, бөлшектердің бұзылмай бірнеше рет атыс жүргізуге жарамды екеніне және ауытқу нысана шеңберінен шықпайтынына көз жеткізілген.

Арбалеттің зақымдандыру қасиетін тексеру барысында жебе ағаш нысанаға 8-10 миллиметр тереңдікпен еніп, оның нәтижесінде жебе конструкциясы сынбаған және ұшы майыспаған.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері ұсынылған арбалет суық қарудың белгілерін өзіне жинақтағанын көрсетеді:

- арбалет, аңшы арбалеттер үлгісімен дайындалған;
- арбалет және оның жебелерінің жалпы конструкциясы да жеткілікті мықтылық және төзімділікпен қамтамасыз етілген;
- бірнеше рет атыс жүргізу кезінде елеулі зақымдау қасиеттері, ыңғайлылығы және қауіпсіздігі байқалады.

Зерттеу нәтижелерін жалпы талдай келе, сарапшылар ұсынылған арбалет аңшы арбалетінің үлгісімен қолдан жасау тәсілімен дайындалған және лақтырылатын суық қаруға жатады деген қортындыға келді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеуге ұсынылған арбалет аңшы арбалетінің үлгісімен қолдан жасау тәсілімен дайындалған және лақтырылатын суық қару түрлеріне жатады.

Сарапшы(лар)

Алпысбаев Н. М.
Баринов А. С.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі.
2. 1998 жылдың 30-желтоқсанында жарық көрген Қазақстан Республикасының «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңы // “Егемен Қазақстан” 8 қаңтар 1999 жыл.
3. Қазақстан Республикасының «Сот-сараптамалық қызметі туралы» Заңы. 20.01.2010 ж.
4. Қазақстан Республикасы ПМ № 544-бұйрығы. 01.06.01 ж.
5. Қазақстан Республикасы ПМ № 189-бұйрығы. 25.07.1995 ж.
6. *Аверьянова Т. В.* Содержание и характеристика методов судебно-экспертных исследований. — Алма-Ата, 1991.
7. *Арыстанбеков М. А., Шакенов А. О.* Криминалистика. Оқу-әдістемелік құрал. — Қарағанды, 2003.
8. *Аубакиров А. Ф., Ким Э. П.* Криминалистическая экспертиза материалов и веществ: Уч. пос. — Алматы: ВШП «Адилет», 2001.
9. *Белкин Р. С.* Курс криминалистики: В 3 т. — М., 1997.
10. *Бычкова С. Ф.* Становление и тенденции развития науки о судебной экспертизе. — Алматы, 1994.
11. *Бычкова С. Ф.* Организация назначения и производства судебной экспертизы: Теория и практика судебной экспертизы: Уч. пос. — Алматы: Жеті жарғы, 1999. — Т. 1.
12. *Бычкова С. Ф.* Судебная экспертиза: научные, организационно-правовые и методические основы. Теория и практика судебной экспертизы: Уч. пос. — Алматы: Жеті жарғы, 2002. — Т. 2.
13. *Виницкий Л. В.* Осмотр места происшествия: организационные, процессуальные и тактические вопросы. — Караганда, 1986.
14. *Гинзбург А. Я., Поврезнюк Г. И., Калинин А. В.* Справочник следователя. — Алматы, 1998.
15. *Гинзбург А. Я.* Осмотр места происшествия. Освидетельствование. — Алматы, 1997.
16. *Глотов О. М.* Осмотр документов следователем. — Л., 1983.
17. *Еленюк Г. А., Ищенко П. П.* Вопросы, разрешаемые криминалистическими экспертизами. — Караганда, 1993.
18. *Жәкішев Е. Ғ.* Криминалистік тактика. — Алматы, 1997.
19. *Жәкішев Е. Ғ.* Криминалистиканың пәндік сипаттамасы және методологиялық негізі. — Алматы, 1991.

20. **Исаев А. А.** Специальные познания в уголовном судопроизводстве: Уч. пос. — Алматы, 2001.

21. **Исаев А. А.** Теоретические и правовые проблемы применения специальных познаний для квалификаций преступлений (монография). — Алматы, 1999.

22. **Исаев Ә. А., Шакенов А. О.** Криминалистика және сот сараптамасы сұлба нысанында: Оқу құралы. — Алматы, 2005.

23. Криминалистика. — М., 1999.

24. Криминалистика пәнінің бағдарламасы (Құраст. Е. Ғ. Жәкішев). — Алматы, 1997.

25. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Заңтану. — Алматы: «Мектеп», 2002.

26. **Қаракөбенов Қ.** Сот медицинасы. — Алматы, 1996.

27. **Нұрғалиев Б. М., Шакенов А. О.** Криминалистика: Оқулық құрал. — Қарағанды, 2001.

28. **Нұрғалиев Б. М., Арыстанбеков М. А., Шакенов А. О.** Криминалистика (дәрістер курсы): Оқулық құрал. — Қарағанды, 2006.

29. **Поврезнюк Г. И., Поврезнюк Л. Л., Дильбарханова Ж. Р.** Медико-криминалистический справочник: Учеб.-практ. пос. — Алматы: Аян Эдет, 1999.

30. **Поврезнюк Г. И.** Судебная экспертиза. Подготовка и назначение в уголовном и гражданском процессах: Практ. пос. — Алматы, 1999.

31. **Подшибякин А. С.** Холодное оружие. Криминалистическое учение. — М., 1997.

32. **Россинская Е. Р.** Судебная экспертиза в уголовном, гражданском и арбитражном процессе: Практ. пос. — М., 1996.

33. **Салаев Б. А.** Установление личности погибших в условиях чрезвычайных ситуаций. — Алматы: ТОО Аян Эдет, 1997.

34. **Самищенко С. С.** Судебная медицина. — М., 1996.

35. **Саханова Т. В.** Судебная экспертиза. — М.: Городец, 2000.

36. Справочник следователя. — М., 1990. — Вып. 1.

37. **Шакенов А. О.** Суық қарудың криминалистикалық зерттеуі. Астана, 2001.

38. **Шакенов А. О.** Криминалистика пәніне кіріспе. Криминалистикалық техника: Оқу құралы. — Қарағанды, 2007.

39. **Шакенов А. О., Майтанов А. М., Қалиев А. Қ., Аймағанбетов Т. З.** Криминалистика және сот сараптамасы терминдерінің түсіндірме сөздігі / Заң ғылымдарының докторы, профессор М.Ч.Қоғамовтың жалпы редакциясымен шығарылған. — Астана, 2003.

40. **Шакенов А. О., Жакулин А. Б.** Сот экспертологиясы (тестілер жинағы): Оқу-әдістемелік құрал. — Қарағанды, 2005.
41. **Шакиров К. Н.** Судебная экспертиза: Учеб.-практ. пос. в схемах. — Алматы: ВШП «Адилет», 1998.
42. **Шакиров К. Н.** Судебная экспертиза: проблемы теории и практики. — Алматы: Аркаим, 2002.
43. **Шляхов А. Р.** Судебная экспертиза. Организация и проведение. — М.: Юрид. лит., 1967.
44. **Эйсман А. А.** Заключение эксперта: Структура и научное обоснование. — М.: Юрид. лит., 1967.
45. Энциклопедия судебной экспертизы / Под ред. Т. В. Аверьяновой, Е. Р. Россинской. — М.: Юрист, 1999.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---------------|---|
| КІРІСПЕ | 1 |
|---------------|---|

1-ТАҚЫРЫП

| | |
|--|----------|
| СОТ ЭКСПЕРТОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ | 3 |
| §1. Сот сараптамасының процессуалдық және ұйымдастырушылық мәселелері..... | 3 |
| §2. Сот сараптамасына дайындық және оны тағайындау..... | 7 |
| §3. Сарапшы қорытындысына тергеуші және соттың баға беруі..... | 16 |
| §4. Сот сараптамасы саласындағы халықаралық қарым-қатынас | 20 |

2-ТАҚЫРЫП

| | |
|--|-----------|
| СОТ САРАПТАМАЛАРЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫ ТЕРГЕП-АШУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ..... | 22 |
| §1. Арнайы білімді алдын ала тергеуде қолдану және криминалистикалық сараптамалар мүмкіндіктері..... | 22 |
| §2. Қылмысты тергеп-ашудағы басқа да сараптамалар мүмкіндіктері..... | 24 |

3-ТАҚЫРЫП

| | |
|---|-----------|
| ТРАСОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА..... | 38 |
| §1. Трасологиялық сараптама түсінігі, заты және шешетін мәселелері..... | 38 |
| §2. Трасологиялық сараптамалар жіктемесі және түрлері..... | 40 |
| §3. Трасологиялық сараптама жүргізу әдістемесі | 41 |

4-ТАҚЫРЫП

| | |
|---|-----------|
| ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ САРАПТАМА | 50 |
| §1. Дактилоскопиялық сараптама шешетін сұрақтар..... | 50 |
| §2. Дактилоскопиялық сараптама жүргізу әдістемесі | 51 |

5-ТАҚЫРЫП

| | |
|--|-----------|
| СОТ-БАЛЛИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА | 63 |
| §1. Сот-баллистикалық сараптама түсінігі | 63 |

| | |
|---|----|
| §2. Сот-баллистикалық сараптама заты, объектілері және міндеттері | 64 |
| §3. Сот-баллистикалық сараптаманың әдістемелік негіздері..... | 67 |
| §4. Гильзадағы іздер бойынша қаруды идентификациялау кезіндегі криминалистикалық зерттеу әдістемесі | 69 |
| §5. Атыс қаруының жағдайын криминалистикалық зерттеуден өткізу әдістемесі..... | 73 |
| §6. Жақыннан ату арақашықтығы мен бағытын анықтауға қатысты сараптамалық зерттеу әдістемесі..... | 79 |
| §7. Патрондарды криминалистикалық зерттеуден өткізу әдістемесі . | 80 |
| §8. Ұсынылған қарумен нақты патрондарды пайдалану арқылы атыс жүргізу мүмкіндігін анықтау | 85 |

6-ТАҚЫРЫП

| | |
|---|-----------|
| СУЫҚ ҚАРУ САРАПТАМАСЫ | 89 |
| §1. Суық қару түсінігі және сараптама шешетін мәселелер | 89 |
| §2. Суық қарудың жіктеме жүйесі..... | 92 |
| §3. Объектінің суық қаруға жататындығын анықтау мақсатын сараптамалық зерттеу жүргізудің жалпы әдістемесі | 100 |
| §4. Суық қаруды зерттеуден өткізудің кейбір ерекшеліктері | 102 |

7-ТАҚЫРЫП

| | |
|---|------------|
| ҚОЛМЕН ЖАЗЫЛҒАН ҚҰЖАТТАРДЫҢ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ | 106 |
| §1. Қолтаңба танушылық сараптаманы жүргізу әдістемесі | 106 |
| §2. Қойылған қолдың графикалық зерттеуі | 112 |
| §3. Қойылған қолдың техникалық жасандылығын анықтау | 115 |

8-ТАҚЫРЫП

| | |
|---|------------|
| ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАСЫ | 118 |
| §1. Құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасының заты, міндеттері және объектілері | 118 |
| §2. Құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасының әдістемесі | 120 |
| §3. Құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасының кейбір міндеттерін шешу әдістемелері..... | 124 |

9-ТАҚЫРЫП

| | |
|---|------------|
| СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМА..... | 137 |
| §1. Сот-медициналық сараптаманың міндеттері, объектілері және субъектілері..... | 137 |
| §2. Өлім жіктемесі..... | 138 |
| §3. Әртүрлі өлім түрлері орын алған оқиға болған жерді қарау ерекшеліктері..... | 141 |
| §4. Мәйіттерді моргта зерттеу және әртүрлі жағдайларда өлімге душар болған мәйіттердің сараптамасы | 143 |
| ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ СҰРАҚТАРЫ..... | 148 |
| ӘДЕБИЕТТЕР | 168 |

Оқу құралы

Еркенов С.Е., Шакенов А.О.

СОТ ЭКСПЕРТОЛОГИЯСЫ

Басуға 3.12.2014 ж. қол қойылды.
Қалыбы 60x84. $\frac{1}{16}$. Қағазы офсеттік. Басу тәсілі ризографиялық.
Шартты баспа табағы 11.0.
Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 223.

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының баспаханасында
басылды

Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124

Оқу құралы

Еркенов С.Е., Шакенов А.О.

СОТ ЭКСПЕРТОЛОГИЯСЫ

Басуға 3.12.2014 ж. қол қойылды.
Қалыбы 60x84. $\frac{1}{16}$. Қағазы офсеттік. Басу тәсілі ризографиялық.
Шартты баспа табағы 11.0.
Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 223.

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының баспаханасында
басылды

Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124